

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Филология ғылымдары» сериясы

Серия «Филологические науки»

№4 (46), 2013 ж.

Алматы, 2013

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ

«Филология ғылымдары» сериясы
№4 (46), 2013 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады.

Бас редактор:

пед.ғыл.д., проф., ҚР ҰҒА корр.-мүшесі
Б.Ө. Сманов

Бас ред. орынбасары:

пед.ғыл.д., проф., ҚР ҰҒА корр.-мүшесі
Ф.Ш. Оразбаева

Ғылыми редакторлар:

филол.ғ.д., проф. **Т.С. Тебегенов,**
филол.ғ.д., проф. **С.Ж. Әбішева**

Редакциялық алқа мүшелері:

филол.ғ.д. **Б.Әбдіғазизұлы**
пед.ғ.д. **С.Б. Бегалиева,**
пед.ғ.д. **Р.Ә. Шаханова,**
пед.ғ.д., проф. **Ж.К. Балтабаева,**
филол.ғ.д., проф. **К.И. Мирзоев,**
проф. **Барри Пол Шерр (АҚШ),**
филол.ғ.к., доцент **Е.В. Казарцев (Ресей),**
филол.ғ.д., проф. **Г.Л. Нефагина (Польша),**
филол.ғ.д., проф. **А.К. Киклевич (Польша),**
п.ғ.д. **Н.И. Ишкеев (Қырғызстан),**
проф. **Спендель Джованна (Италия),**
проф. **Хатрани Алтынчач (Түркия),**
проф. **Мехмет Куталмиш (Түркия),**
PhD докторы, проф. И.З. Белобровцева
(Эстония),
пед.ғ.д. **Чан Дин Лам (Вьетнам)**

Жауапты хатшы:

филол.ғ.к. **А.Д. Ибраева**

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2013

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген №10109 - Ж

Басуға 06.01.2014 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 17,0 е.б.т.
Таралымы 300 дана. Тапсырыс 328

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

**Мазмұны
Содержание**

**ТІЛ БІЛІМІ
ЛИНГВИСТИКА**

Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасындағы дүниенің (ғаламның) топонимиялық бейнесі.....	3
Шаһарман Г.П. Сан есімдерден қосымшалар арқылы жасалған сөздердің мағыналары.....	6
Кажигалиева Гж.А. Об эмоциональной политональности отрицательных предложений в художественных произведениях...	11
Қалибекұлы Т. Қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркесінің анықтамасы туралы.....	16
Kurmanali A. Yabancı dil eğitiminde motivasyonu sağlama yolları....	19
Макажанова З.Ш., Исакова А.О. Когнитивная лингвистика: этапы становления и развития.....	22
Жиренов С.А. Графикалық лингвистика категориялары.....	27
Садырбаева Б.А. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі қаратпа антропонимдер.....	31
·	34
Abdikadyr I.A. The ways of lacunaes from english language into kazakh language.....	37
Ортаева Э.Қ., Пазилова Б.А. Ш.Мұртаза шығармалары тілінде кездесетін кейбір грамматикалық тұлғалардың қолданылу ерекшеліктері.....	40
Сейталиева Қ.О. Көркем мәтінді танудың негіздері.....	42
Исакова А.О. Некоторые проблемы формирования лексического минимума студентов в процессе обучения английскому языку.....	46
Меденниева Ж.О. Атаулы сөйлемдердің құрылымы, тілдегі қызметі.....	48
Әділәлі Ж. Қытай тіліндегі сөзжасам саласының басқа тіл деңгейлерімен байланысы.....	52
Езмахунова А.Р. Основные виды семантических реляций в словообразовании китайского языка.....	55
Югай Е.Р. Грамматические категории имени существительного в китайском языке.....	59
Ерғазина А.А. Фразеологизмы как отражение национально-культурной языковой специфики народа.....	63
ӘДЕБИЕТТАНУ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ	68
Рахымжанов Т. С.Шаймерденовтің «Ашу» повесіндегі адамгершілік проблемалары.....	71
Асылбекұлы С. О.Бөкеев әңгімелерінің поэтикасы.....	74
Габдуллина В.И., Абишева С.Д. Сотрудничество в действии. Вторая международная научно-практическая конференция «Русская словесность в России и Казахстане: аспекты интеграции».....	76
..	81
Таңжарықова А.В. М.О. Әуезов шығармаларындағы этно-фольклорлық сарындар.....	88
	91

ВЕСТНИК

*Серия «Филологические науки»
№4 (46), 2013 г.*

Периодичность – 4 номера в год.
Выходит с 2000 года.

Главный редактор:

*д.пед.н., проф., член-корр. НАН РК
Б.У. Сманов*

Зам. гл. редактора:

*д.пед.н., проф., член-корр. НАН РК
Ф.Ш. Оразбаева*

Научные редакторы:

*д.филол.н., проф. Т.С. Тебегенов,
д.филол.н., проф. С.Ж. Абишева*

Члены редколлегии:

*д.филол.н., проф. Б.Абдигазизулы
д.п.н. С.Б. Бегалиева,
д.п.н. Р.А. Шаханова,
д.п.н., проф. Ж.К. Балтабаева,
д.филол.н., проф. К.И. Мирзоев,
проф. Барри Пол Шерр (США),
к.филол.н., доцент Е.В. Казарцев (Россия),
д.филол.н., проф. Г.Л. Нефагина (Польша),
д.филол.н., проф. А.К. Киклевич (Польша),
д.п.н. Н.И. Ишекеев (Кыргызстан),
проф. Спендель Джованна (Италия),
проф. Хатрани Алтынчач (Турция),
проф. Мехмет Куталмиш (Турция),
доктор PhD, проф. И.З. Белобровцева (Эстония),
д.п.н. Чан Дин Лам (Вьетнам)*

Ответственный секретарь:

к.филол.н. А.Д. Ибраева

© Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2013

Зарегистрировано
в Министерстве культуры и информации РК
8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 06.01.2014.
Формат 60x84 1/8. Объем 17,0 уч-изд.л.
Тираж 300 экз. Заказ 328

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального педагогического
университета имени Абая

Базылова Б.К. Механизм портретирования в структуре романа.....	94
Әміренов Ә.Д., Сағынаева Г.Ә. Тәуелсіздік аңсарындағы қазақ поэзиясы.....	98
Әбдіқалық К., Төлегенова Ғ. Ғұмар Қараш және «Аға тұлпар»...	
Ескендиоров Н.Р. Фольклорлық аңыздардағы дала артистерінің комедия жанрындағы шығармашылығы.....	103
Тайманова С. Сәнімкүл Желдербаева поэзиясындағы ұлттық дәстүр.....	
Тоқшылықова Г.Б. Кхмер әдебиетінің жанрлары.....	105
Әлібекқызы А. Қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі қазақ әйелдерінің бейнесі мен С.Елубайдың «Ақ боз үй» роман-трилогиясындағы хансұлу бейнесі.....	109

**ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ**

Оразахынова Н.А., Кенжебаева Г.М. Әдебиет пәнінен «Сатылай кешенді оқыту» технологиясымен оқушыларды шығармашылыққа баулу.....	115
Кажигалиева Г.А. О текстоцентрическом подходе к преподаванию русского языка как неродного в педагогическом вузе.....	118
Тойбаева Ж. Журналистік білім берудің заманауи талаптары...	120
Нәсіпқазы Е., Жұмабеков Қ. Ж. Мультимедиялық құралды мәдениетаралық қарым-қатынас арқылы біліктілікті дамыту жолдарының көздері.....	122
Ибраева А.Д. Жоғары оқу орындарында қазақ әдебиетін оқытудың кейбір ерекшеліктері.....	126
Стамғалиева Б.К. Мектепалды даярлығында балалардың тілдік құзыреттілігін қалыптастырудағы көркем шығарманың рөлі.....	128
Сахова А.Т. Оқушыларды шығарма жаздыруға үйрету арқылы табысты оқытуға қол жеткізу.....	132
Талдыбаева А.Қ. Тәрбие негізі – ұлттық құндылықта.....	
Нәсіпқазы Е., Жұмабеков Қ.Ж. Мәдениетаралық коммуникативтік біліктілікті дамытуда мультимедиялық құралды қолданудың әдіс-тәсілі.....	

ЖУРНАЛИСТИКА

Тойбаева Ж. Телеарналардағы мәдениет және мемлекеттік тіл.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2012 жылғы 10 шілдедегі №1082 бұйрығы негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысының «Филология ғылымдары» сериясы ғылыми жұмыстардың негізгі нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне енгізілген.

На основании приказа №1082 от 10 июля 2012 года Комитетом по контролю в сфере образования и науки Республики Казахстан Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Филологические науки» внесен в перечень изданий для публикации основных результатов научной деятельности.

ТІЛ БІЛІМІ ЛИНГВИСТИКА

ӘОЖ 81 373.2

Б.М. Тілеубердиев –

*М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры,
ф.ғ.д.*

ҚАЗАҚ ОНОМАСТИКАСЫНДАҒЫ ДҮНИЕНІҢ (ҒАЛАМНЫҢ) ТОПОНИМИЯЛЫҚ БЕЙНЕСІ

Түйіндеме: Бұл мақалада қарастырылған мәселе концепт үлгісінің тілдік бірліктерінің жүзеге асу жолдары және әлемнің шынайы суретін жасау. Нақты әлемнің және болмыс бейнесінің көптеген ойлау түрлерінің белгісі концепт болып табылады. Халық мәдениеті рухани мәдениет концептілері көмегімен сақталған және берілген. Концептілер алғашқы мәдени құрылымдар бола тұра, жеке тұлғаның ой-есін қоршап тұрған мәдени болмыстың бейнесін қалып-тастырады және құнды әлем картинасын құрады.

Тірек сөздер: топонимиялық тұлға, ономастика, семасиология, когнитивтік

Аннотация: В статье рассматривается пути реализации типов концепта языковыми единицами, создающими реальную картину мира, показывается их модель структурной системы. Сигналом конкретного мира и множества мыслительных форм отражения действительности является концепт. Культура народа сохранена и передана с помощью концептов духовной культуры [1]. Являясь первичными культурными образованиями, концепты формируют в сознании индивида образ окружающей его культурной действительности, составляя ценностную картину мира.

Ключевые слова: топонимическая личность, ономастика, семасиология, когнитивная

Abstract: Ways of realization of concept types by means of language units, which create the real picture of the world are considered. The model of the structural system in the article as well. The signal of concrete world and set of cognitive forms of reflections of reality is the concept. The culture of people is preserved and transmitted with the aid of the concepts of spiritual culture [1]. Being primary cultural formations, concepts form in the consciousness of individual the means of his surrounding cultural reality, composing the value picture of peace.

Keywords: Toponomical personality, onomastics, semasiology, cognitive

Дүниенің топонимиялық көрінісі тілдік сана болмысынан, этностық таным тұрғысынан қарастырылуы керек. Тілдік санада кеңістік жөнінде ұғым әр тарихи дәуірлерде қалыптасқан, сол дәуірден көрініс беретін ментальдік ұстанымдар, когнитивтік түсініктер жүйесі бар. Сонымен қатар әр топонимикалық тілдік тұлғада географиялық кеңістік жөнінде өз ментальді-топонимиялық түсініктері (стереотиптері) бар және өзіндік сөз қорында бір бөлігі ретінде топонимиялыққор (лексика) жинақталған. Ономастикалық ғылыми әдебиеттерде жеке тілдік тұлғаның топонимиялық қорын (лексиконын) «топонимикон» деп атайды, ал сол қордың иесін *топонимиялық тұлға*, яғни «топонимическая личность» деген терминмен атайды: жеке топонимикалық тұлға өзіндік топонимиялық дүниенің бейнесін, фрагментін құрайды, сөйтіп тілдік санасында, жадында орнықтырылады. Әр топонимикалық тұлғаның топонимиконы кеңістік өрісі жағынан да, топонимиконға енген топонимдердің құрамы мен саны жағынан да әр түрлі болып келеді. Кейбір тек тілдік (топонимикалық) тұлғаның топонимиконы тар, топонимикалық қоры кедей, аялық білімі аса кең емес болатын болса, керісінше басқа топонимикалық тұлғаның топонимиконы, яғни топо-нимикалық (лексикалық) қоры да оған қатысты лингвоментальді өрісі де өте бай әрі кең болып келеді.

Этностың дүние көрінісін белгілейтін топонимиялық бейнесі жеке адамдардың этнос өкілдерінің ғаламды (дүниені) суреттейтін топонимиялық көріністерінен құралады. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, этностың ғаламды бейнелейтін топонимиялық көрінісін жеке

тұлғалардың дүниені бейнелейтін топони-миялық көріністерінің жиынтығы деп те түсінуге болады. Сонымен, ғаламның топонимиялық бейне-сін, көрінісін этносқа, ұлтқа, халыққа қатысты және жеке адамға, топонимикалық тұлғаға, ұлт өкіліне қатысты ретінде екі тұрғыдан қарастырып, сипаттауымызға болады.

Қоршаған ортаны танып дүниенің топонимиялық бейнесін суреттеуде негізгі бірнеше ұстанымдар, яғни қағидалар арқылы жүзеге асырылады. Кеңістікті танып, игергенде, сол тану, игеру нәтижесін тілде, яғни топонимияда белгілегенде Л.И. Дмитриеваның көрсетуінше үш қағида «жұмыс істейді»: ол қағида-ларды топонимикалық тұлға санасындағы ментальді модель деп те атауымызға болады – *бағыт-бағдарлық (маршруттық) модель, шеңберлік (радиальдік) модель, тұрмыс-тіршіліктік кеңістік моделі* [1, 22].

Адамзат қауымындағы ең алғашқы топонимдердің пайда болуы осы маршруттық моделдің арқасында, негізде іске асырылды деп жорамалдауымызға болады. Басқашалап айтсақ, ежелгі адам кеңістікті игеру барысында көкөніс, жеміс-жидек, шөп тамырларын іздеп, жүру бағыттарын салғанда географиялық нысандарды атай бастаған. Көшпенділерге тән мал жаю, малмен бірге көшіп-қону шаруашылық тұрмыс тіршілігінде кеңістікті игеру, тану, нысандарын атау осы бағыт-бағдарлық (маршруттық) модель арқылы іске асырылды. Ең алғашқы немесе негізгі топонимиялық көрініс (бейне) көшіп-қонып, кеңістікті танып, игеріп жүргендегі дүниенің топонимиялық бейнесі болып саналуы керек сияқты.

Бағыт-бағдарлық модель негізінде кеңістікті танып, игеріп, нысаналарын атап отырған адам (этнос) дүниенің төрт тұсын және өзінің соған қатысты атап отырған географиялық нысандарын бағдарлауы қажет еді. Осы уәждік негізге байланысты дүниенің (ортаның) топонимиялық бейнесінде бірқатар географиялық терминдермен (апеллятив) жер-су аттары пайда болды. Көне түркілік және қазақ қауымдарында дүниенің горизонтальді кеңістік моделі төртбұрышты (*төрткүл*) болып танылған: сол себепті географиялық бағдарлауда «оң-сол», «алды-арты», «оң-теріс» сияқты түсініктер қолданылған. Сонымен қатар біздің ойымызша, маршруттық модельде кеңістікті немесе географиялық объектілерді атауда, тануда (тілде, санада бекітуде) адам өз дене мүшелеріне қатысты ментальді түсініктерді қолданған көрінеді. Осы үрдісті біз географиялық апелляциятер құрамынан және топонимияда кездесетін анатомиялық (соматикалық) атаулардан байқауымызға болады. Қазақ топонимдері мен апелляциятер құрамында төмендегідей анато-миялық терминдер кездеседі: *бас, төбе, аяқ, ауыз, табан, қойын, бауыр, көз, мұрын, арқа, төс, қабырға, бет, қабақ, тамақ т.б.*

Кеңістікте орналасқан табиғи объектілерді бағдарлап айқындауда, географиялық нысандардың өзін сипаттауда адам немесе жануарлардың дене мүшелерінің орналасу тәртібіне сүйену – адамдардың ментальді түсініктерін көрсетеді. Сол танымдық түсініктер аясында қоршаған орта, оның нысандары жалпы айтқанда адамға, адам немесе жануар дене мүшелеріне ұқсатылған. Осыған қарағанда әлемді тану процесі, әлемнің тілдік көрінісі, соның ішінде әлемнің топонимиялық көрінісі адамның өзінен басталады, яғни адам – дүние құрылымының моделі, үлгісі болып табылады. Тілдің дүниетанымдық көріністері көбінесе адамның ішкі дүниесі сияқты адамға қатысты сөздер арқылы көрінеді. Адами танымды сипаттауда соматикалық тіркестер – *бас, аяқ, көз, құлақ, тамақ, мойын, иш, өкпе, ми, тырнақ, тіл, бет, жүрек, сүйек, тән, қан, арқа т.б.* Бұлар – географиялық терминдердің де құрамында көптеп кездеседі және семасиологияның ұқсату заңына байланысты апелляция терминдерге алдеқашан айналып кеткен адами таным негізінде екінші рет атау болған сөздер. Қоршаған ортаны, кеңістікті бағыттық тану моделіндегі дүниені адамиландыру, антропоморфиландыру көне адамдардың (қоғамның) мифтік, мифопоэтикалық танымына, мифтік санаға да байланысты болған. Ежелгі замандарда орын алған мифтік сана бірден толығымен жойылып кетпейді, оның сарқыншақтары күні бүгінге дейін жеткен. Қазақ топонимиясын-дағы жоғарыда аталған анатомиялық географиялық терминдер мен топонимдер соның тілдік көріністері. Кеңістікті тану, тілдік (апелляциятік және онимиялық) бірліктермен қоршаған ортаны (кеңістікті, оның нысандарын) белгілеу (таңбалау) жоғарыда корсетілген бағытта да іске асырылады. Осы үрдістің тілдік нақты айғағы ретінде төмендегідей жер-су аттарын мысал ретінде келтіруге болады: *Сарыарқа, Арқалық, Алғабас, Мұзарт, Қарауыз, Аяққамыр, Бастөбе, Бауыр, Тасбел, Сарыбет, Қарабүйір, Табан,*

Мойынды, Қазақ, Иекті, Көзбұлақ, Кіндікті, Еренқабырға, Маңдайтас, Төскейбет, Мибұлақ т.б.

Дүниенің топонимиялық бейнесін суреттеудегі бағыт-бағдарлық таным моделінде тек қана көлемі шағын келетін кеңістікке тән микротопонимдік атаулар ғана қолданылмаған, осы бағыттық модель аясында біздің пікірімізше, өте үлкен, көлемді географиялық нысандар да атау объектілеріне айналған. Мәселен, *Арқа (Сарыарқа)* атауының түрлі этимологиясы бар – соның бірі: тарихи мәні бар – «артымыз-дағы ел», «арт жақта орналасқан жұрт» дейтін болсақ, дегенмен *арқа* апеллятивінің түпкі мағынасы анатомиялық *арқа* (жон арқа, «спина») деген сөзге тірелетін сияқты. Сол Ұлы Жонның (Сары Арқаның) шығыс бүйіріне көне қазақтар *Ерен Қабырғаны* орналастырған, яғни Тянь-Шань тауына сондай атау берген [2,165].

Әлемнің топонимиялық көрінісіндегі атауыштық процесінде орын алған радиальді (шеңберлі) модель, қағида төмендегі ерекшеліктерімен белгіленеді. Кеңістікті радиальді модель тұрғысынан құрылымдағанда кеңістіктің ортасы, кіндігі және сол кіндіктен: этникалық, семантикалық рухани т.б. орталықтан бірінен кейін бірі орналасқан шеңберлей келген кеңістіктерден құрылады. Қазақ мифологиялық дүние-танымында *Көктөбе, Қазығұрт, Байтерек* немесе басқа да киелі табиғи нысандар жер кіндігі, жер ортасы болып табылады. Сол жер кіндігінде қазақ халқының ел ортасы, атамекен шеңберін кеңістігін құрайтын тау, өзен, бұлақ, дала, ағаш-орман, сай-сала т.б. географиялық нысандар орналасқан. Рухани, этникалық орталықтан алыстай келе көп жағдайда жау, жат болып келетін танымайтын, бөгде кеңістіктер орналасқан. Жорыққа немесе саяхатқа шыққан эпикалық ертегілік кейіпкерлер жат елдерде, алыстағы кеңістіктерде жалмауыз, мыстан, албасты, дию, перілермен кездеседі. Топонимиялық танымдағы радиальді моделде «алыс» - «жат, жау», ал «жақын» - «ел, жұрт» деген ментальді-топонимиялық түсінік-терді топонимиялық атаулар арқылы да білдіре білген. Әр топонимикалық тұлғада жүрегіне ыстық естілетін, мәңгілік жадында қалатын атамекен атаулары бар десек, артық айтпаған болар едік. Атамекен атаулары кіндік қаны тамған, балалық шағы өткен, еш уақытта ұмытылмас, қимас Отанының, ата жұрты-ның символы іспеттес екені баршамызға аян, сол себепті осындай киелі ұғым қазақ топонимиялық әлем көрінісіне тән деп айтуымызға болады.

Алыстағы жат жерлерді, жат елдерді топонимияда белгілеу үшін *Барсакелмес, Итжеккен, Балқантау, Ұрым, Қырым т.б.* топонимиялық атауларды қазақтар қолданған. Жоғарыда келтірілген жер-су аттары біріншіден, алыс», «алыстағы жер» деген ұғымды білдіреді, екіншіден, *Барсакелмес* және *Итжеккен* атаулары жағымсыз коннотацияға ие болған болса, *Балқантау, Қырым* топонимдері жағымды коннота-цияларға ие деп айтуымызға болады.

С.Қондыбай: *Балқантау* – алыста жатқан қиял белгісі, құпиялық пен киеліліктің метафорасы дей келе, географиялық кеңістікте реальді *Балқан таулар* бар екендігін көрсетеді: «Гора, часто используемая в фольклоре как метафора отдаленности, таинственности и сакральности. У казахов сохранился только отрывок древнего стихотворного текста.

Барар жерің Балқантау,

Ол да біздің көрген тау.

Қазақ танымындағы кеңістікте топонимдер арқылы құрылымдаудың тағы бір дерек белгісі мына бір тұрақты сөз тіркесінен аңғарылады:

Ұлың Ұрымға, қызың Қырымға кетсін.

Дәстүрлі танымда *Ұрым* да (кейде – *Үрім*), *Қырым* да – алыс, жетуі қиын шалғай жер мен ел. Әдетте, ғылыми әдебиеттердің өзінде ұрымды көне *Рум (Рим)*, ал *Қырымды Қрым* түбегімен сәйкестіндіреді. С.Қондыбай еңбектерінде мифопоэтикалық *Ұрым* мен *Қырымды* жоғарыдағыдай сәйкестендіру қате екені көрсетіледі. Мәселен, *Ұрым* жөнінде С.Қондыбай былай жазды: «Никому не пришло в голову, что у древних тюрков и их потомков в мифопоэтической системе существовал другой, архаический Рум – Урум. Образ подобного Урума сохранился в протобулгарской традиции. По-видимому, булгарский Урум в VI-XII веках локализовался в Северо-Кавказском регионе, в Покубанье и на Таманском полуострове, где в VI-VII веке существовало протобулгарское государство, например,

название страны Урум, зафиксированное в надписях Культегина (VIII век) связано именно с тюркоязычными булгарами (утригуры и кутригуры) [3,239].

Термин «Крым» не имеет ничего общего с реальным географическим объектом, полуостровом Крым», - деп жазады С.Қондыбай [3,165]. Осы зерттеушінің пікірінше, Үстірттің көне атауы *Қыр* болған, XIV ғасырда Үстірт (Маңғыстау) аймақтарында алғашқы қазақ қауымы («есен-қазақтар») қалыптасқан, сол ортадан шыққан батырлар *Қыр (Қырым) батырлары* – «Қырымның қырық батыры» атанып, Үстірт-тің бастапқы атауы (*Қыр*) ұмытылып, *Қырым* - өте алыста жатқан жер, ел деген топонимиялық ұғым пайда болған.

Бағыт-бағдарлық топонимиялық модель бойынша құрылымданған кеңістікте тағы да қазақ халқына кеңінен танымал *Жиделі Байсын*, *Жерұйық* сияқты топонимдер бар. «Алпамыс» эпосында *Жиделі Байсын* Алпамыстың, қоңырат елінің ата жұрты. *Жиделі Байсын* жер атауы Өзбекстандағы Сурхандарья облысы Байсунтау өлкесінде кездеседі.

Жерұйық топонимінің географиялық орны, мекені белгісіз, себебі бұл топоним мифотопоним, яғни мифтік, қияли жер-су атаулар қатарына жатады. *Жерұйық* – киелі жер, *ұйық* – көне түркі тіліндегі ыдук («киелі») («ыдук йер-суб» - «киелі жер-су») сөзінің фонетикалық варианты.

Жоғарыдағы дерек-келтірімдерді есепке алатын болсақ әлемнің топонимиялық көрінісінде кеңістік бағыт-бағдарлық модель екі түрлі тұрғыда берілген: шағын аумақтағы кеңістік (маршруттық саяхат, мал жаю, көшу-қону барысындағы) және орасан кең, аумақты геокеңістік (*Балқантау*, *Итжеккен*, *Ұрым*, *Қырым*, *Барсақалмес*, *Жиделі Байсын*, *Каф (Қап)* таулары т.б.). Ментальді топонимиялық құрылымдағы кеңістіктің осы екі түрі де топонимиялық көріністің *шеңберлі (радиальді) типіне* де жатқызуға болады, себебі кіші кеңістік (кеңістіктер) шағын радиустағы «атажұрт, атамекен» кеңістігіне жатады, ал үлкен кеңістіктің шет шекарасында немесе одан ары «жат территория» немесе «мифтік кеңістіктер» орналасқан.

Тұрмыс-тіршіліктік (болмыстық) кеңістіктің әлемнің топонимиялық көрінісіндегі берілуі, яғни құрылымындауы өз ерекшеліктерімен, өзгешіліктерімен айқындалады. Осы модель бойынша кеңістікті ментальді өрісте құрылымдау, құрамдау шаруашылық факторының ықпалына, әсеріне байланысты болып келеді. Географиялық кеңістікті, ортаны тілдік санада және тілдің өзінде (лексикада, топонимияда) белгілі бір дискретті нысандарға, бөлшектерге айқындап бөлу, атау, тану, игеру, тілдік және ментальді айналым-ға енгізу жоғарыда аталған экстралингвистикалық, лингвистикалық т.б. көптеген факторларға байланыс-ты екені мәлім және кеңістіктің *ландшафттық* ерекшеліктеріне де қатысты екені дау туғызбайды. Басқаша айтқанда, кеңістік жүйелі түрде өзінің санадағы ментальді көрінісін және тілдегі топонимдік (лексикалық) құрамын, келбетін көрсете алады. Осы бүгінге дейін қазақ топонимика саласында жүргізіліп келе жатқан барлық дерлік зерттеулер негізінен топонимдердің тілдік (лексикалық, яғни топонимдік) көрінісін айқындап, сипаттап келеді, ал когнитивтік ономастика (топонимика) қағидалары бойынша кез келген ономастикалық бірліктер жүйесінің ментальді, когнитивтік (ой-санадағы) көрінісі, болмысы бар.

Кеңістікке қатысты ментальді және тілдік көріністер бір-бірімен өзара изоморфтық түрде байланыс-қан, яғни кеңістіктің тілдік көрінісі ментальді (когнитивтік) болмыстың айнасы, айғағы іспетті болса, ментальді (тілдік ой-санадағы) көрініс өз таңбасын, бедерін кодталған түрде тілде, яғни топонимиялық (лексикалық) жүйеде тайға таңба басқандай қалдырған. Топонимиялық жүйенің онтологиялық болмысы заңды түрде оның ментальдік қызметімен, болмысымен біте қайнасып бірлескен, сондықтан да топонимиялық жүйенің сол тілде сөйлеушілер санасында өз орны бар.

1 Дмитриева Л.М. *Онтологическое и ментальное бытие топонимической системы (на материале русской топонимии Алтая): Автореф. дис... д-ра филол. наук. – Екатеринбург, 2003. – 48 с.*

2 Керимбаев Е.А. *Лексико-семантическая типология оронимии Казахстана: Автореф. дис... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1988. – 24 с.*

3 Кондыбай С. *Казахская мифология. Краткий словарь. - Алматы: Нурлы Алем, 2005. – 272 с.*

Г.П. Шаһарман –

филол.ғ.канд., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың практикалық тілдер кафедрасы

САН ЕСІМДЕРДЕН ҚОСЫМШАЛАР АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН СӨЗДЕРДІҢ МАҒЫНАЛАРЫ

Түйіндеме: Бұл мақалада сан есімдерден қосымшалар арқылы жасалған сөздердің мағыналары қарастырылған. Сан есім негізді туынды сөздер зат есім жасауға ұйытқы болатыны нақты мысалдар арқылы дәлелденген. Көбінесе есептік сан есімдерден зат есім жасайтын: -лық, -лік, -дық, -тық, -тік, -ған, -ген, -кіл, -күл, -пақ, -дай, -дей жұрнақ-тарының өнімділігі қарастырылады. Олардың бірқатары әртүрлі мағынаға ие болатыны айқындалған. Туынды сөздердің сандық мағыналары мен олардың басқа мағыналарына салыстырыла талдау жасалған. Көркем шығарма-лардан мысалдар келтіре отырып, осы сөздердің қай салада қолданылатыны айтылған.

Тірек сөздер: Морфологиялық тәсіл, қосымша, сөзжасам, лексика, мағына, сан есім, сандық ұғым, тоқсан, семантика.

Аннотация: В данной статье рассматриваются значения имен числительных образованных суффиксальным способом.

Ключевые слова: В данной статье рассматриваются значения имен числительных, образованных суффиксальным способом. Конкретными примерами было доказано, что производные от имен числительных слова, могут служить основой для образования имен существительных. Рассматривается продуктивность суффиксов -лық, -лік, -дық, -тық, -тік, -ған, -ген, -кіл, -күл, -пақ, -дай, -дей, образующие в основном имена существительные от количественных числительных. Определено, что часть из данных суффиксов имеет различные значения. Был проведен сравнительный анализ количественному значению и другим значениям производных слов. На основе примеров из художественных произведений также было выявлено, в каких сферах употребляются данные слова.

Abstract: In this article values of the numerals formed in the suffixed way are considered. Specific examples have proved that the derivatives of the numeral words can serve as a basis for the formation of nouns. Efficiency of the suffixes -лық, -лік, -дық, -тық, -тік, -ған, -ген, -кіл, -күл, -пақ, -дай, -дей, nouns forming generally from cardinal numbers is considered. It is defined that the part from these suffixes has various values. The comparative analysis to quantitative value and other values of derivative words was carried out. On the basis of examples from works of art also it was revealed, in what spheres these words are used.

Keywords: Morphological way, affix, word formation, lexis, significance, numeral, numerical concept, quarter, semantics.

Қазақ тіліндегі сөзжасам тәсілдерінің сараланған үш түрінің бірі – морфологиялық тәсіл.







Морфологиялық тәсілде туынды сөз түбір сөзбен сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалынатыны ғылым-да белгілі. Басқаша айтқанда, морфологиялық тәсіл арқылы туынды жасау үшін лексикалық мағынасы бар түбір сөз бен сөзжасамдық жұрнақтың болуы негізгі шарт болып табылады.


Енді осы мәселені сан есімдерге қатысты алатын болсақ, дербес мәнді сан есімдерге сөзжасамдық жұрнақ жалғанады. Мәселен, *үшкіл, төртпақ, жетіген, жетілік...* т.б. Бұдан біз сан есімдер басқа сөз таптарын жасауға негіз болатынына көз жеткіземіз. Ең бастысы, қай сөз табына жатса да, сан есім негізін-де жасалған сөздердің мағынасында, сандық ұғымның сақталатынын байқауға болады.

Сан есім негізді туынды зат есім жасауға, көбінесе, түбір сан есімдер ұйытқы болады. Ал түбір сан есімдердің барлығы есептік сан есімдерге жатады. Реттік сан есімдердің ішінен «бірінші» дейтін жалғыз-ақ сөз туынды сан есім ретінде зат есім жасауға негіз болады (біріншілік). Сан есімдердің қалған жинақтық, топтық, болжалдық, бөлшектік түрлерінен зат есім туындамайды.

Есептік сан есімдерден зат есім жасайтын жұрнақтар: -лық, -лік, -дық, -тық, -тік, -ған, -ген, -кіл, -күл, -пақ, -дай, -дей. Бұдан сан есімдерден басқа сөздерді жасайтын жұрнақтар өте аз екені көрінеді. Сонымен бірге олардың көбі өнімсіз. Тек -дық/-дік, -лық/-лік, -тық/тік жұрнағы ғана басқалармен салыстырғанда өнімдірек. Есте болатын жағдай бұл жұрнақтың қайсысы

болсын сөз таңдайды, кез келген сан есімнен олар туынды сөз жасай бермейді. Бұлардың ішіндегі жиі қолданылатын -лық, -лік жұрнағы.

бірлік		татулық, тұтастық сандар класының атауы, разряд ең төменгі баға атауы
біріншілік		спорттық жарыс атауы
екілік		төменгі баға атауы
үштік		шам атауы одақ жұлделі үш орын орташа баға атауы
төрттік		жақсы баға
бестік		өте жақсы баға атауы
алтылық		карта атауы
жетілік		шам атауы карта атауы
сегіздік		карта атауы
тоғыздық		карта атауы футбол қақпасының үстіңгі бұрышы
ондық		карта атауы шам атауы топ, әскери құрама атауы сандар класының атауы
елулік		әскери құрама атауы (взвод)
жүздік		әскери құрама атауы (рота) сандар класының атауы
мыңдық		сандар класының атауы
жетіген		музыкалық аспап
үшкіл төрткүл бескүл		бөлінбейтін бөлшек, бүтіндік екі үшкілден тұратын төртбұрыш жұлдыз пішіндер

төртпақ		адам пішіні, төрт бұрышты тұрпат
бірдей		тең
		қатар

Енді осылардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталайық. Қазіргі қазақ тілінде бір деген түбір сан есімнен өрбіген *бірлік* туынды зат есімі үш мағынада қолданылатындығын көріп отырмыз. Олардың ішіндегі біріншісі жалпы халықтық қолданыста бар байырғы төл сөз, тұтастық, бірауыздылық ұғымын білдіреді. Мысалы: **Бірлік** болмай, тірлік болмас (Мақал). Бұндайда **бірлік** крек қой, шырағым (Ғ.Мұстафин). Міне, ағайын, ел **бірлігінің** тілегінен туған менің талабым, тоқтау сөзім де осы (М.Әуезов).

Екінші мағынасы әрине татулық мағынасынан кейінірек, оқу-ағартуға байланысты қалыптаса бастаған-ны байқалады. Бірлікматематикалық термин ретінде онға дейінгі жай сандар класының атауын білдіреді (разряд). Мысалы: 1. Сонда, он жағында тұрған **бірлік** - өзіне жалғас цифрдан он есе емес, тек қана екі есе көп болады деген сөз. 2. Шынында да ойлаған санымызда **ондық** цифры «а», бірлік цифры «в» болсын делік (Я.И. Перельман).

Бірлік білімге қойылатын нашар баға, ең төменгі балл атауы мағынасында қолданылады. Бес балдық жүйедегі бағалаудың басқа түрлеріне қарағанда, бұл бағаның бірлік аталуы өте сирек кездеседі. Мысалы: 1. – Отыр! – деді мұғалім, көршімнің фамилиясының тұсына ұзын **бірлікті** қойып жатып (Қ.Асанов). Бұл баға атауы, көбінесе, -лік жұрнағы жалғанбаған бір күйінде айтылуы жиі кездеседі. *Бір* мен *бірлік* тіліміз-де қатар, бірін-бірі алмастырып қолданылып жүр. Дегенмен, айырмашылық та жоқ емес. Егер бір – сан атауы, яғни цифрдың атауы болса, осыған сәйкес бағалаудағы балдық көрсеткіш атауы да осылай аталады. Ал баға атауы -лік жұрнағы арқылы заттанып, бірлік деп аталады. Өзге баға атауларына қатысты да осыны айта аламыз (екілік, үштік, төрттік, бестік). Сонда 1- балдық көрсеткіш – бір де, 1 деген баға атауы- бірлік болады.

Берілген мысалдардағы бірлік сөзінің үш түрлі мағынада қолданылуына сыртқы себептің де, ішкі лингвистикалық себептің де әсері бары байқалады. Сыртқы себептердің әсерін, мүддесі бір адамдардың татулығын, бірауыздылығын атау қажеттілігімен бірінші бірліктің туғанын; бір санының ізімен онға дейінгі жай сандар тобын, разрядын атаудан екінші бірліктің; білімнің сапасын бақалаудан туған үшінші бірліктен көреміз. Ал лингвистикалық ішкі себепті бір деген негізгі морфемаға -лік жұрнағының жалға-нып, әртүрлі басқа мағыналар беретін дербес лексикалық дериват ретінде қолданылуынан айқын аңғаруға болады. Осы бір сан есімнің негізінде синтетикалық (морфологиялық) тәсіл арқылы жасалған сөздер әр түрлі заттық мағынадағы атауларды білдірсе де, олардың әрқайсысының мағынасы көмекші тартса да, сандық мағыналарының сақталғандығын байқау қиын емес. Өйткені, бір сан есіміне қатысты атау үрдісі нәтижесінде алынатын аталымдарға оның әуелдегі бірге қатысты сандық-мөлшерлік белгілері негіз болған.

Қазіргі қазақ тілінде реттік сан есімге -лік жұрнағын қосу арқылы жасалған жалғыз зат есім бар дедік. Ол – **біріншілік** туылымы. Бұл – орыс тіліндегі «первенство» сөзінің ықпалымен туған спорт термині, үстіміздегі ғасырдың 50-60 жылдары қалыптасқан зат есім. Мысалы: 1. Жарыс шарты бойынша Волгоградтағы әлем **біріншілігінде** 16 партия өткізілуі керек («Соц.Қаз»). 2. Ұлттық спорт сарайында студент боксшыларының халықаралық **біріншілігі** өткізіліп жатыр (Б.Соқпақбаев). 3. Еліміздің Алматыда өткен **біріншілігінде** жерлестеріміздің тамаша табысқа жеткенін волейбол жанашырлары жақсы біледі («Спорт»газ).

Екілік те оқушылардың біліміне қойылатын төменгі баға. Екі атауымен жарыса қолданыла береді. Мысалы: 1- Олай болса, тағы бір екілікті қоямыз енді, - деді оқытушы қаламын алып (Ә.Әлімжанов). 2. Әкеп едім екілік, Мамам шықты жекіріп (М.Жаманбаинов). 3. Сабақ естен шығып қап, Алды бүгін екілік (Ш.Смаханұлы). Екіліктің басқа мағынада қолданылуы бұдан

басқа қолданыстарда кездеспейді. Мұнда да екі балл дәрежесінің көрсеткіші ретінде, заттанып баға атауы ретінде екілік қолданылады.

Үштік сөзі төрт түрі мағынада қолданылатыны көрсетілді.

Бұлардың ішіндегі *шам атау, жүлделі үш орын орташа баға* атауын білдіретін үш түрі түсіндірме сөздікте көрсетілген. **Үштік** шам атауы тұрмыс қажеттілігіне орай жасалып, оның аталуына шишасының аумағының үш сантиметрлік өлшемі негіз болған қолданыста үштік сөзі үнемі шам сөзімен тіркесіп келеді. Ал үштік деп аталатын жүлделі үш орын мен орташа баға атаулары шам атауына қарағанда кейінірек, спорт, білім беру салаларының дамуына байланысты жасалған және оларға орыс тілінің де әсер етуі байқалды. Оған төмендегі мысалдар дәлел бола алады. Мысалы: 1. **Үштік** шамның тышқан көзіндей жылтыраған жарығын қомсынатын бұлар жоқ (Д.Әбілев). 2. Бірақ сығырайған **үштік** шамның сәулесі өз төңірегінен өзге жерді күңгірт көрсетеді. (Ә.Сәрсенбаев). 3. Осы жолы алдыңғы **үштікке** ілінсе, оның өзі армандаған биіктің жақындағаны дей бер (С.Балғабаев). 4. Жұлделі үштікке Алматы, Қарағанды, Семей командалары ие болды (Қаз.мұғ). 5. Аршагүл баласының әдебиеттен **үштік** баға алғанын, кейінгі кезде нашарлау оқығанын айтты (С.Бақбергенов).

Үштік сөзінің сирек болса да, тағы бір қосымша мағына беруін байқауға болады. Ол – орыс тіліндегі тройка (одақ) мағынасында қолданылуы. Қазақ тіл білімінде бұл мәселені ғалымдар сыртқы себеп негізін-де алынған деп түсіндіреді де, төмендегідей мысал келтіреді.

Мысалы: Оның армиясы өзінің алға басуында үлкен **үштіктің** келісімі бойынша белгіленген шекара-дан еш жерді атап өтпеді.

Төрттік – білім беру саласындағы білім сапасына қойылатын жақсы деген баға. Мысалдар: 1. Ана тілінен ылғи **бестік** алып жүрген Әділ бір күні қазақ тілінен төрттік алып келді (Х.Ерғалиев). 2. Тоқсан аяқталуғатақалғанда, Ержан математикадан **төрттік** баға алды («Қазақстан мұғалімі»).

Осы өлең жолына байланысты қолданылған төрттік пен одаққа қатысты **үштік** сөздеріне окказионал-дық сипаттың басым екені байқалады. Біріншіден, бұл атаулар сирек қолданылады. Екіншіден, төрт жол өлеңінің , қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде көрсетілгендей, әдеби тіл нормасында төрттаған деген атауы бар. Ал жалпы түрік тілдерінде рубаят деп аталатыны да белгілі. Қалай болғанда да, М.Әуезовтің қолданысындағы *төрттікке* де өлеңнің төрт жолдан тұруы негіз болып тұр. Мысалдағы *үштік* сөзінде де сандық мағына басым, ал оның окказионалдық сипаты одаққа мүше болуға шек қойылмайтындығынан аңғаруға болады. Кейбір жағдайларда одақтың құрамы төртеу, бесеуден де, не одан да көп саннан тұруы әбден мүмкін. Мысалы: **Төрттік** одан өз мүмкіндіктерін іске асыруға тиіс (Қазақстан, Қырғызстан, Беларусь, Ресей Федерациясы) («Сарыарқа самалы» газетінен). Үш және төрт сан есімдері өздерінің сан-дық мағыналарымен қатар, бұл жерде – тік жұрнағының жалғануы арқылы біріккен, тұтастық мағына үстелетінін көруге болады. Бұл – синтетикалық тәсілдің атқаратын қызмет ерекшелігі.

Бірлік, екілік, үштік, төрттік, бестік зат есімдері сөзжасамдық негізділігі жағынан бір типке жатады. Өйткені, оларға -лік, -тік, жұрнақтары ортақ және жоғарыда жеке-жеке тоқталған мағыналарының ішінде бесеуіне ортақ бір мағына бар. Ол – білімге қойылатынбаға атаулары және бесеуі де қосымшасыз атауларымен (бір, екі, үш, төрт, бес) қатар жұмсала береді.

Алтылық, жетілік, сегіздік тоғыздық, ондық жасалымдарының бәріне ортақ мағына – карта атаулары екендігі. Ортақ жұрнақтарға байланысты бұлар да бір-ақ типке жатады және зат есім болады.

Мысалдар: 1. Жоқ, қарағаным жоқ. Тек **алтылықтың** дүпілін ғана көрдім, - деп күледі Ержан (Т.Аханов). 2. Ойында реті келмей, қолында сақталған жетілік көзір - қарғаның **жетілігімен** түйенің королін соғып алды ақын (С.Бақбергенов). 3. – Қарғаның **сегіздігі** бар ма қолыңда: (Ауызекі тіл). 4. Менің қолымда **тоғыздық** қана қалған (Ауызекі тіл).

5. Олардың қолындағысы **қарғаның алтылылығы** еді, үстіне **ондық** шықты (Т.Әлімқұлов).

Алтылық сөзінің қолданыста карта атауынан басқа мағынасы жоқ.

Ал жетілік сөзінің карта атауынан басқа сандық ұғымын сақтай отырып, сандық сипатты басымдау көрсететін тұсы да бар.

Ол – шишасының түбінің аумағы жеті сантиметрлік – шам. Ықшамдау заңдылығы бойынша жетілік шам тіркесі қалпына келген. Жетілік деген карта атауы, көбінесе, заттанып дербес қолданылса, шам атауы – *жетілік* басыңқы сыңарымен тіркесіп қолданылады. Мысалы: 1. Жазира терезе алдындағы өлеусіреген **жетілік** шамға қарап, күлімдеп отыр (М.Сүндетов). 2. Стол үстіндегі тағам да, **жетілік** шам да таң атқанша орнынан қозғалған жоқ (С.Жүнісов).

Сегіздіктің карта атауына ғана қатысы бар. Тоғыздықтың екі мағынасы бар. Олар: карта атауы және футбол қақпасының үстіңгі бұрышы.

Түсіндірме сөздікте футбол қақпасының үстіңгі оң не сол бұрышы *тоғыздық* делінген. Мысалдар: 1. Тіпті тоғыздыққа тебілген қатты допты да қағып, қақпа сыртына жіберді («Спорт газеті»). 2. Шабуылшы 35 метрдей жерден қақпаның дәл тоғыздығына тигізді (Бұл да сонда). Бұл мағына орыс тілінің әсерінен туған.

Ондық сөзінің бірінші мағынасы карта ойындағы ондыққа жоғарыда мысал келтіріліп дәлелденді. Екінші мағынасы – шам атауы. Түсіндірме сөздікте білтесінің кендігі өзгелеріне қарағанда, жалпақтау болатын шынылы май шам деп беріліп. Мысалдар келтірілген: 1. Сол себептен қалай болар екен деп, онды шамға май құйып, шөлмегін сүртіп, білтесін жөндеп, әзірлеп қойдым (С.Омаров). 2. Төр алдында дөңгелек стол жайылып оның үстіне маздата жағылған ондық шам қойылыпты. Мұнда, әрине, шамның ондық аталуына негіз болып отырған – білте мен шишаның он сантиметрлік кеңдігіне байланысты сәйкестік қатынастар. Білте неғұрлым кеңірек, шишасы үлкендеу болса, шамның да соғұрлым жарық болатыны белгілі. Оны, үштік жетілік шамдарымен салыстырып қарауға болады. Сондықтан бұл шам атауларының сапалық белгілері ескеріле отырып аталым дәрежесіне жетуге олардың сандық өлшемдері негіз болып және -лік жұрнағының жалғануынан жүзеге асып отыр.

Ондық сөзінің тағы бір мағынасы – математикалық термин ретінде, сандар класының атауын білдіруі. Мысалы: Бірлік ондық, жүздік, мыңдық деп топ-топқа бөлініп айтылатын сандарды үйрету оңай. («Қаз.мект»).

Келесі *ондық* саны он кісіден тұратын топ атауы ретінде қолданылады. Бұл орыс тілінде «десятка» сөзімен сәйкес келеді. Сонымен бірге, бұл **ондық** он сарбаздан құралған әскери құрама атауын білдіретін әскери термин ретінде де қолданылады. Мысалы: 1. Байсын колхозынан Рысдәулет бастаған жігіттер сол **ондықтың** санатына іліккен еді (О.Сәрсенбаев). 2. Құрбашы бірдеңе деп тіл қатып еді, олар аттарын тебініп қалып әлгі **ондықтарды** жан-жағынан «қоршап тұра қалысты». Орыс тіліндегі «десятник» сөзінің баламасы ретінде жұмсалатын тұсы бар. Мысалы: - Сен **ондық** болуға жарайсың, сені өз жүздігіме аламын – деп, иығынан қақты (Х.Есенжанов). Дегенмен, соңғы «десятник» - **ондықтың** қазақ тілінде онбасы деген атауы да бар.

Елулік – әскери құрама атауларының бірі. Елу-елуден бөлінген сарбаздар тобы, взвод (ТС. 3 том, 330-бет). **Жүздік**, елулік, топ тағайынлап, олардың басына батыл, өжет жігіттер беріп, мергендер тобын бөлек іріктеп, ең тәуір дегенін өз қарамағына жинады (М.Жұмағұлов).

Би – болыстың ел ішіндегі өкілі, әкім, елбасы, кейде елулік деп аталады. (ТС 3-т. 330-бет). Мысал: - Е, ол әлгі менің болысқа кандидат болып, сенің **елулік** болып... - деп, Жүсекең көтеріле түсті (Б.Майлин). Бұл мысалдардағы «взвод» пен «әкім» мағыналарының елулік атауымен берілуінің негізгі себебі – елу санына яғни, осы атауларға қатысты алдынған адам санына байланысты болып тұр. Екеуіне де -лік қосымшасы жалғанып тұрғандықтан, сөзжасамдық бір типке жатады. Соңғы елулікті (әкім) елубасының варианты десе де болады.

Қазіргі қазақ тіліндегі **тоқсандық жоспар**, **тоқсандық есеп**, **тоқсандық баға**, **тоқсандық үлгерім** сияқты сөз тіркестерінде кездесетін тоқсандық сөзіне – дық қосымшасы жалғанып, сын есім болып тұр. Мысалы: Бұл жасалымға негіз болған нәрсе – тоқсан сан есімінен

лексика-семантикалық тәсілмен пайда болған «квартал», «четверть» сөздерінің мағынасы екендігі жоғарыда айтылған.

Жүздік сөзі екі мағынада қолданылады. **Жүздік** – сандар класының (разрядының) атауы. Бұл лексема ретінде бірлік, ондық, мыңдық зат есімдерінің сәйкес мағыналарымен сөзжасамдық бір типке жатады. Нәтижесінде **жүздік** цифры шығу керек (Я.И. Перельмен). Бұл – математикалық термин. **Жүздік** сөзінің екінші мағынасы әскери термин ретінде, ондық, елуліктер қатарында эскадрон, рота атуын білдіруі (атты жүздік – эскадрон, жаяу жүздік – рота). Мысалы: **Жүздіктен** алтауын іріктеп қойдық. Әлі талай **жүздік** құруға болады. Жасаққа жазылым деуші көп-ақ (Ғ.Сыланов). **Жүздіктің** кәсіби лексика ретінде қолданылып, окказионалдық сипат беретінін де байқауға болады. Мысалы: Күркілдек пішеншілерді жүздікке жалдайды екен. **Жүздік** дегеніміз жүз көпене шөп (С.Мұқанов). Соңғы мысалдағы жүздік кәсіби лексикаға жататын болғандықтан, оның таралу ауқымы да тар.

Жалпы аталған *жүздік* атауларының қайсысы болсын жүз санына қатысты жасалып, атау мағынасын білдірмеген, оларда сандық ұғымның басым екендігін көреміз.

Мыңдық сөзінің бір ғана мағынасы бар. Ол – бірлік, ондық, жүздіктер сияқты сандар класының атауы.

УДК 81'38; 801.6; 808

Гж.А. Кажигалиева – к.ф.н., ст. преподаватель КазГосЖенПУ

ОБ ЭМОЦИОНАЛЬНОЙ ПОЛИТОНАЛЬНОСТИ ОТРИЦАТЕЛЬНЫХ ПРЕДЛОЖЕНИЙ В ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЯХ

Аннотация: В статье рассматривается реализация эмоционального потенциала отрицательных предложений в художественных произведениях.

Предложения с отрицанием характеризуются большой психологической сложностью. Они выражают различные эмоциональные оттенки: безысходность, грусть, тоска, отчаяние, гнев, возмущение, разочарование. Отрицательные предложения могут представлять «фундамент» эмоциональности произведения.

Синтаксическая эмоциональность, как правило, подкрепляется лексической. Наибольшим эмоциональным потенциалом обладают общеотрицательные предложения и предложения с двойным отрицанием. Построение произведения на широком использовании общеотрицательных предложений позволяет ярко представить эмоциональный мир человека, охарактеризовать его состояние: отсутствие в нем желаний и чувств.

Ключевые слова: Эмоциональность, отрицательные предложения, отрицательные эмоции и чувства.

Түйіндеме: Мақалада көркем шығармалардағы қарсылықты мәнделс сөйлемдердің эмоционалдығы қарастырылады.

Сөйлемдер болымсызбен үлкен психологиялық күрделілікпен сипатталады. Олар түрлі эмоциялы түстерді: айласыздық, мұң, сағыныш, ашыну, ашу, ашу кернеу, түңілістерді білдіреді. Болымсыз сөйлемдер туындының сезім-паздығының "негізін" құрастырады.

Синтаксистік сезімпаздық лексикалық сезімпаздықпен нығайтыланады. Ең үлкен эмоциялы әлуатке жалпы болымсыз сөйлемдер және сөйлемдер қос терістеумен ие болады. Туындының құрылысы жалпы болымсыз сөйлемнің кең игерушілігінде негізделгені адамның эмоциялы әлемін, көңіл-күйін:

оның күй-сезімінің болмағандығын ашық көрсетуге мүмкіншілік тұғызады.

Кілт сөздер: Эмоционалдык, қарсылықты мәндес сөйлемдер, жағымсыз эмоциялар мен сезімдер.

Abstract: The article discusses the negative emotional proposals in literary texts.

Offers are characterized by the denial of great psychological complexity. They express different emotional tones: hopelessness, sadness, grief, despair, anger, resentment, disappointment. Negative sentences can represent the "foundation" of emotion work.

Syntax emotion, as a rule, is supported by a lexical. The greatest emotional potential have universal negative supply and demand double negation. The construction works on the wide use of the universal negative sentences can vividly imagine the emotional world of a man described his condition: its lack of desires and feelings.

Key words: Emotionality, negative statements, negative emotions and feelings.

Эмоциональность в языке – эмотивность – выражается различными средствами. Актуальность рассмотрения данного психолингвистического явления обусловлена наметившейся в современной лингвистике тенденцией выделения эмоциональной языковой картины мира, «которая выступает как разно-видность языковой картины мира» [1; с.60].

Своеобразно эмотивность проявляется в отрицании.

Лингвистическое отрицание интересное и необычное явление. В разных языках оно имеет различные средства и способы выражения, но, как правило, проявляется на лексическом и грамматическом уровнях и имеет сложную семантико-синтаксическую структуру. Одной из характерных черт отрицания является ее эмоциональность и экспрессивность.

Рассмотрим, как реализуется эмотивный потенциал синтаксических средств, на примере отрицательных предложений. Предложения с отрицанием в отличие от утвердительных характеризуются большей психологической сложностью. Уникальности и эмоциональной полноты контекст предоставляет художественная литература, поэзия. Именно в ней, благодаря поэтическому таланту авторов, мы можем увидеть широкий спектр реализации эмотивно-экспрессивных возможностей отрицательных предложений.

Как известно, отрицание на уровне предложений может быть полным или частичным и выражается частицами *не* и *ни*, словами с префиксами *не-* и *ни-*, безлично-предикативными словами *нет*, *нельзя*. Считается, что различие частноотрицательных и общеотрицательных предложений создается за счет различий в синтаксическом наполнении отрицательной ремы: если эту рему составляет подлежащее или детерминант, высказывание является частноотрицательным; если же рему составляет сказуемое, его группа или все грамматическое ядро, то высказывание является общеотрицательным [1; 2].

Наиболее выразителен эмотивный потенциал при полном отрицании в общеотрицательных предложениях.

Отрицание само по себе имеет негативную окрашенность, выражает и вызывает отрицательные эмоции и чувства. Поэзия не является исключением. Более того, использование общеотрицательных предложений служит еще одним средством художественной и эмоциональной выразительности произведения.

Предложения с отрицанием создают, как правило, минорное настроение. В отрицании звучат безысходность, грусть, отчаяние, гнев, возмущение, разочарование. С эмоционального отрицания-утверждения, отражающего «половодье чувств», начинается и заканчивается стихотворение И.Анненского «Прерывистые строки». Это предложение, звучащее рефреном, является ключевым в отражении идейно-тематического и эмоционального плана произведения.

Этого быть не может,

Это – подлог...

День так тянулся и дожит,

Иль, не дожив, изнемог?..

Этого быть не может...

С самых тех пор

В горле какой-то комок...
Вздор...
Этого быть не может...
Это – подлог...
Ну-с, проводил на поезд,
Вернулся, и solo, да!
Здесь был ее кольчатый пояс,
Брошка лежала – звезда,
Вечно открытая сумочка
Без замка,
И, так бесконечно мягка,
В прошивках красная сумочка...
Зал...
Я нежное что-то сказал,
Стали прощаться,
Возле часов у стенки...
Губы не смели разжаться,
Склеены...
Оба мы были рассеянны,
Оба такие холодные...
Мы...
Пальцы ее в черной митенке
Тоже холодные...
«Ну, прощай до зимы,
Только не той, и не другой,
И не еще – после другой...
Я ж, дорогой, ведь не свободная...»
«Знаю, что ты в застенке...»
После она плакала тихо у стенки,
И стала бумажно-бледна...
Кончить бы злую игру...
Что ж бы еще?
Губы хотели любить горячо,
А на ветру лишь улыбались тоскливо...
Что-то в них было застыло,
Даже мертво...
Господи, я и не знал, до чего
Она некрасива...
Ну, слава богу, пускают садиться...
Мокрым платком осушая лицо,
Мне отдала она это кольцо...
Слиплись еще раз холодные лица,
Как в забыты, –
И
Поезд еще стоял –
Я убежал...
Но этого быть не может,
Это – подлог...
День или год и уж дожит,
Иль, не дожив, изнемог...
Этого быть не может...

Ярко выраженные безысходность и тоска звучат в отрицательных инфинитивных

предложениях, выражающих невозможность действия:

- 1) **Не порвать** мне житейские цепи,
Не умчаться, глазами горя,
В пугачевские вольные степи,
Где гуляла душа бунтаря. (Н.Рубцов)
- 2) Как **не найти** погаснувшей звезды,
Как никогда, бродя цветущей степью,
Меж белых листьев и на белых стеблях
Мне **не найти** зеленые цветы. (Н.Рубцов)
- 3) Тебе солнце не пропеть,
В окошко **не увидет** рая. (С.Есенин)
- 4) Уж кому-то **не петь** на холму. (С.Есенин)
- 5) **Не бродить, не мять** в кустах багряных
Лебеды и **не искать** следа. (С.Есенин)
- 6) **И не избегнуть** бури,
Не миновать утрат... (С.Есенин)

В двусоставных предложениях с аналогичной семантикой, эмотивность выражается не только отрицанием, но и соответствующим «причинно-следственным эмотивным контекстом»:

- 1) Прощай, Баку! Тебя я **не увижу**.
Теперь в душе печаль, теперь в душе испуг.
И сердце под рукой теперь больней и ближе,
И чувствую сильней простое слово: друг. (С.Есенин)
- 2) Я больше ее **не люблю**,
А сердце умрет без любви.
Я больше ее **не люблю**, -
И жизнь мою смертью зови. (К.Бальмонт)

Синтаксическая эмотивность подкрепляется лексической. Так, следствием отрицания *Я больше ее не люблю* является: *А сердце умрет без любви, И жизнь мою смертью зови*. Тесная эмоционально-логическая связь прослеживается также между отрицательным предложением *Тебя я не увижу* и: *Теперь в душе печаль, теперь в душе испуг, И сердце под рукой теперь больней и ближе, И чувствую сильней простое слово: друг*.

Отрицательные предложения могут представлять «фундамент» эмотивности произведения. Что можно наблюдать в следующих стихотворениях:

- 1) **Не жалею, не зову, не плачу**,
Все пройдет, как с белых яблонь дым.
Увяданья золотом охваченный,
Я не буду больше молодым.
Ты теперь **не так** уж будешь биться,
Сердце, тронутое холодком,
И страна березового ситца
Не заманит шляться босиком. (С.Есенин)
- 2) Мы **не умеем прощаться**, -
Всё бродим плечо к плечу.
Уже начинает смеркаться,
Ты задумчив, а я молчу.
В церковь войдем, увидим
Отпеванье, крестины, брак,
Не взглянув друг на друга, выйдем...
Отчего всё у нас не так?
Или сядем на снег примятый
На кладбище, легко вздохнем,
И ты палкой чертишь палаты,

Где мы будем всегда вдвоем. (А.Ахматова)

3) *Все отнято: и сила, и любовь.*

В немилый город брошенное тело

Не радо солнцу. Чувствую, что кровь

Во мне уже совсем похолодела.

Веселой Музы нрав не узнаю:

Она глядит и слова не проронит,

А голову в веночке темном клонит,

Изнеможенная, на грудь мою.

И только совесть с каждым днем страшней

Беснуется: великой хочет дани.

Закрыв лицо, я отвечала ей...

Но большие нет нислез, ни оправданий. (А.Ахматова)

Сторонниками третьего подхода являются Д.С. Лихачев, Е.С. Кубрякова и др., которые считают, что концепт не непосредственно возникает из значения слова, а является результатом столкновения значения слова с личным и народным опытом человека, т.е. концепт является посредником между словами и действительностью.

Интересная теория концепта предложена Ю.Д. Апресяном, она основывается на следующих положениях:

- 1) каждый естественный язык отражает определенный способ восприятия и организации мира; выражаемые в нем значения складываются в некую единую систему взглядов; своего рода коллективную философию, которая навязывается языком всем носителям;
- 2) свойственный языку способ концептуализации мира отчасти универсален, отчасти национально специфичен;
- 3) взгляд на мир (способ концептуализации) «наивен» в том смысле, что он отличается от

научной картины мира, но это не примитивные представления.

Общим, для этих подходов является утверждение неоспоримой связи языка и культуры; расхождение обусловлено разным видением роли языка в формировании концепта.

Этот термин до сих пор не имеет единого определения, хотя он прочно утвердился в современной лингвистике.

Таким образом, понятие концепта пришло из философии и логики, но в последние 15 лет оно переживает период актуализации и переосмысления.

Предметом поисков в когнитивной лингвистике являются наиболее существенные для построения всей концептуальной системы концепты – те, которые организуют само концептуальное пространство и выступают как главные рубрики его членения.

Когнитивная лингвистика, первоначально объединяемая лишь познавательными установками и исходной гипотезой об объяснительной силе обращения к мыслительным категориям, постепенно обретает свой предмет, свою внутреннюю структуру и свой категориальный аппарат. В настоящее время можно с уверенностью утверждать, что внутри когнитивной лингвистики представлены следующие разделы:

1. Исследование процессов производства и понимания естественного языка
2. Исследование принципов языковой категоризации
3. Исследование типов понятийных структур и их языковых соответствий
4. Исследование когнитивно-семантических суперкатегорий
5. Исследование пространственных отношений и типов концептуализации движения в языке
6. Исследования телесного базиса человеческого сознания и языка
7. Исследование метафорических и метонимических отношений в языке

Приведенный список, разумеется, не исчерпывает всех результатов когнитивной лингвистики, но свидетельствует о том, что в ней в настоящее время сформировалось некоторое представление о задачах исследования и решения этих задач. И в будущем ученые-лингвисты будут заниматься этими вопро-сами.

Основными центрами когнитивной лингвистики являются отделения Калифорнийского университета в Беркли и Сан-Диего, а также Центр когнитивной науки Университета штата Нью-Йорк в Буффало. В Европе когнитивная лингвистика успешно развивается, прежде всего, в Голландии и Германии. Проводятся регулярные международные конференции. В России в русле когнитивной лингвистики работают А.Н.Баранов, А.Е. и А.А. Кибрик, И.М. Кобозева, Е.С. Кубрякова, Е.В. Рахилина и др. исследователи; кроме того, термин «когнитивная лингвистика» является популярным лозунгом, используемым широким кругом языковедов.

Таким образом, когнитивная лингвистика, это направление в языкознании, которое исследует проблемы соотношения языка и сознания, роль языка в концептуализации и категоризации мира, в познавательных процессах и обобщении человеческого опыта, связь отдельных когнитивных способностей человека с языком и формы их взаимодействия. Когнитивизм есть совокупность наук, объединяющая исследования общих принципов, управляющих мыслительными процессами. Таким образом, язык представляется как средство доступа к мыслительным процессам. Именно в языке фиксируется опыт человечества, его мышление; язык – познавательный механизм, система знаков, специфически кодифицирующая и трансформирующая информацию.

- 2 Апресян Ю.Д. Основы семантики. - М.: 1995, С.39
3 Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. - М.: 1999, С.52.
4 Воркачев К.А. Основы лингвистики. - М.: 2001, С.47-48
5 Демьянков В.И. Лингвистика. - М.: 1994, С.54
6 Кубрякова Е.С. Язык и знания. - М.: 2001, С.32
7 Маслова В.А. Введение в когнитивную лингвистику. - М.: 2004, с.6-71
8 Попова З.Д., Стернин И.А. Языкознание. - М.: 1999, с.10
9 Демьянков В.З. Когнитивная лингвистика как разновидность интерпретирующего подхода // Вопросы языкознания, 1994. № 4. С.17-33.
10 Герасимов В.И. 1985 – К становлению «когнитивной грамматики». – В кн.: Современные зарубежные грамматические теории. - М., 1985
11 Лакофф Дж., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живем. – В кн.: Язык и моделирование социального взаимодействия. - М., 1987
12 Сергеев В.М. Искусственный интеллект: опыт философского осмысления. Будущее искусственного интеллекта. - М., 1991

ӘОЖ 811.512.1'447

С.А. Жиренов –

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты

ГРАФИКАЛЫҚ ЛИНГВИСТИКА КАТЕГОРИЯЛАРЫ

Түйіндеме: Мақалада графикалық лингвистика категорияларының теориялық негізі жан жақты қарастырылған. Графикалық лингвистика категорияларының түрлері мен саны яки қолданысы жалпы тіл білімінде біркелкі емес екендігін ғылыми тұрғыда көрсетілген. Сол секілді графикалық лингвистика категорияларының қолданысы мен қызметі олардың белсенді немесе бәсеңдік сипатына қарай шартты түрде жіктелетіндігі қарастырылған.

Кілт сөздер: әліпби, графика, дыбыс, әріп, графема, орфография, фонограф, семиограф, пунктограф, прагмограф, фразограмма, логограмма, морфемаграмма, силлабаграмма, фонограмма, фонема.

Аннотация: В статье всесторонне рассмотрены теоретические основы категорий графической лингвистики. Научно обосновано, что виды и применение категорий графической лингвистики представлены в общем языке-знании по-разному. Также доказано, что применение и функции категорий графической лингвистики по их активным и пассивным свойствам классифицируются условно.

Ключевые слова: алфавит, графика, звук, буква, графема, орфография, фонограф, семиограф, пунктограф, прагмограф, фразограмма, логограмма, морфемаграмма, силлабаграмма, фонограмма, фонема.

Abstract: In article theoretical basics of categories of graphic linguistics are comprehensively covered. It is scientifically proved that types and application of categories of graphic linguistics are presented in general linguistics differently. It is also proved that application and functions of categories of graphic linguistics are classified by their active and passive properties conditionally.

Keywords: alfabet, graphics, phoneme, letter, grapheme, spelling, phonograph, semiograf, punktograf, pragmograf, frazogramma, logogram, morfemagramma, sillabagramma, phonogram.

Адамзат қоғамында графика өзіндік орын алған кезеңнен бастап оның туындау себебі мен шығу тегіне қатысты көптеген ғылыми зерттеулер дүниеге келді. Жалпы графиканың қалыптасу тарихы талай мыңжылдықтарды артта қалдырғаны белгілі. «Графика (грек. graphike жазу) – 1. Жазуда қолданылатын таңбалардың (әріп не тыныс белгілерінің) жиынтығы. 2. Жазу таңбалары жүйесі мен тілдің фонетикалық жүйесінің ара қатынасын, байланысын білдіреді» [1, 79]. Әлемдік графика іліміндегі графиканың болмысын тану үшін графиканың бүтіндігін танытатын жекелеген категорияларының табиғатын тану арқылы графикалық лингвистиканы тануға болады. Ал графиканың негізгі категорияларына әліпби (әліпбидің түрлері), графема, орфография, фонограф, семиограф, пунктограф, прагмограф, фразограмма, логограмма, морфемаграмма, силлабаграмма, фонограмма, фонема, дыбыс,

т.б. бірліктерді жатқызуға болады. Аталған категориялар әлемдік графикаға тән көрсеткіштер болып табылады. Бүтіндей графикалық лингвистиканың өзегі аталған категориялардан тұрып, графикалық лингвистика атты ғылымның негізін құрайды.

Әлемдік графиканың түрлері мен негізгі категорияларын теориялық және практикалық тұрғыдан зерттеудің мәні зор. Себебі әлемдік графиканың түрлері мен негізгі категорияларын зерттеу арқылы графикалық лингвистиканың теориялық табиғаты мен практикалық болмысын бекіте түсуге болады. Графикалық лингвистика саласы қарастыратын мәселелерге графикалық категориялар мен бірліктер жатады. «Графика жазуда қолданылатын таңбалардың жиынтығы, сонымен қатар жазу таңбалары жүйесі мен тілдің фонетикалық жүйесінің арақатынасын, байланысын білдіреді» [2, 10]. Графикалық лингвистиканың категориялары мен бірліктері тұтастай бір-бірімен өзара қатынаста болып, біртұтас графикалық лингвистика атты ғылымды құрайды. Графикалық лингвистиканың басты категориясына әліпби (алфавит) және графика жатады. «**Әліпби** (араб әліпбиінің алғашқы екі әрпі – алиф және ба атауынан жасалған) орыс. алфавит (грек. alphabetos грек әліпбиінің алғашқы екі әрпі – альфа, бетта атауларынан) – жеке дыбыстық элементтердің символдық таңбалары арқылы сөздердің дыбыстық келбетін бейнелейтін таңбалар жүйесі. Ә. табиғи тілдегі кез келген мәтінді жазуға, оларды сақтауға мүмкіндік береді. Ә. ақпарат құралдарын жүйелеуде, оларды іздестіруде, сақтауда (сөздіктерде, анықтамалық басылымдарда, каталогтерде) аса маңызды қызмет атқарады.

Ә. қағидаттарын (принциптерін) б.з.д. 3000 жылдықтар ортасында батыс-семит халықтары жасаған. Олар Месопотамияның сына жазуындағы буын таңбаларын пайдалана отырып, дауысты, дауыссыз дыбыстардың қосарланып жазылатын жүйесін тапқан.

Парадигматикалық жүйе ретіндегі ең көне угарит Ә. (б.з.д. 2000 жылдықта) болып табылады. Консонантты буындық қағидатты қолданған бұл Ә. 30 таңбадан тұрады. Угарит Ә.-індегі таңбалар жүйесі кейінгі финикия, көне еврей т.б. Ә.-лерінде сақталған» [1, 49]. Сонымен әліпби – дыбыстардың жазудағы таңбасы болып табылады. Қазіргі адамзат мәдениетіне қызмет етіп жүрген әрбір әліпбидің өзіндік пішіні мен формасы бар. Әліпби мен графика графикалық лингвистиканың басты құрамдық бөлшектері болып саналады. «**Графика** (грек. γραφειке жазу) – 1. Жазуда қолданылатын таңбалардың (әріп және тыныс белгілерінің) жиынтығы. 2. Жазу таңбалары жүйесі мен тілдің фонетикалық жүйесінің ара қатынасын, байланысын білдіреді. 3. Тырнайттын, жазатын, грифель құралының көмегімен салынатын өнер түрі.

Графика өнері каллиграфиямен, жазбамен тығыз байланысты деп табылады. 19 ғ. дейін графика мен сурет түсініктері қатаң ажыратылып қаралды. Графика деп тек баспа техникасымен салынатындарды атаса, суретке - қолмен салынатын жұмыстарды: нобайды, нұсқа, т.б. жатқызады» [3]. «Графика – әліпби мен оның теориясына тікелей қатысы бар, әліпбидің жасалуы, өзгерістері, қайта жетілдірілуі, сондай-ақ эстетикалық, оптикалық, экономикалық жағынан сапасын анықтауға көмектесетін сала. Графика сондай-ақ жазу таңбасы деген ұғымда да қолданылады. Графика жазу ұғымының бір мағынасына сәйкес. Қазақ филологиясында «араб жазуын өзгертті», «латын жазуын қабылдау», «орыс жазуына көшу» деген сияқты ұғымдар бар. Өйткені алдымен сол жазудың графикасы қабылданады, сосын барып соған ыңғайлас-тырып, сол графика (жазу) негізінде әліпби түзіледі» [4, 59-60].

Жалпы әліпби өзіндік рет-ретімен орналасқан және белгілі бір заңдылыққа негізделген әріптердің жиынтығы болып табылады. Ал графика жазу таңбаларының жиынтығынан тұрып, белгілі бір жазу түрінің фонетикалық құрамының өзара жүйелі үйлесімділігі мен алфавиттің құрамының өзіндік ережелерінен тұрады. Графикалық лингвистиканы негізін құрайтын категориялардың санатына әліпби мен графикамен қатар алатын негізгі бірліктердің санатына дыбысты жатқызуға болады. Тілдің дыбыстау мүшелерінің қатысуы арқылы айтылып, құлақпен естілетін үн **дыбыс** деп аталады да, оны жазу тілінде белгілейтін

шартты белгі **әріп** деп аталады. Демек, дыбысты айтамыз және естиміз ал әріпті жазамыз және көреміз. Әріп – жазуда дыбысты белгілейтін шартты таңба болып табылады.

Графикалық лингвистиканың табиғатын танытушы ірі құрылымды бірліктердің санатына орфография-ны жатқызуға болады. Орфография – дұрыс жазу ережелерінің жиынтығы немесе дұрыс жазуды үйрететін фонетика ғылымының бір саласы. Өз алдына дербес ғылыми сала деп те тануға болады. Ал ғылыми кеңістікте графиканың өзі полеография, эпиграфика болып екі түрге бөлініп жүр. Полеография мен эпиграфика жазу таңбаларының өзгеру заңдылықтарын (эволюциясын), графиканың даму тарихын зерттейді. Полеография – қолжазба мен кітаптағы таңбаларды тексереді де, эпиграфика – тас, металл, сүйек, ағаш т. б. ойлып жазылған таңбаларды зерттейді. Олай болса, графикалық лингвистикаға қатысы бар категориялардың яғни әр бір терминге ғылыми теориялық тұрғыдан түсініктеме беру арқылы, графикалық көрсеткіштердің бүгінгісі мен өткен дәуірдегі ерекшеліктерін кеңінен тануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ полеография, эпиграфика деп аталатын графикалық көрсеткіштерді игеру арқылы, руникалық таңбалы жазулардың тілдік табиғатын да тануға болады.

Қазақ жазуы тарихының теориясын арнайы қарастырған ғалым Қ.Күдерінова жазудың негізгі категорияларына алфавит, графика, орфография және пунктуацияны жатқызады да оларға теориялық тұрғыдан былайша сипаттама жасайды. «Алфавит арқылы белгілі бір жазба мәтінде әріптерді фонема-ларға таңып, мәтін мазмұнын оқимыз. Графика жазу түрлерін, қаріп түрлерін пайдалану деген сияқты жазба мәтіннің бүкір тұрпатын ұйымдастырады. Ал кейбір жазуларда алфавиттегі әріп таңбалары жетпеген фонемаларды белгілеуді ұйымдастырады. Орфография жазба мәтіннің белгілі бір стандарт құрылыммен ұйымдасуына, ортақ жазу тәртібін құруға, сөздерді дифференциялауға көмектеседі (сөздерді бірге/бөлек/ дефис арқылы жазу, кіші/бас әріп). Пунктуация бүкіл мәтіннің, мәнмәтіннің оқырманға дәл, анық жетуін қарастырады. Жазу категорияларын ең алғаш қарастырған Бодуэн де Куртенэ графиканы көру-жазу элементі мен айту-есту элементі арасындағы байланыс деп түсінді. Ол байланыс үшін морфологиялық, семасиологиялық жайлардың қатысы болмады. Яғни сөз қалай дыбысталса, алфавитте бар сәйкес әріппен солай белгіленеді деді. Ал орфографияны ғалым жазу-көру элементі айту-есту элементіне де және морфологиялық, семасиологиялық элементтерге де қатысты деп түсіндірді» [4,57].

Графикалық лингвистика категорияларына ғылыми теориялық тұрғыдан шолу жасаудың әлеуметтік мәні жағынан да өзектілігі жоқ емес. Оның маңызы, әсіресе, графикалық лингвистиканың қоғамдық қызметінің маңыздылығымен ерекшеленеді. Қазіргі қоғамымызда графикаға қатысты мәселелер кең өріс алып, қоғамдық-ғылыми қарым-қатынас аясында – өзекті мәселеге айналып отыр. Осы тұрғыдан келгенде, графикалық лингвистикалық категорияларының тезаурусын түзе отырып, терминдік атауларының түсіндірмесін беру арқылы, коммуникативтік-құрылымдық тұлғаларының семантикалық және жұмсалымдық қызметінде көрсетудің маңызы зор. Графикалық лингвистиканың ұсақ және ірі құрылым-ды категорияларының теориялық болмысы мен терминдік мазмұнына концептуалды тұрғыдан былайша түсіндірме беруге болады. Сондай-ақ графикалық лингвистиканың ұсақ және ірі құрылымды категория-ларына төмендегі бірліктерді жатқызуға болады:

Фонограмма (грек. phone дыбыс, gramma жазу) – 1) сөздің дыбыстық құрамын нақты ажыратып көрсетуге қызмет ететін графикалық таңба, сөз дыбыстарының таңбасы; 2) дыбыс, үн жазылған пластин-ка (табақша), кішкене білік (валик) [1, 383]. Фонография немесе дыбыс белгілейтін әріптер, кескіндер жекелеген дыбыстарды таңбалайды.

Дыбыстық әріп кескіндер жүйесін зерттеушілер төмендегі 2 топқа бөліп қарастырады. Онда:

1. Консананттық-дыбыстық жүйесі. Мұнда жазу кескіндері тек қана дауыссыз дыбыстарды белгілейді. Ондай жазу жүйесіне финика, угарит, көне еврей, арамей, араб жазулары жатады

[5, 46].

2. Дауысты дыбыстар жүйесі. Мұнда дауысты, дауыссыз дыбыстар бірдей белгіленеді. Бұл жүйеге грек, латин, ұйғұр, байырғы түрік бітіг т.т. с.с. жазулар жатады.

Әлем халықтарының жазу жүйесі тарихи кезеңдерді басып өтіп бір ізге түсіп реттеліп қалыптасқанын зерттеушілер еңбектерінде көрсетіп келді. Әлем халықтарының жазу жүйесінің тарихи қалыптасу ерекше-лігі төмендегідей болады. Онда:

1. Пиктографиядан бастау алып, логограмма, морфемограмма, силлабограмма (буындық), консонанттық-дыбыстық, дауысты-дыбыстық және аралық деген кезеңдерді рухани даму барысында басып өтеді екен. Ал түрік бітіг жазуы пиктограммалардан басталып, фонограммаға дейін даму барысында морфемограмманы аттап өткен сияқты. Морфемограммаға сай келетін сипатын біз көре алмадық.

2. Қолданған жазу кескіндерінің құрылымы (пиктографиялық, логографиялық, әріптік-дыбыстық) тілдік мағынасы жағынан да (ішкі формасы), сыртқы графикалық кескіні жағынан да өзін-өзі анықтап тұруға тиісті. Бұл жағынан байырғы түрік бітіг кескіндері (логограммалардан фонограмма аралығында) тарихи даму барысында реттеліп, сұрыпталып отырған. Әрі жазу кескіндерінің құрамы көп өзгеріске түспей тұрақты болған. Бұл ерекшелік түрік бітіг жазуының ондаған ғасыр бойы тарихи сұрыптаудан өткенін көрсетеді.

3. Жазу жүйесінің негізгі қағидаты (принципі) сол тілдің табиғатына, болмысына сай болып шыққан болуы шарт. Байырғы түрік бітіг жазуы реформаға енгеннен кейін бұл қағида бұлжымай орындалған. Ол туралы кейінгі үшінші бөлімде сөз етіледі. Міне, осы ерекшеліктер Еуразияның аймағында б.з.б. II ғасырынан б.з. V ғасыр аралығында түркі халықтарының қалдырған тарихи жазба деректері арқылы фонограммалық жүйенің алғашқы кезеңінде қаншалық дәрежеде болғанына көз жеткізетіндігі [6, 75].

Фонограф (грек. phone дыбыс, grapho жазамын) – дыбыс жазуға арналған ескі аспап [1, 383]. **Фонема** (грек. phonema дыбыс) – сөздер мен морфемаларды бір-бірінен мағына және форма жағынан ажыратуға көмектесетін тілдің дыбыстық жүйесіндегі негізгі типтік бірлік, яғни дыбыс типі. Мыс.: қазақ тілінде сөздің бір дыбысының түрленуі (мол – қол – сол – жол – бол – тол); бірқатар дауыссыздардың жуан буында жуан, жіңішке буында жіңішке айтылуы (ыс – іс, ас – ес); бір дыбыстың артық келуі (он – тон, ал – бал) сөздерді мағына және форма жағынан бір-бірінен ерекшелеп тұр. Фонема тілдерде Ф. саны әр түрлі болады. Мыс., қазақ тілінде 9 жалаң дауыты Ф., 25 дауыссыз Ф. болса, орыс тілінде 6 дауысты, 35 дауыссыз Ф. бар [1, 381]. **Фразограмма** – бұл адамзаттың жасаған алғашқы жазуы. Ол бейне суреттен және таңбалардан тұрады. Дәстүрлі пиктографиялық жазу деген атаудың орнына «фразография» деген атауды алғаш рет америкалық тарихшы, жазу тегін зерттеуші ғалым И.Гельба қолданған [5, 37]. Бұл атау ары қарай француз ғалымы Ж.Феврие, орыс ғалымдары И.М. Дьяконов, В.А. Истрин, неміс ғалымы Х.Иенсендердің зерттеулерінде өз жалғасын тауып кең құлашты қолдауын тапты. Фразограмма орнына ғылыми айналымда бастапқыда «синтаксикалық жазу» деген терминнің қолданылып келгендігі белгілі. Кейін бұл атаудан ғылыми орта бас тартып фразограмманы өзгертпей қолданып кетті. Фразограмманы өз ішінен екі жікке бөлінеді. Олар пиктограмма және шартты белгілер – таңбалар.

1. Пиктограммалық жазулар. Бұл жазудың үш түрлі ерекшелігі болғаны ғылымда дәлелденген [5, 32]. Онда:

жазуда коммуникация (ақпарат) жеткізуші тіл емес, ойдың, сананың мәнін, мазмұнын жеткізуді мақсат етеді;

мұндағы бейнелеу тілі сурет және таңбалар;

мұнда тілдік норманы бермейді. Құралы тіл емес сурет.

Олай болса, пиктографиялық жазу дегеніміз ойды, болған оқиғаны, іс-қимылды сызумен бейнелеп жеткізетін ақпараттық құрал. Өйтсе «ой – тіл – жазу» (мышление – язык – письмо) деген жүйе бұл жазудың негізгі ерекшелігі болмақ [5, 32]. **Логограмма** (грек. logos сөз, грамма жазу таңбасы, сурет, әріп) – сөз буын жазуларында тұтас сөзді не оның негізін білдіретін шартты таңба. Көбінесе идеограмма (қ.) термині орнына қолданылады [2, 202]. Бұл жазу түрін 1960 жылдарға дейін идеографиялық жазу деп атаған. Соңғы уақытта бұл

атауды ғалымдар логограммалық жазу деп атады. Атауды америка ғалымы Л.Блумфилд, П.А. Будберг, Ф.Эджертон, И.Гельб, Кеңес одағының В.А. Истриндер ғылымға енгізіп келді [5, 39]. Логографиялық деп аталатын жазу жүйесіне ежелгі қытай, ежелгі шумер, ежелгі египет, критминой жазуларын ғалымдар осы жүйеге енгізіп қарастырады. Жазу жүйесі пиктографиядан бас алған. Мұнда жазу таңбалармен берілген. Таңба кескіндері жеке-жеке сөздердің мәнін береді. Нақтылап айтсақ сөйлеу әрекетіндегі сөздің жеке дара семантикалық бірлігі. Бұл жағынан алып қарағанда логографиялық жазуды пиктографиямен салыстырғанда коммуникативтік ақпаратты неқұрлым анық дәлме-дәл береді.

Логографиялық жазу таңбаларының негізгі ерекшеліктері төмендегідей екенін ғалымдар анықтаған. Онда:

1. Ойлау түйсіктен өткен болмыс, түсінік ретінде жалпылама абстракт түрде ақпарат береді.

2. Пиктографиядан айырмашылығы көз алдындағы көрнекі бейнені оның мән-мазмұнына сай шартты белгілермен жанама түрінде схемалық таңбамен береді.

3. Таңбалармен беріліп отырған ақпараттың ерекше қасиеттері графикалық арнайы кескіндермен ерекшелінеді.

Онымен қатар шартты белгілердің (немесе белгілер мен таңбалардың мәні, мазмұны) сөздің фонетикалық құрылымы және оның семантикасымен тікелей байланыста болмай-ақ, таңбалар туралы түсінік қана есепке алынады [5, 34]. Мұндай жағдайда қолданушы, тұтынушы түсінігінде, психологиясында шартты белгілер негізгі рөл атқарады.

Силлабаграмманы (буындық жазу)зерттеушілер буындық жүйенің кескіндерін білдіретін мағыналық жағынан үш топқа бөліп қарастырған. Онда:

1. Қандай бір фонетикалық құрылымды, бірлікті білдіретін кескін таңбалар. Оған ассирвавилон жазуын енгізген.

2. Ашық буынды белгілеген кескін таңбалар және жекелеген дауыстыларды, дауыссыз-дауысты (С) қосындысын беретін кескіндер, таңбалар. Бұған критмикон және жапон жазуын енгізген.

3. Жекелеген дауыстыларды және дауыссыз-дауысты қосындыларын білдіретін лигатуралық емес кескіндер. Бұл топқа Үнді брахми жүйесі, кхарошти, девенагари жазуларын енгізген [5, 45].

Графемма (грек. *graphie* кескіндеу, сызу) – тілдің жазу жүйесіндегі негізгі бірлігі, дыбыстың жазудағы таңбасы, жазу жүйесінің ең кіші белгісі [1,79]. «Графикалық жүйенің бірліктері құрылымдық-функционалдық белгілері бойынша қызметтік жағынан алғанда екі негізгі топқа бөлінеді: а) графемалар, яғни фонемалық референттері бар графикалық бірліктер; ә) графикалық символ: екпін, тыныс белгілері, дефис, апостораф, абзац. Бұл дегеніміз әрбір таңба «тұрпат межесін» және «мазмұн межесін» сипаттай-тын екіжақты бірлік екендігін көрсетеді.

Жазба таңбаның «тұрпаты» немесе оның «мазмұны» – бұл физикалық субстанция, мұның көмегімен таңбаның көріну репрезентациясы жүзеге асады. Жазба таңбаның «мазмұны» және «тұрпаты» белгілі бір ұғым, идея, сан, сөз, буын, немесе жеке дыбысқа байланысты бір нәрсеге қатысты болады. Бұл таңбаның мазмұндық және тұрпаттық жағы – әріп дегенді білдіреді. Басқаша айтқанда, фонема – таңбаланушы да, әріп – таңбалаушы, демек, фонема мен әріптің бірлігі жазу теориясында графема деп ұғынылады.

Графема дегеніміз – тілдің жазбаша түрінің минималды, абстрактілі (дерексіз), екіжақты бірлігі. Графема – ең аз, минималды бірлік, бұл тілдің аталған деңгейінің ең түпкі мәнді бірлігі. Оның қызметтік өзіне тән ерекшелігін бұзып алатын болғандықтан, құраушы бөліктерін ары қарай бөлу (бөлшектеу) мүмкін емес. Графема қослатералдық, яғни түр көрінісіне (әріп) және мазмұн көрінісіне (фонема) ие [2,10-12].

Сонымен графикалық категориялардыңмағыналары өзара бір-біріне жақын біртектес болғанымен, жазу үлгісіндегі қолданысы мен қызметі әр алуан болып келетіндігін байқауға болады. Графикалық лингвистика жүйесіндегі категорияларды теориялық тұрғыдан сипаттауда олардың терминдік түсіндірме-сіне қарап, лингвистикалық қызметі мен мазмұнын тануға болады. Графикалық категориялардың басты белгілеріне олардың

қолданысы мен қызметін, терминдік мағынасы мен тұлғасының бірлігін жатқызуға болады. Яғни бұдан графикалық категориялардың екі жақты сипатының қатар жүретіндігін байқауға болады.

Графикалық лингвистика категорияларының түрлері мен саны яки қолданысы жалпы тіл білімінде біркелкі емес екендігін байқауға болады. Мәселен латын графикасында қолданылатын көрсеткіштердің араб графикасында кездесе бермейді немесе бұл үрдіс керісінше болуы мүмкін.

Графикалық лингвистика категорияларының қолданысы мен қызметі олардың белсенді немесе бәсеңдік сипатына қарай шартты түрде жіктеледі деп айтуға болады. Графикалық лингвистика категорияларының ұғымы мен терминдік түсінігі әлем тілдеріне ортақ болып келеді.

Графикалық лингвистика категориялары – бір-біріне жақында алшақ мағынада қолданылатын, жалпы графикалық өріс үшін қызмет ететін лингвистикалық көрсеткіш деп тануға болады. Графикалық лингвистика категорияларына жалпылама біржақты анықтама беруге келмейтін, күрделі лингвистикалық бірлік деп тануға болады. Жалпы жоғарыда жеке-жеке түсіндірмесі берілген графикалық лингвистика категорияларының теориялық болмысына қатысты қысқаша былайша концептуалды түйіндеме жасауға болады:

Графикалық лингвистика категориялары – әлемдік графикаға ортақ, сондай-ақ өзіндік жекелеген жазу түрлеріне қатысты қызметі мен қолданысы арқылы ерекшеленеді.

Графикалық лингвистика категориялары – жалпы тіл білімінің өзіндік бір саласын құрайды.

Графикалық лингвистика категориялары – жалпы лингвистикалық категория құрамындағы дербес категориялық тұлға.

Графикалық лингвистика категориялары – әлемдік графика түрлеріне жалпылама тән болып келетін лингвистикалық бірлік ретінде, графикалық нышандардың жиынтығы деп тануға болады.

1 Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 440 б.

2 Әміржанова Н. Қазақстандағы латын жазуының тарихи тағылымы. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 300 б.

3 <https://kk.wikipedia.org> Уикипедия – ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет.

4 Күдерінова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 276 б.

5 Истрин В.А. Возникновение и развитие письма. – М., 1965. – 399 с.

6 Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуы: алфавит жүйесі және фонологиясы. 7 Фил. ғыл. док... дис. қолжазбасы.: 10.02.06. – Алматы: А.Байтұрсынұлы ат-ғы Тіл білімі институты, 2008. – 268 б.

ӘОЖ 413

Б.А. Садырбаева –

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің оқытушысы

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ҚАРАТПА АНТРОПОНИМДЕР

Түйіндеме: Бейтаныстық факторы қарым-қатынастың ары қарайғы ресми сипатын анықтайды. Қарым-қатынас жасаушыларды аталғандай жағдайда берілген ортада сөйлеудің жалпы нормаларын ұстануға мәжбірлейді. Ағылшын тілінде бейтаныс адресатпен қарым-қатынас жағдайында қазақ тіліне қарағанда регламенттік және этикеттік сөздер көбірек әрі жиі қолданылады. Қарым-қатынастың ресми түрінде де, бейресми түрінде де ағылшын және қазақ тілдерінде, қаратпа рөлінде белгілі болған ретте, адресаттың лауазымын, атағын немесе әлеуметтік дәрежесін көрсететін апеллативтер қолданылады. Медицинадағы адамдарға деген сыпайылық формасы әдетте олардың кәсіби атақтарын қолдану арқылы жасалады.

Тірек сөздер: бейтаныс адресат, бейресми, қаратпа, лауазым, туыстық терминдерін, этикеттік сөздер.

Аннотация: Гонорифические формы, называя адресата, позволяют непосредственно устанавливать соответствующую социальную дистанцию между коммуникантами. Их использование в английском языке является, прежде всего, традиционным, оно не связано с какими-либо конкретными социально-политическими процессами. Эти формы, в ходе длительной истории своего существования, превратились в сугубо формализованные средства выражения уважительного отношения, почтительности к адресату. При выборе обращения в этом случае ключевыми являются индивидуально-позиционный и гендерно-возрастной параметры.

Ключевые слова: незнакомый адресат, регламентные, этикетные, вокативные высказывания, традиционные формы.

Annotation: Gonorific form, naming the destination can directly install the appropriate social distance between the communicants. Their use in the English language is, above all, traditional, it is not related to any specific socio-political processes. These forms, which in the long course of its history, turned into a purely formal means of expressing respect, deference to the addressee. When choosing a treatment in this case are the key individual position and gender-age settings.

Keywords: destination unknown, routine, etiquette, vokativnye statements, the traditional forms.

Бейтаныс адресатпен қарым-қатынас жағдайында адресант сөйлесіп тұрған адамының кей кезде оның отбасылық жағдайына және жағдаяттық немесе әлеуметтік рөліне қатысты білімімен толығатын ең ортақ деген ерекшеліктеріне: жынысына, жасына қарай ыңғайлануына мәжбүр болады. Бейтаныстық факторы қарым-қатынастың ары қарайғы ресми сипатын анықтайды және қарым-қатынас жасаушыларды аталған-дай жағдайда берілген ортада сөйлеудің жалпы нормаларын ұстана бастайды.

Ағылшын тілінде бейтаныс адресатпен қарым-қатынас жағдайында қазақ тіліне қарағанда регламент-тік және этикеттік сөздер көбірек әрі жиі қолданылады. Ағылшын тілінде бейтаныс адресатқа айтылатын анағұрлым жиі қолданылатын сыпайылық қаратпа формалар: *sir, madam(e), miss, mister, сонымен қатар көпше түр қаратпа сөздері gentlemen, ladies and gentlemen. Берілген қаратпа сөздердің қолданылу ерекшелігін нақтырақ қарастырайық.*

Sir қаратпа сөзі коммуниканттар арасындағы асимметриялық қатынастарға тән: жасы жағынан үлкен адресатқа айтылғанда ("Sir" is used towards unknown, but not too young man" (John, 54)), немесе адресаттың әлеуметтік дәрежесі, атағы, лауазымы жоғарырақ болғанда [Longman, 2005: 1297]. Бұл жағдайда қаратпа сөзді таңдағанда жеке тұлғалық-ұстанымдық және гендер-жас өлшемдері басты болады.

Бейтаныс адресатпен сөйлесу жағдайында *sir* қаратпасы әңгімелесушілер арасындағы салыстырмалы түрдегі симметриялық қарым-қатынас болғанда да қолданыла алады. Ал егер коммуниканттар таныс емес болса, әрі олардың әлеуметтік дәрежелері белгісіз болса, *sir* қаратпасы кез келген үлкен адамға, әсіресе жасы жағынан үлкеніне айтыла береді. Сонымен бірге бұл форма қызмет көрсету саласында сатушының алушыға, даяшының демалыс орындарына келушілерге қатысты қолданатын стереотиптік сыпайылық формасы болып табылады. Бірақ әдетте әйел адамдар аталған форманы қолданбайды [Формановская, 1990].

Mr формасы жасы үлкен ер адамға қатысты қолданылады. Бірақ жеке түрде (адресат фамилиясысыз) бұл форманы қолданатын біздің сұхбаткерлеріміз көп емес. ("*Mr" is a common address combined with last name, but seems somewhat disputed when used on its own*"; "*it is more likely to be used towards elders and with last name*" (Cristin (38) and Steve (42) Wither)).

Ағылшын тілінде бейтаныс әйел адамға қатысты *madam, miss, Ms* сияқты гонорифиялық формалар қолданылады. *miss/madam* формаларының қажеттісін таңдау адресаттың отбасылық дәрежесіне байланысты жүзеге асырылады. Егер адресаттың отбасылық дәрежесі белгілі болса, онда тұрмыстағы әйелге қатысты қолданылатын қаратпаның сыпайы формасы *madam* болады. Бұл ретте жас өлшемінің ықпалы әлсірейді немесе бейтараптанады. Отбасылық дәрежесі белгісіз болған жағдайда *madam* жасы үлкен әйел

адамға немесе отбасылық дәрежесі белгілі әрі сол жағынан, салыстырмалы түрде, адресанттан жоғарырақ болса қолданылады. Дәл осы ереже *madam* формасынан туындайтын, жастардың үлкен әйелдерге [Brown, 1964:237], немесе әлеуметтік дәрежесі жоғары әйелдергеайтатын *ma'am* формасына да қатысты [Longman: 837].Көптеген сұхбаткерлер *ma'am* формасын "*apparently the best choice to address an unknown female (a little less common, but ok towards young women)*" (Nick, 22) санайды. *ma'am sir* қаратпа сөзінің стереотиптік сыпайылық формасы сияқты дүкендерде сатып алушы әйелдерге сөйлегенде қолданылады.

Miss – адресаттың отбасылық дәрежесі белгісіз болған жағдайдағы қызға, жас келіншекке қарата айтылатын форма. Дәстүр бойынша бұл форма тұрмысқа шықпаған қыздардың барлығына айтылады. Өте жас қызға қарата айтылатын жағдай болмаса ("*a young female about 20, but not a married woman*"), *miss* формасының қазірде уақыты өткен болып есептеледі, әсіресе АҚШ-та. Британдық ағылшын тілінде аталған форманың жекелей қолданылуы мысқылды немесе намысқа тиетін, сыйламаушылық деп есептеледі [Longman, 2005: 895, 918]. *Miss* формасы сатып алушылар тарапынан сатушыларға, мейрамхана, дәмхана-дағы демалушылардың даяшыға сөйлегенінде қолданылады. Қызмет көрсету саласы қызметкерлеріне қатысты айтылатын қаратпа сөздің бұл формасы кейінгі кезде кемсітушілік сипатқа ие болған [Формановская, 1992: 6]. Бірақ соған қарамастан *miss* ауызекі сөйлеу тілінде кең қолданысқа ие.

Қаратпаның сыпайы формасы *Ms* [miz, mez] 1970 жылдан бері қолданылып келеді. Әйел адамдардың көпшілігі мұнда олардың отбасылық дәрежесіне ерекше назар аударылмайтындықтан осы форманы жөн көреді. Сонымен бірге берілген форма әйел адамның тұрмыста, тұрмыста еместігін нақтылау қажет болмаған жағдайда қолданылады.

Бейтаныс әйелге айтылатын қаратпаның формасы болып тағы *lady* формасы болып табылады. «Ағыл-шын тілі және мәдениетінің сөздігі» бұл форманыағылшын тілінің американдық нұсқасына тән сленгке жатқызады [Longman, 2005: 775].

Ағылшын тіліндегі, көрсетілгендей, қаратпаның формаларының алуан түрлілігіне қарамастан, бейтаныс адресатқа қарай сөйлегендегі ең жиі қолданыстағы формалар деп, *sir* және *Mrs* формаларын атауға болады. Осы формаларды таныс емес адамдармен қарым-қатынас ортануда ең дұрысы деп көрсетеді (Monica and Mick Morton).

Ағылшын тілінде бейтаныс адресатқа қаратпа ретінде туыстық терминдерін қолдану бар. Мысалы, *son, sonny* сөздерін үлкендер бейтаныс ер балаларға қатысты қолданады. *Mother* туыстық термині егде әйелге қолданылады, *sister, brother* формалары қандай да бір идеяны насихаттайтын діни топтар, ағымдар мен ұйымдар мүшелерінің арасында кеңінен кездеседі, сонымен қатар жас жағынан шамалас адамдар арасындағы қарым-қатынаста немесе адресат жасырақ болған жағдайда қолданылады. Соңғысындағы формалар ағылшын тілінің американдық нұсқасында жиірек кездеседі, әрі олар сленгке жатады [Longman, 2005: 1297]. Ағылшын тілінде бейтаныс адамға туыстық терминдердің қолданылуымен айтылатын қаратпалар көп тарамаған және қазақ тіліндегі аналогтарымен салыстырғанда алуан түрлілігімен ерекшеленбейді. Солай болғанның өзінде олар ресми емес жағдайдағы қарым-қатынаста қолданылады да, қарапайым сөздердің белгісі болып табылады.

Қарым-қатынастың ресми түрінде де, бейресми түрінде де ағылшын және қазақ тілдерінде, қаратпа рөлінде белгілі болған ретте, адресаттың лауазымын, атағын немесе әлеуметтік дәрежесін көрсететін апеллативтер қолданылады. Медицинадағы адамдарға деген сыпайылық формасы әдетте олардың кәсіби атақтарын қолдану арқылы жасалады. Мысалы, ағылшын тілінде дәрігерге айтылатын қаратпа *doctor, doc* болса, қазақ тілінде – *дәрігер, құрметті дәрігер, құрметті профессор*.

Тікелей адамның кәсібімен байланысты кейбір қаратпаларды сыпайылық белгісі деп айтуға келмейді. Олар ешқандай эмоциясыз бейтарап болып келеді және қызмет көрсету саласында жиі қолданылады. Ағылшын тілінде *waiter, driver, porter* қаратпалары қазақ

тіліндегіге қарағанда анағұрлым жиі қолданылады. Бүгінде ағылшын сұхбаткерлері әлеуметтік рөлді беретін қаратпаларға қарағанда, *sir/ma'am/madam* әмбебап гонорифиялық қаратпаларына береді екен. Қазақ тілінде бұл ретте әлеуметтік дәрежеден хабар беретін рөлді өзіне *ханым* формалары немесе таңдауы гендер-жас өлшемі бойынша жүзеге асырылатын туыстық терминдер алады. Одан бөлек, сұхбаткерлер қызмет көрсетуші адамдарға, олар таныс емес болған жағдайдың өзінде, қаратпа ретінде есімін қолдану мүмкіндігі бар екендегін атап айтты.

Бала адресатқа келгенде екі тілде де таңдау еркіндігі бар: бұл ретте эмоцияға толы *honey, sweetie, sweetheart, dear, ботам, тәттім, алтыным* сынды сөздер мүмкін болады, әсіресе қыз балаларға қарата айтқанда. Осы сынды жағдайларда коммуниканттар арасындағы эмоциялық бояуы бар қаратпаларды қолдануға кедергі болатын арақашықтықтар жойылады. Берілген жағдайда қаратпа формасын таңдауда басты болып жас және эмоциялық өлшемдер табылады.

Бозбалаларға, жігіттерге қазақтілінде гендер-жас формасы *жігім* қолданылады. Мұнда коммуникант-тардың жасы бірдей не болмаса адресат жасырақ. Ағылшын тілінде *young/little boy (girl/lady), (my) lad, kid* қаратпалары таныс емес балаларға бағытталуы мүмкін және өзінен жасы кіші адамдардың назарын аудару мақсатында орынды болып табылады. Жиі кездесетін нұсқалар болып, берілген жағдайда, *young man, young lady* формалары табылады. Қарапайым тілде күнделікті – дәрекі формалар *man* адресантпен салыстырғанда әлеуметтік дәрежесі төмен тұлғаға қатысты қолданылады. Солай бола тұра аталған формалар ресми емес жағдайда бейтаныс адамның назарын аудару үшін *friend, mate, chum, chap*, және т.б. сынды дәрекі, эмоционалды-бағалаушы қаратпалар. Соңғысы американдық сленгке жақын. Көпшілік жағдайда келтірілген қаратпалар ер адамдарға бағытталатынын айта кеткіміз келеді. Қарапайым тілде көпше түрдегі *gentlemen* қаратпасының орнына *gents* қолданылады.

Салыстырмалы түрде тең рөлге ие жағдайда қаратпаның жоғарыда көрсетілген бейресми формаларын қолдану адресанттың әлеуметтік немесе жас айырмашылықтарын бейтараптандыруға, формалды қарым-қатынасқатырысатындығын көрсетеді. Қарапайым тілді қаратпалар қарым-қатынастың ресми деңгейін төмендетеді және коммуниканттар арасындағы субъектілік арақашықтықты азайтады.

Қазақ тіліндегі тіпті танымайтын адамнан жақынын көруге тырысушылық қарапайым тілде *туған(ым), құрдас* сыпайылық қаратпаларын қолданудан көрініс табады. Қазақ тілінде қарапайым тілде бейтаныс қыздарға қарата айтылатын *кыз* сияқты форманы кездестіруге болады. Тәрбиелі, мәдениетті адамның таныс емес қызға қатысты осындай формаларды қолдана қоюы екіталай. Дәл осылай ағылшын тіліндегі *boy/girl* қаратпалары танымайтын адамға тек кемсітушілік ретінде қолданылады және үлкен адамға, құл-күңге, жануарға бағытталады [Ling, 2005: 62].

Тағы бір ерекше жағдайды айта кету керек: Қазақ тілінде де, ағылшын тілінде де таныс емес үлкен адамдарға *ama/apa, grandfather/grandmother* туыстық терминдерін қолдана сөйлеу кей кезде сыйламау-шылық, тәрбиесіздік деп танылуы мүмкін. Бұл егер адресант оларды адресаттың үлкен жасын меңзеу мақсатында қолданған жағдайда орын алады. Алайда екі тілде де қарапайым тілде мұндай формалар аз кездеспейді.

Қарым-қатынастың бейресми жағдайында таныс емес адамға сөйлегенде *Heу (you) / Эй (сен/сіз)* қаратпа формалары да кездеседі. Бұл формалардың қолданылуы екі тілде де адресат тарапынан жылы қабыл-данбайды (іс жүзінде қазақ және ағылшын сұхбаткерлерінің барлығы өздеріне келтірілгендей сөйлегенін қаламайды), және танымайтын адамға бағыптай айтуда орынсыз, қисынсыз форма деп есептеледі. Өзіміз көріп отырғандай, типологиялық тұрғыдан әр түрлі ағылшын және қазақ тілдерінде таныс емес адамдарға қатысты қаратпаларда ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар.

Екі тілде де қарым-қатынастың қарастырылған жағдайындағы қаратпа формалды да формалды емес те бола алады. Таныс емес адресатқа формалды емес ретте сөйлегенде екі

тілде де күнделікті дерекі формалар қолданыла алады. Қазақ тілі этикетінің ерекшелігі болып танымайтын адамға сөйлегенде туыстық терминдерін қолдану табылады. Ал ағылшын тілінде туыстық терминдерін қолдану қарапайым тілдің белгісі болып табылады. Бейтаныс адресатқа қатысты қолданылатын қаратпа формаларын білу және оларды орынды пайдалана алу дағдысы өте маңызды. Себебі соған қарап адресат оның адами сипатын анықтайды және оның ниетін, мәдени деңгейін алдын ала біле алады. Сәйкесінше, сөйлесудің нәтижесі қаратпа формасына тікелей тәуелді.

1 Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. – 509 б.

2 Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі – Алматы. "Сөздік-Словарь", 2005. – 189 с.

3 Жанұзақов Т.Дж. Лично-собственные имена в казахском языке. – 165 б. Автореферат дисс. кан. филол. наук. – Алма-Ата, 1960. – 45 с.

4 Жанұзақов Т.Ж. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1988. – С. 59, 86.

5 Holt J.C. Robin Hood. London, 1983. С. 5.

6 Longman, 2005. 23 б.

7 Ling, 2005: 62

УДК 82.035+811.16.373

I.A. Abdikadyr – KazNPU after named Abay

THE WAYS OF LACUNAE FROM ENGLISH LANGUAGE INTO KAZAKH LANGUAGE

Annotation: This article covers the ways of lacunae. Scientist's definitions related to the term lacunae. Classifications of lacunae according to scientists. The role of lacunae for an interpreter nowadays. The role of lacunae in target language

Keywords: equivalent, resemblance, realia, interligual, intralingual, lexis, conformity, destruction

Түйіндеме: Бұл мақала лакунаның аудару барысында берілу жолдарын қарастырады. Әр түрлі ғалымдардың лакуна терминіне берген түрлі анықтамалары берілген. Ғалымдардың лакунаға берген классификациялары. Қазіргі кездегі аудармашы үшін лакунаның орны. Аударылып отырған тілдегі лакунаның рөлі.

Тірек сөздер: балама, ұқсастық, реалия, тіларалық, лексика, сәйкестік, тілішіаралық, жоюшылық

Аннотация: В статье рассматривается о способах передачи лакун с английского языка на казахский язык. А так же определения на термин лакуна от разных авторов. Классификация лакун и его способы передачи. Роль лакуны для переводчиков в нынешнее время. Роль лакуны в переведенный язык.

Ключевые слова: эквивалент, сходство, реалия, межъязыковой, лексика, соответствие, внутриязыковой, уничтожение

In present time, Kazakh and English lexicons interaction became so active, that scholars-contactologists suggest English language dominating influence upon other language systems, and Kazakh one among them. In this respect, it comes as a topic of current interest - the comparative language analysis and exposure of resemblance in reality nomination in both languages, Kazakh and English in our case. That is why, in recent times the research of national specific character of concrete language is in the spotlight of scholars' attention, and finds its resemblance in some peculiarities of reality expression, used for similar objects description, and some grammatical forms and categories presence. The existence of lacunae supposed to be an example of such specific character on the lexical level. Their examination on the phraseological level in comparison with another culture arouses double interest.

In our opinion in the democratization conditions the international and inter-ethnic communication is an integral part of social life in many countries. In connection with this study of the phenomenon of lacunarity is becoming increasingly important. Lacunae (gaps in translation) are a significant fraction of the national peculiarities of any language. Terms of socio-political, socio-

economic, cultural life and the life of the nation, the originality of its philosophy, psychology, traditions are responsible for the appearance of images and concepts that are fundamentally missing in other languages

Now the active research of lacunae functioning in our country and many countries all over the world by various scientists and researchers. It is a promising approach, aimed at further grasping of gist of lacunization / lacunarity, pointing to the fact that partial or complete failure / destruction in the process of verbal and nonverbal communication.

One of the first researchers, who applied the term “equivalent-lacking lexis” and clarified its meaning, was G.V.Shatkov. To this class of lexis he refers proper names, national realias, words with specific national and emotional coloring (ошақ, пеш, ауызекі), lexis with suffixes of subjective assessment (үйшік) and defines them as “words or one of its meaning (direct or figurative sense), that has no “ready” exact conformity in lexis of another language in this very period of time”. [1, p.16]

I.Y. Markovina considers “all cases of equivalent-lacking words as examples of lacunae”. «A detection of lexical gaps is realized by means of Russian lexical units comparison with their equivalents in any other language on the basis of bilingual dictionaries analysis. In case in the dictionary a word has a huge definition and is explained by the big structure, or conveyed through the other parts of speech – it is a sign of a lacuna, and its explanation serves as its compensator.» [2, p.10]

I.A. Sternin specifies: “Interlingual lacuna means the absence of the unit. The unit in the second language, where during the research the lacuna was found, is considered in this case as equivalent-lacking word. Thus, the notions of interlingual lacuna and equivalent lacking word are relative: they for the first time project among the latter ones and mutually presumed each other. [3, p.18]

The term “lacuna” was introduced by French linguists Vinay and Darbelnet, who defined “lacuna” as the phenomenon, taking place in a situation with the missing word in a target language for word of a source language, it means that the word of one language has no conformity in the other. [4, p.14]

The researchers point out two main types of lacuna: 1) intralingual – is the lack of word in a language, standing out the presence of semantically close words in this or that lexical paradigm; 2) interlingual – is the lack of lexical unit in the source language while it exists in the target language.

Even a certain object or any component, any separate sense of the lexical meaning can be lacunar, and the same is with an information associating with event- in the consciousness of the native speakers. In the basis of this definition we distinguish ethnographical, lexical and associative lacunae.

“Lacunae, found in the comparison of two languages are called lingual or linguistic” - writes I.V. Tomasheva – “which, in their turn, can be lexical, grammatical and stylistic, complete, partial or compensated”. [5, p.15]. “Let us add, that the linguistic lacunae, meanwhile, can be interlingual and intralingual, unique and particular, amotivational and motivational, verbal, emotive, hyponymical, hyperonymical, mutual, connotative and zero lacunae.”

G.B. Bykova generalizes the results of different linguists in this sphere and presents 16 types of interlingual lacunae: [6, p.79].

Systemic (potential) lacunae (the largest group, contains words formative and lexical lacunae)

Communicative lacunae (jargons, slang)

Communicative lacunae are disclosed and found in the process of oral communication. During the process of communication with the relevance of a communicating concept increasing, especially when the concept became crucial and frequently used by communicators, the latter by trying to succinct presentation of ideas, in the interests of economy of words, trying to get rid of dismembered nomination sememe (lacunae), they replace it by universal verbal form (univerb).

Personal (subjunctive) lacunae (if speaking person, knows the notion, but cannot immediately remember necessary lexeme or do not know it at all, the personal lacuna is obvious. “Give me please that thing, you know, the thing there for washing ...” (about bath sponge) Personal lacunae may be varying degrees of depth - from the temporarily forgotten lexeme to complete ignorance of it (deep personal lacuna). There is no reason to doubt that the concepts, expressed by “dropped out” words, are actually became topical. Personal communicative lacunae are eliminated differently than other groups of the lacunae..

Stylistic lacunae (the lack of equivalents of appropriate style in the target language).

Often, due to some reasons there is an absence of commonly used lexeme in the language, which refers to a communicatively meaningful concept or an object, instead of it we have presence of its reduced synonyms, i.e. there is a natural niche - functional-stylistic lacuna. For instance, “жармау, мазалау” – jargon: қашай бастау, ырғала бастау and many others. Y.S. Stepanov [7, p.277] and other researchers believe that the dominant in the language is a neutral style, located between the bookish (high) and colloquial (lower) styles, and partly capturing both of them. It is important that the learning of language by new generations always leads to a stylistic re-evaluation of individual linguistic units. For instance, in the 20's and 30's there is a noticeable movement of words from different stylistically colored groups in the neutral lexis, where the gaps, i.e. lacunae is clearly notable.

Intersubsystemic lacunae (in language subsystems comparison; professionalisms)

Such a type of lacunae implies the absence of jargon lexis equivalents in literary language and also the absence of equivalents to the professionalisms and dialectal words in literary language or vice versa – the presence of lacunae in the jargon language and literary language;

Form-building lacunae (the lack of forms of necessary case, gender, number)

Usual (normative, codify) lacunae (the limited usage of language units: forms of 1st person, several verbs in future tense in Kazakh language (ұшырау, кездесіп қалу, ұшырап қалу, жену, жеңіп шығу).

The usage limits the use of linguistic units and their combinations, but the communicative needs of life forced native speakers to breach these limits and restrictions, taking advantage of the language system. For instance, the usage of language prohibits to say “ұшыраймын, сырғанамаймын, жұдырықтаймын” and etc. Regulatory rules require use of these words in the combinations like: мен кездесіп қалармын, мен кездесуге тырысамын and etc.

In such cases, we found out the emergence of lacuna instigated by usage, which is allowed to be compensated on the syntactic level, although the system may at any time fill a niche of lacuna by a forbidden form.

The usual type of lacunae can include many other well-known cases of lexical insufficiency, for instance, the forms of simple comparative degree of adjectives “өрескел, албырт, қызу, тонғақ, қайырымсыз” and participles of verbs “жазу, жүру, лайлау, кию” in Kazakh language.

Segmented lacunae (derivational segment filled with new seme)

The given type of lacunae is displayed by the process of semantic modification. This means changes in seme structure of meaning that lead to the partial replacement of individual semantic components, i.e. the emergence of new semes and the disappearance of seme structure of some semantic components.

The concentration of meaning, and thus the formal economy, that in some cases provided by semantic transformations presented in the language, in the semantic structure of which the potential semantic emptiness can be provided are like derivational segments that can be filled with new semes. Such lacunae are appropriate to call segmented, and the process of the new semes emergence is called a semantic derivation.

Transnominational lacunae the significant part of lexical innovations, renaming of well-known notions in English cause the emergence of new words in Kazakh

Hyponymical and hypernymical lacunae (common generic name for the same type of phenomenon, things and notions. For instance, during long period of time the substances accelerating and relieving environmental adaptation of organism (ginseng, eleutherococcus, levezeya, magnolia vine and etc.) have no generic name. Consequently, the language contained hypernymical lacunae until one-word nomination appeared – adaptogens).

Ultimate\absolute lacunae (the gaps in semantics of the languages, diffuse explanations in the target language)

Thus, the absolute lacunae are "non-formations", "non-realizations" of systemic features, i.e. what could be "symbolized as an individual," but still remains at the level of narrative turns of speech.

Motivated and amotivational lacunae (the lack of an object in the target language, consequently, the lack of word: cat door – мысыққа арналған кішкентай есік because the absence of motivation

for it – motivated lacunae). When the language contains the object, but has no name for it, then it is called amotivational lacunae: blackout – жаппай жарықтың болмауы, бірақ китшілік сөзіне табу қиын.

Relationallacunae (according to Y.S. Stepanov these are the word and word combinations existing in the language, but very rarely used: (falconer) құсбегі, сұңқар салған аңшылық – a person who breeds or trains hawks or who follows the sport of falconry.

Latent lacunae (the words that latently express the notion: the wheat per se is a “plant”). This type of lacunae is the hidden presence of a notion “fruit tree” in the names of its fruit (cherry, pear, plum, apricot, peach, etc., but only an apple has a name for its – “яблоня” (apple tree). Noting the ability of language to express a notion in concealed manner, without a formal demonstration, V. Zhelvis [8, p.214] allocates a type of latent lacunae.

Word-class lacunae (lacunae with word-class belonging). In Kazakh: қатынасу – қарым-қатынас, араласу – бұл типті сөз жоқ.

Linguaculturallacunae (archaic, little-known, unusual, rare words, that got the name “gloss”, appeared in result of prohibition for use)

Being in the foreign language environment we can find and the lacunae in our own language, we just need to become acquainted with foreign objects or phenomena actually nominated in the foreign culture, but not marked in our native language. So, being in an English speaking country, Kazakh speaking person surprisingly may learn from the usage of words of English speakers that they have designated a special word for the silhouette of buildings against the sky (skyline), and that in Kazakh language it is not indicated.

So, the research of this work had reached its close, the essential conclusions are done. The understanding of a word “lacuna” had become more cleared up, however as it was said before, there is no existing common definition of such a notion, as the researchers consider them like “equivalent-lacking words”, “obscure passages of the text”, “white spots on semantic map of the text”. They are also called realia in linguistics, and present an important component of background knowledge necessary for successful communication.

Each year the sphere of lacunarity enriches by appearance of more and more studies of this theme, the phenomenon of “empty cells” as the “gap” is not so rare in linguistics nowadays, there was a relatively considerable number of publications on research of the gaps and their elimination and compensation, so that quite interesting to track the course of this linguistics field development.

And in conclusion, we would like to note that in the process of lacunae translation we must remember to use our background knowledge, and also to choose the suitable method of gaps elimination. First of all, the translator need to check whether this kind of mixed, or any particular type of lacunae, is there any dictionary conformity or any equivalent in the internet resources, some definition of this notion of a foreign language. These measures are necessary in order to ultimately be sure that a particular concept or phenomenon is not a translator’s personal type of lacuna.

1 Шатков Г.В. *Стилистический анализ текста при переводе // Тетради переводчика, 1979. – с.16.*

2 Марковина И.Ю. *Влияние лингвистических и экстралингвистических факторов на понимание текста: Дисс... канд. филол. наук. - М., 1982. - с. 10*

3 Стернин И.А. *Лексическая лакунарность и понятийная безэквивалентность. – Воронеж, 1997. – с. 18*

4 Vinay, J.P. and Darbelnet, J. *Stylistique “Comparee du Francois et de L’angalis”. – Paris: Didier, 1965.*

5 Томашева И.В. *Понятие “лакуна” в современной лингвистике. Эмотивные лакуны // Язык и эмоции. – Волгоград: Перемена, 1995. – 15 р*

6 Быкова Г.В. *Лакунарность как категория лексической системологии 2003. – с.79*

7 Степанов Ю.С. *Номинация, семантика, семиология // Языковая номинация: (Общие вопросы). – М.: Наука, 1977. – с.277*

8 Жельвис В.И., Марковина И.Ю. *Опыт систематизации англо-русских лакун // Исследование проблем речевого общения. – М.: Наука, 1979. – с. 214.*

Э.Ж. Ортаева – аға оқытушы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Б.А. Пазилова – аға оқытушы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Ш.МҰРТАЗА ШЫҒАРМАЛАРЫ ТІЛІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН КЕЙБІР ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйіндеме: Әдеби тілде қолданылып жүрген барынша танымал болған кейбір грамматикалық тұлғалар арқылы жасалған бағзы бір сөздер әдеби тілдің стильдік ережелеріне сәйкес келмейтіндіктен, әдеби тілдің нормасына ене алмай тыс қалады. Сондай сөздердің бірқатары Ш.Мұртаза шығармалары тілінде де кездеседі. Бұл мақалада Ш.Мұртаза шығармалары тілінде кездесетін кейбір грамматикалық тұлғалардың қолданылып көріну тәсілдері мен жасалу жолдары туралы әңгіме етілген.

Тірек сөздер: грамматикалық тұлғалар (морфемалар, аффикстер, жұрнақтар, қосымшалар), грамматикалық ерекшеліктер, көркем әдебиет, әдеби тіл, анықтамалар, нұсқалар, ережелер, туынды түбірлер, фонема, лексема, орфографиялық сөздік.

Аннотация: В художественном языке некоторые слова, образовавшиеся с помощью грамматических форм, не могут соответствовать стилистическим нормам литературного языка и не входят в «Орфографический словарь». Такие слова встречаются и в произведениях Ш.Муртазаева. В данной статье рассматриваются особенности употребления таких грамматических форм и их словообразование (на основе произведений Ш.Муртазаева)

Ключевые слова: грамматическая форма (морфема, аффиксы, окончания), грамматические особенности, художественная литература, литературный язык, правила, варианты, производный корень, фонема, лексема, орфографический словарь).

Abstract: Some grammatical forms which employed in the literary language can not answer the stylistic norms of the literary language. These words are also used in the works of Sh.Murtaza. This article deals with the features of grammatical forms of some words and their word formation (based on the work of Sh.Murtaza)

Keywords: grammatical form (morpheme, affixes, endings) grammatical features, fiction, literary language, rules, variants, root-derived, phoneme, lexeme, spelling dictionary.

Қазақ әдеби тілінің жасалу көздері мен қалыптасу негіздерін Н.Т. Сауранбаев төрт түрге бөліп қарастырған абзал деп жазған еді: 1) ертеден бері Мирас болып келе жатқан жатқан жазба әдеби тіл; 2) қазақ фольклорының ауыз әдеби тілі; 3) шығыс әдебиетінің дәстүрі бойынша жазылған кітаби тіл және 4) жалпы қазақ тілінің ауызекі сөйлеу тілі» [1,71]. Мұндағы «кітаби тілді» автор «Орта ғасырда шығып, бірнеше түркі халықтарының арасына мол тараған. Орта Азия түрік әдебиет (я шағатай) тілі» деп аталатын тілдер осындай орта ғасырдағы «кітаби тілдер» деп көрсетеді [1,114].

Әдеби тілді жалпы халықтық қарапайым тілмен бірдей деп қарауға болмайды. Әрине халықтың қарапайым тілі әдеби тілге жат, басқа бір тіл емес, екеуі де халықтық тіл, бірақ екеуінің арасында белгілі дәрежеде өзгешілік бар [1,115]

«Қазіргі уақытта» – деп жазады автор, – әдеби тілге деген көзқарас бұрынғыдан басқаша. Әдеби тілдің анықтамасы қазір оның әралуан түрлі ерекшеліктерін, белгілерін қамтиды. Кітаби тілмен я болмаса қарапайым сөйлеу тілмен салыстырғанда, әдеби тілдің өзіне тән белгілері ерекше қасиеттері бар. Олар – сөйлеу тілінде не кітаби тілде жоқ қасиеттер. Сөйтсе де әдеби тілдің халық тілімен негізі де бір, құрылысы да бір. А.М. Горький «бір сөзбен әдеби тіл–халықтық тіл, бірақ оның шеберлер арқылы сұрыпталған түрі» деп жазған. [1,115]

Әдеби тіл туралы, оның анықтамалары, мен белгілерін, нұсқалары мен ережелерін, өзіндік ерекшеліктері мен стильдік, нормалық, көркемдік, жанрлық және басқа да қасиеттерін, қолданылуы мен көрініс-терін, оларды талдап, жүйе-жүйесімен саралап зерттейтін ғылыми еңбектер, оқулықтар мен бірсыпыра жұмыстар жарық көрді. Бұл салада көптеген қазақ оқымыстылары қалам тебірентті.

«Көркем әдебиет тілін зерттеудің негізгі мұраты» – деп жазды Рабиға Ғалиқызы Сыздық, –

тілдің өзін емес, оның мүмкіншілігін көрсету. Әрі қарай Р.Ф. Сыздық «Көркем әдебиет қазақ әдеби тілінің қалыпта-сып дамуы барысында басты рөл атқарып келгені мәлім»– деп көрсетті.

Біз төменде осы аталып отырған әдеби тіл мен көркем әдебиет тілінің ара-қатынасын айқындайтын, олардың өзара өзектес болып келетін байланысын байқап, байыптау үшін кейбір грамматикалық тұлға-лардың Ш.Мұртаза шығармаларының тілінде қолданылып көріну тәсілдері туралы әңгіме етеміз. Алдын-ала бірайта кетейік дегеніміз – төменде сөз болатын грамматикалық тұлғалар (морфемалар, аффикстер, жұрнақтар, қосымшалар) – әдетте әдеби тілде жұмсалып жүрген форматтар, айырма, бірақ, мынада: біз келтіріп отырған грамматикалық көрсеткіштер арқылы жасалған сөздер осы күйінде тұрып, дәл қазіргі әдеби тілдің стильдік нормаларына тиісті дәрежеде жауап бере алмайтын тәрізді. Сондықтан бұл лексика-лар шетқақпайлап таса, назардан тыс қала беретін сияқты болып көрінеді.

Ш.Мұртаза шығармаларының тілінде *сөнік* деген сөздің қолдану жөні ерекше бір ойға қалдырады. Тілімізде етістік түбірліріне белгілі бір жұрнақтар жалғану арқылы есім тұлғалары жасалатыны баршамызға мәлім. Әрине, бұл лексиканың негізгі түбірі – сөн (яғни, етістік). Оған әдетте айтыла беретін “-қ//к, -ық//ік, -ақ//екаффиксі ол кезде жиі қолданылатын болған. Бұл лексеманы қазақ тілінің орфографиялық сөздігіне қоспаса да, Ш.Мұртаза өзінің шығармаларында қолданады. Ол “өлімсіреген сығырайған” деген мағынаны білдіреді. Мысалы, “Ашу қысқанда сөнік көздеріне қан құйылып кеткендей қызарып шыға келеді екен”[2,191]. “Кім біледі, кейбір жолдастардың басында да бір – қоқыс болуы мүмкін, – деп кегін кешіре алмай, зілденіп, күрең қызыл жып-жылтыр бетінің алауы қайтып, боп-боз сөнік көзі мәлие бастаған» [2,12].

Бұл жаңа сөздің жасалу үйлесімінде грамматикалық ерекшеліктерге қайшы келерліктей бөтен өзгеріс жоқ, ол белгілі бір нормалық қалыпқа құйылып, өңделіп шыққан. Өйткені қазақ тілінде етістіктің сөн деген түбірі бар (сөнген, сөндіру, сөндірігіш, сөнбеу т.б сөздер де осы түбірден жасалған). Жаңа сындық ұғымындағы сөнік сөзіне қысқаша тоқталып өтсек. -ық//ік өнімді жұрнақтары жөнінде А.Ысқақовтың “Қазіргі қазақ тілі” деген еңбегінде былай делінген: -ық//ік жұрнақтары өзі жалғанатын салт және сабақты етістіктің лексикалық мағынасына тікелей байланысты түрлі сындық ұғымдарының атауларын жасайды. Мысалы, ашық, бітік, ілікт.б.

Бұлым. “Дәл иегінің астынан тарғыл тастан аумамайтын бір топ кекілік пыр етіп жер бауырлай ұшып, бұлым айналып кетті”[4,225]. “Бұрыла беріс басқа бұлымнан сар-сар еткен шалғы даусы, баудай түсіп жатқан атан бел дәстелердің сыбдыры естіледі” [4,270]. Орфографиялық сөздікте “бұлын” және “бұлың” деп берілген. Сөз түбірі, әрине, – бұл. Осыдан барып туынды түбірлер жасалады: бұлыңғыр (бұлыңғыр-лану, бұлыңғырланған, бұлыңғырланбау). Шынына келгенде бұл туынды түбір бұлың (бұлыңғыр емес) бұлын және бұлынғыр болып келуі тиісті. -ғыр//гір, -қыр//кір белгілі қосымша. Олай болатын себебі, бұлын деген сөздің құрамындағы н-фонема, бұлың деген сөздің құрамындағы ң-фонема емес, ол н-фонемасының ғ-фонемасының алдында келіп тұрғандығына байланысты өзгеріп айтылатын түрі: аман – Амангелді. Сонда, бұл негізгі түбірінен -ын жұрнағы арқылы да -ым аффиксі арқылы да (бұлым) туынды түбір жасала береді екен деп ойлауға болады. Бұл екеуі – синоним аффикстер. Біреуі (-ын) әдеби тіл нормасына еніп үлгерген де, екіншісі (-ым) үлгере алмай жүрген болу керек, бірақ екеуінің жасалу, қолданылу заңдылығы бірдей. Тағы бір мысал: “Үшеуі Оспан сайының үлкен бір бұлымын еңсере алмай шалдыға бастаған кезді”[4,270]

Қазақ тілінде бұлың-бұлың және бұлым-бұлым дегенқайталама қос сөздер өзара синонимдес болып келеді, олар бұралаңы көп, қисық-қисық, бұрылысы мен бұрмасы жиі кездесетін жалғызаяқ соқпа жол мен тышқанның т.б жәндіктердің іні туралы айтылады. “Бұлың-бұлың алыстан көрінеді немесе алыстан бұлаңдап көрінеді” деп те айтылуы мүмкін. Сол сияқты бұлаң (бұлаң ету, бұлаң, құйрық) бұлаң-бұлаң, бұлаңдау, бұлаңдату, бұлғақ,

бұлғақтау, бұлғақ-бұлғақ, сықылды сөздердің де бастапқы түбірі бұл болуы ғажап емес, бірақ оларды арнайы сөз етіп, зерттей түсу керек сияқты.

Академик Р.Сыздық Ш.Мұртаза шығармаларының тіліне байланысты былай деп жазады: “Жазушы бұлым деген сөзді бірнеше рет қолданған, контекске қарасаң, ол жер бедеріне қатысты сөз тәрізді. Қазақ тілінің лексикасынтүгендеген он томдық “Түсіндірме сөздікте бұлым сөзі жоқ, ал бұлың сөзі зат есім емес, сын есім, яғни бір-біріне жалғасы, белең-белең, қалтыраста» деген мағынаны білдіріп, негізінен бел сөзімен келетінін білдіреді: бұлың белдер...[5,60-61]. Р.Сыздық бұл мысалдарда «автордың сөз қолданысы, қолданған сөздердің сыр-сипаты, еркешеліктері» деген тақырып бойынша қарастырады. Осыған орай, сөз жеке сөздер мен тіркестерді образ етіп жасауы, сөз құбылтуы (орыс тіл білімінде “словопреобразование” деп соңғы кезеңдерде, өз алдына бөлек категория ретінде қарастыратын құрылысты біз осылай атадық, көне, сирек кездесетін, жергілікті сөздерді “әдеби айналымға түсіруі, синонимдер қатарын таңдауы” сияқты амал-тәсілдеріне назар аударылады деп біз үшін бағдарлама болатындай, жол-жоба көрсетіп отыратын нұсқалы сөз айтады. Сөз соңында айта кетейік, көне түркі тілдерінде булуң орысша “угол” (в разных значениях) деген мағынаны береді [ДТС,124].

Мүңкіс. Мысалы: “Майы тамшылаған жаюлы еттің мүңкіс иісі болмаса бұл шайла – нағыз жұмақта тұратындардың мекені сияқты” [2,100]. Осы келтірілген мысалдың ішіндегі мүңкіс сөзі қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде жоқ. Сөз түбірі мүңк – мүңкіу-мүңку етістігі оған -с (-ыс//іс) форманты жалғану арқылы “мүңкіс” сөзі жасалған. Қазақ әдеби тілінде бұл – әдетте қолданыла беретін әдіс, мысалы жел-іс, жүр-іс, тойтар-ыс т.т. бірақ бұл аффикс өлі түбірге де, тірі түбірге де жалғанады (мысалы: айқас, қарғыс сөздерінің түбірлері ескіріп кеткен). «Мүңкіс» сөзінің семантикасына келетіні болсақ, бұл лексема жағымсыз иіс, сасық иіс дегенді білдірсе керек.

Әдеби тілде қолданылып жүрген барынша танымал болған кейбір грамматикалық тұлғалар арқылы жасалған бағзы бір сөздер әдеби тілдің стильдік ережелеріне сәйкес келе алмайтын болғандықтан, әдеби тілдің нормасына ене алмай тыс қалады, қатарға қосыла алмай шетқақпайлап қалып қалады, көзге түспейді. Ең өкініштісі – олар әрқилы сөздіктердің реестерінетіркелмейді. Осыған орай, ол сөздер қазақ тілінде бар болып есептелінбейді.

1 Сауранбаев Н.Т. Қазақ тілінің проблемалары. Таңдамалы еңбектерінің жинағы. – Алматы: ССРФА, 1982. – 145 б.

2 Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М.: Наука, 1988. – 125 с.

3 Ысқақов А. Қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Мектеп, 1974. – 145 б.

4 Мұртазаев Ш. Мылтықсыз майдан. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1997. – 156 б.

ӘОЖ 80181

Қ.О. Сейталиева – Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы

КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАНУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Түйіндемe: Мақалада тілдің қызметі, тіл құралдарының нақты мәтін ішіндегі қызметі мәселесі, мәтіннің конструктивтік идеясы мәтіндегі сөздердің ұйымдасуынан, құралу ерекшелігінен байқалатындығына тоқталады. Мәтінді толық түсіну – мәтінде неліктен басқа емес, нақ осы сөз, осы синтаксистік құрылым қолданылған; нақ осы ойды жеткізу үшін неліктен осы сөздер қажет болды деген сұрақтарға жауап бергенде ғана жүзеге асатындығын айтады.

Тірек сөздер: Көркем мәтінді талдау, мәтін лингвистикасы, көркем шығарма, тілдік талдау, құрылымдық-семантикалық тұтастық.

Аннотация: В статье автор обращает внимание на то, что функция языка, вопросы употребления языковых средств внутри текста, конструктивная идея самого текста тесно связаны с особенностями его образования, с употреблением каждого слова в контексте. По мнению автора, детальное понимание текста возможно только тогда, когда есть ответы на то, почему употреблено именно это слово, а не другое, какую функцию выполняет то или другое слово для передачи той или иной мысли.

Ключевое слово: анализ художественного текста, лингвистика текста, художественное произведение, языковой (лингвистический) анализ, структурно-семантическая целостность.

Abstract: In this article the author takes into consideration the function of language the problem of using lingual means in the text, constructive idea of the text is closely connected to the formation peculiarities by using every word in the context. According to the author it is possible to understand the next in detail while it has concrete answer and its function to reproduce thought.

Key words: fiction analysis, text linguistics, fiction, linguistic analysis, structural and semantic totality.

Көркем мәтінді талдау мәтін лингвистикасының маңызды мәселесі болып табылады. Мәтін негізгі сөйлеу бірлігі ретінде ХХ ғасырдың 60 жылдары мәтін лингвистикасының негізгі зерттеу нысанына айналды. Оның негізі Э.Бенвенист, В.Скаичка, С.И. Карцевский, В.Матезиус, Ш.Балли, В.В. Виноградов, З.Заррис т.б. еңбектерінде қалыптасты. Жалпы тіл біліміне арналған еңбектерде көркем мәтінді талдау құрылымдық тіл білімінің аясында қалыптасқаны айтылады. Құрылымдық тіл білімі «құрылымдық, құрамдық элементтерге жіктелушілік және олардың бір-бірімен байланысы тілдің ең негізгі қасиеті, тіл білімінің негізгі міндеті – тілдің құрылымдық элементтері арасындағы байланысты талдау – тіл білімінің тек өзіне ғана тән, оның бірден-бір нысаны деп білді» [1,186]. Бүгінде «тілдің құрылымдық элементтері арасындағы байланыс» нәтижесінде туындайтын мәтін көптеген ғылымдардың зерттеу нысанына айналып, оны зерттеудің саналуан қыры анықталды. Осылардың ішінде мәтін лингвистикасы мәтіннің өзіне тән мәні мен болмысы, ерекшелігі, шындық болмыстың мәтінде бейнеленуі, мәтіннің түзілу ерекшелігі, оны қабылдаудың сипаты, мәтіндегі автор мәселесі т.б. жайттарды қарастырады. Бастапқыда жүйелік-құрылымдық тұрғыдан қызығушылық тудырған тіл элементтері біртіндеп функционалдық қырынан сөйлеу әрекеті мен тілдік қатынас теориясы тұрғысынан зерттеле түсті. Л.Г. Бабенко, Ю.В.Каза-рин, Л.Новиковтардың ойынша, мәтін лингвистикасы дербес ғылым саласы ретінде соңғы отыз жыл ішінде қарқынды дамыды және ол ХХІ ғасырда әлемдік тіл білімі салаларының ішінде алдыңғы қатарға шығады. Соның ішінде көркем мәтін лингвистикасы аса маңызды орынды алады. Себебі онда мәтіннің бірнеше бөліктерінің ықпалдасуы жүзеге асып, семантикалық және эстетикалық қызметі толық ашылады. Академик Л.В. Щербаның айтуынша, көркем әдеби шығарманы талдау дегеніміз – әдеби шығарманың идеялық мазмұны мен сол арқылы оқырманға туатын түрлі сезімдер тіл арқылы қалай жасалып тұр деген мәселені зерттеу болып табылады. А.Байтұрсынұлы оны кең ауқымда алып қарайды: «Ақылсі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиялісі – меңзеу, яғни, ойдағы нәрселердің белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеп, суреттеп ойлау, көңілісі – түйю, толғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарар». [2,23]. Адамзат баласына тән қасиеттердің бәрін өзінің бойына тоғыстырған мәтіннің табиғатын тану тек қана тіл бірліктерін санамалаудан ғана тұрмайтыны белгілі. Әйтпеген күнде ол «фактологияға» айналары хақ (Р.Сыздық).

«Ақын тілінің» өңі мен көркі, лебізі тұтас мәтін контекстінде танылады. Көркем сөз бен өрілген мәтін өрнегін А.Байтұрсынұлы үй салу өнеріне ұқсатады. «Сөзден құрастырып пікірлі әңгіме шығару үшін жұмсалатын зат – сөздер. Топырақтан иленіп кірпіш жасалған сияқты. Дыбыстан құралып, сөз жасалған, кірпіштен қалап түрлі үй жасау сияқты, сөзден бірігіп түрлі әңгімелер айтылады. Үйдің түрлі болып шығуы – балшығынан, кірпішінен, әсіресе қалауынан болатыны сияқты, әңгіменің түрлі болып шығатыны тілдің дыбысынан, сөзінен, әсіресе сөздің түзілуінен. Балшық жаман болса, кірпіші жақсы болмайды, кірпіші жақсы болмаса, үй жақсы болып шықпайды. Бұл рас. Бірақ кірпіш жақсы болсада, қалауы жаман болса, онан жақсы үй шықпайды. Сол сияқты тілдің дыбысы жаман болса, дыбыстың

қосылуы жақсы болмаса, сөз құлаққа жағымды болып шықпайтыны рас. Бірақ тізуі жаман болса, дыбысы жақсы сөздерден де жақсы әңгіме шықпайды. Сондықтан мәнісінің зоры кірпіштің қалауында, жобаның жасауында болған сияқты, әңгіменің әдемі болып шығуы сөздің тізілуі мен әңгіме айтушының пікірлеуінде... Дыбыстың, сөздің, сөйлемнің сыр-сипатын тану, заңдарын білу – бұл үйге керек заттардың сыр-сипатын білу сияқты нәрсе. Керек заттарын сайлап алып, үй салуға кірісу – дыбыстың, сөздің, сөйлемнің жайын біліп, солардың әрқайсысын дұрыстап орнына жұмсап, пікірлі әңгіме шығаруға кіріскен сияқты болады». Айтушы ойын өзі үшін емес, өзгелер үшін, өз ойын объективтік шындыққа айналдыру, шығармашылық ойын жүзеге асыру, адам және қоршаған орта туралы ой-толғаныстары мен білімдерін жеткізу мақсатында айтады. Сол арқылы автор санасындағы дүниелер өзге адамдардың, тұтас қоғамның құндылығына айналады. Жеке санаға қатысты терең психологизм мен философия, дүниетаным мен танымдық әрекет және ойлау, сөйлеу стилі мәтінге өзінің қайталанбас ізін қалдырып отырады. «Көркем әдебиет өнер туындысы болғандықтан, оның тілі сол өнердің құралы, «материалы» ретінде қаралып, олда өнер, демек, шеберлік тұрғысынан сөз болуы қажет» (Р.Сыздық). Мәтіннің семантикалық, құрылымдық және қатысымдық сапалары автордың көркемдік идеясына, эстетикасына бағына ұйымдасып, мәтінді кешенді талдаудың негізі не алынады.

Көркем шығарма қатысымдық тұрғыдан келесі компоненттердің қатысуымен ұйымдасады:

1. Әдеби туындының авторы мен туындының мәтіні және оны қабылдаушы оқырманның болуы. Көркем шығарма осы үштік одақтың үйлесімділігінен тұрады.

2. Жеткізуші алдын-ала кодтаған мәтіннің таңбалануы және оның қабылдаушы санасында қайта кодталуы (декодталу).

3. Таңбалардың шарттылығы, яғни шынайы өмірді өнерде бейнелеу ұстанымы және оның көркем шығармаға тән дәстүр бойынша берілуі.

Соңғы екі шарт оқырманның шығарма тілін түсініп, оған өзіндік талдау, пайымдаулар жасауына мүмкіндік береді.

Әдебиеттің объектісі өмір, предметі адам болғандықта да, көркем мәтін адамнан тыс бола алмайды. Гуманитарлық ғылымдардың ішінде әдебиет бұл «жансыз зат туралы емес, өзіндік ерекшелігі бар адам туралы ғылым... ал адамның ерекшелігі – ол әрқашан өзін-өзі контексте танытады (сөйлеу арқылы), яғни ол мәтін түзеді... Әрбір шынайы көркем мәтін әрқашан белгілі бір деңгейдегі жеке адамның еркін танылуы (откровение)» [3,116]. Ендеше әрбір мәтіннің артында адам тұрады. Сол себепті де М.Горький әдебиетті «адамтану» туралы ғылым деп бағаланғаны мәлім. Адам қаншалықты күрделі болса, мәтінді талдауда, тануда соншалықты көп қырлы болып келеді. Бүгінде мәтінді зерттеудің тілдік, мәтіндік, антропоцентристік, когнитивтік негіздері қалыптасты.

Мәтінді тілдік талдау басқа талдау түрлеріне қарағанда ғылыми әдебиеттерде көбірек қарастырылған. Тілдік талдаудың логикасы тіл бірліктері мен категорияларының қызметіне негізделеді. Ол әдетте стилистика, көркем сөз поэтикасында кеңінен қолданылып, лексикалық, фонетикалық, грамматикалық, стилистикалық бірліктер мен категориялардың қызметін талдауға құрылады. Мәселен, белгілі ғалым Р.Сыздықтың Абай шығармаларының тілін зерттеуге арналған еңбектері, Ф.Мұсабекованың, М.Серға-лиевтің еңбектері осы бағыттағы тілдік талдауға негізделген. Сонымен қатар, соңғы кездерде жеке авторлардың идиостилін зерттеуге құрылған Г.Сәрсекке, Л.Мақұлова, Г.Әбікенова, К.Еңсебаева, Ж.Б.Саткеновалардың еңбектерінде тілдік талдау ең негізгі талдау түрі ретінде қолданылған. Дара стильді зерттеуге құрылған еңбектерде жекелеген сөз таптары мен сөз дыбыстарының, сөз тіркестері мен сөйлем түрлерінің, оқшау сөздердің көркем мәтіндегі қызметі сөз болды. Мәтіннің конструктивтік идеясы мәтіндегі сөздердің ұйымдасуынан, құралу ерекшелігінен байқалады. Осылайша тілдің қызметі, тіл құралдарының нақты мәтін ішіндегі қызметі мәселесін шешуге қол жеткізуге болады. Мәтінде неліктен басқа емес, нақ осы сөз, осы синтаксистік құрылым қолданылған; нақ осы ойды жеткізу үшін неліктен осы сөздер қажет болды және осылайша ұйымдасты деген сұрақтарға жауап бергенде ғана мәтінді толық түсіну жүзеге асады [4,9]. Бұл бағыттағы зерттеулердің басты ерекшелігі – нақты тіл бірлігінің функционалдық қызмет сапасын анықтап, белгілі бір жазушының, ақынның сөз

қолданудағы дара стилін зерделеуге мүмкіндік береді. Мұндай функционалды-стилистикалық зерттеулер функционалды лингвистикамен бірге, функционалды стилистиканың да қалыптасуына ықпал етті. Мәтін лингвистикасы тұрғысынан келгенде, мұндай зерттеулер тіл бірліктерінің мәтін ішіндегі қызметі мен ролін, семантика-сын толық ашуға мүмкіндік бермегендіктен, тіл бірліктерінің мәтін жасауға қатысы назардан тыс қалып қойды.

Мәтін қандай да бір шығармашылық үдерістің нәтижесі, жемісі болғандықтан оны кешенді зерттеу неғұрлым пайдалы болмақ. Талдау жекелеген тілдік тұлғаларды табу, анықтау тұрғысынан емес, ол олардың байланыстарын, қарым-қатынастарын ашу тұрғысынан жүргізіледі... сондықтан тексттің құрылымдық-композициялық негізін құрап, оны ұйымдастыратын тәсілдерді зерттеу маңызды. ...тексттің жалпы құрылымдық ерекшеліктерін зерттей келіп, ол ерекшеліктерді мазмұндық ұғым-категориялармен (тақырып, идея) байланыста алып, әрбір нақтылы текске олардың қарым- қатынастарының қандай болатынын ашу керек»[5,3].

Г.А. Золотова, Н.А. Кожевникова, И.И. Ковтуновтардың зерттеулерінде мәтін құрылымдық-семантикалық тұтастық ретінде қарастырылғанмен, мәтіннің семантикасы мен грамматикасы шартты түрде екі бөлек алынады. Сол сияқты И.Р. Гальпериннің, Е.А. Гончарованың, В.А. Кухаренконың, Б.Шалабай, Х.Кәрімов, Е.Жанпейісов т.б. зерттеулерінде мәтін төменнен жоғары бірліктердің жеке дара жиынтығы ретінде емес, сөйлеудің әмбебап түрі ретінде қарастырылады.

Антропоцентристік зерттеу мәтіннің жасалуы және оның әсері, автор мен оқырман позициясы тұрғысынан аса маңызды. Ол іштей бірнеше бағытта қарастырылады:

- психолингвистикалық (Л.С. Выготский, М.М. Мұқанов, Т.М. Дридзе, А.А. Леонтьев, И.А. Зимняя, Н.И. Жинкин, А.Р. Лурия, Л.В. Сахарный, А.М. Шахнарович т.б.);

- прагматикалық (А.Н. Баранов, Г.Әзімжанова);

- қатысымдық (Г.А. Золотова, Н.С. Болотнова);

- жанрлық-стильдік (М.М. Бахтин, М.Н. Кожина т.б.);

- когнитивтік-концептуалдық (Ю.А. Сорокин, Е.С. Яковлева,

Е.С. Кубрякова, В.Н. Телия, А.Вежбицкая, А.П. Бабушкин, С.А. Аскольдов, А.Н. Баранов, Д.О. Доб-ровольский, Н.Д. Арутюнова, Н.Н. Болдырев, Э.Д. Папова, И.А. Стернин, Ю.Н. Караулов, В.А. Маслова, А.В. Лосев, Қ.Жаманбаева, Ж.Б. Саткенова, Ш.М. Елемесова т.б.).

Көркем мәтінді лингвистикалық талдау прозалық және поэтикалық туындылардың жанрлық табиға-тын да ескеріп, мәтінтануда олардың ішкі ерекшеліктерін басшылыққа алуды қажет етеді.

1 Қордабаев Т. Қалиев Ф. Жалпы тіл білімі. – А.: Дәуір, 2004. – 240 б.

2 Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 463 б.

3 Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. // Сб. избр. трудов. – М.: Искусство, 1986. – 444 с.

4 Бобылев Б.Г. Стилистический анализ художественного и публицистического текста. – Алматы: Мектеп, 1987. – 120 с.

5 Шалабаев Б. Көркем шығарма тілі және оны мектепте оқыту. – Алматы, 1982. – 100 б.

УДК 81:372.881

А.О. Исакова – доцент КазНПУ имени Абая

НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЛЕКСИЧЕСКОГО МИНИМУМА СТУДЕНТОВ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ

Аннотация: В статье рассматриваются проблемы формирования лексического минимума как одной из главных задач при обучении иностранным языкам. На основе изучения специальных исследований определяются критерии подхода к составлению лексического минимума и максимума

при освоении английского языка. Проанализированы так называемые топ-слова и выявлено, что осваивать английский язык предпочтительнее через словосочетания, которые несут в себе определенную синтаксическую структуру. Рассмотрены списки частотных слов, предлагаемый британским лингвистом Майклом Уэстом. На примере словаря Коллинза Кобилда показана необходимость формирования лексической базы не на основе отдельных слов, а из комбинаций и фразовых клише. В статье даются практические рекомендации по работе с вокабуляром при обучении английскому языку.

Ключевые слова: речевая деятельность, обучение лексике, структурные слова, разговорный английский язык, формирование словарного фонда, частота употребления, частотные слова, частотный список, лексический минимум, топ-слова, разговорные клише, словосочетания и комбинации, лексическое значение слова, лексическая ценность,

Abstract: In the article the problems of formation of lexical minimum as one of the main tasks in learning foreign languages were discussed. Based on the study of special researches the criteria of approach to the drafting of the vocabulary minimum and maximum for the study of the English language were defined. The so-called top-words were analyzed and the author found out that it was preferable to learn English by phrases that contained particular syntactic structure. The author reviewed the lists of frequent words, proposed by the British linguist Michael West. Using the Collins Cobuild dictionary the author showed the necessity of vocabulary forming not only on the base of individual words, but on their combinations and phrasal clichés. The article gave practical advice on how to work with vocabulary forming in teaching English process.

Keywords: speech activity, vocabulary teaching, structural words, colloquial English language, formation of dictionary fund, frequency of the use, frequency words, the frequency list, a basic word stock, top-words, colloquial clichés, word-combinations lexical meaning of the word, lexical value, grammatical elements, equivalents of the native language, special lexical program

Түйіндеме: Мақалада шетел тілін оқытудың басты міндеті ретінде лексикалық минимумының қалыптасу мәселе-лері қарастырылған. Ағылшын тілін меңгеруде лексикалық минимум мен максимумды құрастыру критерилері арнайы зерттеулерді сараптау негізінде анықталады. Қолданыста жиі кездесетін сөздерді зерттей келе, нақты синтаксикалық құрылымы бар сөзтіркесі арқылы ағылшын тілін меңгеру тиімдірек екені анықталды. Британдық лингвист Майкл Уэстонмен ұсынылған қолданыста жиі кездесетін сөздер тізімі қарастырылған. Коллинз Кобилд сөздігінен алынған мысалдар негізінде лексикалық қорды жасау жеке сөздер негізінде емес, сөзтіркестік комбинациялар негізінде жасау қажет екені көрсетілген. Сонымен қатар мақалада ағылшын тілін оқытуда жаңа сөздермен жұмысты жүгізу үшін практикалық ұсыныстар берілген.

Түйін сөздер: сөздің қызметі, лексиканы үйрету, құрылымды сөздер, ағылшын тілінің сөйлеу құрылымы, сөздің қорының құралымы, қолданыстың жиілігі, жиі кездесетін сөздер, жиілік тізбесі, лексикалық минимум, топ-сөздер, әңгіменің сөз тіркестері, сөз құрам және әрекеттер, сөздің лексикалық мағынасы, лексикалық құндылық.

Любой язык представлен фонетическим, грамматическим и лексическим материалом, а изучение этого языка заключается непосредственно в освоении данного материала путем овладения основными видами речевой деятельности. Безусловно, этот процесс осуществляется в тесной взаимосвязи, но обучение лексике является основополагающим, и работа над формированием лексического запаса справедливо считается одной из главных задач при обучении иностранным языкам. В связи с этим возникает принципиально важная проблема, как определить размер словарного фонда для успешного осуществления коммуникации на иностранном языке.

Русский теоретик Бахтин М.М. выдвинул гипотезу, том, что полноценный разговор двух людей в комнате, состоит по сути из одного слова: «Ну». [1, с.154]. На самом деле, большинство разговоров в данном случае английского языка состоят в значительной степени из таких общих слов и коротких фраз, как например, «aswell», «yeah», «I know» «but» и т.п. Специальные исследования с использованием широкой базы данных показали, что почти 50% всех разговоров содержат пятьдесят наиболее часто употребляемых слов в разговорном английском языке. [2]. Согласно наблюдений исследователей английского языка отмечено, что носители языка используют более 2500 слов для восполнения 95% их потребности в выражении своих мыслей [2]. Изучающим английский язык, вероятно, может понадобиться, предположительно вдвое меньше, особенно для обычной беседы. Разумеется, для специальных целей, таких как деловые переговоры или научная беседа, этого будет недостаточно. Каков же критерий при работе над словарным запасом, какие именно

словапонадобятся и как их нужно отбирать для использования в будущем? На наш взгляд, самым важным критерием этого отбора является, скорее всего, частота употребления. По мнению лингвистов, знание 1,500 наиболее часто употребляемых слов в английском языке может позволить без труда поддержать любую беседу. Более того, усвоение 200, так называемых топ-слов, т.е. наиболее употребляемых в английском языке, обеспечит возможность общения [2,3].

В первую очередь они включают: - все вопросительные слова, такие как where, why, when, how, whose ...?;

- все модальные и вспомогательные глаголы: would, will, can, may, might, should etc;

- все местоимения такие, как it, I, me, you, they, us и их притяжательные формы, такие как my, your, hers, their;

- указательные местоимения и их производные, такие как this, that, here, there, now, then;

- все предлоги, такие как in, on, near, from, after, between;

- слова-союзы, междометия, используемые в устной речи, такие как as well, oh, so, but, and, right, now;

- слова, выражающие отношение и эмоции говорящих, такие как really, oh no, what, how;

- слова, усиливающие и акцентирующие значение сказанного, такие как really, just, so, actually, quite, rather, sort of;

- многозначные слова, такие как thing, place, time, way, make, do.

Большинство словарей, такие как Collins Cobuild Learner's Dictionary - словарь современного английско-го, содержит специальные маркеры в дополнительной колонке для указания частоты употребления слов. К примеру, глагол ask является топ-словом и имеет маркер из 5 знаков, что означает высокую частоту его употребления. Словарь также содержит все возможные словосочетания и комбинации, в данном случае со словом ask. Их в указанном словаре более 35 [4]. Это приводит нас к пониманию того, что очень важно изучать и осваивать не только и не сколько отдельные слова, но часто встречающиеся словосочетания. Ведь любой язык состоит не из набора отдельных слов, а из множества их комбинаций и различных словосочетаний и фраз. На самом деле, знание того, что слово ask очень часто употребляется в английском разговорном приносит нам мало пользы, если мы не знаем, что оно несет смысловую нагрузку и является ядром множества часто используемых выражений и словосочетаний: may I ask? she asks after you, ask around, asking price, asking for trouble, ask for help... и так далее.

Это совсем не значит, что следует отказаться от формирования словарного запаса на основе отдельных слов, это просто приводит нас к пониманию, что предпочтительнее осваивать лексический ряд иностранного языка через словосочетания. Более того, преимуществом данного подхода является и то, что слово-сочетания зачастую несут в себе определенную синтаксическую структуру, и, осваивая словосочетание it's going to rain, вы параллельно изучаете грамматическую норму одного из способов выражения будущего времени через оборот be+going to+verb. Здесь возникает принципиально важная проблема, связанная с тем, что возможных комбинаций с определенным словом гораздо больше, чем самих слов. Какие из них будут полезны для обучающихся, как делать отбор необходимой для освоения лексики? Маловероятно, что вы разрабатываете специальную лексическую программу для ваших занятий со студентами. Большинство учебных программ по английскому языку любого уровня сложности включают обучение определенному лексическому минимуму. Так, например, по теме "The world of jobs" преподаватель четко определяет вокабуляр, который он включит для освоения данной темы. Но многие из наиболее важных и часто употребляемых слов используются в конкретных словосочетаниях и фразах. Таким образом, который не всегда четко связан с основным лексическим значением этого слова. Слово "get", например, используется в огромном количестве комбинаций. You can get dressed; you can get the bus; you can get home; you can get ahead; you can get on well; you can get a word in... и т.д. Вот почему очень важно быть в курсе, какой властью обладают наиболее часто встречающиеся слова в языке и на основе этого понимания строить нашу стратегию обучения. В дополнение к освоению грамматических элементов языка, предусмотренных учебной программой, необходимо хорошо выверенная, четко

организованная лексическая база наиболее часто используемых в английском языке слов и словосочетаний. Это позволит преподавателю максимально продуктивно отработать подготовленный заранее материал занятия и добиться желаемого результата. Важно научить этому пониманию студентов, которые должны осознавать, что знание лексики и правильное ее освоение представляет собой способ успешного овладения языком.

Здесь возникает принципиально важный вопрос: как определить тот самый лексический минимум или максимум, необходимый для усвоения языка, по какому принципу вести счет на определенном участке овладения языком? Один из возможных вариантов ответа можно найти в работе Майкла Уэста “A General Service List of English Words” [5]. Предположим, что почти невозможно составить список всех наиболее частых понятий или значимых по смыслу выражений в английском языке, но вполне возможно, и даже легко, особенно сейчас, в век компьютерных технологий, сформировать список чаще всего употребляемых слов английского языка. Майкл Уэст составил такой список наиболее часто встречающихся слов и пришел к выводу, что они выполняют огромную работу в языке. Они появляются в разговорной речи настолько часто, что из этих всего лишь 700 слов состоит примерно 70 процентов всего разговорного языка, т.е. всего, что люди слышат, читают, говорят и пишут в определенный день или неделю, месяц или год. Приняв это во внимание, Майкл Уэст пошел дальше и обнаружил, что следующие 800 слов в частотном списке составляют еще 10 процентов текста. В общей сложности 1500 наиболее частотных слов охватывают 80 процентов текста. Добавив еще 1000 частотных слов и получив в сумме 2500, М.Уэст пришел к охвату 86 процентов всего текста. [5]. Подведем итог:

- наиболее частотные 700 слов составляют 70% от всего текста;
- наиболее частотные 1500 слов составляют 80% всего текста;
- наиболее частотные 2500 слов составляют 86% всего текста.

На первый взгляд, цифры удивляют, но если мы посмотрим на первые двадцать слов в частотном списке, то вышеуказанные выводы вполне обоснованны: the, of, and, to, a, in, that, I, it, was, is, he, for, on, you, with, as, be, had, this. Слово “the” само по себе составляет от 5 до 6 процентов всего текста. Слово “of” составляет почти 3 процента, в итоге только эти два слова составляют около 8 процентов текста. Проблема заключается в том, что сами по себе слова “the” и “of” не представляют никакой лексической ценности. Их часто называют структурными словами, потому что они приобретают смысловую нагрузку только тогда, когда начинают сочетаться с другими словами. Этот факт во многом подкрепляет вывод о том, что мы не должны искать просто наиболее распространенные в английском языке слова, но опираться на часто используемые комбинации, в которых эти слова «работают» и обретают смысл, составляя тем самым основу языка. Рассмотрим, к примеру, слова “the” и “of”. Они часто встречаются в таких фразах, как “the beginning of”, “the end of”, “the middle of”, “the front of”. Поэтому важно выделять в частотном списке не просто слова, а фразы, в которых они появляются. У каждого педагога, безусловно, имеется собственный арсенал средств для обучения лексике английского языка. Мы, в свою очередь, предлагаем несколько практических рекомендаций, которые могут помочь в достижении этой цели:

1. Иметь под рукой частотные списки и ознакомиться с наиболее часто используемыми словами английского языка (вы можете найти их в интернете, также хорошие словари всегда содержат пометки, касающиеся частоты употребления слов). Когда вы готовите текст для работы в классе, сверьте его с частотным списком, чтобы определиться на какие слова сфокусировать внимание студентов.

2. Подумать и спросить себя, почему эти слова встречаются так часто. Почему, к примеру, слов “time” находится в списке самых частых имен существительных в английском языке? Попытаться ответить на этот вопрос вместе со студентами. В настоящее время хорошие словари, составленные на основе тщательных исследований, перечисляют наиболее частые случаи применения таких важных существительных, как это. В словаре Коллинза Кобилда представлены следующие словосочетания с “time”: on time, by the time, this time tomorrow, spare time, a waste of time, a long time ago, at one time, next time, this time, every time...

3. Найти книгу по грамматике, которая содержит материал о том, как работают частотные слова. “Natural Grammar” Торнбери, которую можно найти в Интернете, была бы весьма

полезна.

4. Не тратить время на обучение действительно редко используемых слов. Необходимо просто найти их эквивалент в родном языке студента и сэкономить время для работы над более нужными словами.

5. Некоторые слова можно выучить списком или же по картинкам. Не следует использовать много учебного времени на изучение, например, лексики, касающейся одежды. Студенты могут сделать это самостоятельно.

6. Помочь студентам осознать важность не отдельных слов, а их словосочетаний и приготовить упражнения, которые могут способствовать этому.

7. Поощрять студентов к поиску в текстах полезных фраз, например, связанных со временем, местом, количеством, или же таких фраз, как “kindof”, “sortof”, “thingslikethat”, словосочетаний с предлогами, глагольных сочетаний с инфинитивом, с-ingовым формами, которые очень распространены в разговорной речи. Важно, чтобы студенты видели, что язык состоит из фраз, различных комбинаций, а не отдельных слов.

8. Признать важность выучивания слов на память. Большая часть изучения языка заключается в запоминании полезных слов и фраз. Они полезны не только сами по себе, как лексическая составная языка, но они предоставляют студентам материал также и для развития грамматических навыков.

9. Работать над созданием списка разговорных клише систематически. Начать с основных значений предлогов, к примеру; затем определить круг соответствующих слов и, наконец, систематизировать эти слова; попросить студентов определять в конце каждого занятия какие языковые клише они приобрели.

10. При обучении произношению включать не только отдельные слова, но их комбинации и словосочетания.

11. Давать студентам упражнения, которые способствуют творческому использованию словарей.

12. Поощрять студентов вести частотный словарь словосочетаний и разговорных клише для создания лексических единиц языка.

13. Поощрять студентов, делать свои собственные исследования лексического строя языка.

Выполнение подобных рекомендаций, на наш взгляд, будет способствовать тому, чтобы формирование лексических умений и навыков заняло достойное место в учебной программе и поможет студентам определять наиболее важные слова, словосочетания и фразовые клише языка и самостоятельно работать с ними.

1 Бахтин М.М. *Эстетика словесного творчества*. – М., 1986. - 445 с.

2 Thornburry, S. *How to teach speaking*. – Longman, 2005. - 156 p.

3 Willis, D. *Rules, patterns and words: Grammar and Lexis in English language teaching*. – Cambridge University Press, 2003. - 182 p.

4 Collins Cobuild *Learner's Dictionary*. – London, 1996. - 1322 p.

5 West, M. *A General Service List of English Words*. – www.rong-chang.com/qs12000.htm

ӘОҚ 81.36

Ж.О. Медениева – магистрант

АТАУЛЫ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, ТІЛДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Түйіндеме: Мақалада қазақ тілінің грамматикалық құрылысындағы атаулы сөйлемдердің синтаксистік құрылымы мен алатын орнына талдау жасалады. Сондай-ақ, олардың тұлғалық құрылымын айқындау арқылы өзіндік ерекшеліктері жинақталып беріледі. Атаулы сөйлемдердің даму, қалыптасу жолдары зерделенеді. Нәтижесінде атаулы сөйлемдердің тілдік табиғаты сипатталып, олардың тіл-сөйлеу жүйесіндегі орны айқындалады.

Кілт сөздер: жай сөйлем, атаулы сөйлем, сөйлемнің белгілері, сөйлем түрлері, контекст, жағдаят,

мүшеленбейтін сөйлемдер.

Аннотация: В статье рассматривается синтаксическая структура и место назывных предложений в грамматическом строе казахского языка. Указаны особенности и факторы, определяющие организацию типов назывных предложений. Также выявлены характер, пути и направления развития данных типов конструкции. В результате определена языковая природа назывных предложений, выявлена тенденция их развития от речи к языковой системе.

Ключевые слова: простое предложение, назывное предложение, свойства предложения, типы предложения, контекст, ситуация, нечленимые предложения.

Abstract: The article deals with the syntactic structure of sentences and denominative place in the grammatical structure of the Kazakh language. Specified characteristics and factors that determine the type of organization denominative proposals. Also found in nature, ways and directions of development of these types of construction. As a result, the language is defined nature of denominative proposals revealed tendentsiya their development of a speech to the language system.

Keywords: simple sentence, denominative proposal, properties sentence, sentence types, context, situation, nechlenimye proposal.

Тілдегі жай сөйлемдердің табиғаты өте күрделі, өйткені ол ойды, лебіз бен пікірді білдіретін басты грамматикалық тұлға болып табылады. Сондықтан да оның құрылымы, бір жағынан, ойды білдіретін логикалық тұлғалардың құрылысымен ұштасып жатса, екінші жағынан, сөйлеуші жүктеген коммуникативтік мүддеге тәуелді болады. Осы байланыс пен тілде туындайтын қайшылықтар жай сөйлемдер жүйесіне әсер етіп, оны күрделендіре түседі.

Жай сөйлем синтаксисінде атаулы сөйлемдер мәселесі қазіргі қазақ тілінің маңызды да күрделі мәселелерінің бірі болғандықтан, зерттеушілер тарапынан ол теориялық жағынан да, практикалық жағынан да үлкен қызығушылық тудырып отыр. Лингвистикалық әдебиеттерде «атаулы сөйлем» терминін түсіндіруде әр түрлі пікірлер орын алған. Кез келген пікір төмендегі мына мәселелерді шешумен тығыз байланысты: тілдік және сөйлеу аспектілерінің аумағын, құрылымдық-синтаксистік және коммуникативтік-синтаксистік жолын, оның белгілі бір қызмет атқару жағдайын, өзге тілдік тұлғалар-данара жігін ажырататын белгілерін анықтау. Осыған орай, тіл білімінде атаулы сөйлемдерді әр қырынан түрлерге бөлу дәстүрге айналған. Енді атаулы сөйлемдердің бір-бірінен ажыратылып шығатын түрлерінің ерекшеліктеріне тоқталып көрейік.

Ғалым А.Әбілқаев атаулы сөйлемдерді мағыналық жағынан топтастырғанда олардың тұлғалық жағын басты назарда ұстайды. Яғни, сөйлем қызметінде жұмсалатын сөздің қай сөз табынан болатынына қарап, атаулы сөйлемдерді өз ішінен төрт топқа бөледі: 1. Мекен атаулы сөйлем. 2. Мезгіл атаулы сөйлем. 3. Зат атаулы сөйлем. 4. Сан атаулы сөйлем [1, 38].

Ал професор Р.Әміров атаулы сөйлемдерді жұмсалып ерекшеліктерін негізге ала отырып, төмендегідей жіктесе керек: 1. Бейнелі мағыналы атаулы сөйлемдер (Түн. Шалқыған ай). 2. Эмоциялы атаулы сөйлемдер (Күлуін!). 3. Сөгіс, тілек мағыналы атаулы сөйлемдер (Өркенің өскір!) [2, 90-91].

Ғалым С.Аманжолов атаулы сөйлемді мағынасы мен құрылысындағы ерекшеліктерін ескере отырып, үш топқа жіктейді: 1. Жай зат атау. Мысалы: Алаң. Университет. Кинотеатр. 2. Меншікті атау (көбінесе газет, журнал мен кітаптардың аттары). Мысалы: С.Мұқанов, «Теміртас». 3. Әліптемелі атау (суреттеу, зат атауы). Мысалы: Егіс даласы. Қара бұйра жер, көк торғын аспан. Ұлы дүрмек (Ғ.М.). [3, 131].

Бұндай ерекше құрылымды сөйлемдер туралы ғалым Ғ.Мадина: «..бұл сөйлемдер логикалық-грамматикалық жағынан мүшеленбейді, бірақ экспрессивтік-эмоционалдық мәнге толы. Сондықтан интонациялық құбылысқа бай келетін күрделі сөз тіркесінен, жеке дыбысқа дейін жететін, құрамсыз, структурасында ешбір айқындық жоқ, ал қызметі жағынан толық сөйлем бола алатын, белгілі бір ойды білдіре алатын негізді, форма-құрылым жағынан белгілі тұлғасы жоқ сөйлемдер» [4, 88] деген сипаттама береді.

Сонымен жоғарыдағы пікірлерді сараптай келе, атаулы сөйлемді ойды білдірмейтін, іс-оқиға жайында баяндамайтын, тек соған байланысты жағдайды (мезгіл, мекен, зат-құбылыс

Итак, большинство существительных в изолирующих языках лишено локативной реляционности и может восполнять ее только за счет сочетания с каким-то служебным или даже полузнаменательным (указательное наречие) словом. Часть же существительных в силу своей лексической семантики обнаруживает «заряд» локативной или темпоральной реляционности, поэтому для выражения локативного значения они могут обходиться без использования служебных или полузнаменательных слов. Например: Мои друзья живут в Москве 我朋友住在莫斯科 wo pengyoumen zhu zai mosike; Я учусь в Российском Государственном институте русского языка имени А.С. Пушкина 我在俄罗斯国立普希金俄语语言学院学习 wo zai eluosi guoli puxijin eyu yuyan xueyuan xuexi. В этих предложениях послелог 里 li «в, внутри» не нужен, т.к. существительные «Москва» и «институт русского языка» – это локативы. Предлог 在 zai является факультативным, он только уточняет местонахождение [8, 143-144]. Китайские предлоги и послелоги, образуя грамматические формы выражения синтаксических связей, придают слову то же значение, что и русские окончания падежей (именно из-за такого сходства первые синологи утверждали наличие категории склонения в китайском языке).

- 1 Драгунов А.А. Исследования по грамматике современного китайского языка. – Ч.1: Части речи. – М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1952. – С.48
- 2 Драгунов А.А. Общность основного значения и грамматических особенностей. – М.-Л., 1946. – С. 9.
- 3 Солнцев В.М., Солнцева Н.В. Теоретическая грамматика китайского языка (проблемы морфологии). – М., 1978. – 430 с.
- 4 Горелов В.И. Грамматика китайского языка. – М.: Просвещение, 1974. – С.43-44.
- 5 Ботороева Н.М. Имя существительное как часть речи в китайском языке. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Улан-Удэ, 2003. – С.3-10.
- 6 Практический курс китайского языка. В 2 т. Т. 1/ ответственный редактор А.Ф. Кондрашевский. – 9-е изд., испр. – М.: АСТ: Восток – Запад, 2005. – С. 399.
- 7 Современный китайский язык. – Пекин: Пекинский университет, факультет китайского языка, 2006 现代汉语- 北京大学中文系, 北京- 2006 年 – С. 77-79.
- 8 Курдюмов В.А. Курс китайского языка: Теоретическая грамматика. – М.: Цитадель-Трейд; Лада, 2005. – С.143-431.

ӘОЖ 81.373.72

А.А. Ергазина – доцент кафедры филологии и перевода
Актюбинский университет им. С.Баишева

ФРАЗЕОЛОГИЗМЫ КАК ОТРАЖЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНО-КУЛЬТУРНОЙ ЯЗЫКОВОЙ СПЕЦИФИКИ НАРОДА

Түйіндемe: Мақалада фразеологизмдердің ұлттық-мәдени тілдік ерекшеліктерінің бейнесі ретінде зерттелуі қарастырылған. Фразеологизмдер белгілі бір халықтың рухани және материалдық мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде айқындалған. Фразеологиялық бірлестіктердің семантикалық

ұлттық-мәдени элементтері, ұлттық-мәдени факторлары халықтың салт-дәстүрлерімен байланыста зерттеледі. Әр түрлі этностардың ұлттық тілдік санасы қоршаған ортаның ықпалына тұтастығы мен ерекшелігіне байланысты ерекшеленеді.

Кілт сөздер: фразеология, фразеологиялық бірлестік, фразеологизмнің ұлттық-мәдени ерекшелігі, ұлттық-тілдік сана.

Аннотация: В статье рассматриваются проблемы выявления и изучения фразеологизмов как отражение национально-культурной специфики народа. Фразеологизмы представляются как совокупность духовной и материальной культуры определенного народа. Рассматриваются национально-культурные элементы семантики фразеологических единиц, обусловленные национально-культурными факторами, связанные с традициями народа. Национальное языковое сознание различных этносов обладает рядом особенностей, характеризующих единства и различия в восприятии окружающей действительности.

Ключевые слова: фразеологизмы, фразеологические единицы, национально-культурная специфика фразеологизмов, национальное языковое сознание.

Abstract: In the article is considered the problems of revealing and studying the phraseological units as the reflection of national and cultural specifics of people. Phraseological units are represented as the set of spiritual and material culture of the certain people. It is considered the national and cultural semantic elements of phraseological units, caused by national and cultural factors, connected with people's traditions. National language consciousness of different ethnoses possess the number of features, characterizing the unities and differences in perception of surrounding reality.

Keywords: phraseological units, national and cultural specifics of phraseological units, national language consciousness.

Актуальным и приоритетным в настоящее время в отечественном языкознании являются проблемы взаимоотношения языка и культуры. Это связано с тем, что древнейшие представления о мире зафиксированы в языковой картине мира и влияют на формирование и отражение национального менталитета.

«Язык – зеркало культуры, в нем отражается не только реальный мир, окружающий человека, не только реальные условия его жизни, но и общественное самосознание народа, его менталитет, национальный характер, образ жизни, традиции, обычаи, мораль, система ценностей, мироощущение, видение мира» [1, с. 15].

Сегодня в центре лингвокультурологических исследований находится человек, «который рассматривается как носитель языка и культуры, а также его фоновые знания, поведенческие нормы, делающие его представителем данной культуры. Антропоцентричность лингвокультурологии соответствует общей тенденции гуманитарных исследований, и в частности, лингвистики, вернувшейся к человеческому фактору в языке и носителю языка как к центральной фигуре в коммуникативном процессе» [2, с. 125-126].

Слово выявляет, материализует умственные способности человека. Оно как коммуникативный механизм раскрывает внутренний мир человека, в нем объективируется и формируется мысль. Другими словами, речь является важнейшим средством формирования человека, его сознания, развития различных форм общения и накопления социальных значений, символов, культурных ценностей, без чего существование общества невозможно.

Из понимания соотношения языка и мышления, языка и познавательной деятельности можно заключить, что язык определяет не только характер мышления, познавательной деятельности человека, но и тип культуры, характеризующий языковую картину мира народа. Под картиной мира понимается представление человека о внешнем мире, сформировавшееся в результате познания окружающей действительности. Языковая картина мира – знаковый образ действительности, ее интерпретация. Картина мира лингвокультурного сообщества в целом формируется языком как средством воплощения тех или иных культурных эталонов, стереотипов, символов, которые образуют данный социум в сообществе.

О.Д. Ивицкой выделяются языковая и концептуальная картины мира. Языковая картина мира – это продукт сознания, результат взаимодействия мышления, действительности и языка на определенном этапе его развития как средства выражения мыслей о мире. Концептуальная картина мира представляет собой гораздо более обширное понятие, так как в формировании концептуальной картины мира участвуют различные типы мышления, включая и невербальные [3, с. 122].

У каждого человека концептуальная и языковая картины мира неодинаковы. Их формируют универсальные элементы, не зависящие от лингвокультурного мировоззрения личности; элементы, отражающие национальный характер языковой личности, а также информацию, обусловленную образом человека, его социальной средой, эстетическим идеалами, культурными традициями народа.

При рассмотрении общетеоретических вопросов культурной языковой концептуализации мира важно учитывать статус фразеологизма как одного из важнейших ментально-когнитивных оперативных средств языковой концептуализации действительности. «Изучение фразеологии как отражения менталитета определенного этноса имеет огромное значение в настоящее время, поскольку фразеологизм, являясь достоянием народного национального языкового сознания, становится важнейшим средством концептуального членения и освоения мира» [4, с. 87].

Проблема репрезентации в языке экзистенциальных констант в разных этнических сообществах представляется релевантной не только для филологии и языкознания, но и для лингвокультурологических и лингвокогнитивных позиций, поскольку в этом случае становится возможным выявление особенностей устройства и функционирования этнического, национально-культурного и индивидуального языкового сознания, самого ментального мира членов определенного языкового коллектива. При этом более подробно обозначение национально-этнической специфики во фразеологии в каком-то определенном языке далеко не обязательно является результатом «развитости» определенного языка по отношению к другому. Более адекватным является предположение о различной степени актуальности вербализуемого разно-уровневыми языковыми средствами понятия в том или ином этносе.

В условиях современного развития национальных языков и все большей интеграции и обогащения культур возникает необходимость выявления и изучения фразеологизмов как национально-культурной специфики народа. В соответствии с этим особую значимость приобретают проблемы выявления и описания значения экзистенциальных основ национально-культурной языковой картины мира как результата обработки определенных знаний о мире, исследования общих принципов и приемов организации структуры знания, стоящих за тем или иным значением, попытка выявить механизмы взаимодействия когнитивных и языковых структур, изучить структуру значения языкового знака в сознании носителя языка.

Национально-культурный фразеологический фон можно определить как «совокупность сведений историко-культурного характера, относящуюся к данному фразеологизму и являющуюся частью фоновых знаний носителей языка» [5, с. 63]. В научной литературе можно встретить разные термины для обозначения понятия национально-культурного компонента семантики слова и фразеологизма: единицы с национально-специфическим содержанием (А.Д. Райхштейн), идиоэтнический компонент, культурно-исторический компонент (В.И. Кодухов), национально-культурный компонент семантики афористики (Ю.Е. Прохоров), национально-культурная семантика (Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров). Несмотря на разнообразие терминов, все они обозначают особые явления общественной и культурной жизни, миро-понимание и быт данного народа [6, с. 8].

Сумин С.А. указывает, что национально-культурные элементы семантики фразеологических единиц могут проявляться на трех разных уровнях плана содержания фразеологизмов.

Во-первых, в совокупном фразеологическом значении словесного комплекса (национальная культура отражается комплексно, нерасчлененно).

Во-вторых, в значении отдельных лексических компонентов (фразеологизмы отражают культуру расчленено, единицами своего состава). В состав фразеологических единиц данной группы входят реалии или безэквивалентные слова.

В-третьих, национально-культурные элементы семантики фразеологических единиц могут проявляться в прямом значении совокупного словесного комплекса, в котором отражается национально-специфическая ситуация, лежащая в основе образно-переносного значения фразеологизма – в прототипах фразеологизмов, т.е. некогда свободных

словосочетаниях, подвергшихся затем переосмыслению [7].

Реалии – это «слова и (словосочетания), называющие объекты, характерные для жизни (быта, культуры, социального и исторического развития) одного народа и чуждые другому; будучи носителями национального и/или исторического колорита, они, как правило, не имеют точных соответствий/ эквивалентов в других языках, а следовательно не поддаются переводу «на общем основании», требуя особого подхода» [8, с. 55]. Реалия безотносительна к тому или иному языку, а безэквивалентность устанавливается для данной пары языков. Список реалий данного языка более или менее постоянен, в то время как словари безэквивалентной лексики будут разными для разных пар языков. Мы считаем разграничение терминов «реалия» и «безэквивалентная лексика» непринципиальным по той причине, что при изучении национально-культурного фона фразеологии одного языка объект исследования заключается в контрастивности плана содержания фразеологических единиц по сравнению с фразеологическими единицами другого языка, а при таком подходе и реалии, безэквивалентная лексика представляют одинаковую ценность.

Таким образом, основанием для отнесения фразеологизмов к группе фразеологических единиц, национально-культурная специфика которых проявляется в значении отдельных лексических компонентов, служит, наличие в их составе безэквивалентной лексики. Национально-культурная специфика единиц этого типа проявляется не только в компонентном составе, но и во всем наборе национально-обусловленных коннотаций и ассоциаций, связываемых носителем языка с данным компонентом.

Приведенная классификация уровней плана содержания фразеологизмов не может отразить всего богатства и многообразия фразеологических единиц с национально-культурным содержанием. Даже в тех фразеологизмах, которые не отличаются «яркой национальной самобытностью, яркой образностью, какими-то специфичными национальными чертами, ... нашли отражение особенности восприятия внешнего мира носителями языка, так как эти фразеологизмы характеризуют отдельные ситуации, микро-эпизоды неофициального общения» [9, с. 127-128]. Фразеологический фон, как правило, бывает тесно связан с совокупностью всех ценностей духовной культуры общества, поэтому с должным вниманием следует относиться и к далеким, казалось бы, от национальной специфики фразеологизмам [10, с. 100-101].

Таким образом, национально-культурная специфика различных этносов обладает рядом особенностей, характеризующих единство и различия в восприятии окружающей действительности. Национально-культурные образы народа, представленные через призму фразеологического фонда его языка, свидетельствуют о том, что в языке этноса отражается вся его жизнь, история, культура, быт, мировоззрение. Сходные явления или их признаки и свойства, или способы совершения определенных операций представители разных этнических сообществ видят по-разному, сравнивая и ассоциируя их с разными явлениями материального мира – специфического, конкретного, в котором и проживает данный этнос.

1 Тер-Минасова С.Г. *Язык и национальный характер // Слово и текст в диалоге культур: юбилейный сборник.* – М., 2000. – С. 247-271.

2 Воробьев В.В. *О статусе лингвокультурологии // IX Международный Конгресс МАПРЯЛ. Русский язык, литература и культура на рубеже веков, - Т. 2.* – Братислава, 1999. – С. 125-126.

3 Ивицкая О.Д. *К вопросу о национальной языковой личности и различиях в номинативных картинах мира (на примере Великобритании) // Юбилейный сборник статей.* – М.: Науч.-образ. Центр, «Школа Китайгородской», 2000. – С. 122-130.

4 Трахова А.Ш. *Фразеологическая концептуализация морально-нравственной сферы личности и народа: мифолого-религиозные и этнокультурные основания (на материале русского и адыгейского языков).* – Краснодар, 2006. – 249 с.

5 Мальцева Д.Г. *Национально-культурный аспект немецкой фразеологии: Дис. ... д-ра филол. наук.* – М., 1990. – 520 с.

6 Кодухов В.И. *Логические и культурно-исторические компоненты значения слова // Теоретические проблемы семантики и ее отражения в одноязычных словарях.* – Кишинев: АН МССР, 1982. – с. 6-12.

7 Сумин С.А. *Национальное и универсальное в образности фразеологических единиц: Дис. канд. филол. наук.* – М., 1999. – 148 с. Влахов С.И., Форин С.П. *Непереводимое в переводе.* – 2-е изд. – М.:

Высшая школа, 1986. – 416 с.

8 Мальцева Д.Г. Фразеологические единицы современного немецкого языка // Лексика и лексикография: Сборник научных трудов. – М.: РАН, 1998. – вып. 9. - с. 126-131.

9 Верецагин Е.М., Костомаров В.Г. Семантизация культурного компонента языковых единиц в учебных лингвострановедческих словарях // Проблемы учебной лексикографии и обучения лексике. – М.: Русский язык, 1978, с. 98-106.

ӘДЕБИЕТТАНУ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

ӘОЖ 821.512.122.0.

Т.Рахымжанов – ф.э.д., профессор Абай ат. ҚазҰПУ

С.ШАЙМЕРДЕНОВТИҢ «АШУ» ПОВЕСІНДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Түйіндеме: Мақалада ақылды әрі шаруақор Марғау ит пен шопан Лезбайдың ара қатынасындағы проблемаларды қамтитын мәселелер қарастырылған. Иттің айрықша жаратылған түйсігін, адаміспетті ақылы мен үлкен жауапкер-шілігін айқын сипаттайтын үзінділер келтірілген. Марғаудың көзқарасы арқылы Ұмсындық және Қарғабек сияқты кейіпкерлердің адамгершілікке жат қасиет-қылықтары нанымды суреттелген. Сюжеттің дамуына қарай адамдардың қараулығынан, ұятсыздығы мен тұрпайылығынан түңілген Марғау өз иесі Лезбайдың айналасындағылардан көңілі қалады. Өзіне көптен бері таныс адамдар тарапынан жаны да, тәні де жараланған Марғау көптің көзінен ғайып болады.

Кілт сөздер: Марғау ит, ісіне берілгендік, қарым-қатынас, арақ ішу, опасыздық, экология мәселелері, адамгершілік

Аннотация: В статье рассматриваются вопросы, затрагивающие проблем взаимоотношения между умной хозяйственной собакой Маргау и чабаном Лезбай. Приводятся цитаты, которые ярко характеризуют высокообразованный инстинкт, человекоподобный ум и большую ответственность собаки. Через восприятие Маргау убедительно показаны негативные черты таких персонажей, как Умсындық и Қарғабек. С развитием сюжета повести, из-за алчности, безнравственности и хамства людей, Маргау разочаровывается в близком окружении хозяина Лезбая и ситуации, в которой оказалась сама. Получив

душевную и телесную травму со стороны хорошо знакомых людей, Маргау исчезает с поля зрения.

Ключевые слова: собака Маргау, преданность делу, взаимоотношение, распитие водки, предательство, вопросы экологии, нравственность

Abstract: The article covers issues affecting the problems of the relationship between smart dog economic Margau and shepherd Lezbai. Quotes that vividly describe a highly developed instinct, a humanoid mind and greater responsibility of the dog. Through the perception of Margau convincingly shows the negative traits such personalities as Umsindik and Kargabek. With the development of the plot of the story, because of greed, immorality, and rudeness of people Margau disappointed in the close environment of the host Lezbai and the situation in which proved it self. Having received the spiritual and physical trauma from well-known people, Margau disappears from sight.

Keywords: dog Margau, commitment, relationship, drinking vodka, betrayal, ecology, ethics

Мемлекеттік сыйлықтың иегері, халық жазушысы Сафуан Шаймерденовтің қаламынан туған хикаяттардың тақырыбы сан алуан. Оның өзгелерден ерекшелігі өз шығармасына арқау еткен тақырыпты үлкен ыждаһаттылықпен таңдап-талғап барып қалам тербейтін талғампаз қаламгерлігінде болса керек. Ол мейлі сонау отызыншы жылдардағы қазақ ауылын колхоздастыру мәселесін сөз ете ме, мейлі Қарағанды көмір кенішінің алғаш рет ашылып, оған қыр қазақтарының топ-тобымен келіп, сол кезде қазақ жұмысшы табының қалыптасуына әсерін айта ма, мейлі еңбектің қой торысы – шопан өмірін немесе шын өнердің қуанышы мен азабын, я болмаса алғашқы махаббаттың өшпес, ұмытылмас сәттерін баяндай ма, өзі таңдаған тақырыптардың қыр-сырларын жете меңгеріп барып, ой толғайтыны белгілі.

Ие, С.Шаймерденов – о бастан ізденімпаз қаламгер. Ол талайлар жүріп, әбден таптаурын болған ескі соқпақпен жүре бермей, тыңнан, соныдан із салуды ұнатады. Соның бір нышанын жазушының “Ашу” деп аталатын повесінен көреміз. Автордың бұл хикаясының жаңалығы неде? “Ашу” туындысының бірінші жаңалығы: мұндағы орталық қаһарман адам емес – ит, екіншіден, иесіз, елсіз тау арасын жалғыз жайлайтын Лезбай қойшының өмірі, оның өз әріптестерімен, басқа адамдармен қарым-қатынасы ит көзқарасымен бажайланып, ит ойымен топшыланады, сөйтіп оқырманға тың ой түюге көмектеседі.

Академик С.Қирабаев “Марғау” атты мақаласында: “Адам өмірін жан-жануарлар өмірімен байланыс-тыра суреттеу, оларды адамдық қарым-қатынастардың сырын ашуға пайдалану дәстүрі көркем әдебиетте көптен бар және қалыптасқан дәстүр. Джек Лондонның Ақ азуынан басталып, Л.Толстойдың Холстомері, А.Куприннің Изумруды, Сәкеннің Қызыл аты, Илиястың Құлагері, Мұхтардың Көксерегі жалғастыратын бұл дәстүр Шыңғыс Айтматовтың Гүлсарысына дейін ұласады. Әрине, бұл шығармалар жан-жануарлар дүниесін бейнелеу мақсатында жазылмаған. Мұндағы ит те, ат та түптеп келгенде, адам өмірін бейнелеудің өзіндік жолдары, формасы есебінде алынады. Солармен қарым-қатынас негізінде Адам өмірінің терең сыры мен шыны суреттеледі” /1/, – деп пайымдайды.

Марғау – жаратылысынан момын, алдындағы бір отар қойының жай-күйі болмаса, қаймана жұрттың күнделікті тыныс-тіршілігінде, бақал есеп, бақай қимылында онша ісі жоқ Лезбай қойшының иті. Олай дейтініміз, отардың жайын иесінен бір мысқал кем ойламайтын шаруақор ит қыстың ақ түтек боранында, қара күздің лайсаң жаңбырында немесе қотанға ит-құс шапқан қиын-қыстау кезде де өз қожасының қасынан табылып, ортаның малын сақтап қалған.

Жазушы ит – Марғаудың тұла бойына адам баласына тән қасиеттерді дарытып, бірден оқиға желісіне араластырмайды. Керісінше, лирикалық шегіністер арқылы тегі король догінен шыққан ақтұмсық, қара иттің көзін жаңа ғана ашқан күшік кезінен бастап, оның есейген, ержеткен, сөйтіп өз шаруасына мығым есті, шаруақор ит болғанына дейінгі аралықты ыждаһатты түрде сипаттайды. Яғни, ол “Қойшының ит-құстан әбден зәбір көріп жүріп, каладағы баласы Қанат арқылы алдырған, содан бері отарына тыныштық орнатқан серігі” (С.Қирабаев). Түзде мал баққан, түнде қой күзеткен. Бұл орайда Р.Бердібаев: “Шығарма-ның негізгі идеясы – адамшылыққа үндеу, арамдық, қараушылықты әшкерелеу.

Жазушы осы мақсатын өзгеше тәсіл – Марғау атты иттің “ойлары” мен “бастан кешкендері” арқылы ұтымды жеткізе алған /2/, - дейді.

Осы ретте Сафуан Шаймерденов ит табиғатын, ит болмысын, тіпті, иттің психологиясын өте жақсы білетінін аңғартады. Мейлі, көзін жаңа ашқан күшік, мейлі төрт-бес рет қар көріп, есейе бастаған ит болсын, оларға тән ең басты қасиет – сезімталдық, дәлірек айтқанда, иіс сезу, есту, көру қабілетінің күшті дамығандығы десек, бұл сезім-сезімдер Марғауда жетіп артылады. Ол – қалада тұратын кинолог Иван Ивановичтің “шоқтығының биіктігі тоқсан жеті сантиметр” Жойқын деген қаншығынан туған алғыр күшік. Қанша дегенмен, иттің аты ит. Мұның да иіс сезу қабілетінде ешқандай мін жоқ. Мына бір мысалға назар аударайық: “Ақтұмсық көзін жол үстіндеашты. Алдымен әдемі бір иісті сезді. Ене ісінен, емшек ісінен бөлек жат иіс. Бірақ сондай жақсы, жылы иіс. Адам ісі. Адам болғанда да, Қанаттың ісі. Ақтұмсық тыпырлап, тұмсығымен Қанаттың кеудесінің әр жерін түрте бастады. Мұның да тұмсығы балғадай. Қанат алыста қалған Жойқынды еріксіз еске түсірді” (II, 217 б. - *Шаймерденов С. Екі томдық таңдамалы шығармалар. А., Жазушы, 1978. – Мақалада бұдан әрі келтірілетін мысалдар осы басылым-нан алынып, кітаптың томы және беттердің реттік саны жақша ішінде беріледі – Т.Р.).

Марғау есейіп, жонданып-жоталанып, бойындағы күш-қуаты молая келе, малдың, адамның, қардың, өсімдіктің жанға жағымды табиғи ісінен басқа, адам баласының (оның ішінде иттер де бар) денсаулы-ғына, айналаны қоршаған ортаға, кір-қоқыстан таза табиғатқа да зиянды жат иістерді сезе бастайды. Өйткені: “Ит – “сүтқоректі” жыртқыштар семьясына жататын асыранды үй хайуаны. Адамның тұңғыш үйреткені де сол. Иттің 2 миллионға жуық иісті ажырата алатын қасиеті бар” (Қызықты зоология. 4 т.470 б.). Әсіресе, ақтұмсық дәу қара иттің бар жан-тәніменжек көретіні – арақ пен бензин ісі. Оның да себебі бар. Мәселен, бензин ісі улы-шулы шаһардан, адамдардан жырақта жатқандықтан, табиғи қалыбы бұзылмаған тау арасының таза ауасын ластайды. Ал күлімсі иісті арақ ішкен адамдар алғашқыда көңілденіп, бірін-бірі жаңа көргендей мәре-сәре боп ән салады да, отырыстың соңына қарай арақтың уыты бойына таралып, ақыл-есінен, ерік күшінен айрылған соң, айқай-шу, дау-дамай молайып, ақыры бет жыртысып, төбелесіптарқасады.

“...Кенет Марғау тұмсығын көтерді. Әлгі бір таныс иістерге араласып, басқа бір жат иіс келетіндей.

Ит тұмсығын жел жаққа бұрып, ұлып басылды. “Сақтаныңдар, бір сұмдық жаман иіс жақындап келеді” дегені. Денесі түршікті. Бүкіл орамды бензин ісі алып барады. – Марғаудың жек көретін ісі” (II, 193 б.).

Немесе, “Кенет бұрқ етіп тағы бір жат иіс шықты, Марғаудың тағы бір ұнатпайтын иісі – арақ иісі. Шыны сылдырлады. Дауыстар зорая бастады. Солардан бөлініп Ұмсындықтың даусы сыңғырлап айқын шығады (II, 196 б.).

Тағы бір айта кететін жәйт, “Ашу” повесінде қара күздің жауын-шашынды, лайсаң суық күндерінің бірінде айыр қалпақ арам қойшы мен момын Лезбай далада бірігіп арақ ішіп, малдары араласып кеткенде, иісшіл, есті Марғау мазасызданып, абалай үріп: “Айыр қалпақтың сөзіне сенбе. Біздің отардың қойларын мен, міне, ісінен танып тұрмын, көзінен танып тұрмын” дегендей болады. Әттең, итте тіл жоқ. Егер кенет-тен оған тіл біте қалса, Марғау осылай деген болар еді.

Қазақ әдебиетінде ит туралы, иттің білгірі саналатын кинолог ғалымдар қыр-сырын әлі ашып болмаған төрт аяқты хайуанның тірлігі мен психологиясы хақындакөркем туындылар некен-саяқ. Соның бірі – белгілі жазушы М.Мағауиннің “Тазының өлімі” повесі. Бұл шығармада да қайтыс болған иесі – Қазының ар-намысына ара түскен күші алапат, жүйрік тазы – Лашын есепқор, пайдакүнем, жылымқұрт дүкенші – Есенжолды қабады.

“Қанша ұйықтағанын білмейді, ыңырсыған үннен оянды. Шам сөндірілмепті. Дастарқан жинаусыз. Табақ түбінде бір шөкім ет көрінеді, шөлмек босап қапты. Лашын қайтадан қалғи бергенде, ыңырсыған дауыс тағы естілді. Кәмиланың даусы. Өзін біреу буындрып жатқан

сияқты. Ұйқысы шайдай ашылған тазы столдан қарғып өтіп, төргі үйге жетіп барды. Ауызғы бөлмеден түскен жарық сәулесімен бірден көрді: төсек үстінде Кәмиляны Есенжол тұншықтырып жатыр екен. Умаждап астына басып алыпты. Көмекке ұмтылған тазы бірінші қарғығанда, олардың үстіндегі көрпені жұлып түсті. Келесі сәтте ұзын, өткір азулар қорғансыз май құйрыққа бойлай кірген еді” /3/.

С.Шаймерденовтің “Ашу” хикаясында да өз иесіне бар ынт-шынтымен есепсіз берілген Марғау жеңіл жүрісті Ұмсындықты қорғау үшін ферма меңгерушісі Қарғабекке ауыз салады. Үстірт қарағанда, ұқсас оқиғалар сияқты. Бірақ бұл сырттай ұқсастық қана. Шынтуайтап келгенде, “Тазының өліміндегі” Лашын мен “Ашу” повесіндегі Марғаудың біраз айырмашылығы бар. Егер М.Мағауиннің Лашыны қыстыгүні қоян, түлкі алып, жайшылықта “ауыл үйдің иттерімен алыс-жұлыс” үстінде шындалса, дүрегей шағынан бастап таңертең қоймен бірге өріп, кешқұрым қотандағы малмен бірге жусаған Марғаудың тағдыр-талайы мүлдем басқаша. Олай дейтініміз, біріншіден, Марғаудың иесі – шопан Лезбай. Ес біліп, етек жинағаннан бастап, мал бағумен ғұмыры өтіп келе жатқан еңбек адамы. Аң қағып, ит жүгірткен саятшы-лықтан, сал-серіліктен мүлде алыс кісі. Екіншіден, Марғаудың арғы шыққан тегі желаяқ, жүйрік тазы тұқымынан емес. Бұл орайда, Ж.Бабалықұлы мен А.Тұрдыбаев: “Тазылар – ит тұқымдары ішіндегі тек аңшылыққа ғана бейім ерекше тұқым. Ол қораға, малға, адамға үрмейді. Суыққа шыдамсыз. Қысты күндері үйде ұстайды. Түгі тықыр, ірі тұқымдарының денесі сұңғақ, іші беліне жабысқан жіп-жіңішке, сирағы ұзын, екі шынтағы сыртына қарай шығыңқы, бота тірсек, салақ төс, кеудесі кең омыраулы қуса құтқармайтын, қашса жеткізбейтін жүйрік” /4/ – деп жазады.

Ал Марғау сыртқы тұлға-тұрпаты қазақтың барақы иттері: маңтөбеттері мен таутөбеттеріне келетін мол күш-қайрат, қара күш иесі – король доғінен. Ондай тектен шыққан ит аң аулаудан гөрі, күнделікті шаруашылыққа ыңғайлы болады.

Қалай дегенмен де, есті ит Марғау – табиғаттың бел баласы. Сондықтан, ол ыстық пен суықты, аштық пен тоқтықты ит баласына тән ішкі бір (инстинкт) сезік-сезіммен білгені сияқты, ақ пен қараның, жақсылық пен жамандықтың арасын, тіпті, өз басына төнген қауіп – қатерді де тез аңғарып, тез ұғынады. Күшік кезінен бастап, мал мен адамдардың арасында болып, шопан Лезбайдың өзгермелі көңіл күйін қас-қабағынан түсінетін, сондай-ақ, адам баласына тән көлгірлік, екіжүзділік, азғындық, опасыздықты да өткір сезінетін Марғау – ақылды да айдалы. Күнделікті өмір мен пенделердің тыныс-тіршілігінен жинақ-таған іс-тәжірибесі, алғырлығы, ақылы мен айласы дала жыртқышы – қасқырлармен бетпе-бет кеп, айқасқан сәтте жүзеге асады. “...Көңіліне әлденені секем алған Марғау алыстан тұрып, мойынын қайта соза беріп еді, қаншық шыққан беттен құйғытып келе жатқан үш ноқатқа көзі түсті. Аялдар шақ қалған жоқ. Жалт берді. Аярлық жасап, жер бауырлап жатқан қаншық кілт өзгерді де, тұра ұмтылды. Дегенмен, ұзын сирақ Марғау адымы алымды екен, барған сайын ұзай берді. Ұзаса да маза жоқ: қайда бармақ? Ізге түскен бір топ қасқыр қайда барсаң да қалмайтыны айдан анық, артына көз салып еді, басқаларынан оқ бойы алда келе жатқан қаншық пен өзарасы жақындап қалған секілді. Құғанның жетпей қоймайтынын сезген Марғау бір шешімге белін бекем бұған секілді. Енді шоқалақтап баяулата шапты. Әлгіндей болмады, қаншық салып жетіп, ауызды сала берем деген кезде Марғау төрт табандап бұға қалды. Қаншық өзекпінімен Марғаудан асып барып үш домалады. Ит ұмтылып қасқыр алқымынан алды да, бірер толғап ілгері тартты” (II, 239-240 б.).

Әр нәрсенің қадыр-қасиетін жақсы білетін қазақ халқы итті жеті қазынаның біріне санайды. Хикаят-тағы Лезбай үшін Марғау – таптырмайтын адал дос, жан серік, алдындағы бір отар қойын көзінің қарашығындай қорғайтын үлкен қолқанат. Итінің адамға бергісіз осы мінез-қылықтарын жақсы білетін Лезбайдың бірде: “– Затың ит болғанымен кейбір екі аяқты ақымақтардан әлдеқайда артықсың-ау”, – деуінде үлкен мән бар. Иесінің осындай жылы пікір, ыстық ықыласына орай, Марғау да өзі жүрген ортаның адамдарына айрықша берілген. Ол қотандағы қойларды ісінен, түсінен таныса, елсіз тау арасын жайлаған шағын отбасының

мүшелерін жүрісінен, даусынан, тіпті, атқаотырысынан да айна-қатесіз біледі. Оларды ит баласына тән сезімталдықпен, ішкі бір сезік-сезіммен өзіне жақын санап, күнделікті тіршілікте кездесетін пәле-жаладан, кездейсоқтықтан қорғап жүреді. Марғау Лезбайдың әйелі Айған қатты науқастанып, әл үстінде жатқанда, бір жаманшылықтың болатынын алдын-ала сезіп, аза тұтқандай аспанға қарап ұлумен болады. Сөйтіп, үй иесінің әйелі – Айғанға деген жақындық, қимастық сезімін ұлу арқылы білдіреді.

Ал күзге қарай шопанның отары таудан төмен түсіп, шағын көш Айған жерленген төбенің тұсынан өтіп бара жатқанда, Марғау тағы да мазасызданады. Төбенің басына шығып алып, шабалана үрумен болады. Есті ит “Аф, ап!” деп әуілдеп үруі арқылы: “Ей, Лезбай, мына төбенің басында Айған жатыр. Талай жылдар бірге отасып, өмірдің ащы-тұщы дәмін бірге татып, сүйіскен, сүйеніскен адал жарың емес пе еді?! Енді сен қалайша соның тұсынан үн-түнсіз өтіп барасың? Тым болмаса, Айғанның рухына міна-жат етпеймісің?” дегендей болады. Тілсіз ит, сөйтіп, иесіне, таныс адамдарына деген өтінішін, ұмытқан нәрсесін есіне түсіруін де осылайша үріп білдіреді.

Ол, ол ма, қожайынына бар жан-тәнімен берілген адал ит-Марғау үшін жол-жөнекей, көш жолында қалып кеткен Лезбай қойшының ескі тоны да аса қымбат. Күн иісі сіңген, тер иісі сіңген, қой шуашының иісі де бар ескі тоннан ол шопанның өзі болмағанымен, көзін көргендей болады. Ал Ұмсындық болса, тер сіңген, кір сіңген бұл тонды: “Ырыстың бәрі осында тұрса да, қойшы” – деп далаға лақтырып тастап кеткен. Бірақ бақташының екінші әйелінің бұл қылығын түсінбеген Марғау: “Абалап үріп, алыстап кеткендердің соңынан салды. Ұмсындыққа жетіп, арбаны айнала үрді. - “Тон қалды! Тон!”. Ұмсындық бірақ селт еткен жоқ. Одан кейін Лезбайды қуып жетіп, отарды айнала шапты. – Тоның қалды! Тоның !” (II, 236 б.) – деп, әрі-бері шапқылап, абалап үрумен болады.

Алайда аналар селт етпеген. Ішкі жүні қырылып жұқарған, кір-кір ескі тон ешкімге керек емес. Бірақ Марғау иесі менсінбей, ай далаға тастап кеткен қара тонды қыс бойы күзеткен. Лезбайға қалтқысыз берілген иттің бұл қылығы адамның жан-жүрегін елжіретеді.

Орыс зерттеушісі Л.Толстойдың “Холстомер” әңгімесі хақында: “Очень своеобразен рассказ “Холсто-мер” – грустная история жизни и смерти лошади. В рассказе “Холстомер” через восприятие лошади показаны отрицательные, противные природе и нравственности характерные черты богатых и праздных людей – их тщеславие, жестокость, своекорыстие, чувство собственности “ /5/ – деп жазады.

С.Шаймерденовтің “Ашу” хикаятында да қысы-жазы мал соңында жүріп, тау жайлаған малшы өмірі, Лезбай қойшы отбасындағы адамдардың іс-әрекеті, көзқарасы, өзара қарым-қатынасы, адамгершілігі де ит көзімен бағаланып, ит ойымен сарапқа түседі. Әрине, таза, адал әрі бала сияқты аңқау иттің жан дүниесімен салыстырғанда, өтірік, опасыздық, көлгірлік, көзбояушылығы да жетерлік адамдарәлемі әлдеқайда күрделі. Мұндай бейкемелдік, олқылық, кемшіліктен де шопанның ауылы кенде емес.

Қыздай қосылған алғашқы әйелі Айған қайтыс болған соң, Лезбай көңілді кезінде “үлкен қара көзін төңкеріп” тастайтын, қылықты әйел Ұмсындыққа үйленген. Ол Лезбайдан әлдеқайда жас. Сондықтан Ұмсындық тек мал бағуды кәсіп еткен жалғыз үйлі қойшының қоңырқай тірлігін қоңылтақсып, оны місе тұтпайды. Жас көңілін тояттататын қызықты, арман-тілекті сырттан іздейді.

Сөйтіп Ұмсындық пен оған қосылған Лезбайдың арасындағы жас алшақтығы, қойшының қоңыр төбел тірлігі мен жас көңілдің аңсар-арманы арасындағы сәйкессіздік семьялық драманы күшейтіп, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасын шиеленістіріп жібереді.

Іздегенге сұраған. Жас келіншектің қалауымен қойшы үйіне арақты жек көрмейтін, “көңілді, ырду-дырдулы” өмірді ұнататын ферма меңгерушісі Қарғабек келуін жиілеткен. Лезбай үйінде қой сойылып, ән айтылып, айқай-шу көбейген. Әсіресе, Марғаудың суқаны сүймейтін, жек көретін жат иіс – арақ иісі жиі шығатын болған.

Жалпы Марғау – жаратылысынан азат ит. Ол табиғаттың тәуелсізхайуаны болғандықтан еркіндікті, кеңдікті, тазалық пен адалдықты ұнатады. Ал жеке басы, әсіресе, қожайыны Лезбайға өте адал әрі оған қалтқысыз берілген. Сол себепті ол өзі ортасында жүрген жұмыр басты, екі аяқты пенделердің де адал болғанын қалайды. Бірақ Ұмсындық пен Қарғабек ит ойлаған межеден шықпаған. Қу құлқын мен нәпсінің ауанына беріліп, иесі Лезбайдың көзіне

шөп салған. Соған ашу-ызасы келген Марғау Қарғабекті талап тастайды. Алайда араққұмар, дөрекі ферма меңгерушісінің сілтеген келдегінен өзі де мертліккен. Тән азабымен қоса, жан азабын да тартты.

Бірақ өзі малын бағып, ар-намысын қорғаған екі аяқты пенделер Марғаудың ойынан шықпады. Төс қағыстырып, қайтадан татуласты. Арақ ішіп, барқырап ән айтып, тіпті, мазасыз, қабаған ақтұмсық, қара итті мылтықпен атып, біржолата көзін құртутуралы кеңеседі. Сондықтан ақылды ит Марғау осындай бәтуасыз, берекесіз, шала бурыл мас адамдардың арасында өзін артық сезінді. Ендігі жерде жамбасы сынып, мертліккен шалажансар ит адамдардың ортасында өзіне орын жоқ екенін білді.

Әрине, жақсы ит өлімтігін көрсетпейді. Соны жөн көрген Марғау біржолата көзден ғайып болды.

Сыншы Ә.Бөпежанова Д.Исабековтің “Тіршілік” және “Сүйекші” повестеріндегі трагизмнің табиғаты туралы айтқанда: “Адамдар тағдырындағы трагизм – арман-мұрат пен кешкен ғұмыр арасындағы, адамның өз еркінен тыс шығып жатар сәйкессіздік, адам баласының “жатыр түнек пен көр түнек арасында” (А.Сүлейменов) шырқырап жүріп бастан өткеретін азабы – әдебиеттің ұлы сюжеті дегенге қол қояр болсақ, бұл сюжетті шығармашылығыныңкөк өзек идеясына айналдыру – жазушының жазушысының ғана қолынан келер шаруасы “ /б/ – деп жазады.

Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, “Ашу” повесінің кейіпкеріЛезбайдың да қағанағы қарқ, сағанағы сарқ емес. С.Шаймерденов оның ішкі жан дүниесіне тереңдеп енбегенімен, Лезбайдың тағдыр – талайын қоғамдық өмір мен жеке тұрмыста қатар алып сипаттайды.

Ол – жаратылысынан қарапайым әрі момын. Ортаның бір отар қойын баққанға міндетсіп, шаруашы-лық басшыларынан сый-сияпат, орден дәметіп, атақ-даңқ құған адам емес. Баққан қойына, орташа, қоңырқай тірлігіне риза. Бірақ Лезбайдың да сырты бүтін болғанымен, іші түтін. Олай дейтініміз, момын қойшының тағдыр-талайы “кемелденген” социализмнің қағаз жүзінде қол жеткізген табыстарына тоқмейілсіп, тоқыраған кезеңіне тап келген. Ал шындығы аз, дабыра-даңғаза ұраны көп қоғамда әділдік пен адамгершіліктің болмайтыны бесенеден белгілі. Барға қанағатшыл, тәубешіл Лезбай ферма меңгерушісінің орден алу, мақтау мен марапат туралы көпірме сөзіне онша еліге қоймайды. “Жүз бас қойдан жүз елу, тіпті, жүз сексен бас қозы алу керек” – деген Қарғабектің сөзінен қоймайды. Малдың жазғы өрісін, қыста жайлайтын қыстауын, жалпы қойдың жай-күйін жақсы білетін шопан дақпырты, алып-қашпа лақабы көп, өтірікті шындай, ақсақты дыңдай етіп жеткізетін бөспелікті тіптен жақтырмайды. Сондықтан не асырмай, не жасырмай, шындықтышындық күйінде қабылдайтын малшы - кейіпкер лепірме Қарғабекке деген жауабы да дайын:

“– Қалай ала алам? Жаздың ыстық-суығы бар, қыстың қалың жауған қары, көк тайғағы бар. Мал іш тастамай тұрмайды. Өлім-жітімі, ит-құсы тағы болады. Қалай алам сонда?

- Жұрт қалай алады?

- Оны менен сұрамай-ақ қой, Қарғабек. Жұрттың қалай алатынын сен де білесің, мен де білемін. Өйтіп көрсеткішке ие болмай-ақ қойдым” (II, 197 б.).

Хикаяда малшының көрсеткіші туралы әпсана мұнымен аяқталмайды. Қарғабек бастықтың көлеңкесі сияқты қасынан бір елі қалмайтын Баспай мен Таспайқостанайлық бір белсенді қыздың мал басын алпыс миллионға жеткізу туралы ұранын еске алады. Сөзге, уәдеге бай, ұраншыл, айғайшыл Қарғабек:

“– Қызда айып жоқ. Еш есепке сүйенбесе де, ұран тастады. “Алпыс миллион !”– деп айғайлап жүріп, үкімет талап еткен елу миллионға шығарсақ, бірдеңеміз кете ме?

Лезбай шоқша сақалын қайырып апарып, ерніне жымқырды. Ашуланған секілді.

- Түсінбеймін. Бұрын арық айтып, семіз шыққанға не жетсін деуші еді. Сендердікі басқаша. Семіз айтасыңдар да, арық шығарасыңдар”.

Өмір құбылыстарына, қоғамдық іске, қой шаруашылығының қыр-сырына шындық тұрғысынан қарау, сөйтіп, алды-артын бажайлап отыру – Лезбай қойшының қанына сіңген әдеті.

Оның арық айтып, семіз шығуды бар жан-тәнімен қорғайтыны кеңес үкіметінің “тоқырау”

кезеңінің тоғышар өкілі – Қарғабек пікіріне қарсы болатыны да сондықтан.

Әрине, кез-келген адамның тұрмыс-тіршілігі өмір сүрген уақытқа, қоғамдық-әлеуметтік жай-жағдайларға тікелей байланысты. Бірақ сол қоғамдық орта қалыптастырған тәртіпке, жүйеге, жағдайларға онша илікпейтін адамдар да болады. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, Лезбай күрескер қаһарман емес. Бірақ оның шопандарды басқару – отарларды аралап, ет жеп, арақ ішу деп ойлайтын ферма меңгерушісі Қарғабекке, кішігірім бастықтың өзін-өзі, малшыны, қоғамды да алдайтын жалған ақпар беруге үйірлігіне, яғни, көзбояушылығына кереғар, қайшы келуі үңгір түбіндегі шырақ-сәуледей әсер етеді. Айналасына үміт, шапағат нұрын шашады.

Сондай-ақ, Лезбайдың көп реттерде жеке тұрмыста ұстанған ұстанымы, қойшы өміріне деген көзқарасы, тіпті, иті Марғау туралы ойлары екінші әйелі Ұмсындықпен шәлкем-шалыс келіп жатады. Біріншіден, Лезбай мен Ұмсындықтың арасында біраз жас айырмашылығы бар, екіншіден, екеуінің өмір құбылыстарына деген көзқарасы да әрқалай. Бақташы алғашқы әйелі Айғанмен талай жылдар бірге түтін түтетіп, бала өсіріп, саналы ғұмырын, бойындағы бар күш-қуатын мал үшін сарп етсе, алғашқы күйеуінен ажырасқан Ұмсындық – көркем өнерпаздар үйірмесінің құрамында ауыл-ауылды аралап, ән салып, артынан “сөз ерген” жеңіл мінезді әйел. Бірақ ауру қалғанмен, әдет қалмаған. Ол қойшыға тұрмысқа шыққаннан кейін де, бұрынғы көңілдегі Қарғабектен қол үзбеген. Ырду-дырдуы көп, мағынасыз тірлігін жалғастыра берген. Ұмсындықтың бұл қылығы қойшының адал көмекшісі, сенімді серігі Марғау иттің ашу-ызасын келтірді. Мертігуіне себепкер болды.

Алғаш рет қосылу туралы сөз болғанда Ұмсындықтың: “– Сол екен ғой араға Қарғабекті жеңгетай-лыққа салып жүргенің” – деген сөзінен көңіліне дық алып, қатты тіксінген қойшы күдігін Марғаудың мертiгy күшейте түскен. Асылы, Лезбай момын адам. Бірақ оның момындығы ынжықтыққа немесе бойкүйездiкке жатпайды. Ол – өзінің адамдық арнамысын қорғауға келгенде қаһарланып, қайратына міне алатын қайсар да табанды тұлға. Ақыры ол Ұмсындықтың адамдық арын, еркектік намысын аяқ асты етіп, көзіне шөп салғанын кешіре алмаған. Әйелді көңілдегі Қарғабекпен қосып үйден қуып шығуға мәжбүр болды.

С.Шаймерденовтің сипаттауындағы Ұмсындық: “...Әсіресе көзі керемет. Иек бітімі дөңгеленіп келген атжақты өңіне кейде тереңде жатқан алыс бір күлкінің ізін білдіріп, үлкен қара көзін төңкеріп тастайтыны бар” ажарлы да қылықты әйел. Мінезі жаман емес. Оның үстіне, малшының өлген әйелі Айғанға әріден қосылатын туыстығы бар. Ол Лезбайдыңкәмелетті жасқа толмаған жас балаларына таяныш болған. Туған анасындай емешегі үзіліп тұрмағанымен, оларды мезгілінде тамақтандырып, үсті-басын таза ұстайды. Үй шаруасына ұсынақты.

Дегенмен, Ұмсындық жеке өмірде жолы болмаған әйел. Қыздай қосылғанқосағымен көп отаса алмаған. Жалғыздықтан алағызған көңілін алдандырып, жеке тұрмысын ажарландыратын баласы да жоқ. Қыдырымпаз, араққұмар Қарғабекпен арадағы байланысының болашағы жоқ. Ол малшы Лезбайға сүйіп қосылмаған. Қойшының қалада тұратын ең үлкен баласы Қанаттың сөзімен айтқанда: “Ол Лезбайға малы мен дүниесі үшін” тұрмысқа шыққан. Бірақ одан да опа таппаған. Ақыры айрылысып тынды.

“Ашу” повесіндегі Ұмсындыққа ұқсас кейіпкердің бірі – Қарғабек. Ол ферма меңгерушісі. Десе де, қоғамдық іске орашалақ. Бірақ Абайша айтқанда “Аузы орақ орған” сөзуар, көп мылжыңның бірі. Қарауындағы малшы қауымына жасаған басшылығы, жақсылығы да жаз айларында, күннің ашық, жары-ғында отар-отарды аралап, ет жеп, арақ ішуден әріге кетпейді.

Бірақ сөзге, уәдеге бай, нақты іске шорқақ – Қарғабек тоқырау кезеңінің адамы. Ол көбіне асығыс ойлап, асыра сілтеуге үйір. Ферманың ортақ қазынаға қосатын ет пен жүн туралы, айлық, тоқсандық, жылдық жоспары бойынша өзіндік пәлсафасы, көзқарасы да бар. Оның ойынша, заманның ағымы мен ұранына орай, жеке шопанның немесе жекелеген

шаруашылықтың мемлекет алдындағы міндеттемесі іс жүзінде емес, әсіресе, қағаз жүзінде жазылып тұруы керек. Өйткені, тоқырау кезеңінің талабы солай. Сондықтан жалаң сөзге үйір Қарғабек – өзін, қала берді өзгені де алдап жүрген нағыз көзбояушы. Ақыры өтірігі, көпті алдаған көзбояушылығы ферма меңгерушісінің түбіне жетіп, орнынан алынуға әсер еткен.

Сондай-ақ, Қарғабек орталықтан жырақ ауылда ел басқарып жүргенімен, ой-өрісі тар кісі. Оның ой-санасының кеңістігі мен көкжиегі мал өрісінен әріге аспай жатады. Және де, қарауындағы жұртты өз айтқанына еліктіріп әкететіндей сөздік қоры да мол емес. Мәселен, Қарғабек Лезбай қойшының отарына бірінші келгенде, екінші рет келгенде де:

“– Мына бала – құда бала, мына бала – жиен. Екеуі де Алматыда оқиды. Ауылға келген екен, жайлауы-мызды көріңдер деп әдейі алып шықтым”, – деп айтыла-айтыла жауыр болған жаттанды сөзінен бір танбайды.

Қорыта айтқанда, көрнекті қаламгер С.Шаймерденовтің “Ашу” повесі ит өмірін, ит тағдырын, яғни, Марғаудың іс-әрекеті мен ішкі жан дүниесін сипаттау арқылы есті иттің еңбек адамының өмірінен алатын орнын анық ашып көрсеткен елеулі шығарма. Сондай-ақ, бұл көркем туындыда Марғау иттің алғашқы бейбіт, жарқын өмірінің күңгірт тартып, өзін қоршаған адами ортасынан түңілуі және оның тағдырын-дағы бұл өзгерістердің басты себебі адамдардың опасыздығы, қараулығы мен арсыздығында екендігі жазушыға тән шеберлікпен суреттелген.

1 Қирабаев С. Марғау. // Қазақ әдебиеті, 1975, N52, 26 декабрь.

2 Бердібаев Р. Сырлы суреткер. // Жалын, 1982, N7, -179 б.

3 Мағауин М. Екі томдық таңдамалы шығармалар. II том – А., Жазушы, 1990. – 137 б.

4 Бабалықұлы Ж., Тұрдыбаев А. Саят. – А., Қайнар, 1989. -122 б.

5 Кудряшев Н. О жизни и произведениях Л.Н. Толстого. // Толстой Л. Рассказы. – М.: Детская литература, 1970. – 114 с.

6 Бөпежанова Ә. Болмыспен бетпе-бет. // Егемен Қазақстан. 2002, N 243, 16 қазан. – 3 б.

ӘОЖ 821.512.122.06

С.Асылбекұлы –

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің доценті, филология ғылымдарының докторы

О.БӨКЕЕВ ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ ПОЭТИКАСЫ

Түйіндеме: Бұл мақалада дарынды қазақ жазушысы О.Бөкеев әңгімелерінің негізгі тақырыптарымен, өзекті идеяларымен қатар олардың поэтикалық ерекшеліктері талданады. Автор аталған жазушының прозасын жан-жақты зерттеу барысында қазіргі модернизм мен постмодернизмінің бастауында жазба әдебиетіміздегі романтикалық ағымның жарқын өкілі болып табылатын О.Бөкеев әңгімелерінің тұрғанын нақтылы мысалдар арқылы дәлелдейді.

Тірек сөздер: әңгіме, романтизм, модернизм, постмодернизм.

Аннотация: В этой статье наряду с основными темами и идеями анализируются поэтические особенности рассказов талантливого казахского писателя Оралхана Букеева. Автор, исследуя прозу данного прозаика, приходит к выводу, что в начале казахского модернизма и постмодернизма находятся рассказы О.Букеева, который является ярким представителем романтического направления национальной письменной литературы.

Ключевые слова: рассказ, романтизм, модернизм, постмодернизм.

Abstract: In this article together with the main themes and ideas it is analyzed the poetical specialties of the stories of the talented kazakh writer Oralhan Bukyev. By studying the prose of this prosaist, the author concludes that the kazakh modernism and postmodernism begins from the stories of O.Bukyev, who is the exact representative of the romantic direction of the national written literature.

Key words: story, romanticism, modernism, postmodernism.

Қаһарлы 1943 жылдың 28-ші қыркүйегінде қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Катонқарағай ауданының Шыңғыстай ауылында дүние есігін ашып, 1993 жылы Үндістанда

сапарда жүрген кезінде қайтыс болып, Алматыда жерленген Оралхан Бөкеев бұл жарық дүниеде бар болғаны елуге жетер жетпес жыл ғұмыр кешсе де, артына мол әдеби мұра қалдырды. 1969 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін сырттай оқып бітірген ол 1965-1968 жылдары Шығыс Қазақстан облысының Большенарым аудандық «Еңбек туы» газетінде корректор, аудармашы, редактордың орынбасары, Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» газетінде әдеби қызметкер, 1968-1974 жылдары республикалық «Лениншіл жас» газетінде, 1974-1983 жылдары «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі, 1983-1993 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде бас редактордың орынбасары, бас редактор болып қызмет етті. Артында «Қамшыгер» (1970), «Үркер» (1971), «Қайдасың, қасқа құлыным» (1973), «Мұзтау» (1976), «Ән салады шағылдар» (1978), «Үркер ауып барады» (1981), «Біздің жақта қыс ұзақ» (1984), «Ұйқым келмейді» (1990) атты әңгімелер мен повестер жинақтары, «Өз отыңды өшірме» романы (1983), «Құлыным менің» (1987) деп аталатын пьесалар жинағы қалды. О.Бөкеевтің шығармалары бойынша «Кісікік» (режиссері – М.Смағұлов, 1985), «Сайтан көпір» (режиссері – Д.Манабаев, 1986) көркем фильмдері түсіріліп, «Кербұғы» әңгімесінің желісі бойынша балет-спектакль (балетмейстері – Б.Аюханов, 1986) қойылды. Оның шығармалары бірқатар шет ел тілдеріне аударылды. Бұл – осы бір шығармашылық тұлғаның өз өмірін тынымсыз еңбекпен, ұдайы ізденіспен өткізгенінің айқын, бұлтартпас дәлелі болса керек.

О.Бөкеев өзінің кіндік қаны тамған Алтай өлкесінің қайталанбас жыршыларының бірі болатын. Ол қазақ прозасына Сонау Сұлтанмахмұт пен Мағжандардан, Саттар Ерубәев пен Баубек Бұлқышевтардан кейін көмескілене бастаған романтизмді қайта алып келді. Шығармаларында реализмнің біраз белгілері болғанына қарамастан ол өзінің кейіпкерлерінің жан дүниесін ашуда да, авторлық баяндау тәсілдерінде де, сюжеттегі тартыстарды құру машығында да, тіпті адам портреттерін сомдауы мен табиғатты суреттеуінде де негізінен романтик болып қалды. Сондықтан да ол бейнелеген Алтай тауларының қарлы шыңдары мен ол суреттеген персонаждардың ішкі рухынан бастап сыртқы кейіптеріне дейін – бәрі-бәрінен асқақтық пен паңдықтың, өрліктің лебі есіп тұрады. Сондықтан да оның кейбір шығармаларындағы тартыстар мен коллизиялар тосындығымен, кейде кісінің ақылына сыя бермейтін кілт бұрылыстарымен есте қалады. Оралханның ең таңдаулы әңгімелерінің қатарына жатқызуға болатын оның «Қамшыгер», «Ұйқым келмейді», «Бура», «Кербұғы», «Ардақ», «Қасқыр ұлыған түнде», «Жылымық», «Аспирант қыздың тракторшы жігіті» деп аталатын шығармаларынан жоғарыда біз атап өткен осы тектес көркемдік ерекшеліктер айқын байқалады.

«Ай астында қан жылап жетімсіреген қараша үй қалды; қара жамылған жесір әйелдің мұңлықты басы қалды.

Ай астында марғауланып ер мен елдің осыншама еркелігін, осыншама қасіретін мамырстан кеудесіне сыйғызып, қазақтың күреңселі даласы жатты.

Түйетастың аңғарынан аңырап жел соғып тұр. Атты кісіні аударып түсіретін қызыл еспе, ерніңді сортаңдатып сорып, кебірсітіп тастайтын қызыл еспе. Екі жағы найзадай шаншылған, тіп-тік жалтыр көк тасты құздың ортасы ашамайланып, шыңырау шат боп біткен-ді. Шатқалдың дәл тереңдей жеткен табанында салба-салба самырсындар бар. Самырсындар ақ көбігі аспанға атылған Шарықтыбұлақтың екі жағалауын қуалай өскен. Әлгі аңызақ өкпек жел осы ұңғыны өзектей кеп, осынау шаттың бітер аузына кептеле шөгіп қалған қара тасқа бар пәрменімен соғылысатын/1,315/. Бұл – О.Бөкеевтің ең алғашқы әңгімелерінің бірі «Қамшыгерден» алынған үзінді.

Неге ай астындағы қараша үй қан жылып, жетімсіреп қалды? Өйткені дәл осы кеште әлгі ай астында қоңырайып жалғыз қалған үйдің отағасысы, асыраушысы Садақбай қамшыгер барымтадан алған ауыр жарақаттан қайтыс болған еді. Сондықтан да еді ғой жесір қалған Қамқаның мұңданып, қара жамыла-тыны, Түйетастың аңғарынан аңырап қызыл еспе желдің соғатыны, шатқалды екі жағынан қоршап алған жақпар тастардың кісіні еріксіз тіксіндіріп,

суық қарауытатыны.

Жалпы, О.Бөкеев әңгімелерінің көпшілігінің басты кейіпкерлері («Қамшыгердегі» Садақбай, «Ардақ-тағы» Ардақ, «Ұйқым келмейдідегі» Жеңісхан, Бақыт, т.б.) өмірден өгейшілік көрген, томаға тұйық, оқшау жандар болып келеді. Сондықтан да олар көбінесе өзді өзімен сырласып, мұңдасады, өзді өзімен бәсекеге түсіп айтысады. Осыдан болар жазушы Оралхан сыртқы дүниеден гөрі өз кейіпкерлерінің жан дүниесіне тереңдеп үңіледі, сюжеттік тартыстар мен коллизияларды солардың жан дүниесінде тынымсыз жүріп жататын психологиялық арпалыстардан табады. Бұл – романтикалықәдеби ағымға тән белгілер.

Психологическое состояние персонажа передано Толстым путем тщательного подбора названных зрительных впечатлений, в самой последовательности которых заключен глубокий смысл. Рождение нового знания в Левине обозначено двумя сложными синтаксическими конструкциями, начинающимися союзом «и», который обозначает непрерывность зрительного восприятия: *«И в том спокойствии, с которым она протянула... руку... и познакомила... и указала... и Левин чувствовал... и ему стало легко и приятно...»* (8, т.8, 288-289). В данном контексте многократное повторение сочинительного союза «и» приобретает дополнительный смысл. Автор показывает рождение внутреннего духовного взаимопонимания, возникшее между Левиным и Анной.

Оценка Левиным портрета Анны («я не видал лучше портрета») сравнивается с тем, как оценивают его Стива Облонский («необыкновенно хорош») и Воркуев («необыкновенно похож»). Мысль Левина и мнение Анны, что в копировании природы нет поэзии, в высшей степени оказывается созвучно: *«Я смеюсь, - сказала она, - как смеешься, когда увидишь очень похожий портрет»* (8, т.8, 290).

Все, что делает Анна имеет непосредственное отношение к Левиному, и писатель пытается об этом напоминать читателю: *«перевела свой взгляд с Левина на брата; ...взглянув на Левина, просительно-робко взглянула на Левина; ...обращаясь по внешности к брату, но, очевидно, только к Левину...»* (8, т.8, 291). Когда Анна признается Левиному в бессмысленности своего теперешнего положения, он открыл еще одну новую её черту - правдивость. Тяжелые нравственные переживания оставили след на внешности Анны, что отразилось на ее лице, которое *«вдруг приняв строгое выражение, как бы окаменело»* (8, т.8, 292). Статичность черт лица Анны Левин воспринимает как форму проявления ее духовной сосредоточенности. Такое выражение её лица кажется ему «еще красивее, чем прежде». Неподвижность мимики объясняется Левиным как страница невысказанных страданий героини, как временная остановка перед грядущей катастрофой, которая вызревает из динамики сюжетного движения.

Правдивость Анны, открытая Левиным, рождает в нем самом неизвестное до этого чувство «нежности и жалости» к ней, что позволило ему предположить, что «Вронский не вполне понимает её». Так через Левина писатель возвращает нас к началу истории с портретом Анны и слова о Христе и Пилате, сказанные в тот день Анной, обретают новый смысл. Толстой показывает процесс превращения зрительных образов в чувство и мысль персонажа, живая динамика восприятия Левиным итальянского портрета Анны не только продолжает процесс «портретирования» героини, существенно корректируя его образ.

В романе Л.Н. Толстого «Анна Каренина» изображение внешнего облика персонажа выполняет важную функцию в структуре повествования. Как развернутое описание облика героя, так и созданный двумя-тремя словами «эскиз» его внешности, несут важную информацию о сложнейших динамических связях, существующих между автором, повествователем и системой образов-персонажей. В структуру визуального образа, передающего впечатления персонажа, Толстой-художник закладывает информацию о характере героя, определяя его место в системе образов и общей композиции произведения. Портретные изображения оказываются тесно связанными с романным повествованием: из них складываются узловые в смысловом отношении сцены и эпизоды.

Анализ художественных форм портрета в романе Л.Н. Толстого «Анна Каренина» свидетельствует о том, что многие визуальные образы героев романа созданы автором в расчете на активность читательских ассоциаций, включающих в себя различные способы интерпретации художественного текста, в том числе и живописный контекст, который, безусловно, расширяет смысловое поле образа и всего произведения в целом. Портретная характеристика героев постепенно «освобождается» от выполнения чисто служебной «описательной», репрезентативной роли и становится наряду с другими элементами художественной структуры конструктивным элементом повествования, несущим в себе знание о жанровой модификации произведения.

1 Шаталов С.Е. Художественный мир И.С. Тургенева. – М., 1979. -98с.

2 Храпченко М.Б. Лев Толстой как художник. – М., 1965. -186с.

3 Страхов И.С. Психологический анализ в литературном творчестве: Учебное пособие. Ч.1. - Саратов, 1973. -178с.

4 Бабаев Э.Г. Очерки эстетики и творчества Л.Н.Толстого. – М., 1981. -141с.

5 Чудаков А.П. Предметный мир Достоевского // Достоевский. Материалы и исследования. – М., 1980.

6 Абдигазилулы Б. Гражданский пафос произведений Шакарима // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия филологическая. №1 (43). 2013. – С. 66-68.

7 Гудзий Н.К. Лев Толстой. Краткий биографический очерк. – М., 1960. Мышковская Л.М. Мастерство Л.Н.Толстого. – М., 1968. Ковалев В.А. Поэтика Льва Толстого. – М., 1983.

8 Толстой Л.Н. Анна Каренина // Полн.собр.соч: в 12 т. Т.7, Т. 8. –М., 1987. -56 с.

УДК 821.512.122

Ә.Д. Әміренов –

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, филология ғылымдарының кандидаты, доцент,

Г.Ә. Сағынаева – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің PhD докторанты

ТӘУЕЛСІЗДІК АҢСАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ

Түйіндеме: Мақалада XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасыр басындағы қазақ қоғамын отаршылдық езгіден құтқару, елдің тәуелсіздігі үшін күресі идеясын көркемдік оймен жеткізген қазақ халқының азаттық аңсарын ашып берген поэзиясы әдеби-тарихи үдеріс тұрғысынан зерделенеді. Қазақ ақындарының отаршылдыққа қарсы туындаған ағартушылық идеясы егеменді еліміздің қазіргі ұстанып отырған бағдарымен ұштасып, жалғасуда. Адамдардың бойындағы имандылық, рухани тазалық, ұлттық мақтаныш, замана көшінен қалмай, алға қарай ілгерлеу, әлемдік дамудың озық жетістіктерін меңзеу, білім берудің жаңа сапасын жетілдіру сияқты т.б.мәселелер бүгінгі күні де өзектілігі қарастырылған.

Кілт сөздер: Тәуелсіздік, поэзия, ақын, билік, ағартушылық, имандылық, білім, әлемдік даму,

Аннотация: В статье исследуется поэзия второй половины XIX и первой половины XX века об освобождении казахского общества от колониаторского режима, идеи борьбы за независимость народа с позиции литературно-исторического процесса. Просветительская роль поэзии, казахских поэтов тесно переплетается с идеями современности. Рассматриваются духовность человека, душевная чистота, национальная гордость, улучшение качества образования, конкурентоспособность, способность человека развиваться, осваивать передовые технологии, и другие актуальные проблемы

современности.

Ключевые слова: независимость, поэзия, поэт, власть, просветительство, духовность, образование, мировое развитие.

Abstract:The paper investigates the poetry of the second half and the early twentieth century and in which poetically reflected idea of liberation of the Kazakh society from the totalitarian regime, the people's struggle for independence and common dreams about freedom of Kazakhs from the position of literary-historical process. Educational role of poetry, Kazakh poets closely intertwined with ideas of modernity. They consider a person's spirituality, spiritual purity, national pride, improving education quality, competitive pricing, a person's ability to develop, mastering advanced technology, and other topical issues of the day.

Keywords: Independence, poetry, poet, government, education, spirituality, education, global development

Қазақ елі билік, шаруашылық, рухани тәуелділіктен арылып, бүтіндей тәуелсіз жеке мемлекеттік мәртебеге ие болғанына да көп бола қойған жоқ. Бары-жоғы жиырма жыл ғана. Осы аз ғана жылдың өзінде өткендеріміздің үш ғасыр бойы бодандықта жүріп аңсаған егемендік аңсарының ірге тасы мықтап бекіді: еліміз болашағынан үлкен үміт күттіретін әлем елдерінің санатына қосылып, экономикалық әлеуеті жоғары елге айнала бастады; мемлекеттік саяси-экономикалық бағдарламалары мен жоспарлары тұрғысынан болсын, тағыда басқа алуан салаларымен болсын, әлем жұртшылығының назарына іліккен, қызығушылығын туғызған, ешкімге жалтақтамай өзіндік даму – Қазақстандық даму үлгісін көрсеткен мемлекет болды; еліміздің ұйтқы болуымен жер жаһандық деңгейде өтіп жатқан әртүрлі саммиттер, конференциялар, форумдар, спорттық жарыстар Қазақстанның әлемдік аренадағы беделін арттыруда; елдің әлеуметтік -экономикалық дамуы күн санап артып, халықтың тұрмыс деңгейі, тыныс-тіршілігі Орталық Азия елдерінің ішінде алдыңғы қатарға шықты. Ендігі мақсат – осы азат елдің көтерілген шаңырағын қисайтпай, биікке көтеріп, тіктеп ұстап, жаһандану толқынында жұтылып кетпей бүкіл саяси, экономикалық, рухани, мәдени, болмыс-бітімімізбен әлемдік заманауи дамудың алдыңғы қатарынан көріну. Бұл – Қазақ елінің алдына қойған перспективалы стратегиялық бағдары.

Тәуелсіздіктің оңай жолмен келмегені айтылып та, жазылып та жүр. Үлкен, қомақты ғылыми зерттеулер де жоқ емес. Дегенмен де, қазірде тілімізде жиі қолданылып жүрген «азаттық», «тәуелсіздік», «егемендік» сияқты аталымдардың тарихи-саяси мәнін, ұрпақ санасын сіңдіру үшін өткендегі тарихи жадымызға қайта-қайта үңілгеніміз артық болмас. Тек қасаң фактілерге сүйенетін тарихи хронологиямен ғана шектелмей (өкінішке орай көптеген зерттеулер осы тұрғыдан қарастырылуда Ә.Ә), тәуелсіздік аңсардың мақсат-мүддесін, арман-тілегін бүтіндей ашып беретін рухани мәдениетімізбен, көркемдік ойдың құндылықтарымен байланыстыра терең талдап зерделегенде ғана тарихты дұрыс түсінуге болатынын байқатады. Әдебиеттанушы С.Қирабаевтің сөзімен айтсақ: «Қазақтың рухани мәдениетінің ең үлкен бір бөлігі – оның көркем әдебиеті. Ол – халық тарихының бейнелеу жолымен жасалған көркем шежіресі. Халық басынан өткен деректі оқиғалар, оларға қатысқан тарихи тұлғалар туралы мәліметтер тарихпен бірге әдебиет бетінде де көп сақталған» [1,3]. Яғни, мәселені әдеби-тарихи процесс тұрғысынан зерделесек, тәуелсіздіктің тарихи, саяси мәнін, халқымыздың азаттық аңсарын толық ашып береміз.

Қазіргі қазақ әдебиетінің даму жолын шолып қарасақ, әлеуметтік-қоғамдық, рухани-мәдени өмірінің туыстас халықтармен біте қайнасқан VIII –XIV ғасырлардағы жалпытүркілік ортақ әдебиеттен бастап, XV-XVII ғасырлардағы қазақтың ұлт болып қалыптасып, дербес мемлекетке ие болған тұстағы поэзиясы, XVIII-XIX ғасырдағы ұлттық тәуелсіздік, отаршылдық зардабы тақырыбындағы поэзия, XX ғасыр басындағы отаршылдық езгіден құтқару, елдің тәуелсіздігі үшін күресі идеясын батыл көтерген поэзия, кеңестік кезеңдегі әпербақан саясаттың ығына жығылған «қып-қызыл идеядағы», тәуелсіздік санадан жүрдай болған әдебиет деп қысқаша тұжырымдауға да болады. Осы санамалап өткен кездердегі әдебиеттің идеялық-мазмұндық, көркемдік жағынан дамуына әсер еткен қоғамдық тарихи-саяси

жағдай болды.

Ал тәуелсіздік, елшілдік, әлеуметшілдік сарындағы поэзияның тақырыптық-идеялық жағынан жаңда-нуы ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы әдебиетте көрініс тапты. Бұл жөнінде М.Әуезов былай дейді: «ХІХ ғасырдан бастап қазақтың жазба әдебиеті әлеумет халін ұғып, ел қамын жоқтауға кіріседі. Өлең бұрынғыша қызық, сауық сияқты ермек емес, қауым қызметін атқара бастайды. Елдің саяси пікірі мен тілек, мақсат, мұң, зар сияқты сезімдердің басын қосып, жаңадан ой негізін, салт-санасын құрай бастайды. Бұл уақытқа шейін болмаған әлеуметшілдік сарыны, азаматтық нысанасы шығады» [2,194-195]. Яғни ұлттық намыстың тапталып, халықтың тыныс-тіршілігінің тарылып, биліктің, ата қоныстың, қазына-байлықтың, діннің, тілдің, жалпы алғанда діліңмен қоса бүтіндей орыс боданды-ғына беріліп, орыс патшалығына тәуелді болып отарланған осы тұстағы қазақ поэзиясы тарихи оқиғалар-ды, өмірлік фактілерді негізге ала отырып, көркемдік ой үлгісінде ащы ыза, улы зармен запыран болып төгілді, кейін елшілдік ұранына айналып, көкейден азаттықты аңсаған жыр болып ағылды.

Қазақ еліне жүргізілген отаршылдық нәубәті жоспарлы түрде жасалып, біртіндеп сыналай еніп, өз нәтижесін берді. Алдымен қазақ сахарасындағы бұрыннан басқарылып келе жатқан дәстүрлі хандық билік жойылды. «1822-1867 жылдар аралығында хандық жойылып, аға сұлтандық ел билеу жүйесі енген соң, қазақ жерін «бөлшекте де билей бер» дейтін отаршылдық принцип негізінде көптеген әкімшілік территорияларға жіктелді. Бұл тұста ру басыларын бір-біріне айдап салып, отаршылдық саясатын оңай жүзеге асырды...» [3,73]. Патша әкімшілік жүйесінің отаршылдық пиғылдағы бұйрығын орындататын ел ішіндегі басқарушылары аға сұлтан, болыс, старшын, билер еді. Патша шенеуніктерінің айдауымен қазақ ішіне ірткі салып, елді бұзған да осылар болды.

Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінекей бұзған жоқ па елдің сиқын,
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың [4, 28].

Абайдың бұл айтып отырғаны тарихи шындық, қазақ даласының тұтастығы бұзылып, болыс-болысқа бөлініп, сол болысты басқарып отырған қолдарында билігі жоқ «өңкей қиқымдардың» орыс билігінің ықпалында кетіп, елдің берекесін кетіріп, сиқын қашырғанын ақын ішінен шер боп ақтарылған көркемдік оймен жеткізіп отыр. Бұларға қолымен от көсетіп, өз халқына айдап салып отырған аяр саясаттың азғырушысы орыс ұлығының да жымысқы әрекетін ақын:

Орыс айтты өзіңе ерік берем деп,
Кімді сүйіп сайласаң бек көрем деп.
Бұзылмаса оған ел түзелген жоқ,
Ұлық жүр бұл ісіңді кек көрем деп [4, 26], - деп ашып береді.

Елдің іргесін сөгіп, бірлігін тайдырып, бір –біріне алауыз қылып («Алыс-жақын қазақтың бәрі қаңғып, Аямай бірін-бірі жүр ғой аңдып»), тіпті ағайын-туыс арасына от қойып («Атаны бала аңдиды, ағаны – іні, Ит қорлық немене екен сөйткен күні») отаршылдық қамытын мойнына ілдіріп мақсатына жеткен орыс отаршылдық пиғылы мен солардың сойылын соғып өз халқын құрдымға түсірген ел билеушілерінің ессіз қылығын ақын астарлы оймен жеткізеді:

Ел бұзылса салады шайтан өрмек,
Періште төменшектеп қайғы жемек.
Өзімнің иттігімнен болды демей,
Жеңді ғой деп шайтанға болар көмек [4, 24].

Осындағы «шайтан», «періште» деген бейнелі сөздерде терең астарлы мағана жатыр. Діни ұғымда екеуі бір-біріне қарама-қарсы мәндегі сөздер. Періште күнәсіз, пәк, адал субстанция және ол үнемі жақсылық жағымен көрінеді, ал шайтан керісінше қара ниетті,

азғырушы жағымен мәлім. Бұл көркем бейнедегі «шайтан» – отарлаушылар болса, «періште» – отарланғандар. Шайтанға көмек берушілер – отарлаушылардың жаңдайшаптары ел басқарушылар.

Биліктен айырылып, екі жақты қанауға түсіп, берекесі кеткен елді ақын шөлге теңейді:

Берекесі кеткен ел –
Суы ашыған батпақ көл.
Құс қаңқылдап, жағалап,
Сұлай алмас жазғы төл.
Оның суын ішкен мал,
Тышқақ тиіп аспас бел.
Көл деп оны кім жайлар,
Суы құрсын, ол – бір шөл [4, 91].

Ақын бұл жерде елді балама символ ретінде шөлге теңеп отыр. Яғни, суы бітіп шөл боп құрып бара жатқан көл – тоз-тозы шығып, құлдық қамытын мойнына ілген, басшысыз қалған берекесіз ел болса, шалқар көл – билік, шаруашылық, мәдени-рухани жағынан жетілген, өз билігі өз қолында тәуелсіз, берекелі ел:

Берекелі болса ел –
Жағасы жайлау ол бір көл.
Жапырағы жайқалып,
Бұлғақтайды соқса жел.
Жан-жағынан күркіреп,
Құйып жатса аққан сел.
Оның малы өзгеден,
Өзгеше боп өсер тел.

Таза қазақи танымдағы ел көрінісі, көшпенді елдің шаруашылық тұрмыс-тіршілігі, бүтін болымысы арқыл ақын берекесі кеткен ел (отарланған) мен берекелі (тәуелсіз) елдің көрінісін қатар суреттей отырып көрсетеді. Айналасында жапырағы жайқалған жасыл орманды, жан-жағынан күркіреп ағып құйып жатқан мөлдір бұлағы бар шалқар көлдің жағасында, көк майсалы шөбі шүйгін жайлауда тойынып өскен төрт түлік малдың тел өсуі – байлықтың, дәулеттің нышаны, тал басын тербелтіп бұлғақтай соққан жел – тыныштықтың, бейбітшіліктің белгісі. Ақын аңсарындағы тәуелсіздік міне осы - әсем табиғат аясында алаңсыз еңбек етіп, мамыржай тіршілік еткен азат ел. Мұндай елді басқару да кім көрінгеннің қолынан келетін іс емес:

Көп шуылдақ не табар,
Билемесе бір кемел? -

деген риторикалық сауал тастайды ақын. Негізінен «кемел» араб тілінен енген кірме сөз. Түсіндірме сөздікте «Кемел – әбден толып жетілген, өскен, ер жеткен. Асқан шебер, жетік, алғыр» [5, 382] деп көрсетілген. Бұл түсіндірме Абайдың айтып отырған «кемелін» тарқата алмайды. Абай оны діни-ахлақтық мағынада қолданған. Діни сопылық танымда *كامل* - камил сөзі ахлақтық (мінез-құлық) ұғымда қолданылады, яғни адами жетілудің әуел бастағы құдайлық жаратылыстағы деңгейінде болу, тек сыртқы (заһири) ғибадат-құлшылық жағынан ғана емес, ішкі (батини) рухани, мінез-құлықтық тұрғыдан жан-жақты толық жетілгендікті білдіреді. Адамның ішкі рухани толысуының басты көрінісі – имандылық. Ахлақтың (мінез-құлықтың) негізгі міндеттерінің бірі – елге, туған жерге, жұртқа, отанға байланысты міндеттер: «Отанды сүю де иманнан келеді. Имансыздың жүрегінде отан сүйіспеншілік болмайды. Әр адам баласы үшін, мемлекетін және елін сүю, оның бақытты болуына, дамуына тырысу міндет болады» [6, 271], деп жазылады Ғылымхалдің «Мінез-құлық» (Ахлақ) бөлімінде.

Ақынның сын тезіне түскен ел басқарушылардың барлығы әрине, отаршылдықтың «бөлшекте де билей бер» саясатының құрбандары. Мұндай атқамінерлер Абайша айтқанда

имансыздар, яғни кемел, толық адамдар емес. Ондайлардың ел басқаруы да қауіпті. Сондықтан ақын елбасшысы кемел адам болу керек дейді. Халықты артынан ертіп, елін дәулетке жеткізетін басшыны «единица» деп, ерген халқын «нөл» деп арифметикалық ұғыммен астарлайды:

Единица – жақсысы,
Ерген елі бейне нөл.
Единица нөлсіз ақ,
Өз басыңдық болар сол.
Единица кеткенде,
Не болады өңкей нөл ?
Берекеңді қашырма,
Ел тыныш болса жақсы сол [4, 91].

Расында ақынның айтатын «көп шуылдақ» нөлдің алдында кемел басшы «единица» тұрмаса, маған десе қанша нөл болса да оның арифметикалық сандық мағынасы болмайтындай, әлеуметтік ұғымдағы халықтың да басшысы кемел (единица) болмаса құрдымға кететіні анық. Абайдың тереңнен толғап, астарлап қозғап отырғаны да осы қолдан кеткен билік, сол билікті қайта қолға алу, елді кемел басшыға билету. Бірақ ақын билік тізгінін қалай қайтаруды тәпiштеп жатпайды.

Берекеңді қашырма,
Ел тыныш болса, жақсы сол.
Рас сөзге таласып,
Ақжем болма, жаным, кел [4, 92], -

деп елдің тыныштығын армандап, сол елді алға сүйрейтін, әділ билік жүргізетін кемел басшыны идеал ғып қана өтеді. Міне, ақынның тәуелсіз ел, тәуелсіз билік аңсары да осында.

Билікті қолға алған соң ендігі кезекте жер отарланды. 1968 жылғы қазақтар «Жаңа низам» деп атап кеткен «Уақытша Ереженің» 210 бабында: «Қырғыз (қазақ) көш-қоны болып табылатын жер мемлекеттік болып есептеледі, әрі қырғыздарға қоғамдық түрде пайдалануына беріледі» [7, 289], - деп жазылған. Барлық ерікті өз қолына алған патша өкіметі қазақтың атамекен, құт қонысы болған ең шұрайлы жерлерін ішкі Ресейден шұбырған қара шекпендерге таратып, қазба байлық шығатын жерлерді шетелдік өндірісшілердің қолына берді. Жергілікті халық құнарсыз, шөлейт жерлерге ығыстырылды. Өз жерінде күн көре алмаған орыс мұжықтары қазақтың шабындығы мол, сулы жерлеріне өз беттерімен орналасып қоныстанып жаппай үй салып, ауылдар тұрғыза бастады. Патша өкіметі оларға қолдау көрсетіп: «Күздік жайылым мен қыстақтар, оған жақын жердегі шабындықтар және дәл сол сияқты сонда орналасқан құдықтар мен ормандар жеке отбасылардың жеке меншігі болып табылады» [7, 290], - деп жарлық шығарады. Алайда бұрын отырықшы болмаған қазақ бұл заңның пайдасын көрмеді. Ата-бабасынан бері көшіпелі тұрмыс кешкен қазақ биліктен бір айырылса, енді шұрайлы жерінен тағы айырылды.

Мұндай жағдай: «Қазақ елінің рухани құлдық қамытын киіп, отаршылдық қысымға ұшыраудан құтылуға ұмтылу – осы кезеңдегі қазақ поэзиясының өзекті сарынын тудырмай тұра алмады. Өткен замандағы Асан Қайғы, Бұхар, Махамбет, Дулат, Шортанбай, Мұрат, бергіде Абай бастаған жаңа әулет өкілдері, кітаби ақындар туындыларындағы отаршылдыққа іштей қарсылықтан туған ортақ сарынды сезінеміз» [8], - дейді М.Мырзахметов.

Жердің отарлануы, ақындар шығармашылығының негізгі тақырыбына айналып, көкіректен шер болып ағылды. Енді ата қоныстың жаз жайлауы, күзеуі, қыстауы, өзен-көлі, тіпті ағаш, талы, топырағына дейін жат жұрттық болып кеткенін шерменде болып толғаған сахараның Батысы мен Шығысының екі ақынына құлақ түрелік :

Еділді тартып алғаны –

Етекке қолды салғаны.
Жайықты тартып алғаны –
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны –
Ойдағысы болғаны.
Маңғыстауда үш түбек,
Оны дағы алғаны.
Үргеніш пен Бұхарға,
Арбасын сүйреп барғаны,
Қоныстың бар ма қалғаны?! [9, 146]

Бұл қазақтың Батысының отарлануы. Жері тарылған, қайраны таусылған, жұртының ауыр халін жырлаған Мұрат Мөңкеұлының «Үш қиян» толғауы. «Адыра қалғыр үш қиян, Қайырсыз болған неткен жер», деп амалсыздық етеді. Жеті жұрттан қалған қоныстың, қазақ жұртына құтты мекен болама деген арманды орыс отаршылдығы ойрандады:

Әуелі жеңіп орыс Еділді алды,
Сарытау, Аштарханның жерін де алды.
Артынан Еділден соң Нарынды алды,
Тоғайдың ағаш, қамыс, талын да алды [9,150]

Осы озбырлықты Дулат ақын да өзінше толғайды. Ол халықтың азып-тозып кетуін алдымен орыс патшалығының қазақ билігін тартып алуынан, шұрайлы жерді басып алып, дуан салуынан, елдің қонысы тарылып көшпенділік тұрмыстан айырылуынан, қазақтың өзін-өзі қанап, болыстыққа таласып бейбіт елді бүліктіруінен деп түсінеді. Ақын толғауларының ерекшелігі де осы – замана келбетін бар көрінісімен көрсете алған шыншылдығында:

Айтуға ауыз келе ме,
Аягөз кімнің жері еді?
Жер сауырын жайлауды,
Ел сауыры дер еді.
«Жер кімдікі?» дегенде
Аға сұлтан, қазылар
Не деп жауап береді.
Сауыр жерден айырылып,
Қазақ елі қаралы...
Ұзын өріс қысқарып,
Кең қонысың тарылды.
Жеріңнің алды шұрайын,
Дуан салып жайланып.
Датыңды айтсаң орысқа,
Сібірге кеттің айдалып [9,15]

Бұл қазақтың кең көсілген Сарыарқасының талапайға түсуі. Ақын жауапкершілікті ел басшылары болып отырған аға сұлтандарға жүктейді, елдің тозуын, «кең қоныстың тарылуын», құт қоныстан айырылуының себебін солардан сұрайды. Ертеңгі ұрпақ «ата-баба жері, менің жерім қайда, мына жер кімдікі?» десе, оларға не деп жауап бересің деген сауал тастайды. Жалпы сол тұстағы қазақ ақындарынан патшаның әкімшілік аппаратының ішіндегі лауазымы жоғары болып саналатын аға сұлтанды сын тезіне салу Дулатта ғана бар.

Ақындар отарланып, халқы бодан болғанға дейінгі туған жердің тамаша көрінісін әсем бейнелейді. Мәселен Аягөз өзенінің әсем табиғатын Дулат ақын динамикалық көрініспен сипаттайды: сонау Тарбағатай тауынан тоқсан сала болып, тоғыз өзенді түйістіріп тауды екіге жарып күркіреп ағып жатқан Аягөз, қырмен аққан өзеннің жүйріктей шалқып шабуы, ойға түскен өзеннің сүйріктей сумаң қағуы өзенінің жағасында майыса тербелген сұлу тал, сол талдардың саясының көкмайса шөбіне мал семіріп, тел өскені көз алдыға тірі табиғатты

алып келгендей.

Аягөз сенің бойыңда,
Несібе, ырыс тегіс қой
Сай-салаң балғын жеміс қой.
Қырың – малдың кіндігі,
Ойың - өнім егіс қой ,-

деп думандата жырласа Дулат ақын, Мұрат бодандалғанға дейінгі елінің әсем көрінісін халықтың тыныс-тіршілігімен, туған жерінің төсіндегі елдің дәулеті болған мың-мыңдап өрілген малын, мамыржай күй кешіп, бейқам тірлік етіп жатқан елін жырға қосады :

Қойды мыңнан өсірген,
Жылқыны санға жеткізген,
Арпа, қауын төктірген,
Жеріне жеміс ектірген
Дәулеті қалың біткен жер.
Қырғауылдай қызыл нар,
Қыз-келіншек жиылып,
Қызықпенен артқан жер.
Айыр өркеш, сары інген,
Кілем жауып үстіне,
Қыл арқанмен тартқан жер.
Мыңнан жылқы айдаған,
Жүзден нарды байлаған,
Салтанат түзеп мырзалар,
Тамашаға батқан жер.

Бұл Дулат ақын мен Мұрат жыраудың аңсарындағы тәуелсіз ел ғана емес бүкіл халықтың арманын-дағы құт қоныс. Отарланып жаттың қолына өткеннен кейінгі жердің мұндай әсем көрінісінің бірі де қалмаған, тіпті бұрынғы арқырап ағып жатқан өзеннің ағысы да өзгерген,

Жағаңа дуан түскен соң,
Аягөз суы қағынды.
елдің де сиқы кетіп, ақыннан ұйқы қашқан:
Шенділердің қылығы,
Елге істеген былығы,
Азған елдің ішінде,
Дулат сынды сорлыда,
Ұйқы тыныш бола ма?!

Туелсіз ел, азат жер аңсары сол тұста жасаған ақындардың барлығының да шығармаларында кездеседі. Бұл отаршылдықтың әкелген себебінен туған салдар еді. Тәуелсіздікке қалай жетудің жолын нақтылап айта алмаса да, заманның лаңын сын тезіне сала отырып бүкіл патшалық аппараттың билік басындағы-ларды ашық айыптады, елді бостандыққа жеткізетін кемел, әділ басшыны арман етті, орыс мұжығының қолына кетіп тутақайы шыққан ата қоныстың сүреңсіз көрінісі қан жылатты, бодандыққа дейінгі төскейде малы шұбырған, әсем табиғатты кең жайлау, асқаралы асқар тау, тұнық, мөлдір айнакөл, алаңсыз тірлік еткен салқар көшті елді аңсады.

Ресей патшалығы қазақ жерін тұтас отарлап алған соң, басты мақсатына көшті – ұлтың рухани жан дүниесін тоздырып, санасын улап, орыстандырудың миссионерлік саясатын жүзеге асыра бастады. «Ресей империясының шет аймақтағы бұратана халықтарды тұтас шоқындырып орыстандыру жайын-дағы жүргізген миссионерлік саясаты қыры мол көп салалалы, жоспарлы әрі өте күрделі, мейлінше кертартпа мемлекеттік дәстүрлі саясат болатын-ды» [3,105].

Патшалық Ресей өзінің басыбайлық саясатын іске асыру жолында ештеңеден тайынбады.

Олар алдымен миссионерлік барлау арқылы арнайы мағлұматтар жинастырып, қазақ халқының рухани болымысын, әдет-ғұрып, салт-санасын, мәдениетін зерттеуден бастады. Халықтың рухани болымысын отарлаудың басты мақсаты – қазақ елін шоқындыру, орыстандыру болды. Сөйтіп мүлдем мәңгүрттен-діріп, халықтың рухани жадын құртып, ұлт ретінде жер бетінен жойып жіберіп, барлық жағынан өздеріне тәуелді етіп, рухани құлдықта ұстауды басты мақсат етіп қойды және осы жолда аянбай тер төкті. Ең алдымен бірнеше ғасырлар бойы халықтың санасына сіңіп кеткен ислам діні мен мұсылмандық негіздегі оқу-ағарту жұмысын реформалаудан бастады. Мұсылмандық оқудың орнына орыс оқуын алмастыру, дін танытатын араб жазуын, орыс жазуымен алмастыру, проваславие дінін уағыздайтын қазақ тіліндегі кітаптарды тарату, қазақ балалары оқитын мектептерде христиан дінінен сабақтар жүргізу сияқты т.б. бағыттардағы жұмыстарға қызу кірісіп кетті. Бұл жұмыстар нәтижесіз де болмады.

Қазақ жерінде болған осындай өзгерістердің нәтижесінде, халықтың сана-сезіміне өзгерістер әкелді. Елде бас көтеру, оянушылық, жақсыға ұмтылу ниеттері пайда болды. Заманаға сай сауаттарын ашып, орыс мектептерінде білім ала бастаған жастардың саны көбейді, ескі оқудың орнына сол кезде мұқым түркі жұртына таратыла бастаған жаңа оқу «ұслу-жәдид» оқуын ендіре бастады. Мұнда діни сабақтармен қатар ана тілінде тарих, жағрафия, математика, орыс тілі сияқты т.б. дүнияуи сабақтар жүргізілді.

XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында елдің орыстандыру саясатына қарсы қазақтың бірсыпыра оқығандары мәдени ағарту, әдебиет майданына шықты. Олар өздерінің шығармаларында ескі оқуға, надандыққа қарсы болды, мұсылмандық білімді ана тілінде оқытып үйрететін «ұслу жәдид» әдісін, жаңа әдісті барынша қуаттап, өз өлеңдерімен қолдау көрсетеді. Мәселен, Мақыш Қалтаевтің сөзіне құлақ түрсек:

Жәдидпен балаларға тап осы күн,
Екі-үш жылда мұкамал танытар дін.
Өзіміздің түрікше тілімізбен,
Тез білдіру болады қай жері мін...
Ана тілмен табылса қажетіміз,
Парыз ба ескіше оқу оқу әдетіміз.
Түркі тілде жәдидпен «Ғылым халды»,
Білсек қабыл болмай ма тағатымыз [9,14].

Сөз болып отырған «Сахарадағы мешіттер» атты өлеңінде ақын жастардың діни тәлім-тәрбие мәселесіне айырықша көңіл бөле отырып, сонымен қатар, өмірлік қажеттіктерден туындап отырған орыс тілін үйреніп, орысша білім алу керектігіне де баса назар аударады. Медреселерде дін оқуымен бірге ғылыми пәндерді, орыс тілін оқытатын тәртіп енгізілсін деген пікірді қолдайды.

Дін танытып екі-үш жылда түркімізден,
Орыс тілін білейік тұрған қамап.
Қайыршы боп жүрмейді қолын жайып,
Кәсібін өнер тапқан болар манап, –

деп ақын заманның өзі талап етіп отырған орыс тілін білу арқылы жастарымыз кәсіпке, өнерге қол жеткізіп өзгеге қор болмайды деп тұжырымдайды.

Мақыш «Өз пайдамызды білмеуіміз» атты өлеңінде дүниелік оқуға шақырған ағартушылық ойын тереңдете түседі.

Үш-төрт жыл жәдидпенен дін танытып,
Школға мұнан кейін апар таста.
Школда үш жыл барып оқыған соң,
Адам болар адымын және хаста.
Шаһадатнама берсе учительдер
Мұнан соң қайда барса қалма сәсте [9,9], –

деген өлең жолдары ақын өзі өмір сүрген замандағы ағартушылық бағытпен үндесіп жатыр. Жастарды оқу, білімге жетелеу туралы толғанады. Мақыш өзінен бұрын Абай, Ыбырай қалыптастырып дамытқан өрісті ойды жаңа жағдайда ары қарай жалғастырады.

Мақыш жастардың оқып, білім алудағы міндеті өз халқының пайдасына жарау, ғылым, өнерден кенже қалған елін алдыңғы қатарлы елдермен теңестіру, оның прогрестік бағытта дамуына жол ашу деп біледі. Сондықтан да қазақ жастарының ендігі талаптанып оқитыны заманға сай орысша оқып, білім алу, ондағы мақсат жеке бастың қамын күйттейтін шенеуніктік қызмет үшін емес, ертеңгі ел игілігіне жаралық өнер, ғылым, кәсіпті меңгеріп халықтың, ұлттың мүддесін ойлайтын саналы, білімді азамат болу үшін оқу керек деп, оны өлеңдері арқылы насихаттайды.

Оқысын бай, фақырдың баласынан,
Орыстардың кәмелетті данасынан.
Петербор, Мәскеулердей биік жерде,
Орыстың шаһар атты қаласынан.
Барғанымыз басқадан кейін қалмас,
Мұнда үйретіп жіберсек шаласынан.
Заманаға жарарлық ғылым, білім,
Таба алмас қазақтың арасынан.
Білсін де дін-дүние қызмет қылсын,
Табылса да «пуруснай» қарасынан [9,29], –

деген өлең жолдарынан қазақ жастарының болашағын көздеп, олардың ғылым, білімді игеруіне жол көрсетіп, бағыт сілтеген ақынның азаматтық үнін көреміз.

Ақын шығармаларына бүгінгі күннің биік талаптарынан қарасаң да үндестік табасың. Ол адамдардың бойындағы имандылық, рухани тазалық, ұлттық мақтаныш, замана көшінен қалмай, алға қарай ілгерлеу, әлемдік дамудың озық жетістіктерін меңзеу, білім берудің жаңа сапасын жетілдіру сияқты т.б. мәселелер бүгінгі күні де өзекті.

Қорыта айтқанда қазақ ақындарының отаршылдыққа қарсы туындаған ағартушылық идеясы егеменді еліміздің қазіргі ұстанып отырған бағдарымен ұштасып, жалғасуда. Бұның өзі өткен ғасырдағы тәуелсіздік аңсардың жаңа замандағы жаңғыруының, санаға сіңгенінің жемісі деп білген жөн.

1 Қирабаев.С. Тәуелсіздік рухымен. – Астана: «Фолиант», 2002. – 504 б.

2 Әуезов. М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 261 б.

3 Мырзахметов. М. Қазақ қалай орыстандырылды. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993. – 128 б.

4 Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: Жазушы, 1986. – 304 б.

5 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

6 Энциклопедия «Ислам». – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 285 б.

7 Қазақстан тарихы. Очерктер. – Алматы, 1994. – 419 б.

8 Мырзахметов. М. Отаршылдық дәуірдегі әдебиет // Жұлдыз, 1993, № 7,8,9.

9 Қалтайұлы.М. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, мақалалар. Семей, 1998. – 137 б.

К.Әбдіқалық – ҚазмемқызПУ-дің доценті, ф.ғ.к.
Ғ.Төлегенова – ҚазмемқызПУ-дің 2-курс магистранты

ҒҰМАР ҚАРАШ ЖӘНЕ «АҒА ТҰЛПАР»

Аннотация: В данной статье объектом исследования является сборник Гумара Караша «Аға тұлпар», который появился в 1914 году в Оренбурге. Все двенадцать толгау написаны в виде наставления, поучения, назидания, пожелания. Гумара Караша всегда волновала проблема героя времени. В таких произведениях, как «Замананың адамы», «Замана жайынан», состоящих из пяти и шести частей соответственно, автор изображает героя эпохи. Критикуя поведения правителей, Гумар Караш в своих творениях поднимает вопрос необходимости просвещения. В данной статье сборник «Аға тұлпар» рассматривается как творческое наследие просветительского характера.

Ключевые слова: Алаш, век, религия, поэт, размышление, богатство, философская лирика, искусство, образование.

Түйіндеме: Бұл мақалада Ғұмар Қараштың 1914 жылы Орынбор қаласында жарық көрген «Аға тұлпар» жинағы басты нысанаға алынады. Жинақтағы уағыз, өсиет, насихат, тілек түрінде келетін он екі ұзақ толғауының қай-қайсысында да замана, замана адамы жайында толғанғандығы жан-жақты ашып көрсетіледі. Ақынды ойландырған негізгі мәселесі заман жайы, адам туралы екенін оның «Замана жайынан» деген бес бөліктен тұратын және «Замана-ның адамы» деген ұзақ алты бөліктен тұратын өлеңдерін талдау арқылы түсіндіріледі. Сондай-ақ ел билеушілердің келенсіз қылықтарын сынап, халқына білім-ғылым үйренудің қажеттілігін насихаттаған өлеңдері де қарастырылады. Мақалада «Аға тұлпар» жинағының ағартушылық бағытта да өзінің рөлін атқарғанасыл мұра екендігі арнайы сөз етіледі.

Кілт сөздер: Алаш, орыс отаршылдығы, заман, дін, ақын, ой-толғам, дәулет, философиялық лирика, өнер, білім.

Abstract: The main object of this article is the collection of "Agatulpar" by Gumar Karash, which appeared in Orenburg, 1914. All his twelve tolgaus was written as instruction, teaching, edification and wishes. Gumar Karash always worried about the problem of the hero of time. He showed the hero era in his works such as "Zamanany'n Adamy", "Zaman zhayynan" which consists of five or six parts. Criticizing the behavior of rulers Gumar Karash in his works touches upon the problem of educating. In this article the collection of "Agatulpar" is considered as a creative heritage of educational character.

Keywords: Alash, century, religion, poet, thinking, richness, lyrical philosophy, art, education.

Орыс отаршылдығының қанауы күшейген тұсында өмір сүрген Алаш қайраткерлерінің бірі, ойшыл ақын Ғұмар Қараштың (1875-1921) бізге мәлім «Қарлығаш» (Қазан, 1911), «Бала тұлпар» (Уфа, 1911), «Тумыш» (Уфа, 1911), «Аға тұлпар» (Орынбор, 1914), «Тұрымтай» (Уфа, 1918) деп аталатын бес өлең кітабының соңғы екеуінде ғана («Аға тұлпар», «Тұрымтай») аты-жөні толық жазылған. Соған қарағанда әбден ақындық кемеліне келгенге дейін өз атын ашық жазуды лайық көрмеген сияқты. Ақынның 1914 жылы Орынбор қаласында жарық көрген «Аға тұлпар» деп аталатын өлеңдер жинағы алдыңғы жинақтарға қарағанда ілгерілеу басым. Өз сөзімен айтқанда «Замана жайын көзге алар» шын азамат-ақын ретінде танылады. Ғұмар шығармаларының ішіндегі көлемдісіде Орынборда жер ауып жүріп Ахмет Байтұрсынов бастырған осы «Аға тұлпар» еді. Азаматтық, елжандылық сезімге қоса ағартушылықты тандаған ақындардың ертеден-ақ бір-бірімен жақын, мүдделес екені «Бала Тұлпар» (1911) жинағындағы Ғұмардың:

Қара қазақ баласы,
Қысымға талай көніп тұр.
«Білмейді надан халық» деп,
Жаралы жерден болып тұр.
Қойшылар құрып көк жалдан,
Ахмед айтқан келіп тұр [1,33 б.]–

деп келетін өлең жолдарынан аңғарылып жатады.

«Аға тұлпар» жинағында «Замана жайынан», «Замананың адамы», «Жаңа шыққан жастарға», «Бұ заман», «Шығарып салмасы», «Ретті сөзді көп айттым», «Әлай ма, Алаш»,

«Жиһангер ханның немересі сұлтан Шаһингерей Сейдгерей ұғлына», «Сөйле, тілім, жалықпа», «Асыл ер», «Қашан қадірі білінер», «Хиял, хақиқат» деп аталатын он екі ұзақ толғаулары берілген. Мұнда уағыз, өсиет, насихат, тілек, түрінде келетін толғауларының қай-қайсысында да замана, замана адамы жайында бағзыжыраулар үлгісі-мен өзінше толғанады.

Ақын өлеңдеріндегі ең басты қайғысы патша отаршыларының қазақты бағзы қонысынан айыруы, ел ағасының атақ, дәреже үшін арын сатуы, екіжүзділік, паңдық, арызқойлық, мансапқорлық, жікшілдік, надандық, паракорлық жайылып, елдің азуы еді. Сондай-ақ Ғұмар өлеңдерінде халықты өнер, білім жолына бастауды жастарға ғана аманат етіп, келешектен үміт күтеді.

Ақынның елінің болашағын ойлап күйзелгені туралы кеңес дәуіріндегі зерттеушілер тарапынан әрқилы пікірлер айтылды. Мәселен, Е.Ісмайылов «Ол кейде ескішілік сарынға беріліп, өткен ескі өмірді аңсайды... Кейде бұқаршылдық бағытқа жақындап, ескі феодалдық дүниенің кертартпашылдық жолына батыл қарсы шығады... Кейде ишан, молдаларды батыл сынап әшкересе, сонымен бірге өзі тағдыр алдына бас иіп тәңірге жалынғандай жырлар жазды» [2, 259-260 бб.] деген пікір білдірген еді.

Ғұмар Қараштың алғашқы жинақтарынан келе жатқан негізгі тақырыбы – заман жайы. Ақын өмір сүрген уақытта «заман» тақырыбын сөз етпеу мүмкін емес-ті. Ол заманмен қоса адам тақырыбын да нысанға алады. Тіпті, адам боп туып, өмір сүру, өмір, заман туралы философиялық ой-толғамдар түйіндейді. Адамның сана-сезімі, мінез-құлқы да айтылады.

«Замана жайынан» деген бес бөліктен тұратын өлеңінің үшінші, төртінші бөлімінде ақын:

Атаңа сенің қазақ-ай
Бар еді-ау болған күндерің,—
дей келе,
...Хан бар еді сол күнде,
Ақсұңқарға ұсаған;
Билер жүйрік бар еді,
Қас тұлпарға ұсаған;
Әділ қазы бар еді,
Алмасқа қылыш ұсаған.
Батырлар, ерлер бар елі,
Аш маралға ұсаған,
Байлар момын бар елі,
Аузынан уызы төгілген... [1,76 б.],—

деп қазақтың өткен дәуіріне тоқталғанда «Айырылып тегіс қолдағы Бақ, дәулеттен ілінген» дегенді айтқысы келді. Сондай-ақ ақын мұның себебін де түсіндіріп, бұл сауалды жауапсыз қалдырмайды:

Жұрдай болу мәнісі:
Бұл халықтың бұ күнде,
Алтынды тақты ханы жоқ,
Хансыз елдің сәні жоқ,
Қасысы жоқ, биі жоқ,
Бисіз елдің күйі жоқ,
Батыры жоқ, байы жоқ,
Дәулетсіз жұрттың жайы жоқ.
Күні қараң малсыздың,
Жұлдызы жоқ, айы жоқ.
Жігер, қайрат тағы жоқ,
Жігерсіздің бағы жоқ... [1,76 б.]

Ақын заман, адам туралы ойларын «Замананың адамы» деген ұзақ алты бөліктен тұратын өлеңімен толықтыра түседі.

Мынау қазақ деген жұрт,
Кең далаға жайылып,
Аңғырт өскен ел едік,
Кезінде елмен тең едік.

Күні бүгін болғанда
Ол қоныстан айырылып
Қанатымыз қайырылып
Қажып тұрған ел едік... [1,79 б.].

Расында да қазақ қабырғалы ел атанып, отырықшы халықтардың түсіне де кірмеген ұланғайыр өңірді жайлады, бұл тараптан оларға үлгі-өнеге болды. Отырықшы елдер тәрзіді аң-құсқа, табиғатқа тәуелді болмай, көшпенділердің салтымен бейқам өскені де рас. Алайда Ғұмар Қараш бұл бейғамдықтың енді жарамайтынын ескертеді. «Ұйқы қанды тұрарлық» дей отырып, ел-жұртын білім-ғылым үйренудің қажеттілігін насихатайды.

«Ретгі сөзді көп айттым» деген өлеңінде ақын:

Асыл ердің белгісі –
Қадірін біліп ерлердің
Сыртынан даттап сатпайды,
Сырын шашпай сақтайды,–

деп адамның жақсы қасиеттерін де бағалап, жақсы мен жаманның парқын таразылай келе жастардың тек жақсылықтан үлгі алуын қалайды. Сондай-ақ «Жиһангер ханның немересі сұлтан Шаһингерей Сейдгерей ұғлына» деген ұзақ арнауында да «Сұлтандардың ішінде Алғыр қыран сұңқарым» деп бастап, барлық қасиетін теріп мақтағанда, сондай-ақ қазақтың ірі тұлғаларын мадақтап ауызға алғанда кейінгі жастарға осылардың ісін үлгі етпек еді.

Ақынның «Асыл ер» өлеңінде «халықтың күні қараған жамандарды» жеке-жеке кейіптейді. Портреттік, психологиялық суреттеулер молынан ұшырасады.

Ел ішінде осы күн,
Адамнан басқа аңы жоқ,
Жұрт жайында қамы жоқ,
Сыңартық бұқа пішінді,
Әкімге қалған күн құрсын [1,110 б.].

Бұл – портреттік кейіптеу. Әсіресе, ақынның әкімдерді сыңартық бұқаға теңеп, олардың теріс мінезін нақты жеткізеді. Мұнымен қоса психологиялық суреттеу жасалады.

Сол заманда пайда болған артық салықтарды, яғни,

Қала берсе бұлардан,
Ғаріптерді олжалап,
Өсіп алып мал жиған,
Осы күнгі қалтылдақ,
Байларға қалған күн құрсын,–

деп сынға ала отырып, малдан зекет, астықтан ғұшыр, адамнан пітір сияқты алымдарды жалмаған ауыл молдасын да құр қалдырмайды:

Білімі жоқ, көңілі зор,
Дін мен күнге бірлей сор,
Молдаға қалған күн құрсын [1,110 б.].

Сөйтіп, ақын сопыны да сын сырығынан құтқармайды. Ғұмар суреттеуінде сопы моллаға қарағанда қанағатшыл болғанмен, надандығы жағынан онымен бірдей, тіпті, сопының тақуалығы орасан болып көрінеді:

Ежік-әбжіт қалдырмай,
Оқытады балаға,
Ақы-мақысұрамас.
Қанағат етіп тұрады,
Зекетке берген танаға...
Таспа қара, таңқы мұрт,
Надан сопы бұл құрсын [10,110 б.].

Философиялық лирика жанрында жазылған «Хиял, хақиқат» атты өлеңіне тоқталсақ, мұнда лирикалық кейіпкер бір күні сахара төсінде шалқадан жатып, көк шатырына көз тігіп ойланады. Аспан әлемінде жердің өзі тозғандай, жер бетінде қыбырлап жүрген «адам да солай бір тозаң» болып көрінеді. Бұл өлеңінен ақынның ғылымы мен білімі, діни сауаты да аңғарылады.

Біз адамзат жынысы
Дүниеге келіппіз...
Келуіміз не үшін?
Кетуіміз не үшін?
Мұнда не сыр, не мақсұт?...
Кім құрады жиханды,
Кім жіберді адамға,
Терең сырлы бұ жанды [10,118 б.],–

деп философиялық толғаныспен осы өлеңін аяқтайды. «Хиял, хақиқат» Ғұмар Қараш дүние-танымының мәйегі іспеттес.

Түйіп айтқанда, ақын заман, өмір құбылыстарын, жақсылық пен жамандық, әдептілік, ел билеуші-лердің келеңсіз қылықтарын сөз еткенде соңғы түйінін ағартушылық бағытқа бұрып, «Бәрін айтта бірін айт, Өнер менен білім жоқ, Білімсіз, қазақ, күнің жоқ» дегенге саяды. Ғұмар Қараштың «Аға тұлпар» жинағы қазіргі «Ояну дәуірі» деп аталып жүрген кезеңде қазақ халқына дұрыс жол сілтеп, ағартушылық бағытта өзінің рөлін атқарғанасыл мұралар болып табылады.

1 Қараш Ғ. Замана. – Алматы: Ғылым, 1994. – 240 б.

2 Ысмайылов Е. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті/ Канд. дисс. Қолжазба. – Алматы, 1943. – ҚРОМА, 1286-қор, 1-іс.

ӘОЖ 82:7

Н.Р. Ескендиров – Phd докторант

ФОЛЬКЛОРЛЫҚ АҢЫЗДАРДАҒЫ ДАЛА АРТИСТЕРІНІҢ КОМЕДИЯ ЖАНРЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Түйіндеме: Мақалада драматургияның басты жанларының бірі болып саналатын комедия. Адам өмірінің тұрмыс салтының, әдет-ғұрпының бір бөлігі ретінде қарастырылған. «Тазша бала», «Қырық өтірік» ертегісінде басты кейіпкердің көркемдік образы ашылады. Дала артистерінің драмалық шығармашылығындағы – қызу суырып-салмалық, сөз саптау, бейнеге ену, дыбысты дәл шығару немесе дыбысқа еліктеу, бет-ажардың сан-алуан мимикалық құбылуы, әртүрлі ишаралар, пластикалық қимыл-қозғалыс, саз аспабында ойнау, бишілік және әншілік, магиялық сиқырлар көрсете білуі сияқты өнердің синкерттік, яғни біте қайнаса көрінуінен байқалады. Ондағы комедиялық ситуациялар көрініс табады. Комедиялық шығармалардың бүгінгі заманның өзекті мәселерін қозғаудағы маңызы қарастырылған.

Кілт сөздер: Мәдениет, фольклор, ұлттық салт-дәстүрлер, бақсы, театр, сал-сері, комедия.

Аннотация: В статье рассматривается один из главных жанров драматургии – комедия. Она считается отражением жизни человека, его обычий, традиций, быта. В художественных образах главных героев из сказок «Тазша бала», «Қырық өтірік» отражаются легенды казахского народа. Творчество актеров комедийного жанра заключается в бурной импровизации, красноречивости, подражанию звукам птиц и животных, природы. Мимика актеров передающая разнообразные образы, игра на музыкальных инструментах, танец, песня, магические фокусы – все это дает нам понимание комедийной ситуации. Поэтому мы рассматриваем комедийный жанр сегодняшней эпохи как отражение народных легенд.

Ключевые слова: Культура, легенда, национальные традиции, шаман, этнокультура, театр, комедия, роль.

Abstract: The article deals with one of the main Genres drama - comedy. It is a reflection of a person's life, his custom, traditions, way of life. In fairy tales, "Tazsha ball", "Қырықөтірік" openartistic images of the main characters. Creativityactorsfolklegendsis-violent improvisation, eloquence, imitatethe sounds of birds and animals, nature, and a variety of facial expressions of the actors are changing images, play instruments, dance, and song, magic tricks out there and see the spectacle of actorscomedic situations. Therefore, today's era comedy performance reflects the life, customs and traditions of the people.

Keywords: Culture, folklore and national traditions, the shaman, ethnic culture, theater, comedy role.

Қазақ әдебиетінің тарихына барсақ, баяғы аты шулы әпенді Қожанасырдан күні кешегі

өзіміздің Мырқымбайға дейінгі әзілкеш бейнелердің талай тамаша түрлерін тауып, тануға болады. Солардың қайсысын алмаңыз, адамбойындағы кемшіліктер үнемі әзіл-әжуамен сыналып отырған. Қулардың ауыл-ел арасындағы келеңсіздіктерді, адамдар мінезіндегі сыртқы ортаға жат қылықтарды әшкерелеу функциясы жалпы халықтың ой-пікірімен астасып жатады. Себебі, дүмше молдалардың тек өлімді тілеген қарау-лығы, билер мен болыстардың қолындағы билікті пайдаланып, әлсізді моральдық-психологиялық тығырыққа тіреп қоюы – бұлардың барлығы кезінде қазақ жерінде көрініс тапқан және қазіргі сана-сезімі жан-жақты дамыған қоғамда да өзекті.

Қазақ фольклорында айтыскер ақындар ролінің өте маңызды болғандығы белгілі. Олар да түрлі әрекет-жесттерімен, мимикалық құбылуларымен күлкі тудырып, қарсыласы жөніндегі пікірін қызықты қимыл-қозғалыстарымен (көбінде мұқату үшін) білдіріп отырған. «Ақын бір орында отырмайды, төрден есікке, есіктен төрге дейін ырғалып, тербеліп отырады. Сол тербелуімен жолбарыс тонды жорытушы батырдың да, бұрала басқан қыз бен келіншектің де, сылқым бозбаланың да, қысқасы, әрбір адамның кейпін айнытпастан суреттеп, тыңдаушы көптің көз алдына белгілі бір сурет керуенін елестетеді. Кейде жүйрік аттың, қыран құстың бейнелерін қимыл-қозғалысымен тура келтірсе, енді бірде аузынан қандай сөз шықса, соның төлеуін бейнелеп жеткізуге тырысып отырады» [1, 93 б.], – деп жазылған жоғарыдағы ғылыми еңбекте. Бұдан өзара айтысқа түскен ақындардың сөздерін жеткізу барысындағы қимыл-қозғалысында күлкілі нақыштардың барын аңғару қиын емес. Түрлі дауыс-дыбыстарда толғап, қарсыласы мен тыңдаушысын қызықтырып, еліту үшін және әжуа-мысқыл аралас сөздерін сол сарынмен астастыру мақсатында мимикаға да мән беруінен оны ел арасынан шыққан комик деп атауға негіз бар. Өмірбаяндық кітаптар мен мұрағаттарда шығармашылығы толығымен күлкіге негізделген ақындардың өмірі, тыныс-тіршілігі туралы қызықты әңгіме-баяндар мол сақталыпты. Соның бірі – Қостанай уезіне қарасты Қара-ғайлы деген елді-мекенде Құрманбай деген ақын-әншінің болғандығы туралы мәліметке назар аударып көрейік. Онда: «Құрманбай Тоғжан, Жұматай сияқты соқыр әншілердің күйіне салып, көзін алақтатқанда балалардың зәресі ұшқаны былай тұрсын, үлкендер де сескенеді. Ол «Тарғыл бұқа» деген әнді ғажап, шебер орындайды... Міне, көзін аудартып бұқа келе жатыр. Жер тарпып өкірген хайуанның бейнесі әуелі алыстан көрініп, одан бірте-бірте жақындай бастайды. Оның топырақ сүзіп келе жатқандағы тұлғасы Құрманбайдың даусынан тыңдаушының көз алдына келеді. Бір кезде бұқаның гүрілдегені, ыңылдап пысылдағаны, аңырып, қарап тұрғаны елестейді. Әрине, бұқаның өзіндей келтіру қиын, дегенмен де Құрманбайдың даусынан «бө... бө... бө... бө... бө...» деп гүрілдегендерін түгел ұғынуға болады» [1, 90 б.], – деп жазылған. Сол уақыттағы қазақ жерінде театр өнері дами қоймағанмен бұлардың жалпы туа біткен осындай даралықтары әншілік, ақындық талантына қоса актерлік қабілетінің жоғарылығын байқатады. Сонымен бірге бір бойында өнердің әртүрлі саласы: ақындық, әншілік, балуандық, суырып салмалық, т.б. тоғысқан мұндай жандар үлкен той-жиындардың сәніне айналып отырған.

Қазақ кәсіби актерлік өнерінің даму бағыттарын тереңнен зерттеген Меруерт Жақсылықова сахналық қимыл-қозғалыстардың, драмалық элементтердің халықтың өз бойынан тарағандығы жөнінде: «Қазақ фольклорындағы (халық шығармашылығындағы) орындаушылық өнердің элементтері бақсылық ойынында, ақындар өнерінде және басым жағдайда айтыста, шешендік өнерде, билердің билік айту кездерінде, жыраулық өнер мен жыршылық орындауда, сал-серілер, қулар мен шаншарлар өнерінде бой көрсетті. Дала артистерінің драмалық шығармашылығы – қызу суырыпсалмалық, сөз саптау, бейнеге ену, дыбысты дәл шығару немесе дыбысқа еліктеу, бет-ажардың сан-алуан мимикалық құбылуы, әртүрлі ишаралар, пластикалық қимыл-қозғалыс, саз аспабында ойнау, бишілік және әншілік, магиялық сиқырлар көрсете білуі сияқты өнердің синкерттік, яғни біте қайнаса көрінуінен байқалады. Осындай орындау-шылық шеберлік қайнар көздері – ұлттық актерлік өнері мен театрының алғышарттарына айналып, құнарлы топырақ болды» [2, 8 б.], – деп атап көрсеткен. Сан түрлі өнердің синтезін театрланушы сарала-ған осы ақындардың бойынан да байқау қиын емес. Арқалы ақынның бейнеге ену үрдісінде көрінетін актерлік шеберлігі көркемтуындыны мәнерлі жеткізуге кепіл болып отырады. Роль орындаушыға керекті үн, дыбыс, дикция, мимика, көз жанарындағы жалын ұшқыны, ым-ишарат, т.б. ақындар үшін де

өте қажетті әрі маңызды болып табылады. Мұндай сахналық әдіс-тәсілдердің әсіресе комедияға тән екендігі белгілі. Демек, ақындар шығармашылығының бір бағытын күлкіге, яғни комедияға жатқызуға толық негіз бар.

Қазақ жеріндегі бір кездері аты мәшһүр елге белгілі базарлардың, яғни Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Жетісу жәрмеңкелерінің болғаны белгілі. Сонда өнерге құштар халық көп жиналып, сауда-саттық жасаумен бірге ақындар айтысы, балуандар күресі тәрізді түрлі сайыстарды қызықтайтын болған. Атақты Балуан Шолақтың, белгілі ақындар Кемпірбай, Шашубай, т.б. ақындықпен бірге жонглерлік өнері үнемі елді қызықтырып, күлкіге көміп, көпшіліктің назарын өздеріне аударып отырған. Француз балуаны Каронды жеңген Балуан Шолақ темірлерді майыстыру мен кір тасын көтеруде алдына жан салмаса, аттың үстінде тұрып ән шырқайтын Шашубай аттың оң жағына, одан сол жағына аударылып мінеді, одан кейін басын төмен қарай тік қойып, шаншылып тік тұрады екен. Бұлар цирк өнерінің қазақ топырағында дамымаған, жабайы кезінің өзінде мұндай еуропалық өнердің барын танып-білген таланттардың басы болды. Және бойындағы ерекше дарынымен көпшіліктің көңілін көтеруді көздеген олардың қуақылығы, сайқымазақтыққа жақын өнерінің сарыны театр өнеріне етене жақын болды деп айта аламыз. Осы аталған ұлттық ойынның бірі саналатын күрес және ақындық, шешендік суырып салмалық, тапқырлық тәрізді бір адамның бойынан табылатын өнер түрлерін саралағанда оның ең алдымен комедияға негізделгендігін байқаймыз. Себебі, халық мүддесін көздейтін әрбір тұлға әзілді, сатира мен юморды әшкерелейтін қару ретінде қолданады. Осы үлгінің нышаны мол кездесетін ақындар шығармашылығында да әзіл-оспақтың өзіндік орны зор екендігіне осындай дәйектер кепіл бола алады.

Сол сияқты қазақ ауыз әдебиетіндегі халықтық сатираның өкілдері – Қожанасыр, Алдар көсе, Жиренше болып табылады. Бұлардың әлеуметтік бейнесіне үлкен мән берген Мұхтар Әуезов болды. Демек, оны Алдар көсе, Жиренше, Қожанасыр бейнелерінен мысқылды, күлдіре отырып жылатуды (немесе ойлан-туды), әлеуметтік әділдікті тап басып таныған бірегей тұлға дейміз. Жалпы қазақ сатирасы мен юморының, әжуа-әзілінің осы образдардан бастау алатындығы бұл – шындық. Халық арасында аты аңызға айналған, сөздері күнделікті тұрмыста мысал немесе теңеу ретінде қолданысқа ие бұлардың есімдері ғасырдан ғасырға жетіп, сөздері мен әрекеттері өзінің өзектілігін, рухани-моральдық маңыздылығын қай уақытта да жойған емес. Олар – өмірде болған, сөздері де, іс-әрекеттері де шын мәнінде орындалған, алайда кейінгі ғасырларға, яғни бүгінге аңыз (болған мен болмағанның арасында) түрінде жеткен кейіпкерлер. Қожанасыр мен Алдар көсе сөздерінің немесе іс-қимылдарының өтімді әрі өзекті болған-дығы сондай қазіргі уақытта қоғамдағы кейбір кемшін тұстар, адам мінезіндегі қайшылықтар солардың әрекеттерімен, істеген істерімен сыналып отырады.

Қазақ фольклорында әзіл мен қалжыңның орын алған үлкен бір саласы – ертегілер. Бұлардың мағынасы, құрылымы жағынан аңызға қарағанда жеңілдеу болуы мүмкін. Себебі, бұл – адамның жүйрік қиялынан туындаған көркем дүние. Ендеше «Қырық өтірік», «Тазша бала», т.б. ертегілеріндегі қиял мен рухани мазмұнға бай сюжеттер, адам мүмкіншілігінен тыс әрекеттер, олардағы шетсіз-шексіз, қызықты сарындар күлкі тудырумен қатар оқырман (әсіресе балалардың) қиялын дамытуымен, биікке көтеруімен, олардың өмірге деген көзқарасын қалыптастыруға ықпал етуімен құнды. Және бұлардың түп астарында адамзаттың асқақ армандары жатыр. «Бұл әңгімелердің өзгешелігі, бағасы неменеді? Өзгешелігі халық-тың тапқырлық, жүйріктік сияқты өнерді сүйгендігін білдіреді. Қиыннан қиыстырғыш өткірқиялды бағалағандығын көрсетеді. Халық фантазиясының тереңдік, жүйріктігіне айғақ болады. Ол фантазия өмірде барды ғана сөз қылмайды. Өмірде болса екен дегенді де сөз қылады. Кейде тіпті өмірде болуына мүмкін емес нәрсені де қиялмен қиыстырып шын етіп көрсетеді» [3, 99-100 б.б.], – деп жазады М.Әуезов. Демек, ертегі өмірдегі келеңсіздіктерді тістеп, жақсы мен жаманды таразылап, сарандық пен зұлымдықты шытырман оқиғалар желісінде бірде сығымдап, енді бірде ширатып отырады. Әрине бұл басты кейіпкердің ержүректілігімен, тапқырлығымен жүзеге аспақ.

Халық қиялы «Тазша бала», «Қырық өтірік» ертегісінде басты кейіпкер ретінде кедей, жарлы баланы алған. Себебі, барлықта өмір сүрген бай баласының таршылық пен

жоқшылықты көріп-білмегендіктен ештеңенің қадір-қасиетін сезінбеуі мүмкін және бұл солай да. Ал, керісінше жоқшылықтың адамға үйретері өте көп екендігін танытатын Тазшаның қиялға бай болуы заңды құбылыс дейміз. Осы ертегі туралы: «Қырық өтірік» – тек өтірік әңгіме ғана емес, өтірікті айту арқылы, өтірікті айтқан болып, шын өмірдің кемшілігін әшкерелеу, әжуалау. Біз неге сондай болмаймыз, біз неге сараңбыз, біз неге наданбыз деген астарлы ой әр-әр жерінен жылт-жылт етіп шаң береді. Ал, оны айтушы – қарапайым ғана бала, жетім бала. Әйткенмен, ол халықтың ұлы, елдің баласы. Сосын да сөзінің астары ел мүддесіне ұштасады, ел ойындағы ащы мысқылды тілге тірек қылады» [4], – деп жазады әдебиетші-ғалым Жолтай Жұмат. Расында, жан дүниесімен халыққа жақын тұратын Тазша бейнесінің оқырмандар ой-санасында, ел-жұрттың әлеуметтік тұрмысында алар орны ерекше. Қоғамдағы, адам өміріндегі күрмеуі қиынға соққан, шешуі қиын мәселелерді немесе байлық пен жоқшылықтың ара салмағын ажырата білуді Тазша бейнесі арқылы көрсетудің маңыздылығы жоғары. Өйткені оның қызықты ситуацияларды бастан кешуі, тығырықтан шығар жолды оңай тауып отыруы немесе шексіз қиялымен келеңсіздіктердің оң шешілуі халық арманының жарқын көрінісі болып табылады.

Арман-қиялдан туындаған осындай ертегілерде халықтық әжуа-юморға, қалжыңға бағытталған көріністердің көптеп кездесетіні ақиқат. Бұл дегеніміз – адамның асқақ арманын ойнақы түрде немесе гиперболалық-гротескілік тәсілмен жеткізу. Демек, ауыз әдебиетінің рухани тағлымы мол, қиялға бай, маңызды-мазмұнды бірегей саласы саналатын ертегіде кейіпкерлермен бірге олардың әрекеттері де, қимылдары да, әлеуметтік орындары да, психологиялық толғаныстары да қанық бояуда өріледі.

Қазақтың «Күн астындағы Күнекей қыз», «Қаңбақ шал», «Айлакер шал», «Жерден шыққан Желім батыр», т.б. ертегілердегі әжуа мен мысқыл хандар мен байларға, зорлықшыл тапқа қарсылықта байқалып, сатиралық сарындар сын ретінде қолданылған. Себебі, әзіл-қалжың «өтімді, көпшілік көңіліне қонымды» (М.Әуезов) болып келеді. Алайда жеңіл жанр дегенмен мұның өткірлігі, ащы шындықты ашып айтатын ұтқырлығы әрқашан басым тұрады. Негізінен ертегінің адам санасының өсуіне, тарихи-әлеуметтік шындықтың бүкпесіз ашылуына ықпалы зор. Қай ертегілік шығармада болмасын осы мәселе анық байқалып отырады және олардың астарында халықтық күлкі мен әзілдің сарыны айқын көрініп тұрады. Ертегі – бір қарағанда жеңіл көрінгенімен рухани-эстетикалық, әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан көтерер салмағы үлкен, қай кезде де құндылығын жоймайтын көркем шығарма. Онда орын алған шытырман оқиғалар желісін, басты кейіпкерлердің батырлығы мен тапқырлығын, оның өз кезегінде барлық қиындықты жеңіп, түбінде өз арманына жетуін қызықты, күлкілі әрекеттерсіз елестету мүмкін емес. Ендеше ауыз әдебиетінің ертегі жанры бар мен жоқты саралауымен, зұлымдық пен мейірімділіктің ара салмағын ажыратып беруімен құнды.

Қорыта айтқанда, қазақ халқының мәдениеті мен тарихының сарқылмас қайнар көзі мен рухани асыл мұрасының бастау бұлағы ұлттық фольклорда жатқандығын сараланған бұл ғылыми еңбекте комедия жанрын тудырушы негізгі бағыттарға назар аударылды. Салт-дәстүрлер мен ұлттық ойындар, сол сияқты сал-серілер мен ақын-жыраулар, бақсылар мен кулар шығармашылығы табиғаты жеңіл болғанымен аса күрделі мәселелерді езу тартқыза отырып шешетін өзгеше жанрдың басты шығу көзіне айналды.

Ұлттық ойындарда байқалатын күлкілі көріністер: ат үстіндегі жігіттің қызды қууы (немесе қыздың жігітті қууы), қыз ұзату тойында орындалатын кәделі ойындардағы жеңгенің күйеу жігіттің қалтасын қарау, екі жақтың әрқайсысының қызды немесе жігітті дәріптеп мадақтаудағы айтыс-тартысы, ақындар мен шешендер өнеріндегі мимикалық құбылулар мен айтыскерлердің шығармашылығындағы ойнақы әуендер мен мінездер, т.с.с. қызыққа толы ойын үлгілері бірте-бірте дамып, ұлттық драматургия мен театрдың негізін қалады. Бұларды әсіресе, қазақ комедия жанрын қалыптастыру, дамыту функциясын жоғары деңгейде атқарған дәстүрлік көріністер деп айта аламыз. Бұған қоса бақсы мінезіндегі, оның атқаратын қызметіндегі тылсым күштің қуаты күлкі тудырады. Науқасты емдеу барысында ол бастан кешетін хал, яғни жың шақыруы (немесе оны қууы), оған қоса киіміне, бас киіміне және асатаяғына ілінген сылдырмақтарының шулы даусы, отты немесе ауру адамды айнала аласұрып билеуі барлығы қосылып, бір актердің комедиялық роліне сұранып тұрған

әрекеттер болып табылады. Қулардың да тапқыр сөздерінде, адам бойындағы жағымсыз қылықтарды әжуалап, әшкерелеуінде комизм элементтері мол кездеседі. Олар жүрген жерлерінде үлкен құрметке ие болып отырады. Өйткені байлар мен болыстар аты шулы қулардың қуақы тіліне, әжуа-оспағына ілінуден сақтанатын болған. Өткір тілді, жолында кездескен келеңсіздікті дер кезінде күлкіге айналдырғыш қулардың қоғамдағы әлеуметтік орны сонысы-мен ерекше.

Сөздері де, киім үлгілері де, шығармашылығы да тек күлкіге бағытталған фольклорлық кейіпкерлердің бірі – сал-серілер. Бұларды қазақ дәстүріндегі мәрттіктің, жомарттықтың және шешендік, суырып салмалық өнердің бірегей өкілдері ретінде танимыз. Зерттеу нысанасына алынған олардың халықтың рухани өміріне, ұлт мәдениетіне қосқан үлесі салмақты. Әсіресе, театр өнері, оның ішінде комедия жанры дамуының бір бөлігін осы сал-серілер өнері құрайды. Халық еркесі саналатын бұл кейіпкерлердің барлық болмысы, табиғаты тек күлкімен байланысты. Олардың аттан әдейі құлап, қыздарға наздануы, қажет болса астындағы атын құрбан етуге дайын қылықтары, ән айту кезінде түрлі мимикалық құбылуларды бастан кешуі, т.с.с. қызықты әрекеттер сал-серілер өмірінің, өнерінің толық мағынасын ашып береді.

Сонымен, қазақтың салты мен дәстүрі, көшпенді елдің рухани-мәдени қайнар көзі болып қалыптасқан тұрмыс-тіршілігіне тән ғұрыптары тұтасымен кешеден бүгінге жетіп, ұлттық мәдениет пен халықтық мұралардың мол тізбегін құрап отыр. Осыны таразылай келе, біз бүгін қазақ тұрмысында комедияның әлеуметтік функциясының зор екендігіне көз жеткіздік. Бұл жаратылысынан, табиғатынан сөзге, сол сөздің астарына үлкен мән беретін қазақ халқының тіршілігімен, тұрмысымен біте қайнасқан және тікелей байланысты жанр болып табылады. Сонымен қатар мұны ақындық, шешендік, суырып салма тәрізді сан алуан өнер табиғатының бояуын қанықтырып көрсететін, рухани-моральдық сипатқа ие маңызды әрі мазмұнды жанр деп айта аламыз. Қазіргі уақытта қазақтың бай фольклоры бізге осыны дәлелдеп беріп отыр.

1 Хұсайынов Ш. *Өнер өрімдері.// Мақалалар, әңгімелер, пьесалар, киноновеллер, сценарийлер, аударма. – Алматы: Өнер, 1991. – 496 б.*

2 Жақсылықова М.Б. *«Қазақ кәсіби актерлік өнерінің даму ерекшеліктері» атты өнертану ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның авторефераты. – Алматы: Тарих тағылымы, 2010. – 28 б.*

3 Әуезов М. *Жиырма томдық шығармалар жинағы.// Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1985. – т. 17. – 352 б.*

4 Жұмат Ж. *Ауыз әдебиетіндегі әжуа және Әуезов // Алматы ақиамы. – 1998, тамыз – 26.*

5 *Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары: біртұтастығы және ерекшелігі.// – Алматы: Арыс, 2005. – т. 1. – 328 б.*

ӘОЖ 821.512.122 (574.54) (092)

С.Тайманова – ф.ғ.к., доцент

СӘНІМКҮЛ ЖЕЛДЕРБАЕВА ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР

Түйіндеме: Мақалада Сыр елінің ұстаз ақыны Сәнімкүл Желдербаеваның ұлттық дәстүрді суреттеудегі көркемдік ізденістері талданады. Ақын поэзиясының арқауы болған ұлттық салт-дәстүр, ұлттық мінез, ұлттық тәрбие мәселесі жан-жақты зерделенеді. Содай-ақ ұлттық құндылықтарымыздың бірі – ана тілі. Тіл ең алдымен кез келген ұлттың белгісі, айырымы, символы. Сондықтан автор С.Желдербаеваның осы тақырыпта жазылған өлеңдерін де талдаған. Оның көркемдік, танымдық мәнін ашқан.

Тірек сөздері: ұлт, дәстүр, ана тілі, мінез, ақын, ұрпақ, Сыр елі.

Аннотация: В статье анализируются художественные описания национальной традиции поэта педагога земли Сыра Санимкүл Желдербаевой. Тема, взятая основой поэзией, в национальной традиции, национальном воспитании инационального характера подробно всесторооннеизлагается. Главное, одним из основ любой нации является язык. Язык, в первую очередь, является символом, святыней любого народа. По этой причине автор использовал и

рассмотрел стихи С.Желдебаева и раскрыл художественную и познавательную сторону языка.

Ключевые слова: нация, традиции, Родной язык, характер, поэт, потомок, святая земля Сыра.

Abstract: The descriptions of national tradition of poet of Syra Sanimkul Zhelderbayeva is given in this article. The theme is taken by a poetry and national tradition, national education and national character is widely expounded in detail. One of the most important thing of nation is the language. Language is the symbol of people. That is why the author used the poems of S. Zheldebayeva.

Key words: nation, tradition, native language, character, poet, generation, native land of Syra.

Сыр елінің ұстаз әрі ақын қыздарының бірегейі – Сәнімкүл Желдербаева. Ол ұстаздық қызметімен бірге өзінің азаматтық келбетімен халқының жүрегінің төрінен орын алған, елін жыр жолдарымен, ұрпаққа ұлттық тәлім-тәрбие беруімен, асыл сөздің қадірін ұғындыруымен ел алдындағы перзенттік, азаматтық парызын түсінген сыршыл да ойлы ақын. Халықтың бай фольклорынан сусындап, жастайынан Сыр сүлейлерінің шығармаларын жаттап өскен ол елдің рухани құндылықтарын өзшығармаларының негізі етіп алды. Елбасы Н.Назарбаевтың «Тарих толқынында» кітабында: «...ұлттық сананың кейбір ерекшеліктері де қазақ болмысының құпиясы мен өміршең күштерін нұрландыра алады. Қазақтардың рухани әлемі негізінен ауызекі поэзия дәстүрінің ықпалымен қалыптасып отырған. Қазақтарды талай елін қайран қалдыратын осынау байтақ кеңістікті кернеген поэзиялық әлем тек қана сұлулық пен сезімнің шеңберінде шектелмеген. Ол жаңашылдықтың жалынын лаулата да білген. Содан да болар, қазақтың поэзиялық шығармашылығында мейлінше терең танымдық қасиеттер бар. Сондықтан да қазақтың дәстүрлі поэзиясы ұдайы философиямен шендесіп жатады.

Қазақ даласында поэзия тек ақын-жыраулардың ғана еншісі болып қоймаған, ол қазақ мәдениетінің барлық тамырына нәр берген», - деген болатын [1,28]. Бұл келелі пікір Сәнімкүл поэзиясынан да айқын аңғарылады.

Екі ғасырдың куәсі болған Сәнімкүл өлеңдерінде ұлттық сипат басым болып келеді. «Мен даланың қызымын» өлеңінде:

... Мен даланың қызымын, далада өстім,
Кеңістікке, ғарышқа қарап өстім.
Мұрындықтан тізгіндеп түйелерді,
Ақ боз үйді жүк қылып ала көштім...
Мен даланың қызымын еркелеген,
Ел жатқызып, таңымен ертелеген.
Ерін сыйлап жүрген соң, елін сыйлап,
Мына дала менімен көркем екен,-

деп, тебіренген ақыната-баба, бүгінгі буынға бесік болған қасиетті атамекең, атажұртын қадір тұтады. Лирикалық қаһарман ауылдың баласы екенін түйелерді тізгіндеп, ақ боз үйді жүк қылып көшкенімен дәлелдей түседі. Елді танығың келсе алдымен ата –бабаңның алтын бесігі ауылды қадірле, өйткені ауыл ұрпағымен көрікті. Қазіргі жағдайда ел үдере көшіп қалалық жерге келіп, елде жұмыссыздық жайлаған уақытта бұл өлеңнің танымдық, тәрбиелік маңызы өте зор. Екінші аңғаратынымыз – ақын дүниетанымы көкжиегінің кеңдігі, оның да себебі бар, өйткені ол ауылда кеңістікке, ғарышқа қарап, еркін өсті. Онда ой еркіндігі бар. Қонағына алдымен ақ ұсынған ата баба дәстүрін, елдің елдігін, дәстүрін сақтап келе жатқанауыл адамының қазіргі жағдайына ақын қатты қынжылады.

Сөйткен, Дала, сен бүгін тарылдың да,
Қозғадың-ай намысым, арымды да!
Ұрпақтарың барады ұнтақталып,
Ұлыларың айналып қарындыға... -

деп, кеңдігін де, теңдігін де, дәстүрін десақтаған даланың мұрагері ендігі ұрпақ – сен, «ие бол, Егемендік елдігіме!» дейді. Ақын үкімі жүректен шыққан үкім. Нағыз елін, ұлтын сүйген ақын – ана сөзі. Ол сөз қадірін түсінген адамның жүрегін тебіrentпей қоймайды, өйткені өлең сыншыл да шыншыл. Лирикалық қаһарман батыл да өткір.

Ғұмырын ұстаздық жолға арнағанақын қазақ даласының иесі бүгінгі ұрпаққа

халқымыздың салт-сана, дәстүр, ибалық, әдет-ғұрыптарын да жырларына арқау етіп, жастарғанақты өмір шындығы арқылы жеткізеді. Ақын өлеңдерінің өзегі – ана тілін құрметтеу, ел бірлігі мен ынтымағын сақтау және ұлттық тәрбие мен салт-дәстүрді дәріптеу, оны ұрпақ санасына сіңіру. Ғалым Б.Кәрбозұлы: «Сәнімкүл Желдербаева есімі Сыр еліне етене таныс. Ақынның «Ақ босағасы» қазақ ұғымындағы ең бір нәзік салтты, келін түсіру сәтінің мән-мағынасын терең бейнеленген күйінде Қазақстанға түгел тарап, талантты ақын апамыздың атын аңызға айналдырып жіберді», - дейді [2,3].

Татулықпен тамсантқан ауылымды,
Қадір тұтқан аға-іні бауырымды,
Ізеті мол қазақтың келіндері
Бағалаттың баршаға қадірінді.
Пай-пай, шіркін! Қазақтың келіндері,
Көл-дария секілді пейілдері.
Сол келіндер арқасы ақ босаға,
Құда-жекжат іргесі сөгілмеді.

Сонымен қатар С.Желдербаева қазақтың даласындай кең пейілділігін де, жомарттығын да, қонағын құдайындай сыйлайтын қонақжайлық дәстүрін де өзінің «Дастархан» деген өлеңінің негізгі арқауы етіп алады. Мысалы:

Бұл қазақтың әйтеуір жомарт жаны,
Дәм татпай аттанбаған қонақтары.
Қанша қиын кездерді өткерсе де,
Дастархан берекесін жоғалтпады.
Осы бір қонақжайлы қасиетімен
Халқымның мәртебесі қомақтанды, -

дейді. Ұлттық мінезіміздегі кеңдік, аңғалдық, қонақжайлылық, меймандостық, бауырмалдық қасиет-терді мақтан ете отырып ақын марқаяды. Сондай-ақ өлеңде сұлу табиғат аясында еркін өмір сүрген кең даланы керегінше пайдаланып көшіп-қонып жүрген ата-бабамыздың бойындағы әдет-ғұрып, салт-дәстүр де көркемдік шешімін тапқан. Академик Заки Ахметов: «Поэзияда, әдебиет шығармасында сөз, тіл жаңалығы деген жеке сөздерді қолданудағы жаңалық қана емес, ең алдымен белгілі бір ой-пікірді, сезімді жеткізудегі шеберлік, көркемдік», - деген еді [3,195]. Олай болса, С.Желдербаева да көркем ойын жеткізу-де халықтың күнделікті қолданылып жүрген сөзіне жаңаша өң беріп, оны өлең өрнегіне шебер қиюластыра білген.

Қазақ үшін отбасына келген жолаушы да оның құрметті қонағы. Қонаққа ақ дастархан жаю – қазақы ұлттық дәстүріміздің біркөрінісі. Сондай-ақ ақын қазақтың ұлттық ойындарын да назардан тыс қалдырмайды. Мысалы: «Бәйге» деген өлеңінде:

Делебе қозып, дегбірсіз жұрттар қолпылдап,
«Сарыарқа» кетті, «Сарыарқа» кетті толқындап;
Дүбірлеп аттың тұяғыменен дүбірге,
Туған жер жатты аймалап құшып, солқылдап...
«Сарыарқа» менің, сар далам жатты дөңгелеп,
Даланың мендей қызына да сол керек!..

Бәйге – қазақтың ұлттық ойындарының бірі. Ат баптап, оны бәйгеге қосу – ұлттық салт-дәстүрлеріміздің, ұлттық өнеріміздің бірі. Өлеңде Бұланқарадан үміткер ақын:

Бабасы баптап, ат жаратқан
Қазақтың,
Қаршадай ұлы бәйгеден озып күліп кел! -

деп, бәйгеге қосқан тұлпар аттың үстіндегі жас ұланға игі тілек тілейді.

С.Желдербаева ұлттымызға жат мінезді де жыр қармағына іліп тастап отырады.

Ермегі – шашы,
Түнімен ширатады.
Ермегі – қасы,
Түбімен қиратады...

Немесе:

Істі жинап қояды әрі,
Түсте зорға оянады.

«Еркегүлдің ермегі» өлеңіндегі шолжаң мінез мұндай қыздардың өмірде аз да болса бар екені рас. Сонымен бірге ақын ащы суға құмарларды түйреп өтеді. Мысалы:

Түніменен карта ойнайды, арақ ішіп,
Азанда көздің алды қалады ісіп.
Жүз грамм бас жазуға бермеген соң,
От болып, денең жанып барады ысып.
Далаға мең-зең болып шығып едің,
Әйтеуір жаның қалды шала құсып.
Томсарып тұрып қалды балаларың,
Тек қана еркелеп жүр ала күшік...

Ақын араққа құмар әкелердің бала жүрегіне кірбің түсіретініне, мұның жастарға жақсы үлгі бермейтініне қынжылса, «Бастықтың әйелі» деген сықақ өлеңіндеерінің қызметіне мәз болып, өзінің қоғам алдындағы міндетіне ат үсті қарайтын шолжаң әйелді және оларға қарсы келе алмайтын директорды әжуалайды. «Бір педагог құрбыма» өлеңінде өзін-өзі мықтыға тенеген, өзін ғана ақылды да жақсымын деп мақтанып, үйінен енесін қуған құрбысынөткір сынайды. Сынапқана қоймай қатаң ескерту айтады:

Ізетін сақтап келіннің,
Ененді үйден қуасың.
Бәлкім өзің өмірі,
Қартаймайтын шығарсың? -

дейді. Сәнімкүлдің құрбысына айтары ақылы, ескертуі осы. Бұл арқылы ақын отбасындағы сыйлас-тық, ата-ананы сыйлау мәселесін ұлттық мінезіміздің құндылықтары деп түсенеді. Сол құндылықтарды сақтау – ұрпақ міндеті.

«Автобуста» өлеңінде де ибалылықтан, қазақылық әдет-ғұрыптан жұрдай жастарды сынға алады. Ал «Қайнаға келді қыдырып...» өлеңінде:

Қайнаға келді қыдырып,
Жанбастай жатып жығылып...

Келін бар тамақ түрін дастарханға қойып жайнатса да, оны місе тұтпаған қайнағаны:

Қайнаға күліп жөтелді,
Еңсесін енді көтерді:
Дастарханның шетіне
Қонжиған соң бөтелке, -

дейді. Бұрын дастарханның ең құрметті асы – нан болса, енді оның орнын арақ жеңіп алған. Бұл арқылы ұлттық дәстүріміздің бұзылуына үлкендеріміздің өзі де себепкер болып отырғанын меңзейді. Одан жиренген ақын «Тектілік» деген өлеңінде:

Күлімдеп кіріп, еп қылып,
Төріңе шықты ептілік, -

деп бастап, соңын:

Ащы су ішіп кептіріп,
Бұлбұл ұшты-ау көзімнен,
Қайда кеттің тектілік!, -

деп ұлттық сана, ата-баба дәстүрін берік ұстаған тектілікті іздеп, таба алмай қиналады. Жастарымызға қасиетті өнеге-үлгі көрсетерлік үлкендерді кездестіре қоймаған соң, арақ-шарап құмар қыздарға:

Қыздарға тән ізгілік, жарасымды ой,
Аяулы жар, болашақ анасың ғой! -

деп, «Ішкілік пен ізгілік» өлеңін арнап, қыз намысымен, оның болашағын ескертіп, ішкілігін ізгілікке ауыстыруға насихаттайды. Осыған орай өзінің студенттік өмірін қазіргілерге үлгі етеді.

... Бойымыздан бұрындау,
Ойымызды түзедік.

Білім қуып құныққан,
Бас алмаған біз едік,
Адамшылық дағдыдан,
Аса алмаған біз едік, -

дейді «Біз, біз едік, біз едік» өлеңінде. Сондай-ақ қыз баланың айрықша боянуы, еркекше киінуі мен қазақ қыздары мен келіншектеріне тән емес қылықтарды сын найзасына іледі.

С.Желдербаеваның тіл тағдыры, мемлекеттік тіл мәртебесі де қатты толғандырды. Өйткені ұлттық құндылықтарымыздың бірі – ана тілі. Тіл ең алдымен кез келген ұлттың белгісі, айырымы, символы. Сондықтан әрбір ұлт алғашқы қадамын ана тілінің тұғырын нықтап, мәртебесін биіктеуден бастайды. Мысалы, ақынның «Бабамның тілі – баламның тілі» деген өлеңдер цикілінде:

Тіл деген не?
Өкпеліміз өз тілін білмегенге.
Тіл деген – сөз,
Әрбір сөз мағыналы,
Бір-біріне тіркесіп бағынады.
Сөз қадірін түсінген атам қазақ,
Сөз қадірін түсірсең не қылады?, -

- дей келіп, ана тілінің тазалығы үшін жан ұшыра күреседі. Бабалардан қалған асыл мұрамызды сақтамау, ұпақтың тарихын құртады, ділін бұзады. Ақ сүтімен келген ана тілін арашалап қалу – ұрпақ міндеті деген ой айтады. Ақын:

Бабалардың ақыл-ойы, бал тілі,
Болашаққа қазақ болыпқал тірі.
Өзегімнен жарып шыққан өз тілім,
Өзгелердің неге керек алтыны?
Тірлігім де, бірлігім де өзіңде,
Салт-дәстүрдің бәрі-бәрі сөзімде, -

дей келіп, ана тілім бас қаруым, құралым, сен арқылы өзге тілді ұғамын деп ағынан жарылады. Тілді қадірін кетіріп, «отырық», «тұрық», бұрада» деп бұзатындарды өткір сынға алады. Сұлулық та, әуезділік те, тереңдік те ана тілімде, ана тіліңнен түңілу, өзіңнен түңілу деп ұғады. Ал «Ана тілім» деген өлеңінде ана тілім арқылы ақыл-ойым дамыды, өмірді танып білдім деп ұғындырады.

Қорыта айтқанда, көркемдік әсерлілігі, танымдық мәні, тәрбиелік қуаты жағынан да Сәнімкүл Желдербаева өлеңдерінің маңызы зор.

1 Назарбаев Н.Ә. *Тарих толқынында*. – Алматы: Атамұра, 2003. – 288 б.

2 Желдербаева С. *Шығармалары. Сырдария кітапханасы*. – Астана, 2009. – 188 б.

3 Ахметов З. *Өлең сөздің теориясы*. – Алматы, 1973. – 173 б.

4 Кәрбозұлы Б. *Сырлы сөз сипаты*. – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 281 б.

ӘОЖ811.411.21.04

Г.Б. Тоқшылықова – Абай атындағы ҚазҰПУ, қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы

КХМЕР ӘДЕБИЕТІНІҢ ЖАНРЛАРЫ

Түйіндеме: Мақалада Оңтүстік Шығыс Азия елдерінің біріне жататын кхмер әдебиетінің жанрлары сөз болады. Соның ішінде джатак, сатра лбаенг, тьбап секілді кхмер әдеби жанрларының өзіндік ерекшелігі жан-жақты талда-нады. Кхмер әдебиетінің анкорлық кезеңінен бүгінге дейін жеткен жанрлары жалаң түрде емес, «Риемке», «50 джатак» секілді халықтық әдеби ескерткіштер аясында талданады.

Кілт сөздер: кхмер, анкор, жанр, джатак, сатра, лбаенг, тьбап.

Аннотация: В статье рассматривается жанр кхмерской литературы народа Юго-Восточной Азии.

В том числе глубоко излагается кхмерные литературные жанры как джатак, сатра лбаенг, тьбап. Литературные жанры дошедшие до наших дней с ангорского периода анализируются в контексте народных литературных произведения «Риемке» и «Пятьдесят джатак».

Ключевые слова: кхмер, ангор, жанр, джатак, сатра, лбаенг, тьбап.

Abstract: The article considers the genre Khmer literature people of Southeast Asia. Including deep outlines Khmer literary genres as Jataka, satra lbaeng, tbaп. Literary genres have survived with Angkor period analyzed in the context of folk literary work "Riemke" and "Fifty Jataka."

Keywords: khmer, Angkor, genre, Jataka, satra, lbaeng, tbaп.

«Камбоджа елі» дегенде көп адамның ойына бірден «Тірі аруақтар мекені» деген атау түседі. Оңтүстік-Шығыс Азияда орналасқан, ешкімге соқтықпай өз бетінше өмір сүріп жатқан осы бір шағын мемлекетке мұндай қорқынышты атаудың жамалуы «билікқұмар» Пол Поттың есімімен тығыз байланысты. Сондықтан Пол Пот режиміне қысқаша тоқтала кеткенді жөн көрдік. Ортағасырлық кезенді аңсап, аграрлық қоғам орнатуға бар күшін салған, бастауыш білімді буддалық монастырдан алған, Үндіқытай-дың коммунистік партиясына мүшелікке сайланған, 50-жылдары Парижде электрониканы оқып үйренген Пол Пот марксизм рухын бойына сіңіріп оралды. Жалпы кері кеткен қоғам билеушілері ғана оқу-білімге тыйым салатындығы белгілі. Еуропа әдебиеті мен мәдениеті тарихында «ортағасырлық» деген шартты ұғым болғанымен, бұл кезеңдегі Еуропа мәдениеті, әдебиеті тоқырап, феодалдардың сойылын соққан шіркеуліктердің антикалық асыл сөз маржандарын (Гомер поэмалары, Эсхил, Софокл туындылары, Цицерон трактаттары, Гораций одалары т.б.) оқуға тыйым салғаны ешкімге де жасырын емес. Сол сияқты Пол Пот та мектептерді жауып (оларды түрмеге айналдырды), кітаптар, кітапханаларды, ғылыми-зерттеу орталықтарын өртеді. Марксистік социализм құндылықтарын дәріптеген полпоттықтар үшін адам өмірі құнсыз болды. Алдыңғы қатардағы озық ойдың өкілдерін: зиялы қауымды, мұғалімдерді, балабақша тәрбиешілерін, жоғары оқу орындары профессорларын, студенттерді, яғни сауатты адамдарды қудалап, қинап, азаптап өлтірді. Елде тіпті көзілдірік таққан адамның күні қараң болды. Себебі оларды оқымысты деп қабылдады[1]. Онымен қоса өздеріне қауіпті деп санаған барлық мемлекеттік қызметкерлерді, әскери адамдарды, бір сөзбен айтқанда, ескі тәртіптің көзін жоюға күш салды. Олардың қолтығына су бүркіп, көмек беріп, қолдау көрсетіп отырған қытай билеушілері болды. Пол Пот өзінің билікке деген құмар-лығын, өзінің қанішерлік саясатын американдық әскерлерді елден шығару деген ортақ мақсатпен орайластырып, бүркемелеп жіберді. Оның уысына тіпті король Нородом Сиануктың өзі (күні кеше ғана өмірден өткен) түсіп қалды. Осы мақсатты желеу етіп, Пол Пот өз жоспарын енгізіп, реформасын бастап та жіберді. Оның реформасы ерекше қарқынмен дамыды. Мұны өзі тіпті «бірнеше күннің ғана шаруасы» деп қана жоспарлаған еді[1]. Әрине, өзі ойлағандай мұның жеңіл, оңай біте қоятын шаруа еместігі Пол Поттың миына кіріп те шыққан жоқ. Ол ақша әкелетін, пайданың көзі – базар, банк, шіркеу, діни мекемелердің барлығын жапты.

Мао Цзэдунның идеяларымен рухтанған Пол Пот «аграрлық қоғам» орнату жолында бір ғана Пномпеннің өзінен 2 млн-нан астам халықты (оның ішінде ауруы, кәрісі, екіқабат әйелдер, жаңа туған балалар, кемтарлар, өлейін деп жатқан ауыр науқастар да бар) бір күннің ішінде ауылдарға, коммуналарға, таулы аймақтарға қуып тықты[2]. Бұл нәубет барлық адамның басына түсті, адам өмірінің бір тиындық құны қалмады. Халық бір күнде қаладан қуылды, өздерімен бірге тамақ, киім алуға рұқсат бермеді, қарсы болғандарды бірден атып тастады, олар жауған жаңбыр, ыстық күнге қарамай жаяу жүруге тиіс болды. Жолда не тамақ, не киім берілмеді. Меконг өзенінің жағалауына жеткенде 500 000 пномпендық көз жұмды. «Солдаттар балаларды бірінің артына бірін байлап, су толтырылған құдықтарға итеріп тастап, тірілей көмді»[2]. Полпоттықтар оқты үнемдегендіктен, адамдарды қазылған траншеяларға тақап қойып, қарақұстарынан күрек немесе кетпенмен ұрып, құлатты. Ал көп адамның көзін бірден жою керек болғанда ондаған адамның сыртынан сыммен орап, бульдозердің генераторынан тоқ жіберу арқылы есінен тандырып құлатты да, шұңқырға итеріп жинап, шала жансар күйінде үстіне топырақ тастап, көме салды. Ал тірі қалғандары адам төзгісіз жағдайда, аш құрсақ күйінде күніне 12-16 сағаттан жұмыс істеуге мәжбүр

болды. Адам қолы тимей сыңсып тұрған джунглиді тазартып, жерді жыртып, күріш егуге тиіс болды. Жаңа өмірдің қолмен сызып берген шеңберіне сыймай, қатаң талаптарына көнбегендер жазаланды, қатты жазаланды. Пол Пот әсіресе, интеллигенция өкілдеріне қатты шүйлікті. Оны бір ғана пномпендік 643 дәрігерден 69-ның ғана тірі қалғандығынан көруге болады[2].

Пол Пот өрті Камбоджада өмір сүріп жатқан этникалық топтарды да шарпыды. Вьетнам, тай, қытай тілінде сөйлегендер өлім жазасына кесілді. Этникалық топтардың ішінде ең қатты зардап шеккендері – чан халқы болды. Чандар Вьетнамнан XVIII ғасырда Камбоджаға келіп қоныстанған, камбоджалық өзендер мен көлдерді жағалай қоныстанып, балық аулау кәсібімен айналысатын. Ислам дінін қабылдаған чан халқы өз тілін, ұлттық тағамдарын, киімдерін, діни дәстүрлерін таза қалпында сақтап отырған болатын. «Қызыл кхмерлер» олардың үйлерін өртеп, адамдарын батпаққа айдап тығып, тамақтарына шошқаның етін қосып жегізіп, әбден азаптайды. Өлтіргені аз болғандай, үлкен ордның ішіне тастап, үстін топырақпен емес, әкпен көмеді [1]. «Қызыл кхмерлер» жазалаудың неше түрлі тәсілін қолданды: целлофан қалтамен қылғындыру, керіп қағып тастау, ең жаманы – сумен қинау болды. Лагерьлерде аштықтан аңға айналған тұтқындар қасындағы өлген адамдарды жегені үшін мойнына дейін жерге көміліп, аштық пен шөлдің азабын тартып, ұзақ өліммен өлуге тиіс болды; оның үстіне шыбын-шіркей мен құрт-құмырсқаға жем болатыны тағы бар. Өлгеннен кейін басын кесіп алып, деревняның сыртына іліп қояды да, мойнына: «Мен – төңкерістің сатқынымен» деген жазу ілінеді. Әбден құтырған «қызыл кхмерлер» 1977 жылдың қаңтарында камбоджа-вьетнам шекарасын бұзып, вьетнам тұрғындарын бауыз-дап тастайды. Ал өмір-бақи беріспей, француздармен де, американдықтармен де соғысып, жеңілмеген әрі соғысудың барлық тәсілін жетік меңгерген вьетнамдықтар «қызыл кхмерлердің» бұл әрекетін кешіре алмайды. 1979 жылдың қаңтарында вьетнам әскерінің күшімен Пол Пот үкіметі құлайды. Пол Поттың 3 жылғы реформасынан кейін камбоджалықтар Вьетнам үкіметін қуана қарсы алады. Екіншідүниежүзілік соғыста Освенцим ұлтшылдар фабрикасының газ камераларында 3 млн жазықсыз адамның өлгені секілді Камбоджадағы Пол Пот дәуірінде 3 млн-ға жуық адам өлді [2]. Пол Пот режимі кезеңінде Оңтүстік-Шығыс Азиядағы осы бір кішкентай елге «Тірі Аруақтар мекені» деген қорқынышты ат жамалды.

Біз корей әдебиетін сөз еткенде әдеби мұраларының көпшілігі қытай тілінде жазылғандығын айтқан болатынбыз. Ал Камбоджа (Кампучия, кхмер) әдебиетіне көршілес үнді елінің ықпалы күшті болғаны байқалады. Олай дейтініміз, біріншіден, Вокал (қазіргі Вьетнам аумағында) және Тонле-Бати храмдарының қабырғаларына жазылған кхмер әдебиетінің алғашқы ескерткіштері санскрит тілінде жазылған. Негізі санскрит, пали тілдері Камбоджаға индуизм, буддизммен бірге келген. Екіншіден, бүгінгі кхмер әдебиетінің құнды мұралары саналатын «Риемке» («Рама даңқы») ұлттық эпосы да, ақын Во Баньнің (шамамен XVI ғ. өмір сүрген) «Риэл Кола» поэмасы да үнді эпосы «Рамаянаның» негізінде жазылған. Сондай-ақ, Ангкор дәуірінің заңнамасы мен кхмерлік заң трактаты «Патша заңдарының жинағы» («Пхра тхомасат»), XVIII ғасырда жоғалған) да үндінің «Ману заңдарын» басшылыққа алғандығы онда көптеп кездесетін ұқсастықтары мен ортақтықтарынан айқын аңғарылады. Кхмердің космологиялық трактаты «Үш әлемде» («Трайпхет») әлем, дүниенің пайда болуы туралы үнді аңыздары жиі кездесіп отырады. Тіпті ел арасында кхмер мемлекетін әкесі үйінен қуып жіберген бір үнді ханзадасының Кампучияға келіп, осы елдің әміршісі – жылан патшаның қызына үйлену арқылы құрған деген де аңыз бар [3].

Кхмердің ежелгі әдеби мұралары дегенде тас плиталарға ойып жазылған жазбаларды атаймыз. Мәтіндер негізінен Ангкор дәуіріне жатады. Камбоджаның діни қасиетті жазбаларының көпшілігі жоғарыда айтылған ежелгі тілдерде (санскрит, пали) жазылған. Арнайы ережелер бойынша жазылып, құдайлардың құдіретін, монархтардың ұлылығы мен әскери ерліктерін дәріптейді. Өткен мыңжылдықтың ортасында бұл мәтіндер пальма жапырақтарына, күріштен жасалған қағаз – крангқа жазылған. Шығармалардың авторлары тек буддизм әдебиетін жақсы білетін жоғары білімді монахтар мен ақсүйектер болды [3]. Бірақ, қалыптасқан қағида бойынша олардың есімдері белгісіз күйінде қалды.

Ангкор дәуірінен қалған мүсін өнері мен сәулет өнерінің ұлы да айбынды, қайталанбас,

әсем үлгілері-мен ортағасырлық Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің бірде-бір ескерткіштері теңесе алмайды. Ангкорлық кезең (802-1433) брахманизм мен махаян буддизмі идеологиясының ықпалымен дамыған кхмер мәдениетінің гүлдену дәуірі саналады. XIV ғ. ортасында Кампучияға тай тайпалары (XV ғ. ортасында Ангкор империясы сиам армиясының қол астына өтті) дендей енгенде, бұл жаулап алушылар керемет мәдениетке жолықты. Кейін бұл мәдениет тай әдебиеті мен өнерінің өзіне айтарлықтай әсер еткен. Дегенмен сан жылдарға созылған жаулап алушылық соғыстың салдарынан XVII ғасырға дейінгі Кампу-чияның барлық әдеби мұрасы жоғалып кеткен [3]. Зерттеушілер әдеби дамудың қалай жүргенін анықтау барысында табылған жанама дереккөздерін барынша мұқият пайдаланып, құрастыруына тура келді. Бұл мақсатқа ангкор кезеңінде оңтүстік үнді алфавитін пайдалана отырып жазылған санскрит және кхмер тіліндегі жазбалар да өз септігін тигізді. Санскриттік жазбалар – бұл негізінен құдайларға арналған гимндер, патшалар мен батырларға арналған көпірме мадақтаулар болып келеді. Олар әдеттегідей өлең түрінде, «кавья» риторикалық стилінде жазылған. Кейбірінің көлемді болғаны соншалық Ангкор Ваттан (XIV ғ.) табылған бір жазба – 163 жолдан тұрады [3]; мұны шағын поэма ретінде қабылдауға да болады. Кейбір кхмер жазбалары шағын проза үлгісінде келеді. Негізгі мазмұны ел басқарған билеушілер жөніндегі жалған немесе тарихи мәліметтерді қамтиды. Жазбаларда үнді ықпалының күшті болғандығы білінеді. Ең ерте кезеңге жататын кхмер тіліндегі (609 ж. шамасы) жазба кхмер храмына «Махабхарата» мен «Рамаянаның» қолжазбасын тапсырып, оны күнде оқып отыруды бекіткен бір брахман жөнінде айтылады. Үнді эпосының кхмер еліндегі танымалдылығын санскриттік поэма мотивтерін суреттеген Ангкор дәуірі барельефтері де растайды. Рама туралы оқиғаның Ангкордағы тас стелаға ойып жазылған алғашқы тарау үзінділері де сақталған. Соған қарап, үндінің «Рамайна» жырының кхмерлік нұсқасы – «Риэмке» осы кезеңде жазылуы ықтимал деген болжам жасалды. Бұл жыр кейіннен Кампучияда кхмердің ұлттық эпосы ретінде қабылданды. Вишну құдайдың жердегі бейнесі Раманың ерліктері, ұрланған әйелін қайтару жолындағы Раван екеуінің шайтандармен айқасы – кампучиялық нұсқасында жергілікті көптеген аңыздарды бойына сіңірді, ал оның кейіпкерлеріне кхмерлік халық батырларының сипаттары берілді. Кампучияның балетінде немесе рұқсатсыз, заңды тіркелмеген, «көлеңкелі» театрларында «Риэмке» мәтін-дері әлі күнге оқылады, ал жекелеген эпизодтары театрлық әйгілі пьесалар сюжетінің негізінде жатыр. Сатраға, яғни пальма жапырақтарына жазылған «Риэмке» мәтіні сиамдықтар Ангкорды жаулап алғанда жоғалып кеткен, кейіннен XIX ғасырдың басында сиамдықтар оның кеңейтілген, толықтырылған нұсқасын кхмерлерге қайтарып берген деген де болжам бар.

XIV ғасырда Кампучияда буддизмнің хинаян тармағы (оған дейін кхмерлер будданың махаян тармағын білген) кең жайылды, біртіндеп религия ретінде орнығып, брахманизмді ығыстырып шығарды. Санскрит жазбалары жойылып, оның орнын пали тіліндегі жазбалар басады. Діни жоралғыларда пали мәтіндері мен оның кхмерлік аудармалары қолданылады. Кампучиялық пагодалар (пагода – Будда ғибадатханасы) жазбаларында буддалық «Типитаканың» барлық үш бөлімі мен джатак жинақтары (будданың туылуы жайындағы әңгімелер) қамтылған.

Кампучия мен барлық Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде джатактың ішінде «Вессантра патша бейнесінде туған Будданың өзінен сұрап жалбарынушыға рақымшылық жасап, алдымен мемлекеттің амандығын сақтайтын тамаша пілді, одан соң балаларын, тіпті әйеліне дейін беріп жіберетін оқиғасы баяндалады. Джатактың негізінде кхмер әдебиетінде тамаша туындылар дүниеге келген. Соның ішінде – Во Баньның (шамамен XVI ғ.) бодхисаттва Риэл Кола туралы поэмасын атауға болады. Риэл Кола ханзада аспаннан жерге ат бейнесінде келіп түседі. Риэл сарайдағылардың интригасымен өз әйелінен айрылып қалады да, оған жету үшін шайтандармен айқасады. Мұнда да «Риэмкенің» жаңғырықтары бар.

Кампучия әдебиетін сөз еткенде ондағы фольклордың рөлін ескеру қажет. Үндістаннан келген «Панчатантра», «Ветал әңгімелері», «Баяндаулар мұхиты» повестері жинақтарының құрамына көптеген кхмер ертегілері, мысалдары, аңыздары енген. Олардан басқа да көптеген халық әңгімелері бар, олар тақырыптық тұрғыдан бір циклды құрайды. Олардың ішінде – сараң монах, паракор сот, айлакер шаруа туралы оқиғалар; адамдар мен аңдарға айналған

рухтар туралы аңыздар; қалыңдық іздеген «төрт тақыр бастар» және тазға шыққан шаш туралы комикалық повесть; алып құс ұрлап әкеткен Ниенг Какей туралы әңгіме; жанры жағынан еуропалық «Түлкі туралы романға» ұқсас келетін сот-қоян жайындағы сатиралық кітап бар.

Кхмер фольклорында негізгі орынды басты тақырыбы махаббат пен табиғат болып келетін халық өлеңдері мен әндері, алды. Бұл өлеңдер кхмер лирикалық поэзиясының дамуы мен кейінгі ғасырдағы өлеңмен жазылған повестердің прологы іспеттес.

XVII ғасырдағы кхмер әдебиетінде жаңа жанрлар пайда болды. Атап айтқанда, афористік (афоризмге құрылған) поэзия, пейзаждық-махаббат лирикасы, өлеңмен жазылған роман. Ал ең танымалы – джатак жанры болды.

Джатак – Будданың өткен уақыттағы туылуы жайындағы әңгімелер. XVII ғасырда Оңтүстік-Шығыс Азияда буддалық ережелерге бағынбай, өз алдына «Елу джатак» («Паньяса джатак») жиғанына біріккен джатак өлеңдерінің тұтас сериясы қалыптасты. Бұл жинақтың бірнеше нұсқасы бүгінгі дәуірге дейін сақталған (соның ішінде пали тілінде жазылған кхмерлік нұсқасы да бар). Кхмерлік жинаққа 24 джатак кіреді [3]. Бұл джатактар дәстүрлі ережелер үлгісінде жазылғанымен, жергілікті фольклорлық дәстүрмен тығыз байланыстылығымен ерекшеленеді. «Дукамманике туралы джатакта» («Дукамманике-джатак») ірі жер иеленушінің отбасында дүниеге келген бодхисаттва жөнінде (болашақ будда) сөз болады. Әкесінің өлер алдында айтқан ғибратты ойларын құлағына да ілмей алаңсыз жүрген баласы күндердің бір күнінде жазықсыз жала жабылып түрмеге түседі. Патша оны өлім жазасына кескенімен, күзетшілердің асығыс шешім қабылдаудың тек өкінішке әкеп тірейтіні жөніндегі өзара әңгімелерін естігеннен кейін ойланып, баршындықты біліп, жігітті бостандыққа жібереді. Бұл джатақтың ерекшелігі – мұнда мәселе буддалық мораль тұрғысынан шешілмейді, патшаның мейірімі түсіп жігіт азат етіледі. Ал ереже бойынша бодхисаттваны ренжіткендер қатаң жазалануы тиіс болатын.

Джатак – будданың өткен уақытта дүниеге келуі жайындағы әңгімелер дедік. Джатактар бодхисаттва-ның идеалды образын нақты көрсеткен тхеравада буддизмінің құндылықтарын дәріптеді. «Елу джатак» адамдарды өз байлығына, қолындағы билігіне «дұрыс» қарай білуге, өзін-өзі бағалай білуге үйретті; олар барлық моральдық өсиет, парыздардың сақталуын талап етті, оны сақтай білген адамдар нирванаға қол жеткізеді деп сендірді.

Сатра лбаенг (XVII ғ.) – жартылай ақсүйектік, жартылай діни жанр – өлеңмен жазылған романдар туып, қалыптасты. Олар кең көлемді болып келді әрі авантюралық сипатта болды, нақтырақ айтқанда шытырман оқиғалы кең көлемді романдар секілді. Мұндай романдардың негізінде дәстүрлі үлгі аларлық, өнеге боларлық оқиғалар баяндалып, негізгі кейіпкер бодхисаттва болғанымен, дидактика екінші орынға ысырылып, жалпы мазмұнында буддалық моральдан аулақ болды. Дәстүрлі шеңберден шыға алмаса да, осындай өзіндік ерекшеліктері болды.

Лбаенг – кхмер тілінде «ойын», «көңіл көтеру» деген мағына береді. Мұнда бас кейіпкердің (соңы бақытпен, бір-біріне қосылуымен аяқталады) қызықты, басынан кешірген махаббат оқиғалары жөнінде болды. Сатра лбаенг фольклорлық дәстүрмен тығыз байланыста дамыды және қиял-ғажайып ертегілері-нің композициясын сақтап отырады: бодхисаттва патшаның немесе ханзаданың отбасында, кейде кедей-дің отбасында дүниеге келеді. Оның бұл туылуына алдын-ала ғажайып белгі беріледі. Біраз уақыт өткеннен кейін бір себептермен бодхисаттва үйінен кетіп қалады. Басынан түрлі қиындықтарды өткеріп барып, сүйгеніне қол жеткізеді де үйленеді және бодхисаттва таққа отырады. Бұл – бодхисаттваның тағы бір ерекшелігі. Кхмер әдебиетінде кейінірек туған «Кйонг Санге туралы» повестің мазмұны да осындай. Сатра лбаенгтің сюжеті «Паньясаджатака» мен «Ризмкеден» алынып отырады. Өлеңмен жазылған романның ерекше үлгісі ретінде ақын әрі Анг Тьян II патшаның төресі Окня Каосатхипадейдің «Кронг Сопхомыт» (1798) туындысын атауға болады. Романның сюжеті «Елу джатак» жинағындағы 9 джатактан алынған. Одан соң белгісіз автордың «Кхйонг Санг» (1729), монах Каоның «Гьей Тот» (1754) романдарын жатқызамыз. Аталған екі туындының да сюжеті атақты «Елу джатактан» алынған [4]. Көркем әдебиетте жаңа жанр – өлеңмен жазылған романның пайда болуы – оның діни және ғылыми әдебиеттен бөлініп, дербестенуіне алып келді.

Лбаенг жанрының туындылары көңіл көтерушілік қызметті атқарады және дәстүрлі жанрлармен салыстырғанда өзіндік көркем әдебиет ретінде саналды. Дәстүрлі жанрларға: діни туындылар – **дех** (сөзбе-сөз аударғанда діни уағыз деген мағынаны береді); ғылыми трактаттар – **кбуон** (сөзбе-сөз аударғанда заң, ережелер жинағы деген мағынаны береді) және будда мектептерінде өнеге ретінде тек жатталып оқылатын шағын дидактикалық өлеңдер – **кпап (срап)** жатты [4].

Ортағасырлық кхмер әдебиетінде бүгінгі заманға дейін құндылығын жоймаған поэзиялық жанрлар туып отырды. Соның бірі буддалық монахтар ортасында туып, дидактикалық сипатта қалыптасқан **тьбап** (заң, ереже) деп аталатын жанр. Поэтикалық формада жазылған ақыл-кеңес пен мораль ережелері жинағы қоғамның әртүрлі қабатына арналды. Мәселен, «Монахтарға арналған кеңес» («Тьбап преах сонг»), «Әйелдерге арналған кеңес» («Тьбап срей»), «Балаларға арналған кеңес» («Тьбап коун тьау») деп аталатын тьбаптар бар. Өнеге, кеңес жанрдағы тьбаптардың ең көнесі – «Патшалық кеңестер» («Тьбап Ризьт ке») болып табылады[3], авторы белгісіз. Өнегелік тьбаптардың көлемі әртүрлі, олар 30 бастап 500 шумаққа дейін жетеді. Тьбаптар буддалық моральдан бөлек, тұрмысқа, өмір сүруге қажетті ақыл-кеңестер де беріп отырады – үнемшіл бол, мүлкінді сақта т.б. фольклормен тығыз байланысты мәтіндерде көптеген мақал-мәтелдер бар.

XVIII ғасырдағы әдебиетте поэзия негізгі орынды иеленді. Көркем әдебиет қана емес, эпиграфика, заң, медициналық, философиялық және басқа да трактаттарда, яғни көркемдік туындыға жатпайтын шығармалар да ежелгіүнділік дәстүрге сәйкес өлең немесе ұйқасқа бағынған проза түрінде жазылды. Барлық поэтикалық мәтіндер (театрға арналған пьесалар мен әндерді айтпағанда) классикалық бес тармақты өлең өлшемімен жазылды.

XIX ғасырдың 30-40-жылдарында гуманистік бағытымен ерекшеленетін алғашқы романдар пайда болды: Ньюк Тхаемның «Пайлиндік раушан гүлі» (1936), Рым Киннің «Сопхат» (1938), Ну Хаттың «Солған гүл» (1947)[4]. Ел тәуелсіздігін алғаннан кейін 1955 жылы кхмер әдебиетінің одағы құрылды. Камбоджа жазушылары Тиу Оль, Хэль Сумпха, Суон Сорэн, Ноп Саван т.б. шығармаларында әлеуметтік және қоғамдық-саяси маңызды мәселелер көтерді. Фольклорлық мұраларды жинау, жариялау жұмыстары бүгінге дейін жүргізілуде.

Түйіндей айтқанда, көпғасырлық тарихы бар кхмер әдебиеті пайда болу, даму, өсіп-өркендеуі барысында түрлі қиындықтарды басынан кешірді. Соған қарамастан, бүгінгі кхмер халқы өздері сақтап қалған бай ауыз әдебиеті және жазба әдебиетінің үлгілерімен, тамыры тереңде жатқан мәдениетімен мақтана алады. Кхмер халқының жаһандану үдерісіне ұлттық құндылықтарын ардақтап, ұстанымдарын ұлықтап қадам басып жатқаны үлгі-өнеге боларлық дүние.

1 Красные кхмеры и «геноцид в Камбодже». www.Tourweek.ru/guide/different/231668/.

2 "Геноцид народа Кампучии" во времена Пол Пота - циничный и наглый. www.cccp-2.ru/teory/249-q-q-koпия.

3 Шмелева А. Кхмерская литература. feb-web.ru/feb/ivl/vl4/vl4-4552.htm.

4 Кхмерская литература - ART-PEDIA.RU - энциклопедические статьи. art-pedia.ru/khmerskaia_literatura..

А.Әлібекқызы – Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 2-курс магистранты

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ БЕЙНЕСІ МЕН

С.ЕЛУБАЙДЫҢ «АҚ БОЗ ҮЙ» РОМАН-ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ ХАНСҮЛУ БЕЙНЕСІ

Қазақ әдебиетіндегі аса ірі тұлға Мағжан Жұмабайұлы:

«Жаратты Тәңірі әйелді:

Бастасын деп бар ерді.

Туралық, шындық жолында.

Адаспассың, азбассың,

Тура жолдан жазбасың,

Ерсең мұның соңында!» – деп әйел затын ұлықтаса, сол сенім артқан, тура жолға бастайтын нәзік жандардың, біз білетін ақ кимешекті, ақ жаулықты, түн ұйқысын төрт бөліп бесік тербеткен қайран аналардың, қыздардың бейнесі айдан анық. Өмірдегі барлық даналық осы кісілерден таралған десек артық емес.

Қазақ әйелінің тағдыры ойлануға тұрарлық. Ол – орыстар мен Еуропа әйелдері сияқты «сезім бостандығы» деп аласұрмай, Шығыс әйелдері тәрізді жүгін көлегейлеп көнбістік білдірмей, өзіне тән ақыл-ойын, сырын ішіне түйген, бірақ қоғам тіршілігіне белсенді араласып үлес қосқан жан. Ер адамдар-мен тең тұрып, сыртқы жаудан елін қорғауға қатысқан, ақын болып айтысқа да түскен, ана болып жар күткен, ұрпағын өрбіткен әйелдер ел шежіресінде көптеп саналады. Эпос пен аңыздардың қаһармандар-дың (Жиреншенің Қарашашы, Алпамыстың Гүлбаршыны, Қобыландының Құртқасы, Қамбардың Назымы, Қыз Жібек, Баян сұлу, Айман-Шолпан және де т.б.) қоспағанның өзінде, қазақ тарихында есімі сақталған Қарқабат, Енең, Домалақ ана, Қызай, Аққыз, Айша бибі, Құнанбайдың анасы – Зере, Абайдың анасы – Ұлжан, Ұлпан сияқты халықтық тұлғалардың ісі мен өнегесі ауыздан ауызға аңыз болып тарап келеді. Олар жайында жазылып жатқан көркем шығармалар да баршылық.

Әлемдегі ең асыл жан ана десек, барлық ізгілік бастауы осы анадан бастау алатыны бәрімізге аян. Жалпы қазақ әдебиетінде әйел, ана, қыз тақырыбына қалам тартпаған ақын, жазушы жоқ десек те болады. Кез келген адам өзінің қолынан келетін жақсылығын осы кісілерге арнайды. Қазақ халқының «Ана – өмір себуші», «Қыз – елдің көркі» деген сөздері осыны аңғарса керек.

Өзі өсіп-өнген ортаның қазақ әйелдерінің небір асыл қасиеттері Ғ.Мүсіреповті де ертеден толғандырып, ойландырған сияқты. Ал қазақ елі өзі ел болып, халық болып қалыптасқан көне заманнан бері-ақ әйелді, ананы, қыз баласын қадірлеп, құрмет тұтуды дәстүрге айналдырған халықтың бірі. Қазақ әдебиетінде ана тақырыбына өте көп қалам тартқан жазушының бірі – Ғабит Мүсірепов. «Ананың анасы», «Ашынған ана», «Ер ана», «Адамның анасы», «Ақлима», «Ұлпан» және де т.б. шоқтығы биік шығармаларында ана бойындағы барлық қайталанбас асыл қасиеттер: мейірімділік, ізгілік, жанашырлық, достық, ерлік, батырлық, т.б. қасиеттер кеңінен ашылып көрсетіледі.

Біздің санамызда «Қазақ әйелі» деген қасиетті ұғымның қалыптасуына негіз болған, сусындап өскен әдеби қазынамызға үңілсек Бейімбет Майлиннің «Зейнештің серті», «Күлпаш», «Әже», «Раушан – коммунист», еңбектеріндегі әйел бейнелерінен, міржақып Дулатовтың «Ақбілегіндегі» Ақбілектің, «Бақытсыз Жамалындағы» Жамалдың, Сұлтанмахмұт Торайғыров «Қамар сұлуындағы» Қамардың, бейнелерінен қазақ әйелдерінің сол дәуірдегі шынайы бейнелерінен анық көруге болады.

Мен қазақ қыздарына қайран қалам,

Жанары, жаны жаздай жайрандаған.

«Қыз өссе елдің көркі!» деген сөзді,

Қапысыз қалай айтқан қайран бабам.

Қазақ әдебиетінде ерекше мол көтерілген тақырыптардың бірі көркімен талайды тамсандырған қазақ қыздарының бейнесі. Қаншама ақын-жазушылар бұл тақырыпқа қалам тартқан.

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында көп бейнеленген кейіпкерлер – әйелдер бейнесі. Қазақтың ұлттық салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптарен қатар Зере мен Ұлжан секілді аналардың ел анасы ретіндегі даналығымен бірге Тоғжан, Әйгерім, Салтанаттар

бейнесі арқылы қазақ қыздарының бойындағы ибалық, ізеттілік, адамгершілік, шешендік, әншілік, адалдық қасиеттері суреттелген.

Енді қазіргі қоғамымыздағы әйелдер бейнесіне көз салып көрейікші. «Ал, қазақ мешел болып қалам демесең, тағылымың, бесігінді түзе! Оны түзеймін десең, әйелдің халін түзе», – деп кемеңгер жазушы М.Әуезов айтқандай ұрпақ тәрбиесінде де тікелей әсер ететін әйел. Жалпы қазіргі әдебиет әлеміндегі әйелдер бейнесін сомдауға бағытталған көркем дүниелерді ерекшелегенде шығармашылығының денін қазақ әйелдерінің бейнесіне арналған Шәрбану Бейсенованың «Ақбота», «Күлайхан мен кемпірлер», жазушы Е.Айхалиұлының, Қ.Түменбаевтың бір топ әңгімелері, Жазушылар одағы сыйлығының лауреаты Мақсат Рсалиннің «Түрмеден шыққан қыз», «Тағдыр тәлкегі», Ділдар Мамырбаевтың «Ызғар мен шуағы» сынды шығармаларды айтуға болады.

Қ.Түменбаевтың «Асығыс әйел», «Ұябасар» шығармаларында нарық заманында жұмыссыз қалып, бар қайғысы пәтер ақысын ардан бетер уайымдаған қыздардың тағдырына куә бола отырып, кейіпкерлермен бірге мына заманның әсіресе тәуелсіздік алғаннан кейінгі нәзік жандардың көрген қиыншылығына жүрегің ауырады.

Қай уақыт, қай заман болмасын әйел адамдардың басындағы ауыртпалықтар, сол заман ағымына сай ешкімге де өмір сүру оңайға түспегені айдан анық.

Белгілі жазушы С.Елубайдың «Ақ боз үй» роман-трилогиясында кенестік кезеңдегі қазақ халқының жазылмаған шындығы, айтылмаған тарихы арқау болған. «Ақ боз үй» роман-трилогиясына өткен ғасыр-дың 30-жылдардың ашаршылық зардаптары, «Мінажат» романына қуғын-сүргін оқиғалары өзек болса, «Жалған дүние» 80-жылдардағы рухани тоқырау дәуірінен сыр шертеді. Романның көркемдік желісі, оқиғалардың өту барысы, ұлттық құндылықтар автор шеберлігінің айқын көрінісі. Аталған шығармада 1928-1933 жылдардағы нәубеттің, зобалаң әкелген жылдардың нақты көріністері арқау болған. Шеге мен Хансұлудың линиясы романның жүйелі сюжетін құрап, халықтың басынан өткен қасіретті жылдары мен ауыр күндерді жан-жақты суреттеген. Қаламгердің қайсар батылдығынан, керек десеңіз, батырлығынан туған шығарма адамды баурап, Хансұлудың қайғысы мен Пахрадиннің мұңдасына айналдырады. Егіліп отырып елінің басынан өткен оқиға мен жерініп отырып жем болған елінді аяп, әрі-сәрі күйге түсіріп, тарихтың еншісінде қалған нақты шындықтарды жайып салады.

Бүгінгі таңда «Ақ боз үй» роман-трилогиясы автордың ең үздік, шоқтығы биік туындысы болып табылады. Әрине бұл романда да әйел бейнелерін автор шебер суреттейді. Роман-трилогиядағы негізгі әйел бейнесі – Хансұлу. Романда Хансұлудың кішкентай кезінен бастап, яғни балалық шағынан басталып, қартайып, салмақты да саликалы әже болған кезеңіне дейін автор шебер суреттейді. Шеге мен Ждақай қосылса болды, екеуінің айтатыны Хансұлу мен Балқия. «Шеге бұрылып, Ждақай нұсқаған жаққа қараса, құдықтың күншығыс қапталын орағытып, Қаракерін сылаң-сылаң желдіріп, Хансұлу өтіп барады екен. Басында үкісі, бұлғақтаған кәмшат бөрік, үстінде қырмызы қамзол. Аш белін түрмемен қынай байлаған. Күміс ер-тұрман батар күннің жалқын нұрына малынып жарқ-жарқ етеді. Астындағы сыйда бой кер құнан да иесінің мәпелі жас сұлу екенін білетіндей, аяғын лып-лып билеп басады». Бұл көрікті, әдемі Хансұлудың күнделікті тіршіліктегі бейнесі. Хансұлуды әдеміліктің символы ретінде қарастырып алсақ та, қателеспейміз.

Үш кітапты байланыстырып тұрғандықтан, негізгі бейне, сонымен қатар әйел образын сомдауда Хансұлу бейнесі болып табылады. Хансұлу Пахрадин мен Сырғаның жалғыз қызы. Романда Хансұлу балалық шағы, жастық шағы, орта жас шамасы, қартайған кезеңін автор қазақ қоғамындағы әйел образын үлкен шеберлікпен суреттеп, бейнелей білді. Әдемі, ақылы көркіне сай Хансұлу бой жетіп, ержүректі, мықты бәйбіше, ана болады. Әрине өмірі тек қуанышты күндерден ғана емес, заман өрісіне сай қиын-қыстау күндер де кездесті. Күйеуі шегені Сібірге үш рет айдауға салады, «халық жауының» әйелі атанған Хансұлу, шопандық жұмыспен де айналысты, маскүнем ұлы, жесір қалған қызы – басынан кешкен қиындықтарға Хансұлу төтеп берді, қанша жерден қиналып тұрса да, адамгершілік қасиетін жоғалтпады. Жан дүниесі кіршіксіз таза. Хансұлу бейнесінің ұрпақ өсіріп, өрбітуінің өзінің астарында терең мән жатыр.

1. Елубай С. «Ақ боз үй» роман-трилогиясы. – Алматы: «Атамұра», 2008
2. Алтыбаева С. «Казахская проза периода независимости: традиция, новаторство, перспективы». – Алматы, 2009.
3. Қирабаев С. «Әдебиетті қайта оқыту». – Алматы: «Балауса», 2010.
4. ҚазҰУ Хабаршысы, 2011 жыл, сәуір айы. С.Алтыбаеваның «Особенности художественной стратегии в трилогии «Ақ боз үй» Смагула Елубая (образ, мотив, сюжет)» атты мақаласы.
5. Жұмалиев Қ. «Әдебиет теориясы». – Алматы: «Мектеп», 1969.

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ

ӘОЖ 378.016:811.512.122'28

Н.А. Оразахынова – Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессоры, п.ғ.д.,
Г.М. Кенжебаева – Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы, п.ғ.к.

ӘДЕБИЕТ ПӘНІНЕН «САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ОҚЫТУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫМЕН ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ

Түйіндеме: Мақалада сатылай кешенді оқыту оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, әр пәннің ғылыми мазмұны мен жүйесін талдап үйретумен қатар ойын дұрыс жеткізуге, әдеби тілде сөйлеп үйренуге, ана тілінің байлығын бағалай білуге баулитын ұлттық төл технология екендігі айтылады.

Кілт сөздер: сатылай кешенді оқыту, ұлттық төл технология

Аннотация: В статье рассматривается методика поуровневого комплексного обучения как национальная техно-логия, которая учитывает возрастные особенности учеников и с помощью которой ученики учатся анализировать научное содержание и систему любой дисциплины, выражать свои мысли, говорить на литературном языке, оценивать все богатство родного языка.

Ключевые слова: поуровневого комплексного обучения, национальная технология

Abstract: The article deals with the highly effectivetypes of teaching. Depending on the age of the children this type of teaching is considered as the national technology which helps to understandthe scientific content andthe system of thesubject, to expressopinion, to valuethe wealth of the native language.

Keywords: effectivetypes of teaching, national technology

Әдебиет – өмір айнасы. Онда халқымыздың тарихы, ғасырлар бойы өлең-жырмен насихаттап келе жатқан салт-дәстүрі, ата-бабамыздың ізгі қасиеттері, терең ойы, ақыл-парасатты жинақтап айтқанда бүкіл өмір жолы суреттеледі. Сол құнды мұрамызды бүгінгі ұрпақ қалай оқып, қандай дәрежеде бағалап жүр деген мәселе қай-қайсымыздың да көкейімізде сайрап тұр десек болады. Өкінішке орай, халқымыздың сол жақұттарын бүгінгі таңда жылтыраған, көздің жауын алатын құнсыз дүниеге алмастырып алдық па деген ой мазалайды. Кеңес үкіметінде қазақ халқы дүние-мүліктің орнына үйіне кітап жинаса, бүгінгі жаңа заманда дүние-мүліктің бәсекесіне тап болып отырғанымыз жасырын емес. Сондықтан әр қазақ азаматы өсіп келе жатқан ұрпағын ұлт жанды етіп тәрбиелеудегі басты құралы көркем әдебиет екендігін ұғына білулері қажет. Ана баласын бесік жырымен әлдилеп ұйықтатса, әке ауыз әдебиетімен үлгі-өнеге көрсетіп, мұғалім ана тіліміздің терең қатпарларын, сөз қадірін көркем шығарманың өн бойын талдап оқытса, онда балаларымыздың көркем әдебиетке деген қызығушылығы артатындығы сөзсіз.

Әдебиет пәнін мектептерімізде бірнеше жылдан бері бірінші сыныптан бастап «Сатылай кешенді оқыту» технологиясымен оқытып келе жатырмыз. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы дегеніміз – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар

және оқушыларға білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелі, кешенді меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту. Сатылай кешенді оқыту оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, әр пәннің ғылыми мазмұны мен жүйесін талдап үйретумен қатар ойын дұрыс жеткізуге, әдеби тілде сөйлеп үйренуге, ана тілінің байлығын бағалай білуге баулитын ұлттық төл технология. Ұлттық төл технология дейтін себебіміз, қазақ тілін оқытудан бастау алып, халқымыздың әдебиетін, тарихын, жағрафиясын т.б. пәндердің жиынтығын құрап, оқушыларға жан-жақты білім беретін, оларды өз елінде, өз жерінде ұлтының биік тұлғалы азаматы етіп қалыптастыра алатын оқыту. Төл технологияны жасауға өзге елдің озық ой-пікірлерімен қатар алаш арыстарының психология-педагогика, әдістеме саласындағы құнды ғылыми тұжырымдарымен қатар қазақ халқының көрнекті ғалымдарының оқыту, тәрбие туралы жасаған ғылыми еңбектері мен әдістемелік кешендері негіз етіп алынды.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясы – тек қана білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны меңгертумен ғана шектелмейтін, сонымен қатар баланың жалпы жан-жақты дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты басқа танымдық-психологиялық қасиеттерінің жақсы үйлесімді дамуына бағытталған, қазақ тілінде ойлайтын, өз тілінде дiтiн орындата алатын, қазақ мәдениетiн меңгерген тiлдiк-мәдени тұлға қалыптастыратын оқытудың түрi. «Сатылай кешендi оқыту» технологиясының басты қағидаларыныңбiрi – жоғары қиындықта оқыту.

Бұл жүйеге бүгiнгi таңда оқушыларымыздың да, мұғалiмдерiмiздiң де қызығушылығы жоғары. Өйткенi бұл технологияның әр пәндi оқытудағы алдына қойған мақсаты айқын. Әдебиет пәнiнде көркем шығарманы сатылай талдаумен қатар, оқушымыздың өмiр сүрiп отырған қоғамға, ортаға деген өзiндiк көзқарасын қалыптастыру, кейiпкерлердiң халқымызға тән жақсы қасиеттерiн бойларына сiңiру, өз ұлтын сүю, оның тамаша үлгi, өнегелерiн бағалай бiлуге баулу. Сол арқылы оқушыны қиял әлемiне жетелеу. Бұл тұрғыда алаш арыстарының бiрi М.Жұмабаевтың «Педагогика» атты еңбегiндегi мына бiр пiкiрге жүгiнсек: «Фантазиясыз өмiр өңсiз, түссiз нәрсеге айналады. Мылқау өмiрге үн беретiн, сақау өмiрге тiл беретiн, жоқты бар қылатын, барды гүлдi, көрiктi қыла алатын, бiздi арыға аяқ басқызып, тәңiрмен тiлдестiретiн сол – фантазия». Шығарманы оқи отырып оқушы қиял әлемiне енедi. Олардың сезiмiне әсер етедi, жүрегiн тебiрентедi, терең ойға бойлатады. Сондықтан да әр кез мұғалiм өз қиялын оқушы фантазиясымен ұштастырып отыруы қажет. Сонда ғана оқушы мен мұғалiм арасында бiр-бiрiн түсiну, сыйлау, құрметтеу өз мәнiнде жүзеге асады. Әдебиет пәнiнде мұғалiм оқушының қиялын дамытумен қатар сезiм, эмоция, әсер, шабыттану, қиялдау, армандау, елiктеу сияқты түрлi психологиялық процес-тердi жүзеге асырады. Сол арқылы оқушының өз бетiнше ойлау, пiкiрiн жасқанбай айта бiлу, жинақтаған әдеби бiлiм қорын орынды қолдана алуға дағдыландырады, танымдық болмысын қалыптастырады. Ол бiрте-бiрте шығармашылық iзденiс деңгейiне жетедi.

Шығармашылық – бұладамның өмiр шындығын өзi тануға ұмтылуы, iзденуi. Өмiрде дұрыс жол табу үшiн адамдұрыс ой түйiп, өздiгiнен сапалы, дәлелдi шешiмдер қабылдай бiлуге үйренуi керек. Адам бойындағы қабiлеттерiн дамытып, адамның рухани күшiн нығайтып, өзiн-өзi табуына көмектеседi. Өйткенi, адам туынды ғана емес, тудырушы, жаратушы да, ал өзiн-өзi шынайы болмысында бастайтын жол iздеуi керек. Адам өзiн-өзi жетiлдiруге, сонымен қатар өзiн-өзi жоюға да қабiлеттi болады. Адамның өз болмысын тануға ұмтылуға көмектесiп, тереңде жатқан талап-тiлегiн, қабiлеттерiн дамыту, сол арқылы оған толыққанды өмiр сүру үшiн жаңа рухани күш беру бiлiмнiң ең маңызды мақсаты болып табылады. Шығармашылық туралы ғылыми пiкiрлерге жүгiнсек, оған берiлетiн анықтамалар мазмұндас келедi. Философиялық сөздiкте шығармашылық ұғымына мынадай анықтама берiледi: “Шығармашылық” деген сөздiң мәнiне үңiлсек, ол адамның мақсатты iсiне жету жолындағы талаптануы мен талпынысынан, жiгерi мен сабырынан, сұранысы мен iзденiсiнен түзiлiп, ақыл ойы мен сезiмiнiң, қиялының ерекше бiтiмiнен көрiнедi. Шығармашылық қызмет адамнан барынша табандылықты, бiлiмдi, қабiлеттi талап етедi [1, 492-б.]. Шығармашылық – адамның ойлауының және өз бетiнше әрекетiнiң жоғарғы формасы. Дегенмен шығармашылықтың объективтi және субъективтi болатындығы белгiлi. Оның алғашқысы ғылымда, зерттеулерде бұрын болмаған жаңалық деп танылса, соңғысы

субъектінің өзі үшін жаңалық болып, оны әрі қарай жаңа бастамаларға шабыттандыратынымен сипатталады. Шығармашылық – проблемалық сипаты бар, барлық ішкі байланыстарды біріктіретін, нәтижеде жаңа материалдық және идеалдық құндылықтар алынатын адамның мақсатты әрекеті. Ал ғалым Б.А. Тұрғынбаева шығармашылық туралы былай дейді: «Шығармашылық – психологиялық еңбектерде еркін әрекет ретінде сипатталады. Өйткені адам өз таңдауында еркін болуға тиісті. Шығармашылық әрекет сонымен қатар интуицияның орын алып, қиялдың қанат қағуы, сезімнің жоғарылауы мен үздіксіз ізденіспен сипатталады. Бұл жолда ол жеңістің қуанышын, түңілудің кермек дәмін сезу, тоқтаусыз толғаныс пен жалындау, интеллектуалдық, эмоцио-налдық дарындылықтың қуанышына бөлену сияқты сезімдерді басынан кешеді [2, 18-б.]. Баланы шығармашылыққа баулу үшін мұғалімнің өзі шығармашыл тұлға болуы керек. Шығармашылықта мұғалімнің төмендегідей психологиялық жайлары дамиды: жалпы білімнің тереңдігі, сараланған арнайы білімдер, дамыған ақыл-ой қабілеттері мен оның икемділігі, өнертапқыштыққа және еңбектегі жаңалыққа қуана білу, мәселені терең түсіне білу және оны шешудің ең тиімді жолын таңдай білу, эмоциядағы қалыптылық, шыдамдылық, жаңа бастаған істі аяғына дейін жеткізе алу, тәуекелге бел буа білу, саналы-лық, белсенді өмірлік позиция.

Бүгінгі таңда «Сатылай кешенді оқыту» тенологиясымен жұмыс жасайтын көптеген мұғалімдеріміз нағыз шығармашылық тұлғаға айналып отырғандығына куәміз. Оны мақтан етеміз. Оның нәтижесін жылда аудандық, қалалық, облыстық, республикалық деңгейде өткізіліп тұратын шараларда мұғалімдері-міздің жүлделі орындарға ие болуынан және өз тараптарынан облыстық семинарлар мен конференция-лардағы белсенді қызметтерінен көріп, саралап отырамыз. Сондықтан да бұл технологияны алып отырған мұғалімдеріміздің оның философиясын өте жақсы меңгеріп, әр деңгейде жүргізілетін жұмыстарды сауатты, мұқият орындап, оныншы деңгейге мақсатты түрде жететіндігіне көз жеткізіп келеміз. Оқушы-ларды шығармашылық жұмысқа баулуда технологияның оныншы – шығармашылық деңгейі басшылыққа алынады. Шығармашылық деңгейде оқушыларға берілетін тапсырманың мақсаты көрсетіліп, оны әрі қарай жетілдіріп орындау оқушыдан талап етіледі. Оқушы шығармашылық деңгейде алдына қойған мақсатына жету үшін өз бетінше іздене отырып, ой-қиялын дамытады, шығармашылық қабілетін арттырады. Шығармашылық деңгей – оқушының интеллектуалдық ойлау дәрежесін дәлелдейтін деңгей. Шығармашылық деңгейде оқушының шығармашылық ойлауы, шығармашылық қабілеті оның тілден, әдебиеттен алған білімдеріне сүйене отырып дамытылады. Шығармашылық деңгейдің психологиялық өзіндік ерекшелігі – мұндағы тапсырмалар мен жаттығулар алдыңғы деңгейлерден гөрі кең, күрделі әрі таратылып беріледі. Шығармашылық деңгейдегі тапсырманы орындатуда мұғалім оқушыға мынаны ұғындыруы тиіс. Бұл деңгейде оқушы өзінің ойлау тұнығына бойлап, ойындағы бар мүмкіншілігін, қабілетін жан-жақты сыртқа шығаруға баса назар аударуы қажет. Шығармашылық дегенді бір жақты өнерге байланысты ғана түсінбеу керек. Оқушының сыртқы тілі мен ішкі тілінің дамуында шығармашы-лық тапсырмалар, жаттығулар үлкен орын алады. Ішкі тіл дегеніміз – дыбыссыз тіл, сөзсіз формада өтетін “жасырын тұрған” ойлау, өз-өзімен және өзі үшін ойлау. Шығармашылық деңгейдің маңыздылығы ішкі ғылыми тілдің қалыптасуына негіз салуында. Шығармашылық қабілеттің жетілдіріліп, шығармашылық ойлауы қалыптасуы үшін арнайы мақсаттар қойылып, сол бағытта әдістер түрлілігі мол болуы керек. Бүгінгі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгертіп, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеле-нетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Бұл, әрине, оқушылардың шығармашылық әрекетін дамытуда маңызды мәселе екендігін дәлелдейді. Жалпы білім беретін орта мектепте оқушының шығармашылығын қалыптастыруда жоғарыда айтқанымыздай мұғалімнің өзі жоғары деңгейдегі шығармашыл ұстаз болуы керек. Ол үшін мұғалімдерді белгілі бір білім беру технологиясына бейімдеп, шығармашылық орта қалыптастырып, арнайы зерттеу тақырыптарын ұсынып, мақсатты түрде жұмыс жүргізу қажет. Мұғалім-дермен тәжірибелік жұмыс жүргізу барысында мектептерде шығармашылық топтар құрылып, өздері алып отырған оқыту технологияларының ғылыми-әдістемелік жақтарын оқып, үйреніп, оның практика-лық жағының толығына, мектеп тәжірибесіне енуіне ықпал етіп отыруы керек.

Мұндай жұмыстар тәжірибе жүргізілген мектептерде ұйымдастырылып, әр топ өздеріне «Сатылай кешенді оқыту» техноло-гиясы бойынша арнайы проблемалық тақырыптар алып, сол алған мәселелері бойынша семинар, конференцияларда баяндама жасап отырды. Практикалық жұмыстар ретінде ашық сабақтар, дөңгелек үстел, тренинг, пікір алысу сайыстары ұйымдастырып, атқарылған жұмыстардың кемшілігі мен жетістігі сарапталып отырды. «Сатылайкешенді оқыту» технологиясы арқылы мынадай шығармашылық жұмыс түрлері жүргізіледі. Олар: шығармашылық әрекеттегі ойындар: рөлге бөліп талдау, көріністер, сөзжұмбақ, ребус т.б.; халық ауыз әдебиеті мен ұлы дала ойшылдарының үлгісінде жазылатын шығармашылық жұмыстар: ертегі, аңыз-әңгіме, мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақ, нақыл сөз, өлірбаян, эссе; оқушының өнім иесі және қандайда бір әрекеттің авторы ретіндегі шығармашылық жұмыстары: «Сатылай кешенді оқыту» техноло-гиясы негізінде жазылған қосымша әдеби туындылар, ҚР Кіші ғылым академиясының ғылыми-практикалық конференцияларында жасалған баяндамалар, «Ауыл мектебі» ведомствоаралық интеграциялық білім бағдарламасы. Сонымен қатар бұл аталған жұмыстардан басқаіскерлік ойындар да оқушыларды шығармашылық жұмыстарға баулудың бір жолы болып табылады.

Іскерлік ойын – бұл оқытуды ұйымдастыру формасы, ол мұғалімнің басқаруымен, оқушылардың максималды өзіндік ұйымдастырушылығымен жоспарланған ойын сценарий арқылы мақсатты бағыты-ның негізінде жүзеге асырылады. Білім беру практикасында оқытудың ойын формасы оқытудың тәжіри-белік бағыттылығын мақсат тұтатын іскерлік ойындар арқылы игерген білімдерін шығармашылықта қолданады және бекітеді. Іскерлік ойындары – кейбір педагогикалық жағдайдың, сабақ фрагментінің модельденген түрі. Іскерлік ойынға алдын ала дайындалады: сценарий құрылады, мақсаты көрсетіледі, рөлдер бөлініп, оған кеңес беріледі. Құрал-жабдықтар, көрнекіліктер әзірленеді. Іскерлік ойындардың педагогикалық мәні мынада: оқушылардың ойлау қабілетін арттыру, танымдық белсенділігін қалыптас-тыру, шығармашылыққа баулу. Іскерлік ойындар күрделі шешімдер қабылдай білуге үйретіп, ұжымдағы өзара қарым-қатынасты айқындап, оқушылардың білім, білігі мен жеке қасиеттерін тексеру мүмкіндігін жасайды. Іскерлік ойын олардың жеке қасиеттерін: мақсаткерлік, белсенділік, жауапкершілік, іскерлік, шыншылдық, шешім қабылдауға икемділік сияқты қасиеттерін дамытады.

Іскерлік ойынның тиімді жақтары:

- оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастырады;
- қызығушылығын оятады;
- білімі мен білігі қалыптасады, өз білімін қолдануға үйренеді;
- ойын соңындағы талқылау арқылы білімін бекітеді;
- оқушылардың өзін-өзі тануы, өз мүмкіндігін анықтау үрдісі кеңиді, тереңдей түседі.

Іскерлік ойындарының негізгі міндеттері мынадай:

- а) оқылған материалды еске сақтау және терең ұғынуға жағдай жасау;
- ә) дұрыс шешім қабылдау және дұрыс баға беру білігін қалыптастыру;
- б) қабылданған шешімді жүзеге асыру дағдыларын қалыптастыру;
- в) шығармашылығын дамыту.

Іскерлік ойынды өткізудің кезеңдері:

1-кезеңде: мұғалімнің тақырыпты таңдауы, мақсаттар мен міндеттерді белгілеп, күтілетін нәтижені болжауы:

- құрылымын анықтау;
- сыныптағы ойынға қатысушылардың рөлдік қызметіндегі қасиеттерін ескеру;
- ойын барысындағы әсер етуші жағдайларды зерттеу.

2-кезеңде: соңғы оқу материалын талдау, мәселені шешудің әдістемесін анықтау:

- тиімді әдістемені таңдап алу және оны ойша қолдануда шығармашылық өңдеу;
- сценарийді дайындау, рөлдерге бөлу.

3-кезеңде: іскерлік ойын сценарийімен, мақсатымен, мазмұнымен мұғалімнің оқушыларды таныс-тыруы:

- ойынды ұйымдастыру;
- оқушылардың рөлдік қызметтерін орындауы;

- мұғалімнің, оқушының ойынды басқаруы;
- ойын барысын, нәтижесін талдау, мұғалімнің қорытынды жасауы.

Іскерлік ойынға қатысушылардың міндеттері мен құқықтары бар:

Міндеттеріне:

- тақырып бойынша оқу материалын және өзінің рөлін терең білу;
- ойынға қатысушылардың бір-бірімен сыйластық қарым-қатынаста болуы;
- ойындағы рөлдік қызметтеріне қарамастан, шындыққа жетуде қызығушылық, белсенділік көрсету және қызықты ой-пікірлерді дамыту;
- нәтижеге жетуге ұмтылу;
- өзінің бағытын дәлелдеп шығу, бірақ кемшіліктерін мойындай білу.

Құқықтарына:

- өзінің рөлдік әрекетін арттыруда рұқсат етілетін барлық құқық нормалары мен құралдарды пайдалану;
- ойынға қатысушылардың рөлдік бағытын анықтау үшін сұрақтар беру;
- ойынның барлық сұрақтарына, пікірталасқа белсене қатысу;
- кез келген анықтама және әдебиеттерді қолдану, пікір айту.

Іскерлік ойындарды талдауда басшылыққа алынатын жүйе:

- ойын сабағының барысы мен нәтижесін бағалауға бағытталған мұғалімнің сұрақтары;
- талдау әдісін анықтау;
- оқушылардың ойын әрекетін бағалауға қажетті критерийлерді талдау;
- іскерлік ойынның өтуі мен нәтижесін талдау;
- ойынның жетістіктері мен кемшіліктері туралы пікірталас ұйымдастыру;
- қорытынды шығару.

Іскерлік ойын нәтижелерін қорытындылауда мұғалім мынадай қағидаларды басшылыққа алады:

- өтілген сабақтың мазмұны мен формасы туралы әр оқушының пікір айтуына мүмкіндік жасау (өзінің әрекеті мен басқалардың, мұғалімнің әрекетін талдауы);
- әр оқушыға көңіл бөлу, кейбір жағдайларды жазып алу;
- әр оқушының жауабын белгілеп отыру;
- бағалауда оқушының баяндауының мазмұны мен сөз саптауын ескеру;
- оқушылардың негізгі ойды көрсетуін талап ету;
- талдауда кемшіліктерден гөрі жетістіктеріне көңіл бөлу.

Қорыта айтқанда, «Сатылай кешенді талдау» технологиясымен жүргізілетін шығармашылық пен іскерлік ойындарға қойылатын негізгі талаптардың бірі – оның нақтылығы, жинақылығы, қарапайымдылығы және оқушылардың іскерлік икемділіктері. Оқытушы оқушылардың әрқайсысының тұлғалық артықшылығын ескере отырып, шығармашылыққа баулиды. Осындай нәтижелі жүргізілген жұмыстар мен іскерлік ойындар оқушылардың шығармашылық шабытын тудырады.

1 *Философиялық сөздік.* – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1996. – 525 б.

2 *Тұрғынбаева Б.А. Біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту. п.ғ.д.дисс...автореф. 13.00.01.* – Алматы: ҚазҰПУ, 2006. – 50 б.

УДК 811.161.1(07)

Г.А. Кажигалиева –

доктор педагогических наук, профессор кафедры практических языков КазНПУ им. Абая

О ТЕКСТОЦЕНТРИЧЕСКОМ ПОДХОДЕ К ПРЕПОДАВАНИЮ РУССКОГО ЯЗЫКА

КАК НЕРОДНОГО В ПЕДАГОГИЧЕСКОМ ВУЗЕ

Аннотация. Настоящая статья посвящена представлению лингводидактических возможностей учебного текста. Анализируя потенциал учебных художественных текстов, автор рассматривает мотивационные возможности художественных текстов и далее – основные критерии отбора мотивационно ценных художественных текстов для эффективного использования их в языковом образовательном процессе. Рассматривая возможности учебных научных текстов, автор приводит примеры эффективных интерактивных форм работы с этим типом учебных текстов.

Ключевые слова. Языковой образовательный процесс, текстоцентрический подход, учебный художественный текст, учебный научный текст, интерактивные упражнения.

Андапта. Осы мақала оқу мәтіннің лингводидактикалық мүмкіндігінің сипаттауына арналған. Оқу көркем мәтіннің әлуетін саралай, авторкөркем мәтіннің уәжді мүмкіндіктерін қарайды және бұдан әрі – тілдік оқу үдерісінде ең тиімді уәжді құнды көркем мәтіндерінің сұрыптың негізгі өлшемдерің қарастырады. Оқу ғылыми мәтіннің мүмкіндіктерін қарай, автор оқу мәтіннің осы үлгісімен тиімді интерактивті жұмыс түрлерінің мысалдарың келтіреді.

Тірек сөздер. Тілдік оқу үдерісі, мәтінді орталықтандырылған тәсіл, оқу көркем мәтіні, оқу ғылыми мәтіні, интерактивті жаттығулар.

Abstract. This article is devoted to presenting the linguodidactic opportunities educational text. Analyzing the potential educational literary texts, the author examines the motivational possibilities of literary texts and then - the main criteria for the selection of motivational literary texts for the effective use of the language learning process. Considering the possibility of training of scientific texts, the author gives examples of effective interactive forms with this type of educational texts.

Keywords. Language learning process, tekstocentric approach, educational literary text, educational scientific text, interactive exercises.

Как известно, конкретным материалом познавательной деятельности, в том числе и в образовательном процессе, выступает текст, используемый в различных его аспектах, и непрерывно изменяющийся при прохождении по всему "пути" восприятия и обработки информации. К тому же в условиях преподавания русского языка как неродного, в нашем случае на гуманитарных и неязыковых факультетах педагогического вуза, текст является основной единицей обучения, иначе учебный процесс строится на текстоцентрическом подходе, под которым понимается обучение на основе текста [1]. Текстоцентрический подход предполагает осмысливание текста как речевого произведения; основной принцип текстоцентризма в обучении – это единство языковой, речевой и правописной компетенции. В последнее время в рамках текстоцентрического подхода сформировалось понимание урока (занятия) как особого текста, в этом случае текстоцентрический подход обеспечивает целостность системы обучения русскому языку и целостность подходов к образованию. Кроме того, текстоцентрический подход обеспечивает целостность процесса формирования языковой, лингвистической и коммуникативной компетенции обучающихся. И если учесть, что основной целью преподавания русского языка как неродного в вузе является становление коммуникативной компетенции (знания, умения и навыки, необходимые для понимания чужих и порождения собственных программ речевого поведения, адекватных целям, сферам, ситуациям общения [2, с. 27]), которая может быть сформирована лишь на уровне текста, то актуальность обучения на основе текста в сфере русского языка как неродного очевидна и не может вызывать сомнений. К тому же сам текст как понятие, как феноменологическое явление обладает такими свойствами и характеристиками, которые позволяют определить его в качестве основы методики обучения языкам.

Термин *текст* лингвометодистами интерпретируется как «продукт, результат речевой деятельности, произведение речи – устное или письменное. Текст по объему больше одного предложения. Текст – синоним термина *высказывание*, а также термина *связная речь* (продукт

РД). Текст, как правило, обладает единством темы и замысла, относительной законченностью, внутренней структурой – синтаксической (на уровне сложного синтаксического целого и предложений), композиционной и логической. В тексте реализуются функциональные возможности языка, закономерности его синтаксиса, лексики, стилистики. Текст всегда характеризуется отнесенностью к тому или иному стилю – научному, публицистическому, разговорно-бытовому и пр.» [3]. От себя здесь добавим, что среди прочих стилей числится и художественный стиль, соответственно и художественный текст (ХТ).

В рамках языкового обучения, в нашем случае в вузовской практике преподавания русского языка как неродного для гуманитарных и неязыковых факультетов педагогического вуза учебный художественный текст используется регулярно и предстает в языковом образовательном процессе полифункциональной категорией и характеризуется многоцелевым использованием.

Но прежде мы хотели бы определиться с толкованием методического термина *учебный текст*: в его толковании мы придерживаемся трактовки У.А. Жанпеисовой, которая характеризует *учебный текст* как «обладающий образовательной, воспитательной, информативной ценностью, доступностью и методической целесобразностью. Его (учебного текста) содержание должно соответствовать интеллектуальному и культурному уровню развития обучаемых, их интересам, способностям и склонностям» [4, с. 110].

Итак, художественный текст, в том числе учебный художественный текст, обладающий сущностными характеристиками рече-языковой универсалии, интегрирует в себе языковые элементы всех функциональных стилей и сфер использования общенационального языка; общие текстовые категории в художественном тексте получают осложненное и специфическое выражение, которое обусловлено художественно-эстетической функцией ХТ, подчиняющей себе все другие функции; указанная специфика обуславливает роль художественного текста как речевой системы, в которой происходит развертывание и реализация системы языка. Многолетний практический опыт подтверждает, что художественный текст являет собой уникальный материал при обучении языку в силу того, что в языке художественной литературы находит отражение одновременно и живая речь, и литературная норма. Поэтому, к примеру, использование ХТ в практическом курсе русского языка (ПКРЯ) (и не только) позволяет успешно решать две наиболее существенные коммуникативно-познавательные цели: 1) формирование и закрепление языковых знаний и навыков употребления языковых единиц; 2) обучение устной и письменной связной речи, обучение речевому общению.

Для достижения первой цели считаем оптимальным использование микротекстов (коммуникативно-целостных блоков), на примере которых обучаемым демонстрируется функционирование в речи различных грамматических форм или лексических групп слов, презентуются различные типы интонационных конструкций, характерных для разговорной речи, своеобразие синтаксических конструкций и т.д., словом, главным здесь является освоение соответствующей языковой темы курса.

Во втором случае обучения устной и письменной связной речи, то есть различным формам речевого общения художественный текст также может быть определен в качестве универсального средства благодаря тому, что в нем представлены оригинальные образцы, модели и стратегии русского общения. Кроме того, художественный текст воплощает собой реальную единицу связной речи, смысловое и формально-языковое единство, выполняющее коммуникативную функцию. Языковая структура художественного текста может быть представлена в виде функционально-смысловой подсистемы, состоящей из монологической речи (описание, повествование, рассуждение и комбинированные формы) и диалогической (вопрос, побуждение, повествовательные реплики). Все это в итоге позволяет определить художественный текст в качестве оптимального средства обучения устной и письменной связной речи.

Художественный текст, как показывает опыт, это также эффективное средство для решения речемыслительных задач в процессе языкового обучения, так как имплицитность выражения авторской коммуникативной цели, необходимость ее поиска и анализа выражения с помощью эксплицитно данного создают условия для целенаправленной, поэтапно организованной мыслительной деятельности обучаемых.

Другой вывод, сделанный на основе работы с ХТ, связан с воспитательным аспектом. Воспитательная учебная цель занятий по практическому курсу русского языка с использованием художественного текста воплощается посредством двоякого воспитательного воздействия: нравственного и эстетического по линии в первую очередь: текст→читатель. Нравственным потенциалом художественный текст обладает уже потому, что в нем эксплицитно и имплицитно присутствует «нравственный идеал, с позиций которого изображается жизнь» (Ю.Трифонов). Выявление национального нравственного идеала, осознание нравственных устоев другого народа, норм и правил; узнавание и определение с каких моральных позиций изображаются автором герои, нравственная атмосфера их жизни, этические нормы и правила, безусловно, обогащают духовный и душевный мир человека. Эстетическое воспитательное воздействие художественным текстом обусловлено самой природой художественной литературы как одного из видов художественной культуры и искусства в том числе. Психолог И.О. Никифорова подчеркивает, что весь процесс чтения художественного текста носит эстетический, оценочный характер, ибо он представляет собой «... или непосредственное эмоциональное переживание эстетической ценности воспринимаемого предмета (эстетическая эмоция), или суждение о его эстетической ценности, основанное на эстетической эмоции» [5, с. 90].

Еще один вывод, вынесенный из работы над ХТ в вузовском учебно-языковом процессе, касается синхронизации целей обучения русскому языку как неродному студентов гуманитарных и неязыковых факультетов педагогического вуза на материале художественного текста (коммуникативно-познавательные, профессионально-филологические и воспитательные цели) с группами учебных мотивов: коммуникационными, интеллектуально-познавательными, профессионально-ценностными, эмоционально-эстетическими и морально-этическими. *Коммуникационные* учебные мотивы предопределяются наличием в учении, в учебной работе свойств активной коммуникативности; *интеллектуально-познавательные* мотивы связаны с удовлетворением духовных запросов, потребности человека чувствовать себя компетентным, независимым и стоящим; *профессионально-ценностные* мотивы продуцируют собой осознание обучающимися значимости учения, учебной работы для будущей профессионально-практической деятельности; *эмоционально-эстетические* мотивы воплощают собой потребность знать, понимать, ценить и создавать прекрасное; *морально-этические* мотивы связаны с актуализацией таких личностных качеств, как: нравственность, ответственность, воля, чувство собственного достоинства и т.д.

Синхронизация целей использования ХТ на учебных занятиях по практическому курсу русского языка и учебных мотивов обучающихся, предопределяясь полисемантической, многомерной и феноменологической сущностью художественного текста, обуславливает в свою очередь мотивационно-деятельностную направленность преподавания ПКРЯ, его осмысленность и динамичность. Обеспечить такую синхронизацию могут, на наш взгляд, мотивационно ценные художественные тексты (МЦХТ) при условии оптимального и последовательного использования мотивационного потенциала данных ХТ в учебном языковом процессе. Выявление и исчерпывающее проявление мотивационных возможностей художественного текста происходит тогда, когда в максимальной степени учитываются имеющиеся и возникающие потребности обучающихся. Мотивационные возможности (МВ) – это потенциально заложенные в художественном тексте условия, способные регулировать учебную активность обучаемого, определить его учебное поведение, позволяющие поддерживать проявления с его стороны положительных учебных мотивов. Такое свойство МВ как потенциальность способствует тому, что они либо выявляются и реализуются в

процессе работы с художественным текстом, либо остаются незамеченными и потому неиспользованными на учебном занятии. В этой связи еще раз отмечаем, что художественный текст, наделенный мотивационными возможностями, мы определяем в качестве мотивационно ценного художественного текста. Критерием выявления МВ художественных текстов и соответственно рассмотрение последних как мотивационно ценного художественного текста служит признак наличия или отсутствия одного из мотивационных признаков в содержании художественного текста: информативности, проблемности, дискуссионности, эмоциональности, лингвокультурологической выразительности. Безусловно, учитывается формальная (учебная) сторона текстового материала, связанная с соответствующей темой предметного курса.

Между тем анализ содержания текстов учебников по практическому курсу русского языка, предназначенных для казахских отделений вузов, показал недостаточное наличие художественного текста с содержательно-подтекстовой и содержательно-концептуальной информацией, определяемых нами в качестве мотивационно ценного художественного текста и, напротив, - большую частотность художественного текста, отрывков из отдельных литературных произведений с упрощенной (нередко адаптированной) содержательно-фактуальной информацией, которые значительно уступают первым двум видам художественного текста по своим мотивационным возможностям. В целом, как показывает опыт, в том числе и наш личный многолетний опыт преподавания практического курса русского языка на казахском отделении, необходимо на учебных занятиях использовать такие художественные тексты, содержание которых представляет личностно значимые для обучающихся явления, факты, отношения, ценности и смыслы.

В этом случае определенно актуализируется проблема отбора художественного текста, точнее, отбора мотивационно ценных художественных текстов. В качестве основных критериев отбора мотивационно ценных художественных текстов нами выделяются: 1) актуальность идейно-художественного и лингво-культурологического аспектов; 2) репрезентативность художественного текста (отбор произведений или отрывков из них, представляющих интерес в художественном отношении); 3) методическая целесообразность: соответствие языковых, структурно-композиционных, жанровых и стилевых особенностей художественного текста уровню владения студентами русским языком, этапу обучения; 4) отрывок из литературного произведения должен быть центральным в содержательном отношении и относительно законченным в композиционно-смысловом отношении.

Наконец, отобранные по данным критериям художественные тексты должны быть мотивированными в плане: 1) интеллектуально-познавательных потребностей и интересов обучающихся; 2) коммуникативно-прагматических потребностей и интересов обучающихся; 3) эстетических и эмоциональных потребностей и интересов студентов; 4) профессионально-ценностных потребностей и интересов обучающихся, что в большей степени обеспечивается соответствием художественного текста первому из указанных выше критериев отбора.

Нами на занятиях по практическому курсу русского языка целенаправленно и системно не один год используются отобранные по указанным выше критериям МЦХТ, представляющие собой произведения (или законченные отрывки из них) И.Тургенева и И.Гончарова, Л.Толстого и Ф.Достоевского, А.Чехова и М.Горького, В.Арсеньева и А.Куприна, М.Шолохова и Ф.Гладкова, Б.Лавренева и М.Пришвина, Ч.Айт-матова и О.Сулейменова, И.Бунина и Ю.Домбровского, Ф.Абрамова и В.Астафьева и др. и являющиеся лучшими образцами русского художественного слова, образцами яркого, красивого, выразительного русского языка.

Наравне с учебными МЦХТ, в профессионально ориентированном обучении русскому языку как неродному, безусловно, нами используются и учебные научные тексты [6].

Как правило, на учебных занятиях высока частотность использования таких типов учебных научных текстов как «инструктивные» (тексты-инструкции по специальности, например: «Как смешивать краски в живописи», «Работа с акварелью», «Выбор палитры в живописи» и др.); информационные (статьи из специальных, терминологических словарей, учебников, энциклопедий и т.д., например, «Композиционные принципы в живописи»,

«Световая перспектива в живописи», «Цветовые рефлексы» и др.), авторские (статьи из научных журналов, законченные фрагменты из научных монографий, диссертационных работ и т.д., например, «О высотах маринизма в русском романтическом пейзаже», «Размышления о современном изобразительном искусстве», «О контрастах современного графического дизайна» и др.). (Здесь приведены темы учебных научных текстов, используемых нами в процессе преподавания русского языка как неродного студентам искусствоведческих специальностей института искусств, культуры и спорта педагогического университета).

Работа с учебным научным текстом строится, главным образом, на текстовых упражнениях, которые «в отличие от фонетических, лексических, грамматических упражнений опираются не на отдельные языковые единицы, а на текст как на результат речевой деятельности. Лингвистической основой текстовых упражнений (Т.у.) служат современная теория текста, теория речевой деятельности, синтаксис текста (сложного синтаксического целого). Т.у. подразделяются на: а) работы учащихся с готовым текстом; б) составление текста самими учащимися. Т.у. обладают тем преимуществом, что в них изучаемая языковая единица выступает в своей функциональной роли, текст помогает полнее понять ее значение и назначение, учащиеся получают образец для развития собственной речи. Виды упражнений с готовым текстом: различные виды языкового анализа текста, выделение из текста сложных синтаксических целых и работа с ними, обнаружение в тексте изучаемых единиц языка и объяснение их значений и целесообразности употребления, перестройка текста, его пересказ и письменное изложение, составление плана и т.п. Виды упражнений в создании собственного текста: определение темы, замысла сочинения, сбор материала на выбранную тему, его отбор в соответствии с замыслом, составление плана сочинения, отработка микротем, составление сложных синтаксических целых, и отработка внутренних связей в них, написание текста сочинения, совершенствование (редактирование) написанного текста и т.п. Упражнения в сочинении подразделяются по видам текста (описание, повествование, рассуждение), по стилям и жанрам; могут быть устными и письменными, аудиторными и домашними, коллективными и индивидуальными» [7]. К списку текстовых упражнений М.Р. Львова, который нами активно используется на занятиях по русскому языку, мы добавляем упражнения и задания, также часто используемые нами в учебном процессе, как-то: *коммуникативные тренинги, различные задания интерактивного характера, задания-рефлексии* и др. Хотелось бы сейчас, насколько позволяет это сделать объем научной статьи, на них остановиться.

1. Интерактивные (групповые) задания.

А) Методика работы с текстом в парах. Студентам предлагается текст и контрольный лист:

Фамилия, имя.

Поработайте в паре:

_____ 1. Прочтите текст абзаца.

_____ 2. Определите главную мысль абзаца, обоснуйте, аргументируйте.

5. Озаглавьте абзац; заголовки вписывайте поочередно с партнером.

7. Приступайте к следующему абзацу.

8. Подберите собственное название ко всему тексту.

9. Оцените работу друг друга.

Б) «Не рядом, а вместе!». Пара обучающихся получает тексты, они читают их и выполняют задания к ним. Затем студенты попарно проверяют друг у друга выполнение заданий. Затем преподаватель предлагает желающему из этой пары рассказать что-то интересное по своему тексту. Затем преподаватель передает слово следующему, желающему что-либо добавить к выступлению, либо высказать собственную точку зрения.

В) Методика работы с текстом в группах из трех человек. Каждая группа получает свои карточки с учебным научным текстом, на оборотной стороне которой можно вести записи. Студенты, прочитав текст, должны выразить кратко свои мысли по проблеме (понимание или непонимание, согласие или несогласие, догадки и вопросы и т.д.) на обороте. Затем студенты обмениваются текстами, и следующий читатель выражает свое отношение уже не только к тексту, но и к высказыванию предыдущего читателя. Когда оборотная сторона карточки заполнится, преподаватель предлагает третьему студенту из группы кратко описать весь ход дискуссии и подвести ее итоги, подготовив отдельное письменное сообщение.

Г) Работа с текстом в группах. «Актуальная научная информация». Каждая из малых групп студентов (3-4 человека) получает одинаковый пакет из учебных научных текстов собственно научного, учебно-научного и научно-популярного характера по своей будущей специальности. Ознакомившись с материалами, участники каждой из групп выбирают одну из проблем, освещаемую в данных им материалах. Задание: за 25 минут выбрать информацию по интересующей группе проблеме, обработать ее (распределить в группе материал, обязанности, роли, выстроить композицию своего публичного выступления) и выйти с передачей. По итогам работы участниками заполняется *рефлексивная* табличка (по каждой группе отдельно):

№ группы	Качества оратора на трибуне	Актуальность и новизна содержания выбранного материала	Качество сценических находок в подаче материала
----------	-----------------------------	--	---

Также можно использовать интерактивные задания с игровыми элементами, например, такие: 1. Студентам предлагается прочитать учебный научный текст, затем передать его содержание в виде рисунков, знаков, символов, схем. Победитель тот, кто составит свое выступление более подробно, успешно защитит его, представит лучшее наглядное пособие. 2. Студенты быстро и внимательно читают текст, затем составляют список вопросов. У кого этот список будет самым длинным и подробным, тот и выигрывает. Время на выполнение дается ограниченное – 6-7 минут.

Таким образом, оперирование учебным художественным/учебным научным текстом в процессе языкового обучения, как показывает обзор современных научных-методических исследований и наша собственная практика преподавания, цементирует всю работу по усвоению языковых и речевых тем курса русского языка [8], придает ей коммуникативную и комплексную направленность, углубляет и расширяет систему языковых и коммуникативно-речевых знаний и умений у обучающихся, создает у них личностно значимую учебную мотивацию в ходе освоения русского языка как неродного.

1 Лопатухина Т.А. *Текстоцентрический подход в образовательном пространстве высшей военной школы (на материале иноязычного образования): Дис. ... докт. пед. наук. - Ставрополь, 2003. – 426с.*

2 Быстрова Е.А., Львова С.И., Капинос В.И. и др. *Обучение русскому языку в школе: учеб. пособие для студентов педагогических вузов / Под ред. Е.А. Быстровой. – М.: Дрофа, 2004. – 237с.*

3 Руднев, В.П. *Словарь культуры XX века. - М.: Аграф, 1999. - 384с.*

4 Жанпейсова У.А. *Теоретические основы обучения русскому языку в казахской школе (лексический*

аспект): Дис. ... докт. пед. наук. - Алматы, 1999. - 323 с.

5 Никифорова О.И. *Психология восприятия художественной литературы.* – М.: Книга, 1972. – 152с.

6 Сафаргалиева А.Ы. *Научный текст как объект методики // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Филологические науки».* – 2013. - №1(43). – С.50-54.

7 Львов М.Р. *Словарь-справочник по методике преподавания русского языка.* - М.: Издательский центр «Академия»; Высшая школа, 1999. - 272 с.

8 Ахмедьяров К.К., Мухамадиев Х.С. *Типовая учебная программа. Русский язык.* – Алматы: Казак университеті, 2012. - 16с.

ӘОЖ 070(574)

Ж.Тойбаева – PhD докторанты

ЖУРНАЛИСТІК БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ ТАЛАПТАРЫ

Түйіндеме: Бұл мақалада заманалы журналистің жан жақтылығы, БАҚ-тағы кәсіби мамандардың деңгейі, олардың бүгінгі таңда интернет технологияларды қаншалықты меңгергені жайлы ақпараттар менұсыныстарды қамтылған. Сонымен қатар жаңа медиа құралдарын үйрену журналист маманға не бермек деген сауалға тұщымды жауап берілген. Журналистік білім беруді дамыту жолдары, жаңа медианың мүмкіндіктері жайлы ұсыныстар мен зерттеулер қарастырылған.

Кілт сөздер: заманалы журналист, БАҚ, ЮНЕСКО, білім беру моделі

Аннотация: В данной статье описывается возможности мультимедийного журналиста, профессиональный уровень специалистов СМИ и насколько хорошо они должны владеть интернет технологиями. Приведены предло-жения по обучению мультимедийных журналистов. В работе описываются новые возможности и структуры для обучения мультимедийных журналистов.

Ключевые слова: мультимедийный журналист, СМИ, ЮНЕСКО, модель преподавания

Abstract: This article describes the possibility of multi-media journalist, media professional level and how well they should own Internet technologies. Offers on learning multi-media journalists. The paper describes the new features and framework for learning multi-media journalists.

Key words: multi-media journalist, media, UNESCO, the model of teaching

Еліміз егемендік алған соңғы жиырма жыл көлемінде қоғам өмірінің барлық саласында қалыптасқан стереотиптер бұзылып, көптеген өзгерістер орын алғаны мәлім. Осындай өзгерістер жаңалық жаршысы болып табылатын бұқаралық ақпарат құралдарында ерекше көрініс тапты.

Журналист – ашық қоғамның, әділеттіліктің салтанат құруының тілеулесі, әрі халық мүддесінің жанашыры. Сондықтан да олар қоғамдық ортада ерекше ілтипат пен зор құрметке лайық. Публицистің абырой атағын жоғары ұстау, оған кір келтірмеу әрбір журналистің кәсіби парызы.

Журналист сөзімен де, өзімен өзгеге үлгі боларлықтай ғылыми-теориялық білімі терең, батыл да принципшіл адам болуы міндетті. Сонымен қатар оған жазу мәдениетін толық игерген жоғары сауаттылық пен тұма таланттылық, асқан дарындылық та өте қажет.

Ал заманалы журналист қандай болу керек? БАҚ-тағы кәсіби мамандардың деңгейі қандай? Олар бүгінгі таңда интернет технологияларды қаншалықты меңгерген? Жаңа медиа құралдарын үйрену журналистке не бермек? Осы және журналистік білім берудің өзге де өзекті мәселелері жуырда ЕЫҚҰ-ның Астанадағы орталығының қаржылық қолдауымен, ЮНЕСКО-ның Алматыдағы кластерлік бюросы, «Мінбер» қоғамдық қорының және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетімен бірлесе өткен «Журналистік білім беруді дамыту жолдары: жаңа медианың мүмкіндіктері» атты дөңгелек үстелде кеңінен сөз болды.

Бүгінгі мультимедиялық қоғамда журналист жан-жақты болуы керек. Ол тек бір ғана қызмет түрінде шектеліп қалмай, өз саласының ұстасына айналу үшін әрдайым ізденіс

үстінде жүруі тиіс. Себебі, бүгінгі таңдатıldесу құралдарының, коммуникацияның ілгерілеп кетуіне байланысты, журналист мамандығы тез арада ақпарат жеткізу үшін бейімделуді талап етеді.

2015-жылға дейін Қазақстан телеарналары толыққанды сандық жүйеге көшуі тиіс. Яғни, бұл үдерістер журналистен жылдамдықты, жан-жақтылықты, бір мезетте өз видеоға түсіріп, мәтінін жазып, монтаждап, эфирге дейінгі процесстердің басы қасында өзі жүруі тиіс. Ақпараттық қоғамның талабы да сол. Мультимедиялық қоғамға мультимедиялы маман қажет. Осыдан келіп заманауи журналистке деген талап жоғарылай бермек.

Заманауи журналист – бұл бұрын журналистиканың әр саласына тән болған машық пен қабылеттерді қатар меңгерген адам. Қазіргі кездередакцияға жеке фотограф, жеке жаңалық жазушы, жеке сарапшыны жалдамай-ақ, бір маман осы ызметтерді атқара алса ғана құнды болады. Әрдайым ақпарат кеңістігінің алғы шебінде жүреді. Сол үшін қазіргі журналист мәтін немесе сценарий, мақала жазумен қатар жаңа технологияларды, фото бағдарламаларды, монтаж үлгілерін үйренгені абзал. Сондықтан, ЮНЕСКО білім беру бағдарламалары озық тәжірибені басшылыққа алады. Оның ішінде демократия, диалог пен дамуға негіз болатын БАҚ жүйесі үшін де кәсіби журналистік стандарттың маңызы зор екені анық. ЮНЕСКО 2007 жылы дайындалған бағдарламалардың бірегей моделін тірек еткен болатын. ЮНЕСКО 2007 моделі әлемнің 60 елінде тәжірибеге енгізілген. Ал 2013 жылы «Журналистика бойынша оқу бағдарламасының моделі: жаңа оқу бағдарламалар жиынтығы» жарыққа шыққан. Оған журналистика бойынша арнайы мамандандырылған 10 жаңа оқу бағдарламасы енген. 2012 жылы ЮНЕСКО-ның ұйымдастыруымен өткен Алма-Ата+20 конференциясының қорытындысына сүйенсек, еліміздегі жоғары білім беру жүйесіндегі қиындықтар да аз емес. Атап өтсек:

- ғылыми қоғам басымдықтары мен БАҚ индустриясы басымдықтарының шиеленісі;
- аймақтық университеттерді мамандармен қамту;
- Болон үдерісі аясында құзыреттілікке негізделген білім беру жүйесіне бейімделу;
- жоғары білім беру және кәсіби оқытудағы медиаиндустрияның рөлі;
- оқулықтар және т.б. ресурстар;
- БАҚ конвергенциясының әсері;
- студенттік БАҚ тәуелсіздігі.

Нәтижесінде журналистік білім беру бағдарламасының әлеуетін көтеру мақсатында 8 ұсыныс жасалған. Оның ең маңыздысы – ЮНЕСКО-ның «Журналистика бойынша білім беру бағдарламасы моделін» журналистика факультеттеріне және журналистік біліктілікті арттыру курстарына енгізу және қолдану болып табылады.

Аталмыш бағдарлама мынадай ұсыныстарды жүзеге асыруды көздейді:

- «Журналистік оқыту бағдарламасы моделінің» дамуы мен қолданысқа енгізу процесін қолдау;
- журналистика мамандығын оқытуға бағытталған жоғарғы оқу орындарында БАҚ-ты жалпылама оқытудан алшақтап, жекелеп оқытуға көшу;
- журналистика және коммуникация саласы бойынша білім беретін ғалымдар мен ұстаздардың жауапкершілігін арттыру;
- Жоғарғы оқу орындарында теориямен қатар тәжірибелік жұмыстардың да жүзеге асуын қамтамасыз ету, мәселен зерттеулер жүргізу, сараптама жасау, мультимедиялық жобаларды жасау;
- Журналистикаға қатысты заманауи деректерді Азия елдерінің тілінде оқуға мүмкіндік жасау;
- Онлайн курстар мен семинарларды журналистика пәні бойынша беретін ұстаздармен бөлісу.

«Журналист қоғам үнінің жаршысы болғандықтан, өз білімі мен біліктілігін заман талабына сай үнемі арттырып отыруы шарт. Еліміздегі «Мінбер» қоғамдық қоры жанындағы

жаңа медианы зерттеу тобы 2009 жылдан бастап интернет технологияларды журналистерге үйретумен айналысып келе жатқан орталық.

Қазіргі таңда республикамызда журналистика саласы бойынша білім беретін 11 өңірлік кафедра және екі ғана факультет бар, оның біріншісі 80 жылдық тарихы бар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журна-листика факультеті және екіншісі Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-дегі журналистика және саясаттану факультеті.

ӘОЖ 378:016:811.111:004

Е.Нәсіпқазы – Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Шығыс тілдер кафедрасының аға оқытушысы,

Қ.Ж. Жұмабеков – Шет тілі: екі шет тілі мамандығының 2 курс магистранты

МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДЫ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС АРҚЫЛЫ БІЛІКТІЛІКТІ ДАМУ ТУРАЛЫҚ ЖОЛДАРЫНЫҢ КӨЗДЕРІ

Түйіндеме: Мақалада мультимедиялық құралдар және мәдениетаралық қарым-қатынас құралдары арқылы біліктілікті жетілдіру жолдары қарастырылады. Атап айтқанда, қазіргі таңда шетел тілін жаңа технологиялармен оқыту, мультимедиялық құралдарды қолдану ерекшеліктері, тапқырлық дағдыларының дамуы, теориялық негіздеме-лер, оқытудың әдістемесін тәжірибелік жүзінде тексеру.

Тірек сөздер: компьютер, интернет, телекоммуникациялық байланыс құралдары, интерактивті бағдарлама, суреттер, слайдтар, сызбалар.

Аннотация: В статье рассматриваются инструменты мультимедийного и межкультурного отношений, источники и пути повышения квалификации. Обучение иностранному языку при помощи современной информационной технологии. Особенности использования мультимедийных средств в развитии навыков сообразительности. Теоретическое обоснование, разработка и экспериментальная проверка методики обучения иностранному языку с помощью мультимедийных средств обучения.

Ключевые слова: компьютер, интернет, телекоммуникационные связи, интерактивная программа, рисунки, слайды, чертежи.

Abstract: The article discusses the multimedia tools and intercultural relations, sources and routes for training. Learning a foreign language with the help of modern information technology. Features of the use of multimedia in the development of skills and acumen. The theoretical rationale, development and experimental testing methods of teaching a foreign language with the help of multimedia learning tools.

Keywords: computer, internet, telecommunications links, interactive program, slides, drawings.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» деген тақырыпта оқыған лекциясында: «Осы заманғы әлем жаһандану кезеңін – адамзаттың біртұтас ақпарат және коммуникациялар кеңістігінде жан-жақты бірігу, бүкіл планетаның біртұтас экономикалық рынокқа айналуы дәуірін бастан кешіруде» деп көрсеткен болатын. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының білім беру реформасы бойынша білімді, ойлы және өнерлі тұлғаны қалыптастыруға бағытталған және қазіргі білім беру жүйесі негізінде оқушылардың танымдық белсенділігін дамытатын оқытудың дәстүрлі емес, жаңа белсенді және инновациялық әдістерді енгізу шетел тілін оқытудың негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Білім берудің дәстүрлі әдісінен оқу процесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыратын білім берудің жаңа белсенді әдісіне көшу керек. Бұл тапсырманы оқыту үдерісінде тек жаңа технологияларды қолдану арқылы жүзеге асыруға болады.

Адам іс-әрекетінің әртүрлі салаларында, сонымен қатар білім беру саласында ақпараттық технологиялардың жаңа құралдарын қолдану бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Отандық және шетелдік оқулықтарда білім беру үрдісін компьютерлендіру ең маңызды мәселелердің бірі ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында белгіленгендей, білім беру жүйесін ақпараттан-дыру, мемлекеттік білім беру саясатының негізгі қағидаларын жүзеге асырудың

маңызды бір механизмі болып табылады Ақпараттық ортаны құруға негізделген білім берудің жаңа жүйесін қалыптастыру және педагогикалық практикаға жаңа ақпараттық құралдарды, сонымен қатар технологияларды енгізу білім жүйесін дамытудағы стратегиялық тапсырма болып саналады.

Қазіргі кезде жаңа білім беру жүйесінің заманауи технологиялар мен интернеттің пайда болуының арқасында дамығанын барлығы мойындайды. Көптеген әдіскерлер мультимедиялық презентация, видео-фильм, электрондық пошта, анимациялық суреттер және т.б. көмегімен шетел тілінде монолог және диалог түрінде сөйлеу қабілетін қалыптастыратын жаттығуларды құрастырумен айналысып жатыр. Шетел тілдік ортада болмай-ақ, сол елдің тілінде сөйлей алу қабілетіне ие болу оңай емес. Сондықтан, мұғалімнің басты мақсатының бірі шетел тілі сабағында жаңа технологиялардың түрлі амалдарын қолдана отырып, сөйлеудің шын ситуацияларын құру болып табылады. Шетел тілін оқыту барысында компьютер технологияларын қолдану сабақты қызықты етіп өткізуге көмектеседі.

XXI ғасырды қоғамдық ақпараттандыру ғасыры деп бекерге атамаған. Компьютер адам әрекетінің барлық салаларында қолданылады. Дүниежүзілік қоғамдастықта әлеуметтік өмірдің барлық саласын жаппай ақпараттандыру үдерісі қолға алынуда. Елдің экономикалық жағдайы, адам өмірінің сапасы, ұлттық қауіпсіздік және мемлекеттік, дүниежүзілік қоғамдастықтағы рөлі оның ақпараттық технология-лық даму дәрежесіне байланысты болатыны белгілі. Экономикалық тұрғыдан дамыған елдерде және көптеген дамушы елдерде білім беру жүйесін ақпараттандырудың қарқынды үдерісі жүріп жатыр. Жалпы білім сапасын жақсарту жолдары жасалып жатыр және оқыту процесіне жаңа ақпараттық технология-ларды енгізуге көп қаражат бөлінуде. Дегенмен, оқыту үдерісінде компьютерлік технологиялардың қарқынды енгізілуіне қарамастан, арнайы мультимедиялық оқулықтар мен оларды қолдану техникасы туралы әдістеменің болмауы себепті шет тілін үйрету процесінде компьютерлендіру жеткілікті дамымаған.

Соңғы жылдары көз алдымызда адамдардың әлеуметтік, мәдени, ғылыми және өндірістік қызмет аясына тікелей әсер еткен компьютерлік революция бола алады. Компьютердің оқу үдерісіне де тигізетін өзіндік әсерін жоққа шығаруға болмайды. Жаңа ақпараттық технологияны адамзат қызметінің барлық саласында енгізу ақпараттық қоғамның басты көрінісі болып табылады. Компьютерлік техниканы үздіксіз білім беру жүйесінде пайдалану оқытудың педагогикалық технологиясы, оқытудың ақпараттық технологиясы, оқытудың компьютерлік технологиясының пайда болуына себеп болды. Сонымен біз осы ұғымдарға тоқталып өтуді жөн көрдік. Оқытудың компьютерлік технологиясы деп оқушының өз бетімен танымдық іс-әрекетін дамытуға, оқыту мен оқуды басқаруға, сондай-ақ оқу мен практикалық есептерді ойындық, адам-машиналы тұрғыдан шешуге бағытталған әдіснамалық, психологиялық-педагогикалық, бағдарламалық-техникалық және ұйымдастыру құралдарының кешенін айтады.

Кез-келген педагогикалық технология – ақпараттық технология болып табылады. Оқу-тәрбие үдерісінде білім беруді ақпараттандыру үшін жаңа ақпараттық технологияны пайдалану қажет. Білім берудегі жаңа ақпараттық технология деп оқу мен оқу-тәрбие материалдарының, есептегіш техника мен аспаптық құралдарының жиынтығы, есептегіш техника құралдардың оқу үрдісіндегі рөлі мен орнын, мұғалімдер мен оқушылардың еңбегін жетілдіруде оларды пайдаланудың түрі мен әдістері туралы ғылыми білімнің жүйесін айтады.

Білім беруде компьютерлік технологияларды пайдалану оқыту үдерісін толық өзгертуге, оқытудың жеке тұлғаға бағытталған моделін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қазіргі жаңа оқыту құралдары, яғни компьютерлер, телекоммуникациялық байланыс құралдары, қажетті интерактивті бағдарламалық және әдістемелік жабдықтар әр түрлі оқыту формаларын жетілдіруге мүмкіндік береді, оған қоса оқушылардың өзіндік жұмыстарын орындататын

әдістемелік құралдар ретінде атқаратын жұмысының маңызы зор.

Білім беруді ақпараттандыру кезінде түрлі бағдарламаларды, жүйелер мен орталарды кең қолдану кезінде оқытудың формалары мен әдіс-тәсілдері, сонымен қатар білім беру үдерістерінің мазмұны да маңызды өзгерістерге ұшырайды. Сондықтан мектеп алдында тұрған жаңа мәселелерді жүзеге асыруға бағытталған оқыту тиімділігін арттыруға компьютерлік технологияны қолдану оны жүзеге асыру мен оңтайландыруға тікелей әсерін тигізеді:

- оқушылардың өзіндік жұмысын арттыру;
- ақпараттың түрлі көздерімен жұмыс істеу біліктілігін қалыптастыру;
- ақпаратты беру, өңдеу, сақтаудың қазіргі заманғы әдіс-тәсілдеріне оқушыны үйрету;
- олардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілетін дамыту;
- өмірге икемдеуге себеп болатын әлеуметтік қызмет дағдыларын қалыптастыру .

Ю.К. Бабанскийдің теориясын қолданушылар оқытудың тиімділігін көтеруге келесі тәсілдермен жетуге болады деп есептейді:

- оқыту мен оқушылардың еңбегін ғылыми түрде ұйымдастыру формасын жетілдіру жолымен;

- оқытудың интенсификация тәсілін қолдану арқылы;
- оқытудың қазіргі заманғы технологиялық құралдарын жасап, қолдану арқылы.

Ал, мұндай өзгеріс оқушының білімге деген ынтасын арттырып, сабақтың, нәтижелік бақылаудың жаңа модельдерін (баяндама, есеп беру, жұрт алдында жобаларды топ болып бірге отырып қорғау) ізденуге итереді, оқытудың жеке оқушыға бағытталған қызықты түрлерін енгізуге көмектеседі. Біз компьютерді кең көлемде ақпарат құралы ғана емес, сонымен қатар адамның қоғамда өзін-өзі басқаруына, өзіндік танымына жаңа жол ашатын және қуатын жаңа жағдайға жаңаша көзқараспен пайдалануға мүмкіндік беретін қуатты құрал деп есептейтін философтардың пікіріне біз де қосыламыз.

Ақпараттық құралдарды қолдану барысында оқытушы мен оқушының өзара әрекетінде компьютерлік даярлықтары байқалды. Мультимедиадағы бейнелер мен графикада шетел тілін сазды кескіндемелік анимациялық иллюстрациялар арқылы бере отырып, шетел тілін оқытуда үлкен маңызға ие болатын-дығын аңғардық. Бұл кездегі ұсынылған формалар, құралдар, политра, дизайн, лингвистикалық, көркем-дік және т.б. шешімдердің үйлесім табуы шетел тілін үйрену үдерісіндегі оның мазмұнын толықтырады. Олар оқушының барлық сезім мүшелеріне әсер ете отырып, оның ойлау қабілетін арттырып, аналитика-лық ойлауы мен бейнелік қабылдауының, есте сақтауының барлық түрлеріне қозғау салып, оқу ақпара-тын толыққанды қабылдауына және тануына негіз салатындығын байқадық.

Мультимедиа оқушылардың оқу ақпаратын қабылдаудағы көру және есту бейнелерін өзара үйлестіреді. Мультимедиялық бағдарламалар оқушының ақпарат алмасу жағдайында мультимедиялық жүйемен интерактивті диалог орнату сияқты көптеген жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Шетел тілін оқыту үдерісінде компьютер, мультимедиа, мультимедиялық оқу бағдарламаларын қолдану ағылшын тілін оқытуда-ғы сән салтанат көрінісі емес, өткен материалдарды қайталану мен жаңа ақпараттарды қабылдаудың аса қажетті құралы болып табылады. Шетел тілін меңгеруде оқушының танымдық, әдеби-көркем және әлеуметтік ақпараттарды игеруінде компьютер, мультимедиа мен интернеттің рөлі артып, оқу материалы және қосымша тақырыптық материалдарды мәнерлеп, көрнекілеп беруде иллюстративті құрал ретіндегі маңызы ұлғайды. Мультимедиа, презентациялар, видеофильмдер сонымен қатар оқушының оқу мазмұнын анықтап, жақсы меңгеру үшін, шетел тіліндегі экстралингвистикалық ақпаратты игеруге көмегін тигізеді. Бұл ақпарат шетел тіліндегі грамматикалық ерекшеліктер мен лингвистикалық ақпараттарды айқын да дәл қабылдауға ықпал етеді. Грамматикалық категориялар кеңестік дәуірдегі оқыту әрекетінде басты назарда, оқушылар грамматикалық ережелер мен сөз жаттады. Ақпараттық технологиялар арқылы сабақта табиғи орта жасалатын, сөйлесудің үлгілері беріліп,

оқушыларға сөйлеу дағдысының пайда болғаны тәжірибе барысында байқалды. Оқу-танымдық ақпараттардың формалары (суреттер, слайдтар, сызбалар), көрсету формаларының дизайны (анимация, түрлі эффектілер), сөз және дыбыспен сүйемелдеу формалары жобаның басты мақсатына сай келіп, ең түйіндімәселеден оқшауланбауы керек. Оқытушы өз кезегінде бақылап, кеңес беріп, іс-әрекетін оқушының да бақылауына мүмкіндік жасайды. Ол қажетті технологиялардың функциялары мен жұмыстарына сәйкес тактиканы түсініп, видеофильмдер немесе презентациялар элементтерін жобалау және безендіру мәселелерінде дұрыс бағыт ұстанып жобаның әдістемелік сипатын жасайды. Бұл оқушының мультимедиялық жоба барысындағы орнын ығыстыр-майды, олар жобаның өздеріне тиісті бағыттарын орындауды жоспарлауды үйреніп, даярлық шаралары, тақырыптық және кескіндемелік ақпарат нәтижелері болып табылатын презентациялар, видеофильмдер, тақырыптық нәтиже және дыбыстық сүйемелдеуде белсенді бола алады. Жұмыста ақпараттық ортамен тығыз қарым-қатынаста бола отырып, оған шын беріліп, бастапқы үйрену зерттеу пәні – тіл және оның лингвистикалық түрлерін оқып үйренуге айтарлықтай қызығушылықтарын көрсетеді [8. 79].

Ж.А. Қараевтың пікірінше "компьютерлік оқыту технологиясы өзіндік танымдық іс-әрекетті дамытуға арналған методологиялық, психо-лингвистикалық, бағдарламалық-техникалық, ұйымдастырушылық құралдардың жиынтығы" болып табылады.

Қорыта айтқанда, білім беру саласында көтерілетін өзекті мәселелердің бірі – жаңа ақпараттық технологияларды орта мектептерде қолдану тиімділігі. Бұл шетел тілін оқытудың жаңа техникалық құралы ғана емес, сонымен қатар тілді үйретудің жаңа форма мен әдісі ретінде қарастырылып отыр. Шетел тілін оқытудың негізгі мақсаты оқушының коммуникативті мәдениетін қалыптастыру және дамыту, оның шетел тілін практикалық қолданыста пайдалану қабілетін дамыту.

Мемлекетте білім жүйесін жаңарту үдерісі жүріп жатқан қазіргі таңда мұғалімнің кәсіби қызметіне қойылатын негізгі талап ақпараттық таным болып табылады. Ал, мультимедиялық құралдарды қолдану оқу барысын жеңілдету, одан әрі дамыту мен оқушыларға оқу материалдарын жеткізу мақсатын көздеуі тиіс.

1 Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы. //Астана, - 2004.

2 Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы. //Алматы, – 2010. - 75б.

3 Қараев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологии обучения: дисс. док. пед. наук. - Алматы, 1995.

4 Нұрғалиева Г.К., Тілеуова С.С. Ақпараттандыру – білім беруді реформаландырудың негізгі механизмі// Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – Алматы, 2006. - №1.

5 Дацюк Г.И. Психолого-педагогические особенности применения информационных коммуникативных технологий в учреждениях общего среднего образования: дисс. канд. пед. наук. - М., 2001.

6 Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно-воспитательного процесса: Методические основы – М.: Педагогика, 1982.

ӘОЖ 378.016: 821.512.122.

А.Д. Ибраева –

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, филол.ғ.к.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйіндеме: Мақалада жоғары оқу орындарында қазақ әдебиетін оқытудың кейбір ерекшеліктері қарастырылған. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетін пәні, соның ішінде С.Торайғыровтың әдеби мұрасын студенттерге оқытудың жолдары айқындалған. Ақынның поэзиялық, прозалық

туындыларындағы тақырыптық бағыттар, публицистикалық мұраларын дәрістік, семинар сабақтарында талдаудың үлгілері берілген.

Тірек сөздер: XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті, ақын, шығармалар, тақырып, көркемдік ерекшелі, оқытудың жолдары

Аннотация: В статье рассмотрены некоторые особенности преподавания казахской литературы в высших учебных заведениях. Выявлены методы обучения предмета казахской литературы начала XX века, в том числе литературного наследия С.Торайгырова. Даны примеры анализа тематических направлений, публицистических наследий произведений поэта в лекционных, практических занятиях.

Ключевые слова: казахская литература начала XX века, поэт, произведения, тема, художественная особенность, виды обучения

Abstract: The paper considers some features of teaching Kazakh literature in higher educational institutions. Identified methods of learning of the subject of the Kazakh literature of the beginning of the twentieth century, including the literary heritage of linguistics. Examples are given to analysis of the thematic direction, publicistic heritage of work of the poet in lectures, practical activities.

Keywords: Kazakh literature of the beginning of the twentieth century, the poet, works, theme, artistic feature kinds of training

Жоғары оқу орындарында қазақ әдебиетін оқытуда өзіндік қалыптасқан ерекшеліктер бар. Бұл қойылған мәселенің белгілі бір ақын не жазушының әдеби мұрасымен таныстыру, шығармаларының тақырыптық, идеялық, көркемдік ерекшеліктерін терең меңгертумен тығыз байланысты. «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» пәні бойынша 1 семестрге 2 кредит бөлінген. Дегенмен сағаттың саны белгілі бір ақын мәселен, С.Торағыровтың шығармашылығын түгелдей қамтуға аздық етеді. Мәселенің шешімін табудың жолы бір ақынға қатысты өмір белестері, шығармашылық жолы, туындыларының жариялануы, зерттелуінде дәрістік сабақтарда қарастырсақ, шығармаларының тақырыбы, идеясы, көркемдікерекшелігі семинар сабақтарында меңгертуге күш салу қажет. Себебі барлығын бірдей дәрістік сабақтарда шығарма-шылығын түгел меңгеру мүмкін емес. Мәселенің тағы бір жағы материалды студенттер тарапынан меңгерілуі олардың жауапкершілігін арттырып қана қоймай, өзіндік ізденістерге алып келері хақ. Сондай-ақ, кредиттік жүйенің талаптарына сәйкес, алдын-ала дайындалған оқытушы тұжырымдарына ғана негізделмей, қорытынды пікірге тыңдаушының өзі қол жеткізгені абзал. Мысал ретінде сабақтың мына үлгісін ұсынып отырмыз. Дәріс С.Торайғыровтың әдеби мұрасына арналған.

Ақынның шығармашылық жолын мына бағытта қарастыруға болады: 1. Өмір белестері. Шығармашылық жолы. Жариялануы, зерттелуі. Шығармашылық мұралары. Ерекшеліктері. Лирикасы: тақырыбы, идеясы, көркемдікерекшелігі. 2. Поэмалары: "Адасқан өмір", "Кедей". Романдары: "Қамар сұлу", "Кім жазықты?" белгілі себептермен бұрын айтылмай келген шығармалары: "Қайғы", "Таныстыру" поэмалары.

Сұлтанмахмұт шығармаларын жинау, бастыру, зерттеу ісінің де ұзақ тарихын наты деректер арқылы беру керек. 1933 жылы Жүсіпбек Аймауытов жазған алғы сөзбен, түсініктерсіз жарық көрді. Одан бергі дәуірде Сұлтанмахмұт шығармалары бірнеше рет басылғандығына, оны зерттеу саласында Б.Кенжебаев, Ы.Дүйсенбаев, Д.Әбілев, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Т.Әбдрахманов, Қ.Шәменов, А.Еспенбетов сияқты әдебиетшілердің еңбектеріне шолу жасалады.

Сұлтанмахмұттың лирикалық өлеңдерінің сипаты әр алуандығы, оларда ақынның қайғы-мұңы да, өкініш-наласы да, халықтың басындағы ауыр халге жүрегі сыздаған аяныш пен жанашырлық сезім де, болашаққа сенген, сол үшін күрескен азаматтық перзенттік патриотизмі бар екендігі талдаулар арқылы беріледі. Бірақ ақын өлеңдеріндегі мұң-зар жігерсіз, жасық қайғы емес. Ақын алдағы өміріне зор үмітпен қарайтындығы оның 1911-12 ж. «Оқып жүрген жастарға», «Талиптарға», «Оқуда мақсат не?», «Анау-мынау» сияқты өлеңдері негізінде түсіндіріледі. Бұл өлеңдерінде Сұлтанмахмұттың жастар алдына оқып білім алып, елге қызмет ету идеясын, осы салада бірігіп, күш қосу қажеттігін ұсынғандығына баса назар аударылады.

1913-14 ж. «Қанды басшы», «Түсімде», «Бұлар кім?», «Қымыз», «Енігі беталыс» өлеңдерінде саяси-қоғамдық тақырып қамтылатындығы, «Сарыарқаның жаңбыры»

өлеңіндегі жаңбыр төңкерістің символы ретінде алынғанын, «Дауылдағы әбігер» бақытты өмірге кенелетініне сенімділік басым екендігі қарасты-рылады. Осы сияқты талдаулардың дәрістік сабаққа тән болса, семинар сабағына Сұлтанмахмұттың "Қамар сұлу" романының мәтінімен қатар, роман жайындағы зерттеушілер еңбегі беріледі. Мәтінді меңгеру арқылы студент сол шығарма жайындағы зерттеушілер еңбегімен де танысады. Көркем прозаның туу, қалыптасу кезеңінің бастауында дүниеге келген бұл романдарда өз заманының ащы шындығы бейнеленуі, сол дәуірдегі әйелдердің бас бостандығы, бүкіл қазақ қоғамының тіршілігін, ұғым-нанымын терең суреттеуі, ескі ауылды құрт аурудай жайлап есеңгіреткен, тоздырып бара жатқан әдет-ғұрыптың кертартпа жақтарын әшкерелеуіне назар аударылады. "Кім жазықты?" романының толық нұсқасы сақталмауы, жасынан тәрбиесіз өскен бай баласы Әжібайдың жеке өмірі де, қоғамдық-болыстық қызметі де халық көңілінен шыға алмауы, ол зорлық-зомбылықты, қара күшті жақтап, өзі тектес әлділермен байланыс жасап, іргесі шайқалған шаруасын реттеуге, ауылға кіре бастаған жаңалықтарды өршітпеуге (Әнуар бейнесі) күш салуына талдау жасалады. Жазушының Әжібайды жеке адам ғана емес, қазақ қоғамын салмағымен басып қорғап, жаңаруына бөгет болып отырған ауыртпалықтың жиынтық бейгесіне (әжібайшылдыққа) көтеруін, әжібайшылдықтың әлеуметтік тегін іздеуі тәрізді сауалдарға студенттер жауап негізінде іздейді.

Сонымен қатар, Сұлтанмахмұт "Зарландым", "Ауырмай есімнен жаңылғаным" атты шағын көлемді прозалық шығармалар, "Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан", "Қазақ ішінде оқу жайы қалай?", "Өлеңмен жазылмақ драманың материалдары", "Өлең мен айтушылары", "Социализм" тәрізді бірқатар мақалалар талданады. Тұтас алғанда ақынның шығармашылық мұрасына қатысты мәселелердің түгелдей дерлігі талданып, оқытушының міндеті студенттерге бағыт-бағдар берумен ерекшеленсе, жас ізденушілер тақырыпқа қатысты сауалдарға жауапты өз ізденімпаздығының негізінде табуы қажет. Өздігінен іздену материалды есте сақтауға, көркем мәтінді меңгеруге алып келеді.

ӘОЖ 373 (574)+37.015.3-053.4

Б.К. Стамғалиева –

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық Университетінің магистранты

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҒЫНДА БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫҢ РӨЛІ

Түйіндеме: Мақалада мектепалды даярлығында балалардың тілдік құзыреттілігін қалыптастырудағы көркем шығарманың рөлі туралы сөз болады. Автор мектеп жасына дейінгі педагогика саласында көркем әдебиеттің бала тәрбиесіндегі рөлі туралы жүргізілген зерттеу жұмыстарына теориялық талдау жасап, мектепалды даярлығында балалардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыруда басшылыққа алынатын ойларды тұжырымдап ұсынған.

Кілт сөздер: мектепалды даярлығы, көркем шығарма, тілдік құзыреттілік, мектеп жасына дейінгі балалар

Аннотация: В статье рассмотрена роль художественного произведения в формировании речевой компетентности детей в дошкольной подготовке. Автором сделан теоретический анализ трудов ученых в сфере дошкольной педагогики о роли художественного произведения в воспитании ребенка, на основе этого анализа сделаны выводы, которыми можно руководствоваться в процессе формирования речевой компетентности в дошкольных учреждениях.

Ключевые слова: дошкольная подготовка, художественная литература, коммуникативная компетентность, дети дошкольного возраста

Annotation: In the article were written the role of art work for forming communicative competence of pre – school children. Conducting theoretical analyses in her work, author fixed the role of art literature on upbringing pre – school children and suggested the main thoughts of forming communicative competence.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мәнін арттыру жалпы әлемдік үрдістер қатары-на жатады. Балабақшаға баратын балалар білім берудің барлық деңгейлерінде білімді тез қабылдайды және жалпы өмірде табысты болып келеді, – деп көрсетілуі бүгінде мектепке дейінгі ұйымдарға жүктелетін міндет пен жауапкершіліктің маңызды екенін айқындайды [1].

Көркем шығарма арқылы мектепалды даярлығында балалардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыруды бүгінгі күнгі жағдайында зерделейтін болсақ, Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындабалалар көркем әдебиетімен танысу жөніндегі базалық минимумында ересектер тобының міндеттері көрсетілген. Онда:

- мектепке дейінгі ересек балалардың көркем әдебиетке, оның авторлық және жанрлық көп түрлілігіне қызығушылығын қалыптастыру;

- көркем шығарманың негізгі құрамдарын: тіл, композиция, кейіпкерлер, авторлық қатынас, негізгі ойды қоса алғанда, оны талдай білуді;

- әдеби шығармаға эмоциялық үн қосуды дамыту, шығарманың тілінің, композициясының ерекшелік-терін ескеріп, баяндау сипатын сезіне білу;

- баланың шығармашылық әлеуетін, оның көркемдік талғамын, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін адамгершілік тұрғысынан бағалауға (“шын”, “жалған”, “қорқақтық”, “батылдық”, “жақсы”, “жаман” т.б.) ұмты-луын дамыту, - деп көрсетілген.

Ал, мазмұнында ауыз әдебиеті үлгілері жанрларының жүйесі, ерекшеліктері, әңгіме және ертегі жанр-лары, оларды салыстырмалы талдау процесінде көрінетін айыру ерекшеліктерітіл, композиция, кейіпкер-лер, қара сөздер және өлең мәтіні т.б. ажырата білу міндеттеледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында 2009-2010 оқу жылының басталуы туралы» әдістемелік нұсқау хатында мектепалды тобында сабақтарды ұйымдастыру және өткізу базистік оқу жоспарының негізінде 22 сағат көлемінде «Балбөбек» бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады, - деп көрсетілген. Осы тұрғыдан мектепалды даярлығында көркем шығарма арқылы балалардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің қазіргі жағдайына тоқталсақ, “Балбөбек” бағдарламасы бойынша ұйымдастырылатын тәрбие жұмысында арнайы “Көркем әдебиет”, “Тіл дамыту”, “Имандылық-инабаттылық” бөлімдері бойынша іске асырылады [2].

Көркем әдебиеттің алдына қоятын мақсаты: ересектер тобындағы балалардыңкөркем әдебиетке деген қызығушылығын дамыту, шығармаларды мұқият тыңдауға, оларды қабылдауда мәнерлік құрал-дарды және әдеби жанрларды ажырата білуге баулу.

Көркем әдебиет оқу іс-әрекеті төмендегідей міндеттерді шешуді көздейді:

– балалардың көркем шығарма жанрларын ажырата білуін меңгерту;

– балалардың көркем шығармаларды тыңдауға деген қызығушылығын ояту және оның мазмұнын түсінуге, кейіпкердің көңіл-күйін түсінуін;

– балаларды көркем шығарманы әңгімелеуде өз ойын қиялымен ұштастыра білуге баулу;

– балалардың шығарманы өзінің шығармашылығымен аяқтауға, өзінің пікірін дәлелдей білуге үйрету;

– көркем шығарма мазмұнын жете түсіндіріп, үлкендер еңбегін құрметтеуге, өзінің туған жерін, елін, Отанын сүюге, адамгершілік сапаларды меңгеруге, қоршаған ортаға қамқорлық сезімін, көркемдік талғамын, достарымен, үлкендермен оң қарым-қатынас жасай білуге және мінез-құлық нормаларын қалыптастыру;

– балалардың көркем шығарма мазмұнын өмірмен байланыстыруы және оны күнделікті тұрмыста қажетіне қарай пайдалана білуге баулу.

Көркем шығарманың бір түрі жазба әдебиеті десек, оның тәрбие берудегі орны туралы З.Қабдолов: Көркем шығарма – өмір мектебі. Көркем туындыда халықтың тарихи жүріп өткен жолдары, өмір белестері, елдік- ерлік дәстүрлері, тұрмыс-салты, өзіндік тілі, діні жинақталған, табиғаты кескінделген, адамгершілік ұғым түсінігі көрініс табады. Көркем шығарманы оқу арқылы оқушының дүниетанымы артады, жазушының идеясы, көңіл-күйі

шығарманың мазмұны арқылы оқушыға беріледі, сөйтіп оларда алуан түрлі сезім, ой туғызады, дүниеге көзқарасын қалыптастырады, - деп қорытынды жасаған [3,55б.].

Т.Ақшолоақов шынайы өнер туындысында ізгілік, жақсылық, сұлулық – егіз дүниелер. Соның бәрі бір тамырдан өрілгендей, сол шығарманың бүкіл қан тамырынан жаралғандай. Адалдық, асылдық, адамгершілік, арлылық сияқты абзал қасиеттер болмаған жерде, шынайы өнер жоқ. Шынайы көркем туындыдағы бүкіл элемент бірмақсатқа – жазушының адамгершілік-эстетикалық идеалын ашып беруге қызмет етеді, - деген тұжырым жасаған [4,10 б.]. Қазақ халқының экономикалық және қоғамдық құрылысы, сондай-ақ тұрмыс-тіршілігі мен адамгершілік эстетикалық көзқарастары ауыз әдебиеті шығармаларында көрініс тапқан. Сол себепті көркем шығармалар адамгершілікке тәрбиелеудің негізі болып табылады.

Сондай-ақ мектеп жасындағы балалардың тәрбие мәселесіне әр қырынан зерттеу жұмыстары жүргізілгені белгілі. Атап айтсақ: М.С. Сәтімбекова ақыл-ой тәрбиесі, М.Т. Тұрыскельдина дене тәрбиесі, Ф.Н. Жұмабекова эстетикалық тәрбие, А.Манкеш экологиялық тәрбие, А.Ж. Салиева экологиялық тәрбие, С.Н. Жиенбаева еңбек тәрбиесі, Н.С. Сайлауова экологиялық тәрбие, Р.Ә. Нұрмұхаметова эстетикалық тәрбие, К.М. Метербаева байланыстырып сөйлеу, Ш.Сапарбаева еңбек тәрбие және Х.Қожахметова мәнерлеп оқу атты еңбек жазған.

Ал, мектепке дейінгі педагогика тарихын зерттеу нысаны еткен ғалымдар: К.М. Мендаяқова, Г.Менлі-бекова, С.Г. Бәтібаева.

Мектеп жасына дейінгі балаларды көркем шығармалар арқылы адамгершілікке тәрбиелеу мәселесін зерттеу жұмыстарына арқау еткен отандық ғалымдарымыздан Н.Құлжанова, Б.Б. Баймұратова, А.К. Меңжанова, Р.Жұмағожина, К.Сейсембаев, Н.Оршыбеков, А.С. Амирова, Ұ.Т. Төленова, Т.И. Иманбеков, Ғ.З.Таубаева, Р.Ә. Нұрмұхметовалардың еңбектеріне талдау жасауды жөн көрдік.

Н.Құлжанова мектептен бұрынғы тәрбие деген еңбегінде алғашқы ашылған яслилер мен балабақшалардағы тәрбие жұмысын ұйымдастыру ісіне теориялық көмек беру мақсатында балаға тәрбие не үшін керек, мектеп жасына толмаған бала не үйренбек, мектеп жасына толмаған баланы үлкендердің таныған түрі, балабақша деген не, еңбекшілер баласының тұрмыс жайы және т.б. мәселелерді дер кезінде көтерген алғашқы еңбектердің бірі екенін атап өткеніміз жөн [5,45-57б.].

Б.Б. Баймұратова мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту мәселесін қарастыра отырып, балаларды тәрбиелеудегі көркем шығармалардың рөлін көрсеткен. Көркем шығармаларды ауыз әдебиеті және жазба әдебиеті үлгілері тұрғысынан қарастыра отырып, оларды балалардың жас ерекшеліктеріне саймазмұнды қамтитын шығармаларды кеңінен пайдалану қажеттігін және оның тәрбиелік мәнін ашуға баса назар аударуды ұсынады [6,45-60 б.].

А.К. Меңжанова көркем шығарма арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке және адамгершілікке тәрбиелеу мәселесін

естиялар тобы бойынша зерттеген. Осы жастағы балалардың бойында қалыптастыратын адами қасиеттерге еңбек адамдарын, үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық, мақсаттылық, әдептілік, тәртіптілік, сыпайылықты жатқызады. Ғалым еңбек әрекеті кезінде әдеби шығармаларды пайдалану арқылы балалардың адамгершілік қасиеттерін орнықтыру мәселесіне баса назар аударып, оның дербестігін жетілдіру үшін оны еңбек әрекетімен байланыстыра қарастырған. Балабақшадағы тәрбие бағдарламасында берілген еңбектің төрт түрін: өзіне-өзі қызмет ету; тұрмыстық-шаруашылық еңбек; табиғаттағы еңбек; қол еңбегі. Еңбек арқылы баланың дербестікке баулу үшін оларды үлкендердің еңбегімен таныстыру, еңбек құралдарының, еңбек әрекеттерінің аттарын атай білу, қарапайым еңбек тапсырмаларын орындауға үйрету мақсаттарын көздеген. Автор көркем шығармаларды балаларға моральдық ережелер мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру құралы болады деген тұжырым жасаған [7, 56 б.].

А.С. Амирова қазақ балалар әдебиеті арқылы ересектер тобындағы балаларды адамгершілікке тәрбиелеу мәселесін зерттеген. Атор балалар әдебиетінің тәрбиелік рөлін көрсете отырып, еліміздегі тұңғыш төл қазақ балабақшаларына арналған “Балбөбек” бағдарламасының көркем әдебиет бөлімін жетілдіріп, “Имандылық-инабаттылық” бөлімін алғаш рет енгізді. Аталған бөлімнің мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудегі маңызы өте зор. Өйткені, ұлттық салт-дәстүр, әдеп-ғұрып негізінде тәрбиелеуді мақсат еткен автор халық ауыз әдебиеті үлгілерін балалардың жас ерекшеліктеріне сай жүйелеп, аптаның бір күнінде ұйымдастыруды ұсынған. Халық педагогикасы құралы ретінде ауыз әдебиетінің үлгілерін тиімді пайдаланудың жолдарын көрсеткен [8,35-56 б.].

Ғ.З. Таубаева қазақ балалар әдебиеті арқылы баланы мектепке дайындау мәселесін зерттей отырып, әдебиеттің тәрбиенің барлық саласы бойынша баланың тәрбиесіне ықпалын ашып көрсеткен. Мазмұны тәрбиенің барлық салаларын қамтитын шығармаларды соның ішінде адамгершілік тәрбиесінде саралап, оны тәрбие процесінде пайдаланудың әдіс-тәсілдерін ұсынған [9,15-63 б.].

Мектепалды даярлығында балалардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыруда көркем әдебиетті пайдаланудың маңызы зор. Мектепке дейінгі ұйымдарда оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда көркем шығарманы тәрбиешінің баяндауы немесе мәнерлеп оқуы арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен қатар мектепке барғанға дейін бала оқылған әрбір шығарма бойынша өзінің ойын толық баяндап айтуға, сол

шығарманың оқиғасына деген пікірін айта білуге дағдылану қажет. Жалпы баланың көркем шығармамен таныстығы тақпақтар, шағын ертегілермен танысудан басталады. Көркем әдебиет балаларға педагогикалық ықпал берудің де ең тиімді құралы болып табылады.

Сонымен қорыта келгенде, көркем шығарма арқылы мектепалды даярлығында балалардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру ұйымдастырылатын оқу іс-әрекетінде шығарма кейіпкерлерін салыстыра отырып, оны өмірмен байланыстыруға, өзінің пікірін дәлелдеуге, қорытынды жасай білуге үйрету, – деп түсінеміз.

1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.

2 Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында 2009-2010 оқу жылының басталуы туралы әдістемелік нұсқау хаты. – Астана, 2009.

3 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. -150 б.

4 Ақшолоқов Т. Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту. – Алматы: Мектеп, 1975. - 184 б.

5 Құлжанова Н. Халқыма деп іс қылдым. – Алматы, 1993. -146 б.

6 Баймұратова Б.Б. Тіл дамыту методикасы. – Алматы, 1993. -160 б.

7 Меңжанова А.К. Балаларды көркем шығарма туындылары арқылы адамгершілікке және еңбекке тәрбиелеу. – Алматы, 1991. -176 б.

8 Әмірова Ә.С. Балаларды әдебиет арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. – Алматы: Рауан, 1998. - 80 б.

9 Таубаева Ф.З. Мектепалды дайындығының оқу-тәрбие үрдісінде қазақ балалар әдебиетін пайдалану. канд. дисс. ... – Алматы, 2005. – 163 б.

ӘОЖ 373.016:82

А.Т. Сахова – магистрант

ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМА ЖАЗДЫРУҒА ҮЙРЕТУ АРҚЫЛЫ ТАБЫСТЫ ОҚЫТУҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

Андатпа. Мақалада шығарма жаздыру әдістемесін зерттеген ғалымдар мен олардың еңбектері, ойтұжырымдары, пікірлері қарастырылды. Тақырып бүгінгі күннің өзектілігі тұрғысынан талданды және шығарма жазуға қойылатын талаптар мен міндеттер көрсетілді. Оқушыларға шығарма жаздырудың әдістері мен тәсілдері, жолдары ұсынылды. Табысты оқытуға қол жеткізуде оқушыларды шығарма жаздыруға үйретудің маңыздылығы расталды.

Тірек сөздер. Оқыту, оқытудағы тәсілдер, шығарма, рефлексия, сындарлы оқыту, талдау, уәж, ынтымақтастық, сыни ойлау.

Аннотация. В статье рассматривается актуальность темы и требования к написанию сочинений. Анализируются заключения и мнения научных работ ученых, которые исследовали методологию написания сочинений. Предлагается методы, приемы и пути написания сочинений. Утверждается значимость обучения учащихся к написанию сочинений для достижения успешности преподавания.

Ключевые слова. Преподавание, подход в обучении, сочинение, рефлексия, преподавание конструктивистское, анализ, мотивация, коллаборативный, критическое мышление.

Abstract. Examined labours scientists and their, idea-conclusions, opinions, that investigated methodology compelling to write of composition in the article. Theme came into question today's approach actuality of day and requirements and duties, that is put to write composition, appeared. To composition given Students methods of methods, lines inoculating skill. Profitable to teach on to arrive at students to compel to write composition importance teacher turned out.

Keywords: Teaching, educational approach, composition, reflection, constructivist teaching, analysis, motivation, collaborative, critical thinking.

Қарқынды дамып жатқан өзгермелі өмірде ақпараттың қолжетімділігі жоғары деңгейде екендігі баршамызға аян. Әрине, мұның ұтымды тұстары көп. Дегенмен, оқушылардың шығарма жазуға деген сұранысының төмендеуіне әкелуі мүмкін деген күдік тағы бар. Сол себепті оқушының ойланғанын қағаз бетіне түсіре алуы үшін жазба жұмыстарына бейімдеуді қажет етуде. Оқушыларға шығарма жаздыру олардың тақырыпқа сай білімі мен түсінігінің барлығын, оны талдай, жинақтай алатындығы мен рефлексия жасай отырып құндылығын бағалауға мүмкіндік береді. Бүгінгі күнде оқушыларды оқытудағы басты мақсаттардың бірі, алған білімін болашақта қажетінше пайдалана алуында болып отыр. Яғни, сындарлы(конструктивті) оқытуға негізделгені анық. Аталмыш оқытудың басты мақсаты білім іздену, тану және ой толғау секілді оқушылардың өзіндік белсенді әрекеттері негізінде игеріледі. Білім игеруде олар дайын күйде берілген ақпаратты есте сақтау үшін қабылдамай, оларды «игеру» сөзінің шын мағынасы бойынша жан-жақты қарастырады, әрекеттер арқылы зерттейді. Сонымен қатар тұлғаның өзін-өзі көрсете білуі мен дамуына, еркін түрде әрекеттесуіне, тәжірибе арқылы үйренуіне, өмірде қажетті мақсаттарға жету үшін біліктер мен дағдыларды игеруге, мүмкіндіктерін мейлінше пайдалануға, әлемнің өзгерістерге толы динамикасына дайын болуға мүмкіндік береді. Басты нәтиже оқушының жетістіктері, даму қарқыны және оның қалыптасуы мен дамуына септігін тигізетін даму бағыттары бойынша бағдар беру болып табылады. Білім беру үдерісінің нәтижелі болуы оқушының өздігінен меңгеріп, таныта білген білім дағдылары мен амал, көзқарастарын зейін қойып, зерделей білген білім модельдері аясында жүзеге асырылады. Оқушы оқу үдерісіне белсенді қатысқанда ғана толық ақпаратты меңгереді.

Қай тараптан қарастырсақ та, білім саласындағы негізгі мәселелер үш арнаға түйісері анық. Олар:

1. Мазмұн (Не нәрсеге үйрету керек?)
2. Әдістеме (Қалай үйрету керек?)
3. Нәтиже (Не үшін үйрету керек? Үйретудің нәтижесі қандай болуы керек?) [5.14 б.]

Осы ретте басты мақсатымыз оқушыларды «жазба жұмыстарына (шығарма жаздыруға) қалай үйрету керек?» деген сұрақ төңірегінде ой тұжырым жасау болып табылады. Сондықтан жазба жұмыстарын ұтымды және тиімді ұйымдастыру әдістемесіне назар салуды талап етуде. Себебі оқушының өз ізденісі құрастырылған білімнің арнасында жатқаны сөзсіз. Сындарлы білімнің басты қағидасы білімнің балаға дайын күйде берілуі мүмкін еместігімен және әр адамның қоршаған әлем туралы өмір бойы өзіндік түсінік құрастыруымен байланысты, яғни оқушылардың жеке басында болған ойлары, идеялары, түсініктері, көзқарастары, дүниетанымы, пікірі, сұрақтары мен жауаптары, дәлелдері, ұстанымдары, уәждері мен ұстанған құндылықтары деп түсініледі. Соның ішінде оқушының өзіндік ізденісі ретінде шығарма жаздыру әдістемесіне тоқталар болсақ.

ХҮІІІ ғасырдан бастап оқушылардың жазба жұмыстарын зерттеу, әдіс-тәсілдерін қарастыру орыс тіл білімінен бастау алды. Әдіскер В.П. Рыбаков мектепте шығарма жаздыру ісінің әдебиетті пән ретінде оқытудағы басты міндеттердің бірі екендігін анықтай келе, шығарма мазмұнының оның түріне сәйкес келуі қажеттігін және шығарманы жазып-үйретуде оның мазмұны мен жолдарын көрсетуге тырысты. Ал әдіскерлер К.Б. Бархин, М.А. Тюкалов, И.К. Грунскийдің көрсетулерінше шығарма жазу барысында жоспар құру, оның кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдері болуы керектігін көрсетіп анықтама берді.

В.В. Голубков өзінің ғылыми еңбектерінде оқушыларды шығарма жаздыруға төселдірудің келесі әдістерін ұсынады:

- көркем шығарманың мазмұнын қысқа әңгімемен түсіндіріп, оның бас жағын класта оқыту;
- сұраққа жауап боларлық маңызы бар эпизодтарға көңіл бөлу;
- туындының басты проблемаларын оқушыларға алдын ала таныту;
- шығарманың кейіпкерлерін топтау. (О преподавание литературы в школе III ступени. «Вестник просвещения». №7. 1925).

Шығарма жазудың жүйесі туралы ойын әдіскер-ғалым М.А. Рыбникова: «Жүйені әрбір жұмыс түрінің қажеттілігін түсінген, оларды белгілі бір қиыншылығына қарай тәртіпке әкеле білген мұғалім ғана құра алады. Әр шығарманың нақтылығы мен белгілі бір мақсатқа бағытталуы бұл – уақыт жағынан ұту, бұл – оқушы күшін үнемдеу, бұл – жүйе» деп көрсетеді. Ғалым Б.А. Орлов мектепте оқушыларға мектепте белгілі бір тақырыпты ұсынғанмен, шығарма жазуда шәкірттердің өзіне ұнаған жанрдың біреуін қалаған яғни, ғылыми, көркем, публицистикалық т.б. таңдап алуын дұрыс деп санайды. Және мұғалімдер шығарма жазуға үйретуде көркем туындыны талдаудың теориясы мен практикасына сүйенуі керектігін көрсетеді. Әдіскер В.Н. Колокольцев шығарма жазуда мәтінмен жұмыс жасау арқылы оқушы эмоциясы мен өзіндік пікірін қалыптастыру жолдарын іздестіреді [4.9-13 бб].

Шығарма жазу жұмысы мәселелерін С.Жиенбаев, Ш.Кәрібаев, Ә.Қоңыратбаев, А.Көшімбаев, Е.Дай-рабаев, Т.Ақшолақов, Ә.Дайырова, Ғ.Бегалиев, Қ.Басымов, Ш.Сарыбаев, Қ.Жұбанов, А.Ысқақов әдебиет-ті зерттеу әдістемесінде қарастырғанын көреміз. Шығарма жазу жөніндегі мәселені алғаш рет Ш.Сарыбай-ұлы «Жаздырып үйрету әдістері», «Күнделікті керектер» еңбектерінде сөз етеді. Бірақ мұнда сауаттылық мәселелеріне назар аударады.

Педагог-ғалым Н.Оралбаева қазақ тілін оқыту әдістемесіне байланысты түйінді идеяларын көруге болады. Ал ғалым Ә.Қоңыратбаев жазба жұмыстарын пән бойынша жүргізу оқушылардың тілін дамытуға, көркем тексті жинақтап-саралауға және оларға өздігінен жұмыс жасатуға көмектеседі деген пікірді білдіреді және әдеби-творчестволық шығарманың көркем стильде жазылуына, бейнелі түрде суреттелуіне мән береді. Педагог-ғалым шығарма жазу алдындағы төмендегідей алғышартқа 1) мәтіндегі белгілі бір эпизодты оқушының өзінше суреттеуі, 2) өлең мазмұнын қара сөзге айналдыру, 3) тыңнан сюжет ойлап шығаруға тоқталып, оқушылардың осы мәселелерді практика жүзінде іске асыруын мақсат етеді.

Әдіскер ғалым А.Көшімбаев шығарма жұмысын «оқушының қиял дүниесінің қазынасы, ойлау жұмысының жемісі, ойдан шығару өнерінің нәтижесі» деп бағалайды және оқушыларды шығарма жаза білу дағдысына төселдіру мақсатында келесі жұмыстардан тұратындығына тоқталады:

- ✓ Шығармаға керекті материалды таңдап ала білу;
- ✓ Ойын тақырып бойынша да, тақырыпқа жасалған жоспар бойынша да реттеп жаза білу;
- ✓ Ойына қорытынды жасай білу;
- ✓ Керекті цитаталарды тауып, оларды орнымен пайдалана білу.

Сонымен қатар ғалым орта мектепте әдебиет пәні арқылы жүргізілетін жазу жұмысының алдына қойылған міндеттердің ең бастысы – оқушының өз бетімен іздене алуға, кітаппен жұмыс істей білуге, өмірден көрген, тұшынған мәселелеріне байланысты пікір түйіп, ой тұжырымдауға үйрете келіп, шығарма жазуға үйретудің кейбір жолдарын ұсынады:

- ✓ тиісті мағлұматты оқушы үндемей отырып ойлап, іштей қайталап, кейін өзінше мазмұндап шығу, бұл – ой еңбегіне жаттықтыру;
- ✓ өмірмен байланысты жазу, оқушының мектептегі, жиналыстағы сөзі, баяндау хаты, іс қағаздарын жазу, экскурсия, саяхат туралы есебі;
- ✓ кітапқа аннотация жазу.

Оқушылармен жүргізілетін осы сипаттағы дайындық кезеңі сөз жоқ, өзінің тиімді нәтижесін берері анық.

Шығарма – оқушының жеке тұлға ретінде өзін көрсете алуының белгісі, дағдылы жұмыстың көрінісі. Оқушының ауызша сөз саптауын қалыптастыруды біз қиын дейміз, ал ойын жазбаша түсіруге қалыптас-тыру одан да қиын. Олай болса, бұл – жүйелі түрде жүріп отыратын ұзақ үдерістің түпкі нәтижесі. Нәтиже қай жұмыста да нәтижелілігімен бағалы екендігі шындық.

Шығарма жазуда міндетті түрде жоспар болуы керек. Себебі, жоспар – өзінің структуралық құрылымы бар, көлемі анықталған, оқушыны шығарма жазуда ойлы жолға бағыттайтын, тақырыптың дамуын қалыптастырып, кейде үлкен тақырыпты шағын тақырыпшаға бөлшектейтін, оны біріктіріп тұратын жүйе. Жоспар логикалық үш бөліктен:

кіріспе, негізгі және қорытындыдан тұрады. Кіріспе бөлім шығарманың орталық проблемасын ашудың басқышы, мұнда кейде оқушы алға қойылған мәселелердің тарихи жағдайы мен байланысын көрсетсе, кейде жазушының ойын, көзқарасын не ол туралы өзгенің пікірін аңғартады. Бірақ бұл бөлім бүкіл жұмыстың мазмұнымен байланысты жазылады. Кейбір сәтте кіріспені оқушыны келесі бөлімге психологиялық жағынан дайындап өткізудің көпірі деп санауға болады. Бұл бөлімде тақырыпты таңдау, оқушының, автордың мақсаты, пікірі жинақталады. Ал негізгі бөлім тезис пен аргументтердің жүйесі, логикалық талдаудың өзі, ой қорытындысының тізбегі болып есептеледі. Бұл бөлімде шығарманың негізгі мазмұны, тақырыбы ашылуы керек, көлемі жағынан да өзге бөлімдерден қомақты болады. Қорытынды бөлімде айтылған ой жинақталып, қорытындыланады. Бұл бөлімде жұмыс аяқталып, сонымен бірге мазмұны алдыңғы жазылғандармен байланыста болуы қажет. Оқушы ойдың аяқталғандығын қорытынды бөлімнен бірден түсінулері керек.[4.17-22 бб]

Жоспар ойды жүйелі жазуға көмектеседі, сондықтан мұғалімдер оқушылардың жоспар құру дағдысын дамыта түсу мақсатында арнаулы жаттығулар жүргізуде сабақ тәжірибесіне батыл енгізуі қажет. Мұғалім жұмысты тексеруден алдыноқушының шығарманы тағы бір рет қарап шығуына мүмкіндік беруі қажет. Осы арқылы шығарма артық сөз, сөйлемдерден арылып, стильдік катемен жұмыс жүргізіледі, грамматикалық қателер жөнделеді, сөздікпен жұмыс жасалады, шығарма тақырыбы ашылып, идеясы анық байқалады және өзіндік пікірі танылады. Бұл шығарманы қайта жазу деген сөз емес, жазылғанды сараптай отырып, мазмұн, құрылым жағынан өңдеп және сауаттылығын жетілдіріп толықтыру деген сөз. Мектепте оқушыларды шығарма жазуға төселдірудің және күрделі шығарма жазуға бағыттаудың оңтайлы жолының бірі – мінездеме-шығарма, салыстырмалы мінездеме-шығарма, жинақтық мінездеме-шығарма, әдеби-сыни шығарма жаздыру болып табылады. Және де көркем туындыны талдау барысында шығарма жазудың оқушылар үшін алғышарты кейіпкерлерге мінездеме беруден басталады. Шығарма кейіпкерлеріне мінездеме беруінің немесе оқушы шығармасында адам бейнесін жасаудың көптеген тәсілдері бар. Ол сөздегі суретпен ғана шектелмей, әдеби образ жасайтын өмірлік тәжірибе мен көркем туынды бойынша жинақталған материалдар негізінде жасалмақ. Оқушы шығармасында кейіпкерлерді жинақтау арқылы мінездемеге әкеліп, өз жұмысындаобразды осылай тудырады. Кейіпкерлерді жасауда оқушылар оны берудің жан-жақты амалдарын іздейді. Біреуі қанатты қиял арқылы, екіншісі кейіпкер әрекетін ойдан шығару арқылы өз қаһарманына түрлі қасиет дарытады, үшіншілер көркем туынды арқылы оқиғаны оп-оңай өрістетеді алады. Кейіпкерлерді әсерлі суреттеу тәсілінің бірі – көркем шығармадағы ерекше деталь, штрихты колдана білу. Деталь шығармадағы жадағай сөздерді көркем суретке айналдырып, сол арқылы бейнелеп отырған кейіпкерлерге не оқиғаларға эстетикалық серпін, ерекше әсер туғызады, болашақ шығарманы мазмұнды жазуға қызмет жасайды.

Сонымен қатар тиімді әдістердің бірі – кейіпкерлерге салыстырмалы мінездеме жасату, салыстыру және оқушының өз шығармасында сүйікті кейіпкерлерін өмірге әкелу тәсілдерінің бірі – ойдан шығару болып табылады. Бұл – шәкірттің өз кейіпкерін толық суреттеуге қадам басар алғашқы сатысы, өзінің оқыған, естіген, көрген әсерлерін іштей өңдеп, ой елегінен өткізіп, қорытып, жинақтаудың әдісі. Ғалым З.Қабдолов: «Ойдан шығару – ...шындықты сұрыптау, саралау тәсілі, шындыққа суарылған адам тұлғасын әрі жинақтау, әрі даралау тәсілі» деген пікірін білдіреді. Біз жұмысымыздың қорытындысында оқушыларды осы әрекеттерге түсіру мен ойлау туралы ойлануға мүмкіндік, шығармашылық еркіндік берген жағдайда жоғары нәтижеге қол жеткізеріміз анық. Бұдан біз табысты оқытуға қол жеткізу үшін оқушыларды шығарма жаздыруға үйрету қажеттігін көріп отырмыз.

Қорыта айтқанда, қазіргі заманда білім адамды бұрынғыдай табиғатты өзіне бағындырып, дүниені игеру немесе өзгерту үшін қажетті ұғымдармен «қаруландырмай», керісінше оның болмыс пен жаратылыс заңдылықтарын біліп, дүниеге бейімделіп, «кірпіш» секілді «қалануына» әкелуі керек. Білім әр тұлғаға өз әлемін айқындап, оның құндылықтары мен қағидаларын белгілеуге, ең бастысы өмір сүруге көмек беруі керек. Француз жазушысы әрі философы Жан Жак Руссо «баланы өмір сүруге үйрету керек» деп жазған болатын, өйткені өмір сүру дегеніміз өмірдің әрбір басты мақсаты мен міндеті, өмірдің әрбір мезетін, көрінісін

толыққанды, бар мүмкіншіліктеріңмен сезіну болып табылады.

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы, 2002.
2. Лекеров Қ. Оқушыларды творчестволық жұмыс жазуға дағдылындыру. – Алматы, Қазақстан мектебі, 1962, №10. - 37-45 бб.
3. Мақпыров С. Қазақ әдебиетінен шығарма жұмыстары. –А.: Рауан, 1996. – 72-73 бб.
4. Мұхтарова Э. Орта мектепте шығарма жаздырудың әдістемесі. Кандидаттық диссертация. – Алматы, 2002.
5. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. –Алматы, 2009.

ӘОЖ 37.01:39

А.Қ. Талдыбаева – Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы

ТӘРБИЕ НЕГІЗІ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТА

Түйіндеме: Мақалада ұлттық тәрбиенің негізі қарастырылады. Ұлттық тәрбиенің пайдалы жақтары жан-жақты пайымдалады. Жоғарғы оқу орындарында болашақ ұстаздарға педагогикалық процесті ұйымдастыруға қажетті жаңа педагогикалық технологияларды қолданудың ролі қарастырылады. Қазіргі білім беру технологиялары бойынша жүйелі білім беру, оқу процесінде осы технологияларды қолдану, тәжірибе жинақтау және болашақ мамандарды алдағы кәсіби-педагогикалық қызметке қазіргі заман талабына сай жоғары сапалы білім беріп тәрбиелеу мәселелері қарастырылады.

Тірек сөздер: жаһандану, ұлттық құндылық, ұлттық тәрбие, құндылық тұғырнамасы, белсенді қарым-қатынас, индивидтік қарым-қатынас, ұлттық рух.

Аннотация: В этой статье рассматриваются основа национального воспитания. Широко раскрывается полезность применения основ национального воспитания. В статье рассматривается роль педагогических технологий в профессиональной подготовке учителя. Использование педагогических технологий в учебном процессе вуза способствует четкому определению конечной цели, разработке объективных методов контроля, проект учебного процесса, определению структуры и содержанию

учебно-познавательной деятельности учащихся.

Ключевые слова: глобализация, национальная ценность, национальное воспитание, платформа, активные ценности связь индивид связь, национальный дух.

Abstract. Basis of National Education is considered in this article. Widely expanded the usefulness of the foundations of national education. The article considers the role of educational technology in teacher training. The use of educational technology in teaching university facilitates a clear definition of the ultimate goal, the development of objective methods of monitoring, the project is the training process, defining the structure and content of educational-cognitive activity of students.

Keywords: globalization, national value, national education, platform, active values connection individual connection, national spirit.

Бүгінгі күнде жас ұрпаққа әлемдік деңгейдегі білім беру мен ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіре отырып тәрбиелеу баршамызға ортақ іс. Қазіргі қоғам адам тәрбиесінің мазмұнына мән беруді талап етіп отыр. Демек, ұстаздардың алдында оқушыны жан-жақты дамыған, білімді де, тәрбиелі тұлға етіп шығару міндеті тұр. Жаһандану үрдісінде ұлттық құндылықтарды, ұлттық болмысты, ізгі дәстүрлерді сақтау дегеніміз ұлттық тәрбие мен сананы сақтау деген сөз. Ал, ұлттық тәрбие дегеніміз жеке тұлғаның ұлттық сана-сезімі мен мінез құлқының ана тілін, тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі (1).

Ұлттық құндылық дегеніміз белгілі бір ұлтқа тән адами қадір-қасиет, яғни халықтың ғасырлар бойы жинаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтары.

Рухани құндылықтарға адамдардың бойында қалыптасқан имандылық қадір-қасиеттер жатса, материалдық құндылықтарға адамдардың қолымен жасалған тұтыну заттары мен кәсібі жатады. Ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру арқылы бүкіл адамзаттың құндылық тұғырнамасында қалыптасқан тәні мен жаны сұлу, өзіне-өзі сенімді, ғылыми-теориялық білімділігі мен тәжірибелік қабілеттері ұштасқан, күрделі әлемдік өмірге, әлеуметтік кеңістікке еркін самғай алатын қасиеттерге ие және әлемдік бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруда тәлімгерлер мен сынып жетекшісінің рөлі өте зор.

Тәлімгер немесе сынып жетекшісінің міндеттері

<p>жас ұрпақтың бойына ұлттық сана-сезімді қалыптастыр, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухты дамыту</p>	<p>ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрі мен рухани-мәдени мұраларды қастерлеу</p>	<p>жанашырлық, сенімділік, намысшылдық, ұлттық мінездерді қалыптастыру, мұражай материалдарын пайдаланып, елжандылыққа тәрбиелеу</p>	<p>тәрбие ісін ұтымды да қызықты ұйымдастыру, тәрбиенің бағыттарын айқындап беру</p>	<p>ұлттық мәдениетті меңгерте отырып, әлемдік мәдениетті меңгерту</p>
---	---	--	--	---

Тәрбие мәселесіне зор мән беріліп, ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту үрдісіне енгізу арқылы ұлттық байлығымызды игеріп, ұлттық сананы дамыта аламыз. Отбасында, мектепте, жоғарғы оқу орындарында ұлттық санамен сусындатуарқылы ұлттың тұнып тұрған асыл қазынасы рухани байлықты жас ұрпақтың бойына сіңіре отырып, болашақта ел билейтін, ұлтжанды, Отанына берілген, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай сақтап, қорғай білетін патриот тұлғаларды тәрбиелеп шығаруға болады. Демек, ұлттық құндылықтармен тәрбиеленген ұрпақ өзін-өзі бағалай білетін ұрпақ болады. Жас ұрпақ бойына ұлттық құндылықтарды баланың бесіктегі кезінен бесік жырын айту арқылы, өсе келе эпостық жырлар мен ертегілерді оқыту арқылы, одан кейін тарихтағы ұлы тұлғалардың айтқан қасиетті сөздері мен өлеңдерін айту арқылы сіңіруге болады. Мысалы: Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Үзу қолымнан келмейді» - дейді. Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екумін: бірі-өзім, екіншісі-халқым» - дейді. Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге тұрарлық ұлттық рухани және материалдық құндылықтары туралы ұлағатты ойлары мен құнды сөздерін, мақал-мәтелдерін келешек ұрпақ бойына сіңіре отырып, болашақтан зор үміт күтуге болады.

Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамытатын құндылықтар

белсенді қарым-қатынас

индивидтік қарым-қатынас

өзіндік тәртіп

шыдамдылық

Белсенді қарым-қатынаста оқушы мен мұғалім әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отырады; индивидтік қарым-қатынаста жеке оқушының ерешеліктерін дамытудағы мұғалімнің жауапкершілігінің болуы; өзіндік тәртіпте өзін-өзі бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйрене отырып дамиды; шыдамдылық кезінде әр түрлі пікірлерді қабылдау арқылы, бір-бірінің пікірлеріне құрметпен қарап, қабылдайды (2). Әрбір елін сүйген адам сол елдің салт-санасын, мәдени мұрасын қастерлеп, өнеге тұта білуі керек.

Еліміздің болашағы жарқын болуы үшін жастарымыздың білімді де рухани байұлтжанды елін, жерін сүйетін ұрпақ болуы шарт. Қорыта келе, ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту – баршамыздың парызымыз. Сонда ғана ұлттық сана-сезімі толыққанды жетілген, туған тілін еркін білетін, ұлттық сипаты мен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелей аламыз.

1 Избасарова Ж.Ж. «Жек тұлғаны ұлттық құндылықтарға бағыттап оқыту». – Тараз, 2004. - 98 б.

2 Тәжібаева С.Ф. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру тұжырымдамасы. – Алматы: «Қазақстан мектебі» №3, 2007

ӘОЖ 378:016:811.111:004

Е.Нәсіпқазы – Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Шығыс тілдер кафедрасының аға оқытушысы

Қ.Ж. Жұмабеков – Шет тілі: екі шет тілі мамандығының 2 курс магистранты

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАТИВТІК БІЛІКТІЛІКТІ ДАМУДА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛІ

Аңдатпа: Мақалада шет тілін оқыту барысында мультимедиялық құралдарды қолдану, олардың эксперименттік іске асырудағы теориялық негіздемелері қаралады. Қазіргі замандағы оқытушының негізгі мақсаты – шет тілін үйрету үрдісіндегі оқушылардың танымдық қабілетін арттыру. Қазіргі заманауи жобалау әдісі, мультимедиялық презентациялар т.б. секілді педагогикалық технологиялар және интернет оқытудың тұлғалық бағыттағы әдісінің іске асыруға көмектеседі, балалардың қабілеті мен ой-өрісінің дамуын арттырады.

Тірек сөздер: технология, компьютер, интернет, (e-mail), халықаралық байланыс, видеофильм, мультимедия, анимация.

Аннотация: В статье рассматривается теоретическое обоснование, разработка и экспериментальная проверка методики обучения иностранному языку с помощью мультимедийных средств обучения. Задача современного учителя – активизировать познавательную деятельность учащегося в процессе обучения иностранным языкам. Современные педагогические технологии такие, как мультимедийные презентации, проектная методика, использование новых информационных технологий, электронные учебники и Интернет ресурсы помогают реализовать личностно-ориентированный подход в обучении, обеспечивают индивидуализацию и дифференциацию обучения с учетом способностей детей, их уровня обученности.

Ключевые слова: технология, компьютер, интернет, (e-mail), международные связи, видеофильм, мультимедия, анимация.

Abstract: The article examines the theoretical rationale, development and experimental verification of the technique of teaching a foreign language with the help of multimedia teaching. The task of the modern teacher-student intensify cognitive activity in learning foreign languages. Modern educational technologies such as multimedia presentations, project methodology, the use of new information technologies, electronic books and Internet resources to help implement student-centered approach to learning, provide personalization and differentiation of learning abilities of children, taking into account their level of training.

Keywords: technology, computer, internet, (e-mail), international links, video, multimedia, animation.

Қазіргі заманғы ғылым мен техниканың даму кезеңі оқу-ағарту саласында технологиялық жаңа әдістерді кең қолдануды қажет етеді. Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен бүкіл өркениетті әлемдегі ақпараттық даму – білім берудің дәстүрлі қалыптасқан жүйесін, әдістері мен технологиясын қайта қарауды талап етуде.

Білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі өзекті мәселелердің қатарынан орын алуда. Шетел тілін оқытудың мақсаты субъектінің мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру десек, онда сол шетел тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану шетел тілін оқытудың мақсатынан туындап отырған қажеттілік болмақ.

Білім беру қрдісін ақпараттандыруда төмендегідей әдістемелік педагогикалық міндеттерді шешуге болады:

- білім беруде көлемді ақпаратқа қол жеткізе алу (білім алуға мотивацияның жоғарылауы, өз бетінше жұмыс істеу, өзін-өзі бақылау және т.б.)

- жеке тұлғаны жетілдіру (тұлғаның ой-өрісі, эстетикалық тәрбие, зерттеу жұмысымен шұғылданду, іскерлігін дамыту, ақпараттық мәдениетін қалыптастыру т.б.)

- әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру (компьютерлік біліктілікті қалыптастыру, белгілі бір сала бойынша маман дайындау т.б.)

- оқу тәрбие жұмысын жетілдіру (білім берудің сапасын мен тиімділігін арттыру, белгілі бір сала бойынша маман дайындау, танымдық әрекеттің мотивін қамтамасыз ету, пәнаралық байланысты тереңдету т.б.).

Сөз арқауы компьютерлік технологияларды пайдалана отырып, шетел тілі сабағында интернет жүйесін қолдану мәселесі болмақ. Жаһанданған интернет жүйесін қолдану негізінде, тіл үйренушілердің сөз әрекетінің төрт түрінде де біліктілігін қолдануға болады, жүйе материалдарын қолдану арқылы олардың оқу, жазу іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыруға, сөздік қорын байытуға мүмкіндік туады. Интернет жүйесін пайдалана отырып, тілін үйренуші елдің өкілдерімен байланысқа түсе алады.

Студенттің шетел тілін үйренуге деген ынтасын арттыру олардың төмендегі шараларға қатысуы негізінде жасалынады: диспуттар, байқаулар, олимпиадалар т.б. «Интернет» деген термин ағылшынның «international net» деген сөзінен, аудармасында «халықаралық байланыс» деген ұғымды береді. Интернет жүйесі арқылы, тіл үйренушілік өкілімен тұра, тікелей байланысқа түсе алады, шетел тілі сабағында Интернетке қосылу арқылы шынайы қарым-қатынас үлгісін жасауға болады. Табиғи тілдік ортада тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолдана отырып, тіл үйренушілер айтылымдарға спонтанды түрде, түрлі тілдік формулаларды қолдана отырып, жылдам жауап беруге дағдыланады.

Шетел тілі сабағында компьютермен жұмыс жасай отырып, оқушылар психикалық тұрғыдан да жеңілдіктерге ие болады. Атап айтқанда, оқушының жасаған әрбір жұмысына берілетін бағаның, олардың жасаған қатесін қайталаулар негізінде көрсете отырып, яғни жұмыс нәтижесін мақұлдап немесе белгілі бір дәрежеде қоштамай, өз пікірін білдіріп отыратын оқытушының тікелей қатыспауы, оқушыларға өз бетінше жұмыс жасап, өзіне сенімділік болуын қамтамасыз етеді.

Бұдан оқытушының шетел тілі сабағында орнын жоққа шығару деген түсінік туындамауы керек. Керісінше, оқытушы тіл үйренушінің жеке тұлға ретінде өз тапсырмасын орындап, жұмыс қорытындысын белгілейтін әлеуметтік-психикалық жағдай туындата алатын, олардың жұмысына бағыт-бағдар беретін бірден-бір субъект.

Қазіргі кезде жаңа білім жүйесі интернеттің пайда болуының арқасында дамығанын барлығы мойындайды. Көптеген әдіскерлер видеофильм, электрондық почта. (e-mail), мультимедиялық презентация, анимациялық суреттер т.б. көмегімен шетел тілінде монолог және диалог түрінде сөйлеу қабілетін қалыптастыратын жаттығуларды құрастырумен айналысып жатыр. Ал шетелде болмай-ақ, сол елдің тілінде сөйлей алу қабілетіне ие болу

оңай емес. Сондықтан мұғалімдердің маңызды тапсырмасының бірі шетел тілі сабағында жаңа технологиялардың түрлі амалдарын қолдана отырып, сөйлеудің шын ситуацияларын құру болып табылады. Шет тілін үйрету процессінде компьютер технологияларын қолдану сабақты қызықты жолмен өткізуге көмектеседі. Мысалы, анимациялық суреттер, видео-көрністер, презентациялар т.б. әртүрлі дыбыстар арқылы көрсетіледі. Компьютер мониторындағы көріністер оқушының іс-қимылы арқасында өзгеріп отырады. Бұл динамикалық және оқушының бар ойын өзіне бағыттайды, сонымен қатар, оқу процессінде оқушының белсенділігі оянады. Нәтижесінде, ақпаратты оңай әрі тез қабылдайды және оқушының ынтасы мен қызығушылығы жоғарылайды.

Шетел тілінде сөйлеу және сол тілді түсіну дағдысын қалыптастыруда оқытуды компьютерлік технологиялар арқылы, соның ішінде мультимедиялық презентациялар мен интернет ресурстар арқылы ұйымдастыру жолдарын жүзеге асыру жолдарын қарастыру. Соның ішінде ағылшын тілін білу қазіргі таңда үлкен сұранысқа ие екені бәрімізге айдан анық. Сондықтан қазіргі таңда ағылшын тілі сабақтары бастауыш сыныптап бастап оқытылуда.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында білім беруді ақпараттандыру мәселесі бойынша төмендегі-дей негізгі ғылыми мектептер қалыптасып, кешенді зерттеулер жүргізілуде:

- профессор С.С. Құнанбаеваның мектебі шет тілін оқытудың теориясы мен әдістемесін ақпараттан-дыру мәселелерін зерттейді: мәдениетаралық-қатынастық біліктілігін қалыптастыру Ә.Т. Чакликова, елтанымдық біліктілігін қалыптастыру Ж.А. Түселбаева; студенттерді АҚТ-ды пайдалануға әдістемелік даярлау Д.Е. Сағымбаева; шетел тілін оқытуда телекоммуникациялық технологияларды пайдалану А.Б.Нұрова, ағылшын тілін электрондық оқулықтар арқылы оқыту әдістемесі Ұ.Т. Нұрманалиева;

- профессор Б.Б. Баймұхановтың мектебі оқу үдерісіне компьютерлік технологияларды енгізу мәселе-лерін, әртүрлі бағдарламалық құралдарды қолданудың әдістемесін жасау мәселелерін зерттейді Б.Д. Сы-дықов, Р.С. Шуақбаева, І.Ж. Есенғабылов, Г.А. Мадьярова және т.б.;

- профессор Ж.А. Қараев және М.Б. Есбосынов, С.В. Рах, К.З. Халикова, Ж.С. Сардарова, С.Т. Мұхам-бетжанова, Б.К. Төлбасова, Б.Абыканова, О.К.Ахметова және т.б ғалымдар ақпараттық-қатынастық технологияны жалпы орта білім беретін мектептің оқу үдерісінде, кәсіби дайындықта және жоғары оқу орындарында информатиканы оқытуда қолдану мәселесін қарастырған.

Ағылшын тілі пәнінің білім саласын арттырудағы ақпараттық-коммуникативтік технологиясының рөлі зор.

Еліміз жылдар бойы аңсаған тәуелсіздікке жеткізісімен, шет тілі де мемлекетаралық тіл мәртебесіне ие болды. Ендігі кезекте шет тілінің қолданылу аясын кеңейту кезек күттірмес мәселенің бірі болды. Осы орайда мектептерде ағылшан пәніне көңіл де, ықылас та жылдан жалға артып, оны оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері, технологиялары бойынша зерттеу жұмыстары, оларды тәжірибеге енгізу шаралары қолға алынды.

Білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолданубасты талап.

Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе-тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде. Қазіргі таңда айтар болсақ, көрнекілік әдісі мен техникалық құралдарды қолдану әдісін ақпараттық-коммуникативтік технологияның бірі өзі атқара алады.

Оқытудың компьютерлік технологиясы оқытушы мен оқушының арасындағы қатынас формасын өзгертеді. Бұл өз кезегінде оқу мотивациясын күшейтеді, оқытудың қарқындылығын арттырады. Оқу мотивациясы дегеніміз – танып білуге ұмтылдыратын қозғаушы күштерді дамытудың әдістері, құралдары мен тәсілдері.

Оқытудың ақпараттық технологиялары – компьютерлік техниканың, телекоммуникациялық байланыс құралдарының, инструментальды бағдарламалық

жабдықтардың жиынтығы.

Ал, мультимедиаға зерттеушілер түрліше анықтама береді:

Мультимедиа – әртүрлі типті ақпараттарды компьютердің ұсыну мүмкіндігін дамытатын және адам-ның мультисенсорлық табиғатына негізделген технология.

Мультимедиа – екі не онан да көп типті ақпараттарды интерактивті формада біріктіру.

Мультимедиа – әртүрлі формада ұсынылған ақпараттарды біріктіруге мүмкіндік беретін компьютердің аппараттық және бағдарламалық құралдары кешені.

Шетел тілі сабағында білім беру траекторияларын жүзеге асырумен байланысты мәселелерді шешудің айқындалған жолдардың бірі – интернет болып табылады. Интернет технологиясы жағдайында білім алудың дамуы, шетел тілін оқыту үдерісі мазмұнына да елеулі өзгерістер енгізді. Интернет мүмкіндік-терін тіл үйренуде пайдала білу, интернет арқылы құнды және ақпараттарды тиімді іздеп, таба білу аса маңызды. Сонымен қатар ғаламдық гипермәтінді ақпараттық жүйе (www), электронды кітапханалар, телеконференциялар, журналдардың электронды версиялары, виртуалды музейлер, электронды хабарлан-дыру тақталары, электронды пошта жүйесінің шетел тілін үйренудегі ықпалы мен орны ерекше.

Интернет жүйесіндегі CD-ROM интерактивті дискілер, хабарландырудың электрондық тақталары, мультимедиа, гипермәтіндер сияқты жаңа электрондық технологиялар Mosaic және www интерфейстің көмегімен оқушыларды оқу үдерісінде белсенді түрде тартуға мүмкіндік беріп қана қоймайды, дәстүрлі оқыту әдістерінің көпшілігінен айырмашылығы, оқыту үдерісін басқаруды да жүзеге асырады.

Қазіргі таңда мұғалімдердің алдында заманауи технологияларды пайдалану негізінде, оқу мазмұнын одан әрі жетілдіру үшін Әлемдік желіні қолдану мәселесі туындап отыр. Ғаламтор шетел тілін үйренуде бұрын белгісіз болған жаңа мүмкіндіктерді ұсынады. Оларға: сабақ мазмұнына желідегі материалдарды енгізу; жоба жұмысы бойынша оқушылардың жеке ізденістерін жүргізуге көмектесу; әр түрлі деңгейдегі желі материалдарын пайдалана отырып, оқушылардың оқуға деген икемділіктерін дамыту және жетіл-діру; өзара хат алмасу нәтижесінде білім алушылардың жазу дағдысын дамыту; шет тілінің заманауи сөздіктерімен сөз қорын қалыптастыру; желі арқылы басқа елдердің мәдениеті, әлеметтік және экономикалық жағдайы туралы мәліметтер табу, оларды талдауды үйрену және т.б. жатады.

Электрондық пошта – мұғалімдер мен алыстағы оқушылар арасындағы ақпарат алмасудың тиімді тәсілі. Электрондық почта экономикалық және технологиялық жағынан тиімді технология болып табы-лады және оқу үдерісі кезінде оқу курстарының мазмұндық жағын жеткізу және оқытушының оқушымен кері байланыс қамтамасыз ету үшін қолданылады. Бұл уақытта дәстүрлі оқыту кезінде мұғалім мен оқушы арасындағы "диалог" шектеулі болады. Алайда оқушылар модельдік және телефондық каналы бар жеке компьютерді пайдалана алады, электрондық почта консультацияның интенсивті үдерісін іске асырады. Бөлінетін ақпараттық ресурстарға жол табу белгілі бір нәнді игеруде кітапхаларға, ақпараттық-анықтамалық жүйелерге интерактивті түрде қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Шетел тілін оқытуға әртүрлі жолмен жетуге болады. Әрбір амал өзінің пікірлесі мен қарсыластарын табады. Жоғарыда айтылғандай жаңа материалды жеткізудің жиі кездесетін түрі осы электрондық оқулықтар болып табылады. Электронды оқулықтар бір мезгілде жаттығуларды, лабораториялық жұмыс-тары мен тестерді, яғни бір мезгілде білім беру мен бақылау жасауды да құрайды. Жүргізілген тәжірибе-лер көрсеткендей, жаңа технологиялық оқыту кезіндегі сабақ сапасы мен оқу курстарының құрылымы дәстүрлі әдістерінен әлдеқайда жоғары болады.

Электрондық оқулықтар оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасауына, яғни танымдық белсен-ділігін арттыруға мүмкіндік береді. Электрондық оқулықтың ішкі мазмұны үнемі интернет желісі және басқа да электрондық кітапханаларымен толықтырылып

отырады. Сөйтіп, әр оқушы өз мүмкіндігінше, даярлығына сәйкес ақпарат, мәліметтер алып, танымдық өрісін кеңейтіп, белсенді жұмыс жасай алады. Оқытудың компьютерлік технологиясының оқу үдерісіне кеңінен енуі оқушының танымдық белсенді-лігін таныта отырып, электрондық оқулық көмегімен оқушыларды өзіндік жұмыс түрлерін орындауға баулиды.

Қазіргі уақытта дәстүрлі оқулықтармен салыстарғанда электронды оқулықтың артықшылықтары туралы көп айтылуда.

Электрондық оқулықтардың ерекшелігі мынада:

- тілге үйрету кезеңдерінде табиғи тілдік ортаны қалыптастыру;
- оқыту үдерісінде көрнекіліктің дидактикалық принциптері жүзеге асырылады;
- оқытуда оқушының жеке ерекшелігі ескеріледі;
- оқушылардың барлығы толық қамтылады;
- оқушылардың өз мүмкіншілігін жоғары деңгейде пайдалана алады;
- тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу әрекеттері оқытуда сатылай ұйымдастырылады;
- өз білімдерін өздері бақылай алады;
- репетитор қызметін атқарады;
- нақты ақпарат таратушы;
- оқушының көңіл-күйіне әсер қалдырушы;
- нақты білім қалыптастырушы.

Ағылшын тілі сабақтарында лексиканы меңгерту жолдары:

- мәтіндік лексикалық кіріспесінде және онымен жұмыс істеуде, мысалы, азық түлік, сауда, киім т.б.

Сөйлеу жұмыстары:

Көптеген бағдарламаларда микрофонмен жұмыс істеуді қарастырады. Сөздер мен сөз тіркестері тыңдалғаннан кейін, оқушы оны қайталайды. Бұдан соң диктордың сөзді айту, яғни дыбыстау ерекшелігін тыңдай отырып, жеткіліксіз жақтарын аңғарып, оқушы оны түзетуге мүмкіндік алады. Оқушының сөйлеу тілін дамытуда диалогтың да берері мол. Диалог – сөйлеудің ең негізгі түрі болып саналады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас амандасудан басаталады. Мұғалім сабаққа кіргеннен оқушылармен диалогта болады. Оқушыларға белгілі бір тақырыпта тапсырмалар беру арқылы сұхбаттар құрылады. Диалогтік сөйлесуді естіп-тыңдаумен біртұтас та, жекелей де пайдалануға болады. Мақсатты ұйымдастырылған жағдаяттар арқылы ауызекі сөйлеуге үйрету – оқытушыларды қызықтырады. Диалогтік сөйлеу коммуни-кативтік оқытудың негізгі ұстанымына сәйкес келеді.

Қорыта келгенде, қазіргі заманғы ғылым мен техникалық даму кезеңі оқу-ағарту саласында техноло-гиялық жаңа әдіст-тәсілдерді кең көлемде қолдануды қажет етеді. Ағылшын тілі сабағында біз электрон-ды оқулықтар, мультимедиялық құралдар мен интернет ресурстарын пайдаланамыз. Күнделікті сабақта мультимедиялық құралдарды пайдалану – заман талабы. ХХІ ғасырда қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр. Олар: білім сапасын көтеру, компьютерлендіру, интернет, компьютерлік желі, электрондық телекоммуникация, электронды оқулықтар даярлау.

1 Қазақстан Республикасының жоғарғы педагогикалық білім концепциясы. – Астана, 2005.

2 Монахов В.М. Концепция создания и внедрения новой информационной технологии обучения. Сборник научных трудов проектирование новых информационных технологий обучения. – М., 1991.

3 Иманбаева А. Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлері. Қазақстан мектебі, №2, 2000.

4 Соболева М.Н., Гомулина Н.Н., Брагин В.Е. Электронный учебник нового поколения. // Информатика и образование. – 2002. - №6. – С.239.

5 Пассов Е.И. Основы коммуникативной методики. – М.: Русский язык, 1989.

ЖУРНАЛИСТИКА

ӘОЖ 070(574)

Ж.Тойбаева – PhD докторанты

ТЕЛЕАРНАЛАРДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Түйіндеме: Теледидар – тәрбие құралы. Телеарна арқылы адамзат баласы өзіне қажеттінің барлығын алып, білімін толықтырып, бой түзеп, еліктеп, заман ағымына ілесе алады. Мақалада отандық телеарналардағы бағдарла-маларда мемлекеттік тілдің деңгейі, хабарлардың мәдени қыры қарастырылған.

Кілт сөздер: телеарна, мәдениет, тіл, эфир

Аннотация: На сегодняшний день самым эффективным переносчиком информации является – телевидение. Оно занимает огромное место в создании культуры государства, в воспитание нового поколения, ведь грамотный творческий подход может развивать и формировать сознание человечества. Делать государство крепче, или же тянуть его вниз. В данной статье автор поднимает проблему культуры и государственного языка в телевидении.

Ключевые слова: телевидение, культура, язык, эфир

Abstract: To date, the most effective carrier of information is - the television. It occupies a prominent place in the creation of the state of culture in the education of the new generation, because literate creativity can develop and shape the consciousness of humanity. Make the state stronger, or pull it down... In this article, the author raises the issue of culture and national language in television.

Key words: television, culture, language, ether

Адам баласы өмір сүріп, қалыптасып келе жатқаннан бері тұрмыс-тіршілігінде хабар алысу арқылы байланыс орнатып, уақыт өткен сайын ақпарат таратудың технологиясы мен техникасы жаңарып, дамып келеді. Қазақ телевидениесі 1958 жылы наурыздың 8-де дүниеге келді. Тарихи деректерге жүгінсек, тұңғыш қазақ телеарнасының тырнақалды хабарын республика көрермендері 4100 теледидардан тамаша-лаған [1]. Қазіргі таңда телевизия саласы қарқынды дамып, сандық ақпарат тарату жүйесі бойынша да кабельдік телеарналар көрермендерге түрлі тақырыпта бағдарламалар ұсынып, ақпарат таратудың көшін бастап тұр десең артық айтпағандық. Республикалық «Қазақстан», «Хабар», «Ел арна», «КТК», «НТК», «31», «Астана», «Алматы» Жыл сайын бұл арналардың хабар тарату ауқымы ұлғайып келеді.

Республикалық, кабельдік телеарналардың саны артып, сандық технология дамыған тұста әрбір шаңырақта кемінде 1 теледидар бар уақытта телевизиялық ақпарат тарату, көрерменге жеткізу жағы қалай? Интернеттен онлайн ақпарат алатындардың саны күн сайын сип келе жатқанымен, негізгі ақпарат құралының көшінде телевизия саласы тұр. «Енді бір 20 жылдан

кейін кітап та, театр да, газет те болмайды, тек қана телевизия болады» деп айтылатын атақты кинофильмдегідей болмаса да, адамзат боласы теледидар арқылы киноның да, түрлі танымдық бағдарламалардың күәсі болып келеді. Теледидар – тәрбие құралы. Таңғы жаттығу, аспаздық, тұрмысқа қажетті кез келген жағдайлар туралы көрсетіп жататын телеарна арқылы адамзат баласы өзіне қажеттінің барлығын алып, білімін толықтырып, бой түзеп, еліктеп, заман ағымына ілесе алады.

Біртұтас қоғам құруда телеарналардың рөлі өте жоғары екені рас. Телеарнадан айтылған кез келген ақпаратқа дүйім жұрттың сенуі, ауыздан-ауызға таратуы айдан анық. Осы тұрғыдан алып қарағанда Қазақстан теле арналары қандай ақпарат таратуып отыр? Көпшілікке қалай әсер етуде? Белгілі бір кезең бойынша қоғамда өзгерістер: даму не шиеленіс жағдайлары бар ма?

Осындай сауалдарды қоюдың басты себебі Қазақстан халқының басым көпшілігі телеарналарға тәуелді. Күнделікті баспа басылымдарынан ақпарат алудан гөрі, телевизияға жақындықтары анық. Дүние жүзінде жаһандық ғылыми-техникалық өзгерістер бұқаралық коммуникацияның адамның өмір сүру салты мен бейімделу құндылықтарына әсер ету мүмкіндігін арттырып жіберді. Бұқаралық коммуникация құралдары тәрбиелейді, ойын-сауықтық бағдарламалармен көңіл көтереді, үйретеді, сондай-ақ тұлғалық көзқарастың пен стильдің қалыптасуына барынша әсер етеді.

Теледидар, бұқаралық ақпарат құралы ретінде, мәдени мұра жайында ақпараттың таралуы мен тасымалданудың ең оңтайлы түрі болып саналады. Мәдени құндылықтарды қалыптастыруды, әлеуметтік топтар арасына байланыс орнатуды, әлеуметтік қатынас жасауды жүзеге асыратын телевизия саласы жеке адамдардың интеграциясын қамтамасыз етеді және қоғамның тарихи-әлеуметтік дамуына ықпал етеді.

Қоғамның мәдени өзгеруі телевизиялық бағдарламаларда өз көрініс тауып отыр. Телеарналар адамдардың күнделікті өмірде байқай бермейтін мінез-құлқы мен болмысын теледидардан көрсету арқылы қоғамның бүгінгі жағдайын анық көрсетіп береді. Бұл арқылы көрермен қарапайым халықтың іс-әрекетін бақылау арқылы мәдениетінің деңгейін анықтай алады. Ал телеарна қызметкерлері: тележүргізушілер, тілшілер өз жүріс-тұрыстарымен, сөз саптауларымен мәдениеттің бір бөлігін көрсетіп, көрермендерге ықпал ете алады.

Мәдениет адам өмірінің барлық тармағын қамтитын өте күрделі, ашық және диффузиялы. Мәдениет қоғамға, адамдарға коммуникативті-ақпараттық үрдіс арқылы әсер етеді. Телеарналарды қоғамды тәрбиелеуші құрал деп қарастырсақ, телеарналардағы мәдениет жоғары деңгейде болу керек.

Қоғамда телеарналар экономикалық, әлеуметтік және ғылыми бағдарламалар дайындау арқылы адам санасына тікелей әсер етеді. Сондықтан да біртұтас қоғам құрудағы телеарналардың таратып отырған ақпараты, ұстанған саясаты демократиялық қоғамның өзінде де белгілі бір деңгейде үкімет тарапынан бақылауда болғаны абзал.

Сараптамалық зерттеулердің нәтижесінде көптеген мемлекеттерде адамның бос уақытының 70% теледидар көруге жұмсалатындығы, оның ішінде саналы түрде телебағдарламаларға тәуелді болу дәлел-денген. Яғни, телеарналардағы күнделікті бағдарламалар, телехикаялар адам санасына әсер етіп, ой сала отырып тәуелді етеді. Бұл дегеніміз күнделікті өмірде өзге тірлігімен қатар телебағдарламаларды жоспар-лай отырып, өз уақытының белгілі бір бөлігін теледидар көруге жұмсайды. Американдық әлеуметтанушылар Е.Мюллер мен Г.Гурин зерттеу жүргізу арқылы телебағдарламалардың танымалдылығы және уақыт өткізуде ең көп қолданылатыны телебағдарламалар екендігін дәлелдеп берді. Театрға, киноға, музейге барғаннан гөрі, теледидар тамашалауды артық санайтын қоғамда телеарналардың жұмысы, қоғамға әсер етуі бірінші орынға шығып отыр.

Ал Қазақстандағы телеарна жұмысының деңгейі қандай? Телеарналар қоғамды қалай тәрбиелеуде? Әрбір отбасындағы жас-кәрі не үйренуде? Хабарлар қай тілде таралуда? Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл мәселесі өте шетін, күрделі мәселелердің алдыңғы сапында тұр. Қоғамды қазақ тілінде сөйлеуге, ойлауға тәрбиелеуде телеарналардың қызметін дұрыс жолға қоя білу керектігі қазіргі таңдай айтылып келе

жатыр.

Қазақстанда «Отау тв», «Алма тв» сынды кабелдік телеарналар пакетін ұсынатын компаниялар отандық және шетелдік телеарналардың арнайы топтамасын ұсынады, ал республикаға тарайтын «Қазақстан», «Хабар», «Еларна», «Астана», «31», «КТК», «НТК» арналары қарапайым халыққа өз қалаулары бойынша, өзіндік саясаттарымен хабар таратып отыр. Ал осы хабарлардың ішінде ақпараттық, сараптамалық, әдеби, мәдени, танымдық бағдарламалар легіне шолу жасап қарайтын болсақ, басым көпшілігі телехикаяларға құралған. Яғни кез келген арнаның жұмыс кестесіне шолу жасайтын болсақ прайм-тайм уақыттарда (халықтың басым көпшілігі жұмыстан үйге жеткен, дәл демалатын уақыты) телехикаяларды қоюы телеарнаға жіпсіз байлаудың ұтымды жолы. Рейтингік сараптаманы басты назарға алған телекомпаниялар үшін бұл шешімі оңай жол десек қателеспейміз. Бүгінгі айтар ойын екі аптадан кейін де жеткізіп жататын хикаялар отандық өнім емес. Түркия, Корей елдерінің өнімдеріне соңғы уақыттарда Үндістанның телехикаялары қосылды. Қазақстан Үнді мемлекетінің түсірген киноларын бұрында да көруге құмартқан болса, қазіргі телехикаялар үй шаруасындағы әйелдер мен зейнет жасындағы қарттар үшін уақыт өткізудегі жақсы ермек болды десек қателеспейміз. Бұл телехикаялардың қатарында Ресейдің түсірген кинофильмдері мен телехикаяларын тағы қоссаңыз отандық телеарнаның Қазақстан көрермендеріне қандай өнім таратып отырғандығы айқын көрініс табады.

Қазақстан телеарналарында жеңіл, ойын-сауықтық бағдарламалар өте көп. «Түсін мені», «Битва умов» сынды интеллектуалдық тақырыпқа жақын жобаларының сапасы сын көтермейді. Аталған жобалар көрші елдерден көшірме, не соған ұқсастырып жасалса да, отандық көрермендерді қызықтыратындай, баурап алатындай деңгейде емес. Неге десеңіз Бағдарламаны жүргізушілердің де, қатысушылардың да сөз саптауы өте төмен деңгейді. Дауыс ырғағы, дикциясы қойылмаған, қазақ тілінің өзіне ғана тән дыбыстық ерекшеліктерді, атап айтқанда «ү», «ң», «ө» әріптерін дұрыс айтпау, орфоэпиялық заңдылықтарды сақтамаудың нәтижесінде көрерменнің құлағына түрпідей тиетін мәтін оқылып, сапасыз дүниелер эфирге шығып отыр. Қазақ тілінің заңдылығынан хабары бар, қазақ тілінде ойлайтын, қазақша сөйлейтін көрермендер сапасы нашар бағдарламаларды көруден бас тартатын болса, жастар көздерімен көріп, құлақтары-мен естігеннің барлығын дұрыс деп қабылдап, сөйлеу мәнері мен өзін-өзі ұстауын да дәл сол бағдарлама-дағыдай қабылдап, бойларына сіңіріп алатындықтары ғажап емес.

Ойын-сауықтық, музыкалық бағдарламалар арқылы қоғамда көптеген мәселеге жеңіл қарауға, жастар-ды оңай жолмен танымал болуға үйретеді. Оған себеп кез келген мерекелік, саяси, спорттық бағдарлама-лардың басында әншілердің отыруы бүтін бір қоғамды тек ән айтуға үндегендей болады. Эфирге шығып отырған адамның қимыл-қозғалысы, сөйлеу мәнері, киімі, бет-әлпеті көрерменге әсер ететін үлкен күш деп есептейтін болсақ, онда телебағдарламаны дайындаушы үлкен жауаптылықпен, ал көрермен әсіре талғаммен қарауы керек.

Қазақстанның телеарналарын жаппай жамандау, атқарылып отырған істерді жоққа шығаруға әсте болмайды. Эфирге шығып, халыққа таралып жатқан бағдарламалар сапасы жағынан әр түрлі. Шетелден көшірілген нұсқаларда тіпті сөйлеу мәнерінен дейін аударып алып жатқан тұстары да бар болса, қазақы үн естіліп тұратын бағдарламалар да өз алдына бір төбе. Осы тұрғыда Қазақстан телеарналарындағы бағдарламалардың мәдениеті қандай, сапа деңгейі қандай деген сауалдарға жауап іздеп көрелік.

Эфир – көрермен алдындағы жауапты сын, яғни олармен бетпе-бет келетін майдан іспетті. Теледидар көрермендері қызықсыз, тартымсыз хабарларға көңіл аудармайды. Көрермендердің қызығушылығын оятуда тіл байлығы мен сөйлеу өнерінің қатарласа қабысқаны керек. Егер эфирде талғамсыз, нәрсіз тіркестерді қолдану теледидар алдындағы көрермендерді ұстау мүмкіндігінен айрылғанды сездіртеді [2]. Көрерменнің қызығушылығын ояту үшін сапалы дүние керек. Эфир арқылы кадрларды ойнату арқылы біртұтас бас-аяғы бар сюжет жасап, бейнеге қарай журналистік мәтін өрбіп отыруынан, бір-біріне қабысып жатуынан қызықты бағдарлама дайындалады. Журналистке артылатын үлкен жүк – мәтін. Журналист парасатты, мәдениетті, сөз саптауы орынды, дауысы қойылған,

актерлік қабілеті ашылған болса ғана көрерменнің ықыласын аударады. Отандық телеарналардың ішінде «КТК» арнасынан берілетін журналист Жадыра Сейдештің «Жүрекжарды» авторлық жобасы – қазақ жұртына ақын-жазушы, актер, драматург сынды бірталай мамандық иелерінің өмір жолынан мол ақпарат беретін тұшымды дүние. Бағдарлама мәтіні өте сауатты, кадрдан тыс оқылатын мәтін, кейіпкермен сұхбат алма-кезек беріліп отыратын бағдарлама қазақ тілінде жүргізіледі. Алайда аптасына бір рет берілетін бағдарламада дауыс ырғағы монотонды, бірқалыпты. Бұл қазақтың көркем сөзін тыңдағысы келіп, үлкен қызығушылықпен бақылап отырған көрерменді жалықтыруы әбден мүмкін.

Ал басқа телеарналарда «Жүрекжарды» бағдарламасындағыдай сөздік қоры бай, шұрайлы қазақ тілінің көрінісі табылады ма? Ең алдымен мемлекеттік тілде бағдарламалар жасалады ма, көрсетілетін уақыты қандай деген сауалдарға жауап іздеп көрелік. Қазақ тіліндегі бағдарламалар күндіз уақытқа және сағат 00-00-ден таңға дейін көрсетілетін өте бір ауыр кезеңді бастан өткерді. Қазақ тілін менсінбеушілік, сұраныстың жоқтығы, қазақ тілінде бағдарламалар мүлдем түсірілмеуі – бәрі-бірі қабаттасып үлкен мәселені көтерді. Бұл өзекті мәселе түбегейлі шешімін тапты деп айтуға болмайды. Алайда күндізгі уақыттарда, кешкі прайм-тайм кезінде қазақ тілінде бағдарламалар кестесі жасалып, көрерменін тауып, рейтингтің көрсеткіші де жақсарып келе жатыр. «Хабар» арнасында «Біз» (басында «Сонымен солай дейік» аталған), «Қазақстан» арнасының «Айтуға оңай», «Алматы» арнасының «Ашық әңгіме» сынды ток-шоулар қоғамда орын алып отырған мәселелерді көтеріп, жетістіктер мен бөлісетін, әртүрлі тақырыптарды түрлі маман иелерін шақыру арқылы пікір алмасу, талқылаған қазақ тілді бағдарламалар. Бұдан өзге де әскери, ауылшаруашылық, медицина сынды көптеген салаларды қамтитын бағдарламалар мемлекеттік тілде жүргізіліп отыр. Журналистердің эфирде өзін-өздері ұстауы, тақырыпты ашу мақса-тында сөйлеу мәнерлері, қонақтармен, кейіпкерлермен сұқбаттасуында үлкен мәдениеттілік жатыр. Алайда журналистердің қателіктері қаратпа сөздерді қолдануында. Жас қыздарға «ханым» сөзін қосарлау арқылы әңгімеге шақырулары қонақтың да, көрерменнің де құлағына түрпідей тиеді. Орыс тіліндегі «госпожа» сөзін аудару арқылы қазақшылықты сақтамай отыр. Егер журналист қонақтың жасына қарай «апай», «әже», «ағай», «мырза» сөздерін орынды қолданса, не болмаса жасына қарай тек есімін атап, «сіз» деген қаратпа сөз арқылы сыпайы сөйлессе, тіл заңдылығы тұрғысынан да, мәдениеттілік жағынан да ұтар еді. Бұл тұста эфирге шыққан журналист үлкен жауапкершілікті сезініп, білімін толықтырып, әрбір айтатын сөзін тексеріп алғаны дұрыс болады.

Дегенмен де барлық телеарналарды толықтай қазақ тілінде бағдарлама дайындап, қазақ тілінің дамуына үлес қосып отыр деп айта алмаймыз. Барлық телеарналар жаңалықтарды мемлекеттік және ресми тілде таратып отырса да, әлеуметтік, сауықтық бағдарламалардың басым көпшілігі орыс тілдерінде дайындалады. Барлық телеарналарға 50-50 сасатын ұстану тапсырылғанмен, біршама арналардың бұл тәртіпке бағынбайтындығын байқауға болады. Себебі сұранысы жоғары шетелдік телехикаялар, ресейлік фильмдер орыс тілінде беріледі. Есеп үшін таңғы уақыттарда сауатсыз аудармамен дубляжы сапасыз жасалған фильмдер қазақ тілінде беріледі. Толықтай мемлекеттік тілде ақпарат тарататын «Қазақстан» телеарнасы кез келген бағдарламаның мемлекеттік тілде сапалы дайындалатындығына көп көңіл бөлетіндігі байқалады. Жаңалықтар, апталық шолулар, сараптамалық, сауықтық бағдарламалардың барлығында таза қазақ тілінде жасалады, өзге тілде берілетін пікірлер мемлекеттік тілге аударма арқылы таратылады. Фильмдердің барлығы аударылып, дубляж жасалады. Алғашында қазақ тілінде кино көрмейтін халықтың құлағы бірте-бірте үйренісіп, ана тіліндегі бағдарламаларды іздеп тұратындай жағдайға жеткендігі қуантады. Қазақстан Республикасына кең таралатын телеарнаның бұл бастамасынан ұтылды деп айтуға болмайды. Себебі ауыл-аймақтың барлығында да қазақ тілді ағайын ана тілінде ақпарат алып, мемлекеттік тілдің деңгейі біршама көтерілді. Қазақ тілін білмейтін, не болмаса жетік меңгермеген басшылар, мемлекеттік қызметкерлер қазақ тілінде пікір білдіруге үйреніп, тіл

сындырып жатса – ол журналистердің жасаған жұмысының игі нәтижесі.

Қазақстанда біртұтас қоғам орнатуда ақпараттық-технологиялық құралдардың күші орасан зор. Халық телеарналардан беріліп жатқан ақпараттық 100% растығына сенім артады. Сонымен қатар, эфир арқылы көрерменді тәрбиелейді. Көрермен – бір қауым жұрт, қоғамның мүшесі. Сол қоғамды дұрыс бағытта тәрбиелеуі журналистердің мәдениетінде, сөз саптауында жатыр. Адам бойында ұлттық рухты қалыптас-тыру, намысты ояту сынды бірқатар жауапты жұмыстарды телебағдарламалар арқылы орындауға болады. Эфир түзелмей – қоғам түзелмейді. Айналасын енді танып келе жатқан сәбиден, еңкейген қарияға дейін теледидар арқылы қоғаммен байланыс жасайды. Жүректі ауыртпай, үрей ұялатпай, жағымды жаңалық-тармен жақсылыққа жетелейтін телебағдарламалар арқылы адам санасына оң әсерін беріп тәрбиелеуге болады. Ал мемлекеттік тілде хабар тарату бүтін бір қоғамды бір тілдің аясында ұйыстыруға үлкен мүмкіндік. Мемлекеттік тілді меңгеруге мәжбүрліліктен гөрі мүдделілік жолын телебағдарламаларды мемлекеттік тілде жасау арқылы салуға болады. Эфир арқылы тұтас қоғамды түзеуге болады. Ол үшін жауапты, білімді, сауатты журналистер бағдарлама дайындауы, эфирді түзеуге ұмтылуы тиіс.

1 Қазақ Телевизиясы. Энциклопедия. - Алматы: "ҚазАқпарат" 2009, 1-т: - ISBN №978-601-03-0070-5

2 Бисмильдина Д. Ресми хабарлар тілі. -Алматы: «С-Сервис» 2010, 26-бет - ISBN 978-601-7010-24-9

ҰСЫНЫСТАР ҮШІН
